


КӨСІПТІК БІЛІМ

Ә. Жолдасбеков

# ТУРИСТИК КЕШЕНДЕРДЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ





КӘСІПТІК БІЛІМ

Ә. Жолдасбеков

# Туристік кешендерде қызмет көрсету

Оқу құралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
техникалық және кәсіптік білім беру  
ұйымдарына ұсынады



FOLIANT  
БАСПАСЫ

Астана-2013

УДК 379.8(07)  
ББК 75.81 я 7  
Ж 69

**Пікір жазғандар:**

**Дүйсебек Ә.** – ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты;  
**Махашев Е.** – арнайы пән оқытушысы

Ж 69 **Жолдасбеков Ә.**

**Туристік кешендерде қызмет көрсету:** Оқу құралы. – Астана: Фолиант, 2013. – 152 бет.

**ISBN 978-601-292-729-0**

Оқу құралында туризм саласында қызмет көрсету мәселелері қарастырылады. Туристік кешен есебіндегі экскурсияны үйімдастыруда, қонақүйлерде, ерекше қоргалатын табиғи аймақтарда және демалыс орындарында көрсетілетін қызметтерге талдаулар жасалады. Оқу құралын дайындау кезінде отандық және шетелдік мамандардың және авторлардың өзіндік зерттеулерінің нәтижесі пайдаланылады.

Оқу құралы арнайы орта оқу орындарының тыңдаушыларына, туризм саласы көсіп-орындарының мамандары мен жетекшілеріне арналған.

УДК 379.8(07)  
ББК 75.81 я 7

**ISBN 978-601-292-729-0**

© Жолдасбеков Ә., 2013  
© «Фолиант» баспасы, 2013

## МАЗМҰНЫ

Кіріспе .....	5
<b>1-тaraу. Туристік кешендердің қалыптасуы</b>	
1.1. Туризм индустріясы .....	7
1.2. Туристік индустріяның экономикалық механизмі .....	11
1.3. Қазақстандағы туризмнің қазіргі жағдайы .....	13
1.4. Туризм индустріясын үйімдастыру .....	18
1.5. Туризм менеджментінің сипаты .....	23
<b>2-тaraу. Туризмдегі қызмет көрсету түсінігі</b>	
2.1. Туристік қызмет үғымы .....	28
2.2. Туризмдік қызмет аясын үйімдастыру .....	35
2.3. Туристік қызмет көрсету саласын қалыптастыратын факторлар .....	41
<b>3-тaraу. Экскурсияда қызмет көрсету</b>	
3.1. Экскурсия үғымы және оның негізгі белгілері .....	43
3.2. Экскурсияны өткізу әдістемесі туралы мәселелер .....	48
3.3. Экскурсоводқа қойылатын талаптар .....	54
3.4. Экскурсоводтың сөйлеу мәдениеті .....	58
<b>4-тaraу. Қонақүйлерде қызмет көрсетуді үйімдастыру</b>	
4.1. Қонақүй шаруашылығының ерекшеліктері .....	65
4.2. Қонақүй шаруашылығының басқа көсіпорындардан айырмашылығы .....	67
4.3. Қонақүй шаруашылығының жіктелінің .....	69
4.4. Қонақүй шаруашылығында қызмет көрсету технологиясы .....	71
4.5. Қонақүй көсіпорындарындағы өнімділікке әсер етуші факторлар .....	76
4.6. Қонақүй шаруашылығында жаңа ақпараттық технологияны қолдану .....	80
<b>5-тaraу. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристерге қызмет көрсету</b>	
5.1. Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қазіргі жағдайы .....	91
5.2. Туризмдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі .....	106
5.3. Туристік-реkreациялық ресурстар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың даму факторы ретінде .....	112

---

<b>6-тaraу. Емдік-сауықтыру демалыс орындарындағы қызмет көрсету</b>	
6.1. Санаторий-курорттық демалыс орындарына сипаттама.....	116
6.2. Демалыс орындарының рекреациялық маңыздылығы мен ерекшелігі.....	119
6.3. Табиғи-емдік факторларына байланысты демалыс орындарында қызмет көрсетулерінің жіктелінуі.....	125
6.4. Еліміздің емдік-сауықтыру орындарындағы қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне сипаттама.....	131
 Негізгі ұғымдар мен терминдер .....	146
 Әдебиеттер.....	149

## Kіrіспе

Қазақстандағы туризм саласы экономикалық және әлеуметтік құбылыс ретінде соңғы уақытта ауқымы айтарлықтай көнегін қызмет түрі болып табылады. Қазіргі уақытта туризмнің экономикада тікелей немесе қосылған құнды құру, халықты жұмыспен қамту, жеке табыс пен мемлекеттік кіріске әсер ету, т.б. қызметтері бойынша ел экономикасынан алатын орнына баса назар аударылуда. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаев 2030 жылға дейінгі Қазақстанның даму стратегиясында былай деп атап көрсеткен болатын: «Біздің бабаларымыз түркі халықтарының туысқандық бірлестігінде бұл маңызды стратегиялық факторды өздеріне тиімді жағдайда пайдалана білді: аты аңызға айналған Жібек жолының бойымен европалық және азиялық елдер арасында сауданың кең арнасын үйімдастыруды. Бұғінгі күні біз өнірдегі көрші елдермен бірлесе отырып және әлемдік қауымдастықтың қолдауымен осы жолды қайта қалыптастыру үстіндеміз. Болашақта Еуропа мен Азия арасында сауда жүйесі, қаржы ағыны және адамдардың қозғалысы арта беретіндігі анық». Елбасымыз атап көрсеткен осы мәселеден еліміз үлken үміт күтуде және әр түрлі экономикалық арналардың басын қоса отырып, осы мақсатта үлken істерді

үйімдастыруды. Соның бірі туризм саласы болып табылады.

Туристік қызметтер дегеніміз – тасымалдау, орналастыру, тамақтантаңдыру, туристік-экскурсиялық қызметтер мен экскурсия жүргізушиңің және гид-тасымалдаушының қызметтері саласындағы үйімдастыруши мен жүргізушиңің іс-әрекет түрлері. Тауарлық өнім алдын ала жасалады және тұтынушыға қандай да бір әдіспен беріледі және ол өндіру жерінен тыс жерде тұтынудылады. Ал қызмет көрсетудің материалдық тауардан айырмашылығы, тек оны пайдалану орнындаған көрінеді. Қызмет, сонымен қатар, қызметкердің дайындығын және материалдық құралдарды қажет етеді. Тиісті дайындығы жоқ қызметкер, сапалы қызметті қамтамасыз ете алмайды. Кесіби тәжірибелі, жеке және ұжымдық түрде қызметті көрсете алатын мамандар тобын қалыптастыру туристік кесіпорынды құру негізі болып табылады.

Экскурсияны үйімдастыру үшін туристік кесіпорында сауатты да тәжірибелі экскурсия жүргізушиңің қызмет көрсетуі қажет болады. Бір ғана экскурсия өткізуде оның маршрутын дайындау, құжатты жасау, келіссөз өткізу, автобустық кесіпорындармен келісімшартқа тұру, экскурсияны жүргізушиңі даярлау сияқты жұмыстар орындалады.

Туристік қызмет көрсетудің күрделілігін және бұл саладағы мәселелерді мемлекеттік деңгейде кешенді шешу қажеттігін туристік қызметтің түрлері, міндеттері мен мақсаттарының алуан түрлілігі айқындай түседі. Бұл мәселедегі үйымдық құрылым және олардың тиімді қызмет істеуі – туристік саланың жоғары деңгейде дамуына қол жеткізудеңі басты факторларының бірі. Туристік қызмет тұтынушыларының құқықтарын қорғауда қызмет аясының дамуына ықпал ететін зандау және нормативтік актілердің орны ерекше. Уақытылы әзірленген нормативтік-құқықтық база әлеуметтік дамуға, туристік қызметтің жаңа түрлерін әзірлеуге және туристік кәсіпорындардың

дамуында қаржылық-экономикалық механизмдерді енгізуге септігін тиізіп, ішкі және сыртқы халықаралық туристік қызмет нарығын реттеуге мүмкіндік береді.

Осы мақсаттарды шешу жолында қазір еліміздегі біршама оқу орындары туристік жұмыстарды үйимдастыруши кадрлар мен туристік кәсіпорындарда жүргізілетін шаруашылық, қаржылық жұмыстар үшін мамандар дайындағы ісін қолға алды. Сіздерге ұсынып отырған оқу құралы туристік кешен тұрғысындағы нысандарда қызмет көрсету мәселелеріне арналған. Бұл оқу құралы осы туризм мамандықтарында білім алып жүрген студенттер үшін пайдалы болмақ.

## 1-тарау. Туристік кешендердің қалыптасуы

### 1.1. Туризм индустриясы

Қазіргі кезде туризм индустриясы – қарқынды дамып келе жатқан халықаралық шаруашылықтың бір саласы. Кейбір елдерде туризм валюта кірісіне, жұмыс орнына, халықтың жұмыс уақытына, халықаралық байланыстардың кеңеюіне жол ашады.

Турист әнциклопедиясында туризм индустриясы туралы мынадай анықтама берілген: бұл – материалдық-техникалық базалардың құрылудың, туристік рекреациялық ресурстардың пайдаланылуын, туристік тауарлар мен қызметтердің айырбасталудын, қолданылуын, материалды және материалды емес сфера өнімдерінің өндірісін қамтамасыз ететін мекемелер мен үйымдар жиынтығы.

«Туризм» және «туризм индустриясы» ұғымдары бір-біріне мағыналас және мазмұндас ұғымдар ретінде қарастырылады. Ғылыми әдебиеттерде түрлі авторлар осы терминдердің анықтамасын беріп жүр. Алайда туризм индустриясы термині кейде көп мағыналы, нақты бір ұғымға түсініктеме бере алмайды. Оның басты себебі – туризм индустриясы ұғымының өзі ауқымды және барынша курделі.

С.Р. Ердаулетовтің пікірі бойынша, туристік индустрия туризм саласында тиімді нәтижені қамтамасыз ететін туризмнің шаруашылық деңгейін анықтайды.

Туризм индустриясы – мағынасы жағынан таза экономикалық маңыза ие өндіріс саласы. Қазақстандық туризм индустриясы мәселелерін алғашқылардың бірі болып зерттеген Г.М. Дүйсен мынадай анықтама береді: Туризм индустриясы – бұл еліміздің табиги-рекреациялық әлеуетіне негізделетін, өзінің құрамына қызмет көрсету инфрақұрылымының барлық нысандарын енгізетін, қоғам мүшелерінің демалыс орны әрі шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтің курделі және көп қырлы жүйесі.

Туризм индустриясының мекемелері мен орталықтарын, көсіпорындарын үш топқа бөледі:


1. Демалыс орындары мен маршруттардағы туристік экскурсиялық қызмет көрсету мекемелері (турбазалар, қонақүйлер, санаторийлер, кемпингтер; саяхат және экскурсия бююлары; арнағы көлік, туристік-экскурсиялық тасымалдау; демалу орындары мен туристік орталықтары, туристерді сауықтыру орындарымен, сувенир мен басқа туристік тауарлармен қамтамасыз ететіндер).

2. Демалыс орындарындағы туристерге, жергілікті халыққа тұрмыстық, мәдени-танымдық, сауда қызметтерін көрсететін мекемелер (жолаушылар көлігі, қонақүйлер, ауруханалар, дүкендер, кинотеатрлар, клубтар).

3. Материалдық-техникалық базаларды құру мен пайдалануды қамтамасыз ететін өнеркәсіп орталықтары және оларға еңбек құралдарын, шикізат, инвентарь жеткіzetіндер, сондай-ақ туризм сферасына біліктілігі жоғары мамандар дайындастын мекемелер.

Туризм индустрисына тән мына дай ерекшеліктерді атап өтуге болады: туристік көсіпорындарды жайғастырудагы ресурстық бағыттылығы, өндірістің маусымдық және кезеңдік сипаттағы әлеуметтік және өнеркәсіп саласына қомақты инвестициялар тарту. Бұл қажеттіліктер мен ерекшеліктер түрлі саяси, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар кезінде шамалы ауытқып отыруы мүмкін, алайда, жалпы алғанда, олар өзінің маңыздылығын жоғалтпастан, басымдылығын сақтап қалады.

Біздің елімізде үлттық туристік өнімнің ерекшелігін ескере отырып, тұрақты туристік ағымды қамтамасыз өтуге қабілетті еліміздің инфрақұрылымын қамтамасыз өту үшін келесі іс-әрекеттерді жүзеге асыру қажет:



**1.1-сурет.** Қазақстандағы туризм индустрисының құрылымы

– туристік мұқтаждықтарды қамтамасыз өтуге және жалпы пайдалануға арналған жол-көлік инфрақұрылымын дамыту;

– қосалқы инфрақұрылымдарды, мысалы, қолданыстағы және болашақта құрылуы ықтимал туристік аймақтарды сүмен, электр энергиясымен және телекоммуникация құралдарымен жабдықтау;

– туристік кешендерді, этнографиялық мұражайларды және демалыс аймақтарын құру;

– тарихи-мәдени және этнографиялық ескерткіштерді қалпына келтіру және мұражайларға айналдыру;

– туристік нысандардың жобасын жасау барысында оларды барлық жыл мезгілдерінде пайдаланатынызды ескеру қажет, соның ішінде орташа және шағын демалыс орындарын салу және олардың қызметтің үйімдастыру.

Туризм индустрисы – ел экономикасы үшін стратегиялық маңызы бар сала. Оны өнеркәсіп саласы ретінде 1.1-суреттегідей көрсетуге болады.

Туристік индустрия жүйесіне арналы көсіпорын, ұйым және мекемелер кіреді:

1) тұнеуге қызмет көрсететін мекемелер (қонақ үйі, мотель, кемпинг, жеке пәтер, санаторий, пансионат, туристік база, демалыс үйі);

2) тамақтану мекемесі (мейрамхана, кафе, бар, асхана және т.б.);

4) көлікпен қызмет көрсететін мекемелер (автомекеме, темір жол мекемесі, теңіз және өзен көсіпорнының флоты); туристік өнімдерді шығаратын және тарататын туристік фирмалар (туристік бюро, экскурсиялық бюро, туристік фирма, туристік агенттік);

5) жарнама-ақпараттық туристік мекемелер (жарнама агенттігі, жолдама тарататын бюро);

6) туристік өнеркәсіп мекемесі (туристік сувенирлер шығаратын фабрика, туристік жабдықтар, туристік жиһаз шығаратын мекемелер);

7) сауда мекемелері (дүкендер, прокат пункті және т.б.);

8) туризмдегі бос уақыт сферасының мекемесі (кино-концерт залдары, ойын автомат залдары және т.б.);

9) әуесқойлық туризм мекемесі (туристік, альпинистік, велосипед клубтары және т.б.);

10) туризмді басқару органды (комитеттер, туризм департаменті, қоғамдық туристік ұйымдар);

11) туристік оқу орны (жоғарғы және орта арнайы туристік оқу орны);

12) ғылыми-зерттеу және жоспарлау мекемесі (ғылыми-зерттеу туристік институты, зертханалар, зерттеу полигондары).

Туристік индустрияның басты құрамы – бұл туристік мекемелер. Туристік мекеме дегеніміз барлық керекті өндірістік құралдарды біркітіріп, (жерді, ресурстарды, еңбек күшін, ақшаны және т.б.) туристерге қызмет көрсету үшін өндіріс орнын дайындастырын ұйым.

Туристік мекемелер өз қызметтерін ұсынып, халықтың туристік қажеттілігін өтейді. Туристер негізгі, қосымша және қосалқы қызметтерді тұтынушылар есебінде пайдаланады. Негізгі қызметтер туристік жолдамаларда келісіммен шектеледі. Оған жататындар: орналастыру, тамақтандыру, көлік қызметі, экскурсия қызметі. Қосымша қызметтер туризмнің инфрақұрылымы да-мыған жағдайда жалпы кірістің 50%-ын атқарады. Олар: негізгі қызметтерге кірмейтін сауықтыру қызметі, медицина қызметі, ойын мекемелері және басқалар. Қосалқы қызметтерге жататындар: сувенир өнімдерімен қамтамасыз ету, туристік символикамен, сауда, валюта-кредит, ақпарат және басқа да қызметтер. Қосымша және қосалқы көрсетілетін қызметтердің арасында айырмашылық жоқ.

2000 жылдың басында Қазақстанда 29 мың шаруашылық субъектілері тіркелген екен, солардың ішінде туризм саласымен байланысты шаруашылық субъектілері: 239 қонақүй, 13 демалыс және туризм саласының көсіпорындары, 106 санаторий-курорттық мекемелер, сонымен бірге дene шынықтыру-спорт мекемелері, сауда көсіпорындары, табиғи саябақтар мен қорықтар, автокөліктік көсіпорындар, мейрамханалар, жарнама агенттіктері және т.б. құраған. 2011-2012 жылдары бұлардың саны біршама есті, бұл көрсеткіш Қазақстандағы туризмнің жыл өткен сайын қарқынды түрде дамып отырғандығына дәлел болады (1.1-кесте).

Туристік саланың негізгі аспектілері мен ерекшеліктерін түсіну үшін оның қандай құрамды бөліктерден тұратындығын анықтап, олардың өзара қарым-қатынастарының қалай қалыптасатындығын белу маңызды.

Туристік саланың құрылымы мыналардан тұрады:

1.1-кесте

## Қазақстан Республикасындағы туристік фирмалар саны

	2011 жыл	2012 жыл
Қазақстан Республикасы	1 567	1 720
Ақмола облысы	31	31
Ақтөбе облысы	29	32
Алматы облысы	95	49
Атырау облысы	24	25
Батыс Қазақстан облысы	12	11
Жамбыл облысы	24	27
Қарағанды облысы	85	113
Қостанай облысы	35	42
Қызылорда облысы	8	7
Манғыстау облысы	33	54
Оңтүстік Қазақстан облысы	45	81
Павлодар облысы	58	60
Солтүстік Қазақстан облысы	18	19
Шығыс Қазақстан облысы	51	63
Астана қаласы	187	225
Алматы қаласы	832	881

1.2-кестеТуристік фирмалар қызмет көрсеткен келушілер санының серпіні  
(адам)

	қантар-наурыз	қантар-маусым	қантар-қыркүйек	қантар-желтоқсан
2007	88 916	232 554	401 470	541 930
2008	75 372	198 005	354 098	473 947
2009	44 619	132 127	263 107	347 413
2010	70 505	181 354	336 753	459 337
2011	77 029	205 889	424 355	601 521
2012	70 259	220 833	464 833	604 699

Ескерту: ҚР Статистика агенттігі мәліметтерінен алынды

- 1) өндірістік;
- 2) заң шығаруышы және саланы басқарушы;
- 3) бақылаушы;
- 4) қоғамдық;
- 5) инфрақұрылым;

Туристік саланың негізі – туренімдерді өндірушілер мен саланы және

кесіпкерлікті реттейтін нормативтік-құқықтық база.

Туренім келесі құрамды бөліктерден тұрады: 1) көлік және тасымалдау; 2) орналастыру; 3) тамақтандыру; 4) көніл көтеру; 5) жабдықтау және қосымша қызметтер (1.2-сурет).



**1.2-сурет. Туренім элементтері**

## 1.2. Туристік индустрияның экономикалық механизмі

Туристердің келуінен шаруашылықтарға түсетін пайданы адамдар өте ерте заманда байқады. Солай болса да, тек XIX жүзжылдықтан бастап қана туризм көптеген аймақтың экономикасына елеулі өсерін тигізе бастады. Туристерге көрсетілетін қызметтен түсетін табыстың жоғарылығына байланысты кейбір елдер мен аймақтарда XX ғасырдан бастап туристерге көрсетілетін қызмет саласын туристік индустрія деп атай бастады. Туристердің қажеттерін өтеу үшін туризм аудандарында бірқатар шаруашылық түрлерін игеруге тұра келді.

Туристік шаруашылық дегеніміз әр түрлі бөлімдердің белгілі бір кешені, олардың құрылуы және дамуы туристердің келуі және тұруымен байланысты. Бұл шаруашылық бірін-бірі толықтырып тұратын салалардан қалыптасқан, туристердің сұранысын біріккен бір кешенде ғана өтей алады.

Туризм саласының экономикалық механизмін түсіну үшін мынадай екі

мәселені шешу керек: біріншіден, бұл механизмнің барлық жүйелерінің негізгі шеңбері туралы толық мағлұмат болу керек; екіншіден, бұл жүйенің жеке белшектерін терең зерттеп-білу қажет.

Қазіргі шақтағы туризмнің жалпы экономикалық механизмін мынадай ерекшеліктермен ашып көрсетуге болады.

1. Қазіргі туризм нарықтық ортада мемлекеттің бақылауымен және реттеуімен, сонымен қатар басқа да қаражат, экономика институтымен және үйимдармен жұмыс істейді. Мұны былай түсінуге болады: барлық туристік фирмалар мен үйимдар үш негізгі экономикалық таралу қағидаларымен жұмыс істейді:

– біріншіден, олар басқарудың еркіті болуын және соған сәйкес бастамамен жауапкершіліктің бос болуын қалайды;

– екіншіден, олардың шаруашылық іс-әрекеттері объективті түрде туристік нарықтың зандарына бағынады (құн заңына, сұраныс пен ұсыныс, бә-

секелестік, ақша айналымы, баға құры заңына);

– үшіншіден, турист және табиғат үшін туризмге өлеуметтік және адамгершілік бастаманы енгізуге, мемлекеттік және қоғамдық институттар туризмдегі нарық процестерін реттеуге тырысады.

2. Туристік фирмалардың нарық орталында жұмыс істеуі туристік нарықтың ерекшеліктері мен зандалықтарын объективті түрде оқып-білуі қажет етеді. Туристік нарықты окудағы негізгі аспектілері келесілер:

– туристік нарықтың жұмыс істеу механизми, оның сегменттері, маусымдық сипаты; туристік нарық пен оның сегменттерінің жұмысы;

– бағаның қалыптасуы және туризмдегі бағаның құрылуы;

– туризм сферасындағы сұранысқа әсерін тигізетін факторларды оқып-білу және баға мен табыстың сұраныстың төлем қабілетіне әсері;

– туристік қызметке ұсыныс жасауға әсерін тигізетін факторларды оқып-білу, сондай-ақ құнды және құнсыз факторлардың әсерін де қарастыру.

3. Ұзақ мерзімдік болашақта туристік нарықтағы экономикалық тенденстік, туристік индустрияға объективті қаржат экономикалық талдау жасауды қажет етеді (оның құрылымы, даму тенденциясы мен жағдайы, функциялық рөлі мен бағыты). Туризмнің материалдық-техникалық базасына және ресурстарына талдау жасау, нақты іске асатын туристік ұсыныстарды шешүге, сондай-ақ туристік өнімдердің сапасы туралы көмек береді.

4. Туризм экономикасының маңызды мәселесі бұл салада жұмыс күшін пайдалану. Сондықтан да туристік іс-әрекеттің экономикалық әсері оның барлық көршілестерінде терең талдау жасауды керек етеді. Еңбек өнімділігі мен еңбек сыйымдылығына талдау ерекше дең қоюды қажет етеді.

5. Туризм экономикасы негізгі мәселе ретінде іскерлік іс-әрекет пен туристік фирмалардың нарықтағы тәртібі туралы тақырыптарды зерттейді. Бұл туризмдегі іскерлік іс-әрекеттің айрықшалығына есеп жүргізу, коммерциялық есепті терең білу, бұл жұмысты жоспарлау, әсіресе, бәрінен бұрын, бизнес-жоспар жасау, сондай-ақ бухгалтерлік және басқару есептерін білу.

Туризмдегі іскерліктің маңызды мәсесі – ол туристік фирмалардың шығынына, кірісіне, жалпы пайдасы мен табысының шегіне талдаулар жасау. Шығынның шегі мен табыстың шегін білу фирмалардың туристік нарықтағы тәртібі мен орнын шешүге мүмкіндік береді.

6. Туризм экономикасының маңызды белімі – табыс факторларына талдау жасау: жұмыс ақысы мен еңбектің бағасы; капиталдың бағасы мен пайзызы; туристік рента (пайыз түрінде тусетін табыс). Туристік рента мәсесі мен өнімдер шегіне ерекше көңіл аудару керек. Бұл туризмді өзіндік қаржыландаудың ішкі көздерін анықтауға мүмкіндік береді және туризм сферасындағы өндіру факторларының өнімділік шекарасын белгілейді.

7. Туризм экономикасы өзіне қаржы мәсесін де енгізеді: турфирмалардың өзінің қаржы ресурстары, кредит алу мүмкіндіктері, банкімен және банк жүйелерімен өзара қатынасы, барлық деңгейдегі бюджетпен қатынас және салық салу. Жоғарыда айтылғандарды қорыта келгенде, қазіргі туризмнің экономикасы маңызды экономикалық ғылымның біреуіне айналды. Қазіргі экономикада туризмнің рөлі үнемі есіп және өзгеріп тұрады. Бұрын туризмде алдыңғы рөлде болған елдер қазір екінші және үшінші орындарға кетуде. Олардың орнына жаңа озаттар келуде. Экономикалық жағынан туризмді былайша қарастырады:

– өнімді өндіру, айырбастау және бөлу сферасындағы қоғамдық қатынастардың белгілі бір жинағы ретінде;

– белгілі бір өндіріс саласы мен экономикалық іс-әрекеттерді қосып, елдің халықшаруашылық кешенінің бір бөлігі ретінде;

– туризмді елдің немесе аймақтың шаруашылық саласы сияқты зерттейтін экономикалық ғылым ретінде;

– туристік өнімді өндіретін, оны қолданатын, бөлетін және айырбастауды зерттейтін қоғамдық ғылым ретінде;

– туристік экономика жүйесінің барлық деңгейіндегі адамның мінез-құлқын зерттейтін қазіргі экономикалық теория ретінде;

Фундаменталды экономика жағынан қарастыrsaқ, туризм дегеніміз – экономикалық кешен, оның дамуы ішкі себептерден ғері, көбінесе әлемдік шаруашылық процестері мен қатынастар арқылы түсіндіріледі. Сонымен қатар, туризм – көптеген дамушы елдердің экономикалық өсуінің катализаторы. Әйткені туристер басқа елге демалысқа барғанда басқа өндірісте өндірілген өнімнің бір бөлігін ғана апарып қоймайды, сонымен қатар онда жаңа жұмыс орнын да құрады.

Қазіргі заманғы туризм экономикалық құбылыс ретінде:

– индустримальды түрде болады;

– туристік өнім мен қызмет түрінде көрінеді, оны жинауға және көлікпен тасуға болмайды;

– жаңа жұмыс орындарын құрайды және жаңа аудандарды игерудегі алғашқы бастама, сонымен қатар ұлттық экономиканың жылдам дамуының катализаторы болады;

– туризмге мамандандырылған елдің пайдастына ұлттық табысты қайта бөлу механизмі ретінде кіріседі;

– ұлттық табыстың өсуіне, жергілікті инфрақұрылымның дамуы мен жергілікті халықтың өмір деңгейінің өсуінде мультиликатор рөлін атқарады;

– жоғарғы деңгейдегі әсерлілікпен және инвестицияның жылдам қайтаруымен сипатталады;

– табиғат пен мәдени мұраны қорғаудың тиімді құралы ретінде жұмыс істейді, өйткені оның негізгі ресурстарының базасын осы элементтер құрайды;

– барлық шаруашылық салаларымен және адамның іс-әрекет түрлерімен сәйкес келе береді.

Сонымен, туризм аймақтың немесе елдің экономикасына белсенді түрде әсер ете алады, оның шаруашылық, әлеуметтік және гуманитарлық негізінде дамиды.

### 1.3. Қазақстандағы туризмнің қазіргі жағдайы

Туризмнің индустриясы табысы жоғары және серпінді дамып келе жатқан қызмет көрсететін халықаралық сауда сегменттерінің бірі болып табылады. Туризмнен түскен табыс мұнай өнімдері мен автомобиль экспорттының табысынан кейін тұрақты үшінші орында келеді. Әлемдік туристік нарықтың дәстүрлі аудандары өзінің рекреациялық сыйымдылығының шегіне

жеткендейтін, халықаралық туризмнің өсуі туристер баратын жаңа аумақтар есебінен басым дамитын болады. Сондықтан Қазақстанның әлемдік туристік нарықта өзінің лайықты орнын табуына бірегей мүмкіндігі бар.

Қазақстан 1993 жылдан бастап Дүниежүзілік туристік үйымның (ДТҮ) толық мүшесі болып табылады. Көптеген елдер біздің елімізді үлкен ту-

ристік әлеуеті бар сенімді әріптес ретінде бағалайды. Сондықтан туризм саласындағы ынтымақтастық жөніндең екіжақты және көпжақты келісімдер саны жылдан-жылға арта түсіде. Еліміздің Туризм және спорт министрлігінің мәліметтері бойынша, 2008 жылдан бастап Қазақстанда туризмнің барлық салалары жүйелі және орнықты түрде даму үстінде. Туристік қызмет көрсетудің жалпы көлемі 2011 жылы 11,1 пайызыра артып, 73,1 миллиард теңгені құрады. Бүгінгі күні Қазақстанда 1700-ден астам туристік үйім жұмыс істейді. Олардың әлемнің 80 елінде шетелдік әріптестері бар.

Республикамыз туризмді дамытуда бірегей ресурстарға ие. Мемлекет орталықазиялық аймақта өте пайдалы геосаясаттық орынға ие. Ертеде-ақ Ұлы Жібек жолы өтіп, бастапқыда көне халықаралық сауда-дипломатиялық жолы Қытайды Орта Азияның, Каспий маңының, Жерорта теңізінің және Батыс Еуропаның мемлекеттерімен біріктірген. Жібек жолының халықаралық және әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын назарға алып, ЮНЕСКО Дүниежүзілік туристік үйіммен бірлесе отырып, Ұлы Жібек жолын қайта өрлету әрі жаңалау мәселелері деген арнайы жобаны жетілдірді. Бұл бағытта Ұлы Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өрлету, түркі тілдес халықтардың мәдени мұрасын дамыту әрі сақтау, туризмнің инфрақұрылымын құру атты ҚР мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

Халықаралық туризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына он нәтиже береді:

- Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгерімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды.

- Халықты жұмыспен қамту ішшараларын жүзеге асыруға көмектеседі. ДТҰ мен Дүниежүзілік туризм және саяхат кеңесінің бағалауы бойынша туризм өндірісінде құрылатын әрбір жұмыс орнына басқа салаларда пайда болатын 5-тен 9-ға дейінгі жұмыс орны келеді екен. Туризм тұра немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды.

- Елдің инфрақұрылымын дамытуға ықпал етеді.

Туризм елдің тұтас аудандарының экономикасына белсенді әсер етеді. Туризм саласындағы шаруашылықты жүргізетін субъектілердің құрылуы оларды жұмыспен қамтумен, жол көлігін, сауданы, коммуналдық-тұрмыстық, мәдени, медициналық қызмет көрсетуді дамытумен тығыз байланысты. Сейтіп, туризм индустриясы басқа экономикалық секторлардың көпшілігімен салыстырғанда, анағұрлым пәрменді мультипликаторлық тиімділікке ие. Халықаралық туризм жеке және ұжымдық жетілдіру құралы ретінде жоспарлануы керек және ол тәжірибеде іске асырылуға тиісті демалыспен, бос уақытты өткізумен, спортпен, мәдениетпен және табиғатпен тікелей араласуға байланысты қызмет болуы керек. Туризмнің жылдам және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның әлауақатына құшті әсерін назарға ала отырып, үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімдік даму бағдарламасында туристік саланы басымдық ретінде белгіледі.

Туристік қызметке жасалған талдау көптеген турфирмалардың сыртқа шығу туризмімен айналысадылығын көрсетті, ал, бұл бірінші кезекте, Қазақстанның капиталдың жылыстауына әкеп согады. Республика азаматтарының шетелдерден тауарлар сатып алуы, кейіннен оны сату мақсатында

баратын жолсапарлары бұрынғысынша бұқаралық сипат алғып отыр, ал шоптуризм Қазақстандағы туристік қызмет көрсету нарығының жай-күйін анық көрсетеді. Ол экономикалық дағдарыс кезеңінде туристік қызметке сұранысты жандандырып, көбінесе туристік фирмалардың тиісті тәжірибесінің және білікті мамандардың жетіспеушілігіне байланысты туристер мен «чартер ұстаушылар» арасындағы дедалдышық қызмет атқаруына елеулі көмек көрсетті. Қазақстанның тұтынушылық нарығының төрттен бірін «қапшықтау» бизнесі тауарлармен толтырады және, тұтастай алғанда, бір мезгілде тауар өткізу әрі сату жүйесіндегі 150 мыңға жуық адамды жұмыспен қамтамасыз етеді. Ішкі сауда айналымындағы жыл сайынғы «қапшықтау» саудасының көлемі шамамен 2 млрд. АҚШ долларын құрады.


Туристік бизнесінде секторларының бірі ретінде шоп-туризмнің өсіу туристік қызмет көрсетудің деңгейін көтеруге елеулі әсер ете қойған жоқ.

Әркениетті әрі туризмі дамыған елдер негізгі туристер ағынын өздеріне тартуға ұмтылуда, себебі халықаралық туризм мемлекет бюджетінің кіріс бөлігін толықтырудың маңызды қозделрінің бірі болып табылады. Сол сияқты Қазақстанда да шетелдік туристер ағымын қөбейту жолында жұмыстар жүргізуде. Осы мақсатта туристік ұйымдардың қызметін, мұның өзі бірінші кезекте, көлік құралдарының, орналастыру құралы, кадрлық қамтамасыз етудің жай-күйіне байланысты, келуші туризмді дамытуға қайта бағдарлау қажет. Көлік туралы тоқталайық. Бұғынгі таңда Қазақстанның халықаралық авиажелілерінің Германияға, Үндістанға, Біріккен Араб Әмбілктеріне, Түркияға, Италияға, Корея Республикасына, Венгрияға, Израильге, Қытайға, Тайландқа ұшуды жү-

зеге асыруға мүмкіндігі бар. Ішкі және халықаралық нарықтарға жұмыс істейтін «Эйр Астана», «Скат» тасымалдаушысы және басқа авиакомпаниялар авиа тасымалдауларын жузеге асырады. Туристердің көпшілігі сервис және қызмет көрсету сенімділігі жағынан отандық тасымалдаушыларға қарағанда, авиа рейстерін жүргізетін шетелдік тасымалдаушылардың қызметін пайдаланғанды жөн көреді, мұның өзі отандық тасымалдаушылар жасайтын авиарейстер жолаушылар ағымын азайтатыны сөзсіз. Осының нәтижесінде авиабилеттер құнының қымбаттығы Қазақстанның туристік өнімінің құнын өсіреді және тиісінше оның халықаралық нарықтағы бәсекелесу қабілетін төмендетеді.

Автомобиль көлігі шекаралас мемлекеттерге шоп-туризмді үйімдастыру және экскурсиялық бағыттарды үйімдастыру үшін пайдаланылады. Алайда, оны дамыту, тұтасымен алғанда, жолдардың жай-күйіне және туристік көлік құралдарына тиісті техникалық қызмет көрсетілуіне де байланысты болады. Негізгі теміржол тасымалдаушысы «Қазақстан теміржолы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны 14 бағыт бойынша жолаушылар тасымалдайды. Қазақстанның темір жолдарымен транзитпен Қыргызстанның, Өзбекстанның, Ресейдін, Тәжікстанның және Түркіменстанның жолаушылар пойыздары өтеді.

Орналастыру құралы. Қазақстанда әр түрлі санаттағы 385 қонақүй жұмыс істейді. 350-і қалалық жерлерде орналасса, 35-і ауылдық елді мекендерден (11 облыстағы) орын алған. Оларға бір мезетте 32 876 адамды сыйдыруға болады. Соның ішінде Алматыдағы 25 қонақүйде 4950 орын бар. Еліміздің жас астанасында 60-тан астам қонақүй жұмыс істесе, оларда бір мезете 5000-нан астам адамды қабылдауға болады. Астанадағы қонақүйлердің



**1.3-сурет. Орналастыру нысандарын санаттары бойынша бөлү**



**1.4-сурет. 2012 жылы сапар мақсаты бойынша орналастыру нысандарындағы қызмет көрсетілген келушілер**

Ескерту: ҚР Статистика агенттік мәліметтері

басым көпшілігі шағын және орта бизнестің қолында. Мұның өзі Елорданың бизнес ахуалына жағымды ықпал етуде.

Статистикалық мәліметтер бойынша, шетелдік қонақтар негізінен сервистік қызметтің көптеген түрлерін көрсете алатын 5 жұлдызды қонақүйлерде орналасуды қалайды.

2010 жылдан бастап оларда қызмет көрсетілген туристер саны елеулі түрде артып отыр. Ал шетелдерге шыққан қазақстандықтар көбіне 3 жұлдызды қонақүйлерге орналасады еken. Оның үстіне соңғы жылдары республика азаматтары Қазақстанның өз аумағын жиі аралайтын болып жүр. Мәселен, 2010 жылы туризмнің осы түріне қатысушылар саны 10,3 пайызға үлғайыпты.

Туристік бизнесті шектейтін елеулі факторлардың бірі туризм индустриясы материалдық базасының мүмкіндіктерінің төмендігі болып келді, ал қазіргі кезде бұл мәселе оң шешімін таба бастады. Әсіресе, қонақүйлер, ондағы қызмет көрсету әлемдік деңгейге көтерілу үстінде. Талдаулар көрсеткендей, туристік кластағы қонақүйлердің (2-3 жұлдызды немесе шағын және орташа мейманханалар) рентабельділігі анағұрлым жоғары.

Халықшаруашылық саласы ретінде туризм сұраныс пен ұсыныстың нарықтық санаттарына сәйкестенген өнім шығарады. Осыған қатысты шетелдік тұтынушыға бағдарланған халықаралық нарық пен Қазақстан азаматтарына арналған ішкі нарықтың аражігін ажыратса білу қажет.

Шетелдік инвестициялар мен туристердің отандық туризм саласына тарту – Қазақстанның дамуындағы стратегиялық мақсаттардың бірі. Бұл жыл сайын Қазақстанға шет мемлекеттерден келетін туристер санын 15-30 %-ға артып отырғандығымен түсіндірледі.

Қазақстанның туристік саласының жалпы әлеуетін бағалай отырып, сала-дағы шешімін табуды қажет ететін өзекті мәселелерді атап өткен жөн болар еди:

1. Нормативтік-құқықтық кешен;
2. Республиканың шекаралық аймақтарына қол жеткізу мүмкіндігі;
3. Қазақстанның туристік саласының ашықтығы;
4. Қазақстанның әлемдік аренадағы танымалдылығы;
5. Кадрлар саясаты;
6. Материалдық инфрақұрылым;
7. Туризм саласындағы жеке кәсіп-керліктің дамуына мемлекеттің өсері;
8. Орталық Азияда аймақтық ынтымақтастықты дамыту.
9. Қызмет көрсетуді дамыту.

Еліміздегі туристік әлеуетті талдау нәтижелерін ескере отырып, оның келесі түрлерін дамыту онтайлы болар еди деп ойлаймыз:

- Курорттық-рекреациялық туризм;
- Ұлы Жібек жолындағы тарихи-мәдени туризм.

Әлемдік даму орталықтарының қызықтанылған түсінде орналаса отырып, біз отандық өнімдерді өткізуде үлкен мүмкіндіктерге ие бола аламыз. Елбасының атап көрсеткеніндей, мұның өзі ел дамуына сенімді алғышарттарды қамтамасыз етеді. Еліміздің туризмге ашықтығы 2010 жылы осы саладағы инвестицияны 58,3 пайызға дейін арттыру мүмкіндігін берді. Бір жылдың өзінде ғана салага 194,6 миллиард теңге инвестиция келді.

2011 жылы туристік индустрияның кірісі 56 пайызға артып, 122 миллиард теңгені құрады. Одан түсетін бюджеттік түсім 4,8 есе өсіп, 39,66 миллиард теңге болды. Міне, осы цифrlардың өзі Қазақстанда туризмнің жылдан жылға көнінен қанат жайып келе жатқандығын көрсетеді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҢ ТУРИЗМІНІҢ  
КІТАПХАНАСЫ  
ИНВ. № 94311

## 1.4. Туризм индустриясын үйымдастыру

Туризмнің даму процесі туризмдік қызмет ұсныны мен оған деген сұраныстың өсуімен және бұл қызметтермен айналысадын кәсіпорындардың материалдық-техникалық базасының даму қарқынының жеделдетуімен анықталады. Бұл, өз кезегінде, салалық-экономикалық ғылыминың мәселесін әдіснамалық негізде нақты экономика тұрғысында жетілдірулерін қажет етеді.

Ғылым мен техниканың дамуы адам тұрмысының барлық негізгі жақтарын қамтиды: Әмір сұру деңгейі, адам мен табиғат арасындағы қатынас және т.б.

Өндіріс күшінің дамуының белгілі бір сатысында қоғамдағы адамдардың қажеттілігі мен мүмкіндігін салалы түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Бос уақыт құрылымының маңызды элементтерінің бірі адам мен қоғам қажеттіліктері көзқарасы бойынша туризм болып есептеледі, себебі ол адамның психикалық және құш қайратын қалпына келтіруге мүмкіндік береді. Осылайшын байланысты туристік қызмет халықа мәдени қызметті көрсететін сала ретінде кең дамуда. Қызмет шеңберінде ғылыми-техниканың дамуы әсер етеді. Сондықтан қызмет саласының материалдық өндірісі мен қоғамның рухани қажеттілігін қарамақайшы қоюдың қажеттілігі жоқ.

Қазіргі кезде қызметке деген қажеттілік пен қызметті тұтынудың өсуі қоғамдық өндірістің тиімділігін жогарылатуға әсер ететін маңызды факторға айналуда. Бірақ туризмдік қызметтің әсері жанама және қайта өндіру, сондай-ақ енбек ресурстарын жетілдіру есебінен байқалады. Осылайша сала ретінде туризмнің дамуы қоғамның негізгі экономикалық зандылықта қалыптастырудың формасы болып табылады. Туризм экономикалық қызметтің динамикалық саласы, бір жа-

ғынан, тікелей туристік қызмет өндірісіне басқа туристік кешендерді салуды, қондырығы, көлік, байланыс өндірісін, тамақ өнеркәсібін, ескерткіш бұйымдар, сыйлықтар, сувенирлер жақауды және т.с.с. қамтитын туризм индустриясы ретінде қарастырылады. Басқа жағынан туризмді арнайы тауар түрі туристік қызмет өндірісі ретінде қарастыруға болады. Мұндай көзқарас бойынша туризм өндірістік емес экономика саласы ретінде қарастырылады.

Өндірістік емес экономика саласын зерттеу затын өндірістік қатынастар құрайды. Біріншіден, бұл жүйе құрамына өндірістік құштер мен шектеулі байланыстық негізде өндірістік жеке және заттай факторларын біріктіру жолымен өндіріс процестерін жүзеге асыратын қатынастар жатады. Екіншіден, өндірістік емес саладағы өндірістік қатынастан материалдық өндіріс жүйесінен байланысты болады.

Осылайша өндірістік емес саланың өндірістік қатынастары жеке тұтыну қатынасына тиісті және материалдық өндіріспен тұтас байланыста болып келеді.

Туризм – индустриясы бір-біріне тығыз байланысты көсіпкерлер мен кәсіпорындар арасындағы жүйе, туриске туристік процесс кезінде барлық тұтынылатын туризмдік қызметтерді, тауарларды ұснынушы.

Әлемдегі туризмнің жаппай дамуы туризм индустриясымен қосалқы шаруашылықтарды, ғылым мен мәдениетті, білім беру жүйесін тез қарқынмен дамытуда. Осыларды қорыта айтқанда, туристік индустрия қонақүй мен орналастыру орындарының, көлік құралдарының қоғамдық тасымалдау, қоғамдық тамақтандыру нысандары мен танымдық, әмдік, спорттық, сауық-

тыру, діни-мәдени, ісерлік және т.с.с. үйымдастырудың, туроператорлық және турагенттік қызмет, сонымен қатар туристік-экскурсиялық қызмет пен гидаудармашы қызметін ұсынушы үйимдарды да қамтиды.

Туризмді үйимдастыруға екі түрлі туризм саласындағы көсіпорындар мен көсіпкерлер қатыса алады. Олар: туроператорлар және турагенттік. Өздерінің сапарларын жоспарлау немесе үйимдастыру барысында туристер сапарлардың түрлі нұсқалары туралы ақпарат алу үшін және брондау мақсатында (не пакетте, не жеке сатып алынатын көліктік қызметтер, орналастыру, рекреациялық шаралар) турагенттік және туроператорлық қызметтермен айналысатын туристік үйимдар қызметін жиі пайдаланады. Былайша айтқанда, олар туристік қызметті өндіруші арасындағы соңғы қызметті орындаиды. Бұл қызметтер – олардың көрсететін қызметі.

Туроператор – заныңды немесе жеке тұлға, туризмде өнімді негіздеу жұмысын, оның нарықтағы қозғалысын және жүзеге асуын қадағалайды. Туроператордың алдыңғы екі функциясы түсінікті, енді осыларды көнірек тарқатсақ. Туристік өнімді негіздеу түсінігінде ұсынатын қызметін сапасына, құнына, жұмысы мен қызмет қарқынына және оларды ұсыну жайында келісімшартты түзу, брондау, т.с.с. қызметтер кіреді. Ал қозғалыс түсінігінде қызмет пен тауарды, турды жарнамалау, әлеуетті тұтынушының тұтыну қабілетін қанағаттандыру, т.с.с. бірқатар қызметтер кіреді.

Соңғы қызметі теренірек түсінуді қажет етеді. Бұл термин екі түрлі қасиетке ие.

- 1) сату;
- 2) пайдалану.

Классикалық жүйеде туроператорлық қызмет – туристік өнімді тек қана

көтерме саудамен турагентке сатышы. Өз кезегінде турагент – көтерме бағамен сатып алушы. Одан кейін ол бұл өнімдерді аудандар мен аймақтарға жергілікті турагенттер арқылы сата алады.

Тұтынушы туристке жеке турды, әрине, турагент сатады. Турагенттік функциясы негізінен белгілі бір уақыт кезінде және белгіленген шарттарда басқа үйимдар көрсететін қызметті пайдалануға құқықты сатуда жатыр. Олардың рөлдері келіп кетушіге ақпаратты және басқа да қызметтерді көрсетуде жатыр және олар экскурсия барысында сүйемелдеу, гидтер қызметтері және т.б. сияқты қосымша қызметтерді дербес көрсете алатын болса да, кейбір қызметтерді сатып алу кезінде делдал болып табылады. Туризм саласы көсіпорындарының арасында тәжірибе жүзінде туроператор 5 пайыз, ал турагенттер 95 пайыз болады. Сонымен қатар туроператорлар туристік өнімді тұтынушының толық пайдалануына жауапты, себебі тұтынушы қызмет көрсету пакетін туроператор алады, ал пакетте көптеген әр түрлі көсіпорындардың қызметтері кіреді. Жауапкершілік туроператорға кепілдік беруді қарастырады. Дамыған елдерде жауапкершіліктің әр түрлі деңгейіне байланысты құн төленеді.

Туристік қызметтердің бірі көліктің әр түрлерін пайдалану арқылы тасымалдауды үйимдастыру болып табылады. Тасымалдау жүйесі туристердің жаяу қозғалысымен, дамыған технологиялық процестің деңгейімен және қозғалыс құралдарын пайдаланумен байланысты:

- жануарлар;
- пілдер, түйе, жылқы, есек, ит;
- жерде жүретін қозғалыс құралы;
- әуе қозғалыс құралдары;
- судағы қозғалыс құралдары.

Тасымалдаудың негізгі және қосымша туристік өнімдегі қозғалыс құрамына қарай жұмыс кезеңін келесі ретте бөлуге болады:

- трансфер, автобустар, кететін жерге туристерді жеткізіп салу, аэропорт арсеналынан, вокзалдан отельге жеткізіп салу, қайтып Отанына оралуы, т.с.с.;

- туристерді ұзақ белгіленген жерге жеткізіп салу;

- автобустық немесе теміржол турларымен бағыты бойынша жеткізіп салу, яғни бұл жерде круиздік бағыттарды да жатқызуға болады;

- экскурсиялық бағыттар бойынша қалаларда, саябақтарда, т.б. жерлерде тасымалдау.

Халықаралық туризмдегі әуе көлігімен тасымалдау, чартерлік және рейстік ұшақпен жүзеге асырылады. Туризм мақсатында кең ауқымда тік ұшақтармен әр түрлі ұшу аппараттары қолданылады: әуе шары, парафлан, дельтафлан, т.б. Қызметі мен жайлышына, тамақтануына және әр түрлі факторлардың орындалуына байланысты ұшақтар келесідей кластиарға бөлінеді:

- 1-клас (F)
- бизнес-клас (C)
- эконом-клас (Y)
- әртүрлілік.

Ұлттық тасымалдау шеңберінде немесе жекелеген авиакомпанияларда халықаралық туризмге келесідей женілдіктерді қарастырып бекіткен:

- маусымдық;
- коорпоративтік;
- балалы жолаушыларға арналған;
- топтық;
- жас жұбайларға арналған.

Туристерге ерекше қарқынмен пайдаланылатын женілдік карта: АРХА (авиакомпания пассажирлерінің халықаралық ассоциациясы), ETA (туризмнің европалық жүйесі), т.с.с. Мұндай кар-

таны иемденгендеге кейір авиакомпанияларда (DELTA, SAS) мынадай женілдіктер қарастырылған: қонақты төлеміне женілдік (10-40 пайызға деійін), ол әлемнің ең жақсы деген 40-мыншынан астам отельдерінде бар әрі автомашинаны алғандағы женілдік (30 пайызға деійін), сақтандыруда, т.с.с.

Халықаралық қарым-қатынаста жолаушыларды ұшақпен тасымалдау Варшава конвенциясына байланысты ескеріліп отырады. Алғаш 1929 жылы, кейін 1955-1975 жылдары халықаралық әуе тасымалдау ережесі халықаралық деңгейде жасалған. Бұл шартты конвенция барлық елдерде туристерді және олардың жүктөрін тасымалдауды ескереді. Бұған қосымша әр мемлекетте өзінің Әуеде тасымалдау Кодексіне қосымшалар енгізеді. Чартерлік рейстегі әуе қатынасы халықаралық конвенцияға және сол елдің заңына нұқсан келтірмей, чартердің келісімшарты бойынша жүзеге асырылады. Ішкі әуе қатынасы дегеніміз – ұшақтың ұшу, қону және жолшыбай қонуының республиканың аумағында орындалуы. Халықаралық әуе тасымалдауы кезінде ұшу және қону аландары әр түрлі мемлекеттерде болады. Әуе тасымалының халықаралық ережесі дегеніміз – туристердің әуежайда алғашқы тексеруден өткен кезеңнен бастап, келесі әуежайда құзырлы адамдардың тексеруден өткенге дейінгі аралығы. Әуежайларда ғимарат, ұшу аландары, жолаушылар демалатын орын, т.б. осы ұйымдардың талаптарына сай болуы керек. Дүние жүзі бойынша әуе тасымалдауы БҰҰ, ДТҰ, ICAO ұйымдары арқылы жүйеге келтіріліп отырады. Мысалы, бір жылғы ұшу көлемін алсақ, орташа есеппен ішкі ұшу 4,5 % болса, ал халықаралық – 7%. Жыл сайын халықаралық

ұшу көлемі артып келеді. Кейбір елдерде ұшатын жолаушылар санын арттыру мақсатында билет құнын арзандату, жиі ұшатын жолаушыларға арнағы сервистік қызмет көрсету, т.с.с. қарастырылады.

Ұшақтағы сервис мынадай жайтарға байланысты:

- авиакомпанияға;
- ұшу бағытына;
- тарифке;
- тасымалдау дәстүріне;
- ұшу ұзақтығына.

Қазақстанда тіркелген 61 әуе компаниясы бар болса, оның негізінен тұрақты рейстерін 6 қазақстандық әуе компаниясы орындаиды. Олар: «Әир Астана» АҚ, «SCAT» авиакомпаниясы» АҚ, «Жетісу» авиакомпаниясы» АҚ, «Иртыш Әир» авиакомпаниясы» АҚ, «Жезқазған Әир» авиакомпаниясы» АҚ, «Семейавиа» АҚ. Бүгінде ішкі және халықаралық рейстерде нарықтағы күшін арттырып келе жатқан 2 әуе компаниясын бөліп аласыз. Олар: «Әир Астана» АҚ және «SCAT» АҚ.

«Әир Астана» паркінің құрамына заманауи деген «Boeing 767-300ER», «Boeing 757-200», «Әйрбас A319», «Әйрбас A320», «Әйрбас A321», «Эмбраер 190» және «Фоккер 50» ұшақтары кіреді. Қазіргі уақытта «Әир Астана» рейстерін 26 әуе кемесінде орындаиды және 2014 жылы бұл санды 34-ке дейін көбейтуді жоспарлап отыр.

Ал «SCAT» компаниясында 4 Boeing 757-200, 4 Boeing 737-300, 2 Boeing 737-500, 5 Bombardier CRJ-200, 1 Bombardier CRJ-700, 2 Як-42, 1 Ан-26 (жүк тасымалдаушы), 1 Ан-12 (жүк тасымалдаушы) және 20 Ан – 24 ұшақтары бар.

Әлемде жолаушылар тасымалдайтын ұшақтың қолданылу мерзімі – 23 жыл. Еуропада – 27 жыл. Оңтүстік Африка мен Оңтүстік Америкада – 28-29 жыл.

Қазіргі авиакомпанияның мақсаты – ұшақтың сыйымдылығын арттыру, ұшу ұзақтығын, жылдамдығын, сервистік қызмет пен жайлыштығын арттыру.

Ішкі су жүйесінде туристерді тасымалдау арқылы жабдықталған теплоходтарда жүргізіледі. Каюталар бір орындық, екі орындық, төрт орындық және отбасылық болып бөлінеді. Мұндай кластағы теплоходта демалуға барлық жағдайлар қарастырылған: каютадағы жұмысқ ыңғайлы жиназ, жепдеткіш, тоңазытқыш пен кіші барлар бар. Жолаушыларға қызмет ұсынатын ресторандар, бар, сауна, музикалық салон, ойын залдары қарастырылған.

Халықаралық теңіздік линияда көп палубалы, жоғары жайлышты, круиздік судналар жұмыс істейді. Жоғарыда айтылып кеткен жайлыштық маиналарды да қосуға болады: барлық жағдайы қарастырылған бизнес-кластар, семинар мен симпозиндер өткізуге арналған орындар, бассейн, лифт, спорттық кешендер және бортқа туристерді жеке автомашиналармен қабылдау, спутник, интернет, т.с.с. қарастырылған.

Судағы туристік экскурсиялар мен саяхаттарды басқа да тасымалдау түрі: яхта, сұңгуір қайықтарында, катамаранда, байдаркаларда, қайықта және де сол сияқты көліктерде жүргізуғе болады. Туристерді тасымалдаудың келесі бір түрі – теміржол қызметі. Ол арнағы жабдықталған туристік құрамдарда жүргізіледі.

Орналастыру жүйесі туризмде ең басты элемент болып табылады. Егер орналастыру болмаса, онда туризм де болмайды. Бұл кез келген туристік аймақ пен орталық үшін қатаң талап болып есептеледі. Себебі өзінің туристік ресурстарына туристерді қабылдау мен эксплуатациялаудан үлкен табысты табуда орналастыру орындарының маңызы зор.

Қонақүй индустриясында қонақжайлышық жүйесі қызмет негізі болып табылады. Бұл бұрыннан келе жатқан дәстүр, кез келген адамзат тарихындағы қоғамдық ортада қонақты сыйлау, оларды қабылдау мен қызмет көрсету мәдениеттіліктің жоғары көрсеткіші ретінде есептелген.

ДТҰ ұсыныстарына сәйкес барлық орналастыру орындары екі санат бойынша ұсынылады: ұжымдық және жеке. Туристерді ұжымдық орналастыру құралдары былайша бөлінеді:

1) қонақйлер және туристерді орналастырудың ұқсас құралдары (қонақйлер, ұқсас ғимараттар);

2) мамандандырылған мекемелер (сауықтыру мекемелері);

3) өзге де ұжымдық мекемелер.

Қонақүйлердің негізгі белгілері ретінде ең алдымен 10 бірліктен кем емес нәмірлік қордың болуын атап өту қажет. Қонақүйлер міндettі қызмет түрлерін ұсынады: нәмірді тазалау, тәсекорындарды құнделікті ауыстыру және көріздік желілерді тазалау.

Нақты жабдықтар мен көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктеріне қарай қонақүйлер құрамында кең профильді қонақүйлерді, пәтерлік типтегі қонақүйлер, мотельдер, жол-жөнекей қонақүйлер, курорттық қонақүйлер, тұруға болатын клубтарды және өзгелерін ерекше атап өтуге болады.

Қонақүйлер іспеттес мекемелер тобы нәмірлік қорға ие, міндettі қызметтер тізімін ұсынады. Бұл тәріздестер пансиондар, жиназбен жабдықталған бөлмелер, туристік жатақханалар және сол сияқтылар.

Мамандандырылған мекемелер (бірыңғай басшылығымен) сондай-ақ туристерге қызмет көрсетуге арналған. Олардың нәмірлері жоқ. Мұнда бастапқы бірлік тұрғынжай, ұжымдық жатын бөлме, алаң болуы мүмкін. Туристерге қонуы үшін мекеме

орын ұсынғаннан басқа қызметтің өзге де түрлерін көрсете алады. Мұнданың мамандандырылған мекемелер мысалы ретінде сауықтыру мекемелері (сауықтыратын орындар, курорттар санаторийлер, сауықтыру фермалары және т.б.), лагерьлер, қоғамдық қеліктердегі, конгресс-орталықтарындағы орналастыру құралдары (пойыздар, кемелер) қызмет етеді.

Сауықтыру орындарында, курорттарда тұнеу үшін орындар беру қызметі бастысы болып табылмайды. Бұл жерде, ең алдымен, келушілердің ауруларын табиги факторларды тарту жолымен (климат, теңіз, минералды су және өзгелері) емдеу және алдын алу қажет. Адам организміне материалдық және рухани әсер ету еңбек пен демалудың әдеттегі жағдайларын жоюды қосады. Емдеумен қатар тамақтандыру, демалу, спорт, тұрмыс және, әрине, тұратындардың тұнеуі үйімдастырылады.

Орналастырудың өзге де ұжымдық құралдарына демалуға арналған тұрғынжайды жатқызамыз. Бұл орналастыру құралдары тобының мысалдары ретінде пәтерлік типтегі қонақүйлер, үйлер кешені бунгалолар жүреді. Бұл орынжайлар бірыңғай басқаруға ие, кез келген тұлға (тұлғалармен) немесе үйімдар тараапынан төлемге, жалға, тегін тапсырылады.

Өзге де ұжымдық орналастыру құралдарының құрамына кемпингтерге арналған алаңдардағы, шағын кемелерге арналған айлақтардағы нысандар (біркелкі басқарумен) кіреді. Қонаққа тұнеу және ақпараттық, сауда, бос уақыт түріндегі қызмет көрсетулер қатары ұсынлады.

Туристік жатақханалар, жастар қонақүйлері, мектеп және студенттер жатақханалары, қарттарға арналған демалыс үйлері және әлеуметтік маңызы бар осы іспеттес нысандарды, сондай-

ақ өзге де орналастырудың ұжымдық құралдарына жатқызу керек.

Орналастырудың жеке құралдары төлемге, жалға, тегін ұсынылады. Мұнда үй шаруашылықтары мүшелерімен кезектесіп жалға алынатын (таймшеринг) тұрғынжайлар (пәтерлер, коттедждер, жекежайлар) кіреді.

Турист сонымен қатар жалдау құқығымен отбасылық үйде орналаса алады. Турист жеке тұлғадан немесе агенттікten толық жабдықталған тұрғынжайды (үй, пәтер, коттедж) немесе туысқандарында, таныстарында тегін тоқтай алады.

Қонақүй индустриясы экономикалық қызмет түрінде қонақүйде, кемпингте, мотельде, мектеп және студенттер жатақханасында, келушілерге арналған үйлерде қысқа уақытқа тұруды ұйымдастырады, бұл қызметке ресторандық қызметтің де қатысы бар. Алайда туристік индустрияда негізгі орналастыру құралы қонақүйлер болып табылады. Ол жерде уақытша келушілерге арнағы қызмет, сервис жасалынады. Қонақүйлер тұрақты жағын орындар саны (сыйымдылығы) бойынша ажыратылады. Қонақүй саласында нөмірлердің саны – ең басты көрсеткіші, яғни осыған қарап туристік аймақтың деңгейін бағалауға болады. Жайлышық деңгейі бойынша халықаралық тәжірибеге сәйкес қонақүйлер жұлдыздар бойынша ажыратылады: төмөннен (1 жұлдызды) жоғарыға дейін (5 жұлдызды). Қонақ-

үйлерді жұлдыздар бойынша дифференциациялау әр түрлі санаттағы қонақүйлерге деген нормативті талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Халықаралық тәжірибеде қабылданған туристерді орналастыру тәсілдерінің стандарттық классификациясын Дүниежүзілік туристік үйім (ДТҮ) сарапшылары әзірлеген.

Қонақүй мекемелері сыйымдылығына, олардағы нөмірлердің санына және тұруға арналған орындардың санына қарай ерекшеленеді. ДТҮ-ның анықтауы бойынша, қонақүй – бұл ұжымдық орналастыру құралдары белгілі бір мәлшердегі бөлмелерден тұратын жеке басшылығы бар, қызметтердің көптеген түрін ұсынушы және кластарға топталып, категорияға сәйкес қызмет ұсынушы мекеме немесе көсіпорын. Әлемдік тәжірибеге негіздей отырып, қонақүйлердің бірнеше түрлерін ұсынады: жоғары класс, орта класс, экономдық кластағы апарт-отель қонақүй.

Ең кең тараған классификациялар мыналар:

- Жұлдыз жүйесін Францияда, Австрияда, Венгрияда, Мысырда, Қытайда, Ресейде және бірқатар басқа елдерде халықаралық туризмді алмасуға қатысушылар қолданады;
- әріптік жүйе Грекияда қолданылады;
- кілтті немесе купон жүйесі Ұлыбританияға қатысты сипатталған.

## 1.5. Туризм менеджментінің сипаты

Барлық қызмет жүйесі екі шағын жүйеге бөлінеді. Оның біреуі өзінің қарауындағы ресурстарды өндеп, тауарға және қызмет көрсетуге айналдыратын шағын жүйе, ал екіншісі – шағын басқару жүйесі, оның міндеті – бірінші шағын жүйенің іс-әрекеттерін

бақылау және оған жетекшілік ету. Әдебиеттерде екінші жүйені басқару жүйесі немесе менеджмент жүйесі деп атайды. Менеджмент деген сөз (ағылшын тілінде «management») басқарма деген мағына береді. Менеджер – менеджмент саласында көпжылдық да-

йындығы бар, білім деңгейін әрдайым көтеріп тұратын маманданған басқаруши. Қазір нәтижелі менеджмент индустриясы дамыған мемлекеттердің негізі, ал дамушы елдерде ең керекті ресурсы болып отыр. Жеке мекемелердің экономикалық жағдайы және толық экономика күйі З негізгі факторларды анықтайды: техника мен технология деңгейі; жұмыс күшінің сапасы; өндірісті үйымдастыру және басқару (менеджмент). Ең соңғы фактор, яғни менеджмент алдыңғы екі факторларға әсер етеді.

Қазіргі басқару жүйесі қарапайым және икемді болуы керек. Бірдей, мінсіз басқару моделі болмайды, өйткені әрбір туристік фирма өзінше керемет. Ол өз моделін іздестіру керек. Америкалық компаниялардың көбі жылына бір рет үйымдастыру жұмысына өзгерістер енгізіл тұрады.

Қазіргі туризм менеджменті сферасындағы туристік мекемелердің іс-әрекеттерін және үйымдастыру ерекшеліктерін ескеруі керек. Туризмнің мениеджментінің өзіне тән бірнеше ерекшеліктері бар:

*Біріншіден*, оның тереңге тарауы (құбылыс ретінде қайда адам болса, сонда туризм болады) және элементтерінің өзара байланысының күрделілігі. Туристік мекемелердің көбісі шағын келеді. Ірі мекемелер халқы көп жерлерде ғана құрылады. Туристік индустрияда көптеген өндіріс, мекеме және үйымдар бар, олар қалай болғанда да бір аймақтық басқару жүйесінде жұмыс істеуі керек, онда қойылған міндеттер – туристік қызмет көрсету нарығында ұзақ уақыт жұмыс істей білу және басқалармен жарыста ұта білу керек. Барлық туристік индустрияны, барлық туристік аймақты бақылап, талдаулар жасап тұру қажет. Осында жағдайларда менеджменттің көмегімен барлық аймақтың, сон-

дай-ақ жеке туристік үйымдардың да-му стратегиясы жасалынбақ.

Басқарудың объектісі ретінде туризм менеджментінің *екінші* ерекшелігіне өлшеуге қыын және түсініксіз мақсаттарды жатқызуға болады. Жеке мекеменің менеджменті үшін іс-әрекеттері табыс алуға бағытталған, нақты өлшемді мақсат болы шарт, ол – құндылықты қөбейту, бос ақшаны үнемі айналысқа жіберу, табыс келтіру және басқалар. Туристік үйимның менеджменті үшін ондай мақсаттар мекеме деңгейінде де, аймақ деңгейінде де болмайды. Сол үшін туристік үйимның өлшемді мақсаттары болмайды, сондықтан да оның өндірістік қабілетіне және жетістіктеріне нақтылы баға беруге болмайды. Туризм менеджментінің *үшінші* ерекшелігі – оның аймаққа әсерінің шектеулілігі. Жеке туристік мекеменің басқару мамандары, жарғыда көрсетілген өкілдік бойынша, өздерінің шаруашылық іс-әрекеттеріне байланысты барлық жұмыстарға тиісті шешім қабылдай береді. Туристік үйимның менеджментінің ондай өкілдігі жоқ. Туристік үйим мемлекет қаржысын пайдаланып, мемлекеттік шаруашылықпен айналысады, сондықтан да оларға мемлекет саясатының ықпалы басым. Менеджмент өз аймағындағы саяси күштерге көніл аударуға тиісті, өйткені оның мамандары енбекақыны үкімет бюджетінен алады.

Туризм менеджментінің *төртінші* ерекшелігі – мұдделі туристердің сырттан тигізетін әсері. Туристік мекеме және үйим көптеген мұдделі адамдар мен клиенттермен жұмыс істейді, олардың қызығу себептері де әр түрлі және олар қатты әсерін тигізеді. Туристік үйим және мекеме кредиторлармен, саяси құрылымдармен, қала басшыларымен, туристермен бірігіп жұмыс істейді.

Басқару обьектісі ретінде туризмнің ең маңызды бесінші ерекшелігі – туристік өнімнің айрықшалығы, оның өндірілу көзімен бірге қалыптасуы. Өйткені туристік өнім көрсетілетін туристік қызмет арқылы ғана өндіріледі, жоғарыда айтылғандай, оны қоймада сақтау немесе көлікпен басқа бір жерге жіберу мүмкін емес. Бірден туристер көп келеді деп те болжам жасауға болмайды. Сол себептен де туризм менеджментінде өз қызметкерлеріне көнілді көбірек бөлген жөн.

Туризмнің алтыншы ерекшелігіне туристік өнімнің сыртқа тигізетін әсерін жатқызуға болады. Мұнда сөз болатын – туристердің қоршаған адамдармен қатынасы. Бос уақытында әткізген саяхат – бұл басқа саяхатшылармен және жергілікті тұрғындармен әнгімелесіп, қатынас жасау. Жүргізілген зерттеулер көрсеткендей, келген қонақтың (туристің) мәдени қатынасы оны қабылдаушыларға және басқа да туристерге үлкен әсерін тигізеді. Егер келген туристің тәртібі нашар болса, ол жергілікті халықтың оған қатынасын нашарлатады, осыдан оның демалысы да бұзылады. Туризм адам өмірінің әр түрлі сферасына үлкен әсерін тигізеді: экономикаға, экологияға, саясатқа, олар өз ретінде туризмге әсерін тигізеді. Туристік аймақ келген туристерден табыс табады, ол жергілікті экономиканы көтереді. Егер де түскен табыстан жер бедерін, көркін сақтауға, қорғауға ақша бөлінсе, туризм аймақтың экологиясы үшін де пайдалы. Бірақ та кейде туризм жергілікті тұрғындардың қарсылығын туғызуы мүмкін, онда аймақта туризмді дамыту қыын болады. Мұндай жағдайда туризмді жоспарлау және қалыптастыру үшін жалпы қоғамды тарту керек, соның көмегі керек. Мұндай процестерге барлық топтардың (эконо-

мистер, экологтар және т.б.) қатысқаны жөн.

Туризмнің жетінші ерекшелігі – бұл туристік сұраныстың айрықшалығы, неғізгі үш себебіне қарай біркелкі емес. Бірінші себебі туристік өнімді не сезінуге, не сақтауға мүмкін еместігі болып табылады. Туристік қызметті келісім жасағанда ұстап көру және оны тауар ретінде дәмін білу мүмкін емес. Туристік фирмалық менеджерінің жұмысындағы күрделілік – ол өздері көрсететін қызметтің сатып алушы үшін пайдалылығына сендіру. Екінші себебі – туристік қызметті пайдаланушылардың әртүрлілігі. Әр түрлі категориядағы туристер сапар мақсатымен, туристік қызметке қоятын талабымен, төлем бағасымен бір-бірінен айырмашылықта болады. Туристердің әрбір түріне сәйкес туристік нарық түрі көрек, сондықтан да туристік қызметтің өндірушілері демалушылардың белгілі бір, яғни табысты мол әкелетін тұрларіне бейімделуі жөн. Үшінші себебі – қоғамдық факторлардың мәнінің жоғарылығы: елдегі экономикалық жағдай, экология, әлеуметтік факторлар және басқалар.

Туризмнің сегізінші ерекшелігі – басқару обьектісі ретінде туристік қызметтердің кешенді түрде көрсетілуі. Шынын айтқанда, туристік қызмет дегеніміз – бұл саяхат кезіндегі және демалатын орындардағы туриске ұсынылатын қызмет. Мұнда кейбір жеке туристік қызметтер бір-бірін толықтырып тұрады. Туризм менеджменті үшін ең маңыздысы – «толықтыруыш» деген түсінік. Мысалы, турист демалысқа шыққанда, егер де баратын жерінде тунейтін орын мен тамақтанатын жері болмаса, онда оның саяхатқа шығуы да мүмкін болмайды. Шаңғышы баратын қонақ үйінің қасында шаңғы табуге мүмкіндік болмаса, бұл қонақүйдегі орынға тапсырыс бермейді. Бұл туризм

сферасындағы жеке қызметтердің өзара тығыз байланыстылығын көрсетеді.

Туризмнің *тогызынышы* ерекшелігі – оның мезгілдік болуы немесе туристік қызмет мөлшерінің табиғи-климат жағдайына байланыстылығы. Туризм менеджменті мұндай құбылыстарды міндетті түрде ескеруі қажет, өйткені сұраныстың күрт өзгеруі барлық туризм индустриясының жұмыс жағдайын нашарлатып жіберуі мүмкін. Сонымен, туризм сферасындағы басқарма өзінің табиғаты жағынан біртекті емес: ол кейде жеке және ұжымдық еңбектің өзара байланысының функциясының бірлігі ретінде де көріні мүмкін. Басқарма дегеніміз – жетекші органның мақсатты түрдегі ықпалы: сервис қызметінде туристердің қажеттерін толық өтеу, жұмыстың сапасын көтеру және табыстың түсімін қамтамасыз ету.

Жоғарыда айтылған туристік саланың ерекшеліктері басқарудың объектісі ретінде, туристік бизнес-тің менеджерлері келесі мәселелерді жақсы түсінуі керектігін көрсетеді: бұл сала толығымен басқа салаларға ұқсамайды, сондықтан да басқарудың моделін басқа бір еңбек сферасынан туризм сферасына аудара салу мүмкін емес.

Кандай болмасын туристік бір мекемені басқарудың келесідей ерекше сипаттарын бөліп көрсетуіміз керек:

- туристік іс-әрекетті (шаруашылықты) жоспарлағанда, ең алдымен туристердің мұдделерін, қажетін және тілектерін ойластыру керек;
- туристік қызметтің бірінші қажеттілік еместігі. Туристік өнім тіршілік үшін

ең бірінші қажетті зат болған емес және жақын арада ондай болуы да мүмкін емес. Мұны былайша түсінуге болады: қазіргі әлемде сауықтыру және даму құралы ретінде туризмнің маңызы өте зор болғанымен, ол экономика, экология, саясат конъюнктурасына өте тәуелді;

– туристік салада маркетингтің маңызы едәуір жоғары. Оның себебі, туристік қызмет көрсетуші өз тауарының үлгісін туристің көз алдына келтіре алмайды, сондықтан да ол өзінің тауары (қызметі) туралы дәлел табуы керек. Мұны тек жақсы жүйеге қойылған маркетинг қана орынданай алады;

– туристік қызмет мәні жағынан өзінің ешбір аспектінде қайталанбайды. Тіптен бір фирманиң екі тұрының өзі бір маршрутпен өтетін қызметтерінің мәні жағынан бір-біріне ұқсамайды (сапар маршруты, көрсетілетін қызметі, көлік құралдары, барған еліндегі оқиғалар және т.б.).

Туристік фирманиң құрылу ережелерін оның алдына қойған мақсаттары мен стратегиясы анықтайды. Туристік фирманиң мақсаты – оның жақсы болашағы. Туристік мекемелер мақсаттарына байланысты үш класқа бөлінеді: экономикалық, фирмалық және әлеуметтік. Экономикалық мақсаты табыстың ұзақ мерзімге жоғары деңгейде болып есүін көздейді. Фирмалық мақсаттары фирманиң атағын шығарып, имиджін жақсартады (жердің, аймақтың, елдің атағын шығарады). Әлеуметтік мақсаттары табыстары төмен халықтар үшін туристік өнімдерді өндіруді, дамытуды міндеттіне алады.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Туризм терминіне анықтама беріңіз.
2. Туризм индустріясы дегеніміз не? Оның құрылымы қандай?
3. Турөнім қандай құрамдас бөліктерден тұрады?
4. Туризмнің экономикалық механизмі жайлы не айтасыз?
5. Туризмді үйімдастыру қандай қызмет жүйелерін қамтиды?
6. Туроператор дегеніміз кім?
7. Турагенттікің қызметі қандай?
8. Тасыламдау жүйесі қалай жүзеге асады?
9. Орналастыру орындарының түрлері.
10. Туризм менеджментінің ерекшеліктерін атаңыз.

## 2-тарау. Туризмдегі қызмет көрсету түсінігі

### 2.1. Туристік қызмет үғымы

Туристік қызметтер – тасымалдау, орналастыру, тамақтандыру, туристік-экскурсиялық қызметтер мен экскурсия жүргізушінің және гид-тасымалдаушының қызметтері саласындағы қарапайым бірліктегі немесе байланыстағы туристік өнімдер.

Қызмет материалдық тауардан тек оның пайдалану орындаған шығуыменен ажыратылады. Қызмет, сонымен қатар, оны ұсынуыш мамандардың дайындығын және материалдық құралдарды қажет етеді. Тиісті біліктілігі жоқ маман сапалы қызметті қамтамасыз ете алмайды. Қесіби біліктілігі жоғары, ұжымдық түрде қызметті көрсете алатын мамандар тобын қалыптастыру туристік кәсіпорынды құрудың негізі болып табылады.

Экскурсияны үйімдастыру үшін туристік кәсіпорында біліктілігі жоғары экскурсия жүргізушісінің болуы қажет. Сол сияқты экскурсия маршрутын дайындау, құжатты жасау, келіссөз өткізу, автобустық кәсіпорындармен келісімшартқа тұру қажет. Бірақ турист болмаған кезде, бұл қызметтің барлығы жоғалып не ескіріп қалмайды, тек өз тұтынушысын қүтеді.

Маманды дайындау процесі, мамандар тобын алу және оларды оқыту – дайындау процесінің немесе әлеуеттік қызметті өндірудің соңғы қадамы. Әлеуеттік қызмет деген – тұтынушы

нарығында ұсынылатын көрінбейтін тауар. Тұтынушыны (турист) күту процесін тауардың жиналу процесімен салыстыруға болады. Орналастыру қызметтің қонақүйде немесе басқа орналасу орындарында көрсетуге болады. Тасымалдау қызметтерінің орындалуы үшін көлік құралдарын қажет етеді. Экскурсия материалдық нысандар қажетті, мысалы, музейлер.

Егер де тауар қолданылmasa және жиналып жатса, онда ол уақыт ете келе өзінің тұтынушылық қасиетін жоғалтады. Одан басқа жиналу процесінің өзі қаражатты қажет етеді. Бұл уақыт ете келе өз қасиетін жақсартатын тауарларға қатысы жоқ, мысалы, бағалы заттар. Қызмет адам арқылы іске асады және оны тұтыну процесінде туындейды. Егер кәсіпорынның функциясында үзіліс болса, онда ол шығынға ұшырайды, ал ұжым өзінің қесіби біліктілігін жоғалтады. Қызмет көрсету сатысында оның жүзеге асуына әсер ететін және деңгейді, сапаны анықтайтын материалдық құралдары болады. Қызмет саласындағы жұмыстарда ұзақ үзілістер мамандардаң қайта даярлануын, қесіби біліктілігін жетілдіруді, технологияның, тұтынушы талаптарының өзгеруіне және дамуына сәйкес қайта білім алуды қажет етеді.

Адамның саяхат кезіндегі орын алмастыруы былайша бөлінеді:

– активті – адамның бұлшықет көмегімен: жаяу, тауға шығу, альпинизм, велосипедпен, жүзу, ескек есу және басқа;

– пассивті – механикалық қозғалатын немесе басқамен қозғалатын түрлі құралдардың көмегімен.

Тасымалдау қызметі және басқа да транспорттық қызметтер әр түрлі туристік өнімнің құраушысының бірі. Ең алдымен, бұл жіберу жерінен белгіленген жерге тасымал және трансфер, туристі белгіленген нысанға жеткізу (мысалы, аэропорттан қонақүйге), сол орнындағы транспорттық қызметтер, мысалы, экскурсиялық. Қызметтің туристік өнім құрамындағы маңызды орны мен сипаттың көрсету керек, тасымалдау қызметін ұсынбағанда немесе қызмет тиісті деңгейде көрсетілмеген жағдайда туристік өнім өзінің негізгі қасиеттерінен айырылады және, кей жағдайда, тұтынушы немесе тұтынушы тобы тарапынан қызметті тұтыну тоқтауы мүмкін. Егер теңіз курортының түрінде туристі туристик орталыққа тасымалдауды жүзеге асырмаса, онда тур болмайды. Ұйымдастырушының себебінен туристі көрсеткен болып табылады және тұтынушы оларға шығындардың орнын толтыруды талап етуге құқысы бар. Қызметтердің генерациялану барысында және оны тұтынуда түрлі құралдар қатысады және тасымалдың көптеген әдіс-тәсілдері қолданылады.

Сол сияқты тасымалдау құралдары мыналармен қызмет ете алады:

– орналастыру орнымен (түнеу): круиздік кемелер, туристік поїзыздар, жатын автобустар орналастыру қызметтері;

– көніл көтеру нысандарымен: ойын-сауық іс-шаралар, көніл көтеру мақсатымен сырғанау, спорттық жарыстар, шоу және көрмелер – көніл көтеру қызметтері;

– тауар сатып алу нысандарымен: модельдік экспонаттар – сатып алу;

– жеке көліктермен: автомашиналарды жалға алу, яхталарды жалға алу және т.б. жалға алу қызметтері.

Транспорттық қызмет көрсету түрдің құрамына кіруі мүмкін, бірақ турист сол қызметтерді келген жерде өздігінен сатып ала алады. Тасымалдау құралдары тауар ретінде, жалға алу нысан ретінде, аттракция құралы мен нысан ретінде және т.б. болуы мүмкін және туристік өнімнің негізгі түрлерінің генерациясында қатысуы мүмкін. Тасымалдау құралына негізделген іс-шаралар, туристік өнім негізіне салынуы мүмкін немесе туристік сапардың басты мақсаты болуы мүмкін, мысалы, Монте-Карлодағы «Формула-1» автомобилдік жарыстар түрі. Ұақыт белсенді түрде алға жылжуда, туристердің қажеттіліктері мен ғылыми-техникалық прогрестің мүмкіндіктеріне жауап бере алатын туристік өнім генерацияның жаңа қасиеттері, әдіс-тәсілдері шығуда. Бұрын белгісіз болып келген техникалық құралдар мен әдістер негізінде жаңа қызмет түрлері құрылуда.

Туристік қызмет – қызмет көрсету саласында мақсатты түрде жасалынатын іс-қимыл, бұл туристік немесе экскурсанттың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді. Туристік қызметтің тауардан айырмашылығын көрсететін төрт сипаттамасы бар. Олар:

- 1) сезілмейтіндігі;
- 2) өндірісі мен қолдануының ажырамастығы;
- 3) өзгергіштігі;
- 4) сақтауға жарамайтындығы.

Туристтік қызметтерден бөлек арнауы сипатты қызметтер де бар:

- туристік аймақтың анық көрсетілігі (мысалы, «құн – теңіз» – Кипр, Болгария, Түркия; «демалыс – емделу» – Карловы Вары, Ессентуки, «спорт» – Домбай, Чехия, Югославия, Швейцария, және т.б.);

- көптеген ұйымдар көмегімен туристік пакет жасау, оның әрқайсысының өзіндік жұмыс әдістері, әр түрлі коммерциялық мақсаттары бар;

- туристік қызмет пен оның қолданылатын орны арасындағы арақашықтықтардан өтү;

- туристік қызметтің уақытқа және жерге тәуелділігі. Мезгіл факторы зор маңызға ие. Туристік ұйымдардың маркетингтік шаралары мезгілінде және мезгіларалық уақытта айқын білінеді.

- сұранысын жоғарылату үшін мезгіларалықта қосымша ұсыныстар жасау керек: тәмен бағалар, қосымша әр түрлі қызметтер және т.б.;

- туристік қызметтің сапасына сыртқы факторлар маңызды әсерін тигізеді, олар форс-мажорлық сипаттар, сатушы мен сатып алушыларға тәуелсіз болады: ауа райы, табиғат жағдайлары, саясат, халықаралық құбылыстар, және т.б.

Туризмде ұсынылған қызметтер территория бойынша бөлінеді. Туристерге қызметтердің кейбіреулері тұрғылықты өмір сүретін жерлерінде көрсетіледі (ақпараттық қызмет). Басқаларын туристік саяхат кезінде (ақпараттық, көліктік қызметтер) алады. Ұшіншісін туристер туристік орталықтарда (орналасу, тамақтану, емдеу, көніл көтеру, іс кездесу) алады.

Қызмет көрсетуді туристерге бағыттап, үлгі бойынша былай бөлуге болады:

Қызмет пен тауарларға тарту.

Олардың туристік өнімге қызығушылығын тудыру.

Ұсынылған тауар мен қызметтерді пайдалануға қызығушылықтарын тудыру.

Туристік қызмет пен тауарларды пайдалануда туралашылықтарын тудыру.

Туристік қызмет индустріясы өз тарапынан, туристік бизнестегі қызметті бағалай алу өкілеттігіне ие, туристік саланың дамуын жоспарлай алатын, сандық, сол сияқты сапалық көрсеткіштерде туристік сұранысты болжауды жүзеге асыруға, экономикалық және әлеуметтік құбылыстардағы өзгерістерді есепке алу негізінде икемді шешім қабылдау және бағыттың серпінді өзгеруіне қабілетті басқару құрылымы бар, яғни жауапкершілігі мол құзыреттіліктермен нығайтылуы қажет.

Кең ауқымды менеджмент басқару обьектісіне әсер ететін басқарушылық үқпал етуді әзірлеу мен оны жүзеге асыру процесін білдіреді. Қызмет көрсету аясындағы менеджмент салалық деңгейде басқару субъектісінің басқару обьектісіне әсер етуін білдіреді. Басқару процесінің өзі басқару субъектісі мен оның обьектісі арасындағы белгілі бір ақпараттарды айналымға түсіру арқылы жүзеге асырады.

Туристік қызметті басқару әрі ұйымдастыру, маркетингтік зерттеулерді жоспарлау әрі реттеу және сервистік қызмет көрсету саласында шетел тәжірибесін пайдалану, бәсекеге қабілетті жоғары тиімді туристік кешенді ұйымдастыруға, сол арқылы біздің және шетел азаматтарының демалуға, еркін орын ауыстыруға деген құқықтарын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Осы орайда, көршілес Ресей Федерациясындағы туристік индустріяны басқару құрылымының барынша жетілдірілгенін Туризм жөніндегі Үйлестіру Кеңесінен, Ресей Федерациясы президенті жаңындағы

туризм және спорт жөніндегі мемлекеттік Ұйымнан басқа Ұлттық туристік корпорацияның (қаржылық өнеркәсіп тобы) құрылуынан көре аламыз.

Тұтынушылар мен қоғам алдындағы жауапкершілік адамдар қажеттіліктерінің өсуі мен өзгеруіне, ұлттық туристік өнімнің жай-күйіне конструктивті жауапты өрекет білдіру туристік әкімшіліктің әлеуметтік міндеттері болуы тиіс.

Мемлекеттік басқару өрі реттеу жүйесінің тұрақсыздығы, туристік қызмет нарығының арнағы зерттеу әрі талдауының болмауы туристік қызмет аясын тұрақты дамыту міндеттерін қынданатады.

Туристік қызмет аясын өркениетті дамыту негізіне жататын шешуші фактор – бұл мемлекеттік менеджмент пен жоспарлы мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету. Сондай-ақ, мұны әлемдік тәжірибе де дәлелдейді. Біздің көзқарасымызша, келеңсіз құбылыстарды тез арада жою Қазақстанның туристік қызмет аясында мемлекет пен бизнестің өзара ынтымақтастығынсыз әлемдік туристік нарыққа кіру қын болатын шындықты сезінумен байланысты болады.

Соңғы жылдардағы Қазақстандағы туристік бизнестің қарқынды түрде дамуы көсіпкерлерге ғана пайда әкеleліп жатқан сияқты. Валютаның шетелге «кетуі» нәтижесінде адамның әлеуметтік әлеуетін үнемі өндіруді көздейтін туристік саланың әлеуметті мақсатты міндеті ғана емес, сонымен бірге ұлттық және өнірлі ауқымдардағы туристік саланың экокомикалық міндеттері де жүзеге аспады. Қазіргі кезеңде туристік бизнестің қарқынды дамуын қамтамасыз ететін нарықтық тұтқалар өлсіз өрекет етуде, нарықтық қатыныстарды қолдаудың мемлекеттік саясаты қажет етіледі.

Ғылыми-техникалық және басқару ұйымдарының жетістіктерін біріктіре отырып, туристік қызмет бизнесі қазіргі заманың экономикалық және әлеуметтік серпініне бейімділігі мен «өзіндік пайданы мейлінше көтеру» мотивациясынан туындалап, жаңа – «әлеуметтік-бағдарланған» рөлде көрініп, өзінің көсіпкерлік тәжірибесінде тұстатай қоғамның экономикалық, әлеуметтік және саяси мұдделерін қозғауы тиіс. Туристік қызмет бизнесінің «әлеуметтік-бағдарлануын» сезіну, туристік саланың дәстүрлі орталықтарын қайта түлету және дамыту, ауқымды табиғи және әлеуметтік-экономикалық әлеуеті бар жаңа туристік аудандарды игеру мақсатымен ішкі және сыртқы туризмді басым дамытудағы жағдайларды қамтамасыз ету негізінде туристік қызметті мемлекеттік реттеу әдістерін өңдеу мен қолдануды талап етеді. Сонымен бірге, көпшілік халықтың мұдделері үшін Қазақстанның әлемдік нарық жүйесіне интеграциялануын және туристік қызмет саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуды да талап етеді. Туристік қызмет бизнесінің «әлеуметтік-бағдарлануын» қалыптастыру, жалпы ұлттық мақсат экономикалық есү қарқының арттыру мен Қазақстан Республикасының халықаралық орналасуын нығайту жолында қоғам мұдделері мен капитал балансын қамтамасыз ету үшін құқықтық және экономикалық, басқа да ұйымдастыру шараларының кешенін қарастыру қажет. Осы мақсаттарда туристік қызмет бизнесін дамытудың мемлекеттік және өнірлі жоспарлануы негізінде жасалатын мемлекеттік басқару мен реттеу жұмыстары қолданылады. Со-лардың ішінде негізгі элементі болып табылатын заңдар, қазіргі жағдайларда туристік индустрияның дамуын реттейтін жауапкершіліктің негізделуін

қарастыратын қажетті тәртіп үлгілерін белгілеуді; кінәлі деп табылған жауапты субъект үшін заңын қатаандығын қолдану; несиелеу мен баға белгілеудің негұрлым тиімді, ынталандыруши жүйесі – экономикалық шараларды; туристік саланың дамуы жағдайын жоспарлауды, бақылау мен бағалауды жүзеге асыратын, туристік бизнес жаупкершілігінің инстанцияларын құру-үйимдастыру шараларын қарастырады.

«Әлеуметтік-бағдарланған» туристік қызмет саласы тұрақты дамуымен, сондай-ақ «сапалы» туристік сала түсінігімен байланысты. Ол туристік индустрияда баға мен сапаның оңтайлы арақатынысын қамтамасыз ететін туристік қызметтердің, тарихи орындар мен нысандардың пайдаланылуына катысты. Сапалы сервистік қызметтің көрсетілуі туристерді бау-луға ықпал етеді десек, онда оның мемлекеттік, қоғамдық және жекеменшік секторларының міндеттері ретінде көрінетіндігін айтып, оны туристік саланы жоспарлау, дамыту және басқару процесіне кірістіру көзделеді.

Дүниежүзілік Туристік үйім тара-пынан түрлі елдер мен өнірлерде туристік аяның тұрақты даму жоспарларын әзірлеу әдістері мен жалпы стратегияларына; туристік қызметтердің нормативтік-құқықтық базасына; жерге және демалыс аймақтарындағы мүліктерге меншік құқықтарымен, ту-ристік инфрақұрылымдарды тиімді пайдаланумен, ұлттық саябақтар, қорықтар құрумен және т.б. байланысты саясатқа үлкен мән беріледі.

Туристік менеджмент мәселелеріне талдау жасай келе, мемлекеттен өзге қоғамдық туристік үйімдар бар екендігін айту қажет. Атқарушы және екілді билік құрылымдарынан тұратын мемлекеттік басқару органдары және қоғамдық туристік үйімдар (туропе-

раторлар, турагенттер, қонақүйлер және т.б. қауымдастықтар) өзара байланыста әрекет ете отырып, елдегі туристік қызмет аясының қалыпты әрекеттер жасауын өрі тұрақты да-муын қамтамасыз етеді. Туристік қызметтер аясы тиімділігінің халық шаруашылығындағы өлшемдерін ай-қындау мәселелерін: қоғам (тұтастай халық шаруашылығы), салалар, же-келеген туристік фирмалар деңгейі тұрғысынан қарастыру көзделетінін атап өтеміз. Осыған орай, әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымдардың ди-версификацияланған салааралық ке-шені ретінде жүйеден; өнір ауқы-мындағы дербес шаруашылық жүргізуі буын ретінде саладан; туристік шаруашылық жүргізуі субъектіден (туристік фирмалардан) тұратын ту-ристік саланы басқарудың үйімдік құрылымын басшылыққа аламыз.

Туристік саланың дамуын үйлес-тируді қамтамасыз ету мақсатында 2000 жылдың 30 қазанында Қазақст-тан Республикасы Үкіметінің №16 Қаулысымен, Қазақстан Республикасы Үкіметі жаңындағы консультативтік-ке-ңесші орган болып саналатын туризм жөніндегі Үйлестіру Кенесі құрылған болатын. Шешімдері ұсынысты сипатта-ие, ал қызметі қоғамдық бастауларда жүзеге асырылатын Үйлестіру Кенесі-нің жұмысшы органы болып санала-тын ҚР туризм және спорт Агенттігінің қызметі арқылы Қазақстан Үкімет туристік қызмет секторын тікелей бас-шылыққа алса, құқықтық тұтқалар, ин-фрақұрылым және халықаралық сая-сатты қолдау көмегімен жанама түрде реттейді.

Нақты айқындалған міндеттер мен мақсаттарға қарамастан, оған қол жет-кізу тәсілдері мен олардың сипаты тұтыну сұранысындағы, ғылыми-тех-никалық прогрестегі өзгерістер және т.б. факторлардың өсерімен өзгеріп

отыруы мүмкін. Сондықтан да басқару жүйесі ішкі және сыртқы жағдайлардың өзгеруіне тез кері әсерін білдіруге икемді болуы тиіс. Инфрақұрылымының нашар дамығандығына қарамастан, қазір туристік қызмет индустриясының бір бөлігі кешенді туристік қызмет, яғни туристік-саяхатшылық қызмет өнімдерін ұсынуға қабілетті. Дегенмен де, бұл саланы қайта құру өрі дамыту мемлекеттің белсенді кемегінсіз, іс жүзінде мүмкін болмай отыргандығы шындық.

Нарықтық экономиканың нақты жағдайында, яғни қызметтер, капитал және адамдардың еркін орын ауысуында бағалардың терең-тендігі болмайды, туристік тұтынудың нәтижелері туристік саланың ерекше ресурстарының кейінгі тұтынылуы мен жағдайында көрініс табады. Туристік қызметтердің өзгешелікі сипаты, елдің туристік өнімдерін қоғамның байлығы ретінде қорғаудың қажеттілігін тудырады. Туристік аядағы тұтыну тұрақтылығына, елдің, өнірдің, аумақтың туристік өнімдерін сақтау бойынша саналы түрде күш жұмылдырғанда ғана қол жеткізуге болады.

Туристік индустрияның әлемдік жүйесіне қосылуы үшін әрбір елдің туристік саладағы байланыстары мен өзара қарым-қатынастарының белгілі құрылымы болуы тиіс. Мемлекеттік органдар мен туристік кәсіпорындарды, сондай-ақ ғылым, мәдениет, бүқаралық ақпарат құралдары және т.б., туристік қызметтерді қажетсінетін халықаралық байланыстыруышы буын болып табыллатын қоғамдық туристік ұйымдар, туристік қызмет индустриясын дамыту бағдарламалары жасалынатын, туристік саладағы болған жағдайларға байланысты сұрақтар мен көзқарастар талқыланатын орталықтар.

Жүйе ретінде туристік қызмет индустриясының күрделілігін және бұл

саладағы мәселелерді мемлекеттік деңгейде кешенді шешу қажеттігін туристік қызметтің түрлері, міндеттері мен мақсаттарының алуан түрлілігі айқындай түседі. Таңдал алғынған стратегия ұйымдық құрылым және олардың тиімді қызмет істеуі – туристік саланың жоғары деңгейде дамуына қол жеткізудегі басты факторларының бірі. Туристік қызмет тұтынушыларының құқықтарын қорғауда, қызмет аясының дамуына ықпал ететін занды және нормативтік актілердің орны ерекше. Уақытылы әзірленген нормативтік-құқықтық база әлеуметтік дамуға, туристік қызметтің жаңа түрлерін әзірлеуге және туристік кәсіпорындардың дамуында жағдайларды қамтамасыз ететін, қаржылық-экономикалық механизмдерді енгізуге септігін тигізіп, ішкі және сыртқы халықаралық туристік қызмет нарығын реттеуге мүмкіндік береді. Осыған орай, мемлекеттік реттеу жүйесі, отандық туристік салаға және тұтастай халықаралық қызметтер саудасына шығын келтіретін әділетсіз бәсекелестіктің бой көрсетуіне қарсы тұратындей басқару механизмін ұсынуы тиіс.

Экономикалық реформалардың қазіргі кезеңі, оның бірқатар бағыттарын өнір деңгейіне бұруды талап етіп, ол негізінен шағын кәсіпкерлікке, әлеуметтік ортаға, табиғатты қорғау және табиғи ресурстарды пайдалануға қатысты. Бұл процесс реформаны басқару процесін орталықсыздандыруды, жер-жерлердегі экономикалық қызметтің белсенділігін арттыруды, жекелеген маңызды бағыттар бойынша өнірлерде реформалар жүргізуіндегі арнағы бағдарламаларын жасаудың қажеттілігін болжайды. Өнір саясаты, тұрғын халықтың әлеуметтік-экономикалық тұрмыстық жағдайын жақсартуға бағытталған, мемлекеттік және қоғамдық, ең алдымен,

аймақтық және жергілікті билік ор-  
гандарының жүзеге асыратын реттеу  
шараларының кешені ретінде қарал-  
уы тиіс. Өнір саясатының жоғарғы  
формасы – бұл аймақтарды басқару-  
дың маңызды механизмі болып са-  
налатын өнір бағдарламасы. Нақты-  
сында, бұл туристік қызмет аясын  
дамытуға қатысты. Мұндай саясаттың  
жүргізуі, Қазақстандағы туристік са-  
ланың әлеуетті даму аймақтарындағы  
экономикалық, табиғи-географиялық,  
климаттық, әлеуметтік-демографиялық  
және өзге де жағдайлардағы айырма-  
шылықтардың болуымен шарттас-  
қан, әрине, бұл қоршаган орта жағ-  
дайларына бағдарланған туристік са-  
ланың бағдарламалық жоспарлауына  
деген бірегей келісімде қолдануға  
болмайтындығын көрсетеді. Әрбір  
өнірдің ерекшелігін ескере отырып,  
икемді саясат жүргізу талабы әділетті  
болып саналады.

Нарықтың қалыптасуы кезінде  
елдің жекелей өнірлері дағдарыстық  
жағдайды бастаң кешетіндігі белгілі,  
экономиканың құрылымында ауыр  
өзгеріс процесі орын алатындықтан,  
туристік саланың дамуын зерттеу  
кезінде оның қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық ахуалын түсіну  
аса маңызды болып саналады. Экономикалық кеңістіктегі интеграцияға  
іріткі салу өнірлер арасындағы байла-  
ныстардың үзілуінде аса байқалады.

Мақсатты-бағдарламалық жоспарлау негізінде Қазақстанда «әлеуметтік-бағдарланған» туристік қызмет бизнесін қолға алуда ұйымдық ортанды құру, туристік аяда қазіргі заманғы нарықтық қатынастардың қызметіндегі процестерді реттеуге мүмкіндік беретін кешенді инновациялық жүйені талап етеді.

Мемлекеттік деңгейде ақпараттық ресурстарды таратуды реттеу жаһандық мәселеге айналуда. Қазіргі

заманғы өндіріш күштер жүйесінде ақпарат және коммуникациялық технология мемлекетті дамытудың ең серпінді факторларының бірі болып саналады. Осы ресурстарға қанша-  
лықты ие болуына байланысты мемлекеттік халықаралық еңбек бөлімі және халықаралық иерархиядағы орны айқындалады.

Саяси, әлеуметтік-экономикалық түр-  
ғыда компьютерлендірудің басым-  
дықтарын анықтау, оған біртұтас үлттық орталықтың басшылық жасауы  
елдің және туристік саланың дамуын-  
да салмақты рөл атқаруы мүмкін.  
Біздің пікіріміз бойынша, туристік са-  
ланы мемлекеттік түрғыда реттеудегі  
ынталандыратын қуатты фактор – ғы-  
лыми-техникалық революция, оның  
жетістіктерінің материалданырылуы  
туристік саланың дамуын үйлестіру  
мен болжамдауды қамтамасыз ету  
қажеттілігімен байланысты.

Туристік қызметті компьютерлен-  
діру экономикалық процесс үлгілерін  
жасау құралына айналып, әр түрлі  
жағдайларда дәл шаруашылық ше-  
шімдерін қабылдау мүмкіндігін қамта-  
масыз ете алатын болады. Өз құрамы-  
на жүйелер теориясы мен кибернети-  
ка әдіснамасын біріктіретін, зерттеу-  
лер әдісі ретіндегі эконометрика және  
жүйелік талдауды қолдану дамыған  
елдерде кеңінен таралды. Бұған қо-  
лайлы база ретінде компьютерлі тех-  
никаның жоғарғы деңгейде дамыған  
дөрежесі ұсынылды.

Туристік қызмет тәжірибесіне қа-  
тысты ғылыми-техникалық даму же-  
тістіктерін өзінде қамтыған әдістерді  
мемлекеттік деңгейде пайдалану ту-  
ристік қызмет бизнесін басқару-  
дың ұйымдастыру құрылымын дамы-  
туда, туристік аяның халық шаруа-  
шылығының басқа салаларымен өза-  
ра байланыстылығын қарастыратын  
үкімет бағдарламаларын әзірлеу мен

жүзеге асыру ісінде оңтайлы нәтижелерін бере алады.

Ақпарат ағымдарының мемлекеттік бақылауы оған әкімшілік тәртіпте енгізілген ақпаратты пайдаланышылардың барлығын қамтитын, мемлекет билігіне бағынышты компьютерлік жүйелерден тұратын біртұтас ұлттық ақпараттық жүйе құруды талап етеді. Ең алдымен, мемлекеттік инвестициялар мен сатып алулар, субсидиялар мен экспорттық несиелерді қарастыру қажет. Мемлекет бұл аяға шетел инвестиацияларының келуіне кедергі келтіріп, қарсы тұруы тиіс. Әйткені, шетел инвестиациялары шетелдік бәсекелестердің мүдделерін қорғай отырып, саяси жағдайлар арқылы үстемдік жасағысы келеді.

## 2.2. Туризмдік қызмет аясын үйімдастыру

Ұлттық туризмдік өнімді дамыту мен сақтауды жоспарлау туристік қызмет аясының қалыптасуындағы үйімдастыру шараларының ішінде негізгі орын алады.

Тұрақты даму тұжырымдамасы негізінде «әлеуметтік-бағдарланған» туристік саланы жоспарлаудың Қазақстан үшін маңыздылығы ерекше, әйткені бұл саланың дамуы басым жағдайда табиғи ортаның көркіті жерлерін, тарихи және мәдени мұраларын пайдаланумен тығыз байланысты. Туристік қызмет аясы, тұтастай алғанда, мүмкіндіктері шектелген аймақтарда қоршаған ортанды қорғау және мәдени мұраларды сақтаудың маңызды факторына айналуы тиіс.

Туристік саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламасы туристік саланың дамуын жоспарлау, туристік маркетинг, туристік сала экономикасы, туристік көлік, инфрақұрылым, туристік сала дамуының экологиялық аспекттілері мен экология, туристік

Қазақстанда пәрменді ақпараттық жүйені құру туристік саланы дамытудың жалпы саяси бағыты мен экономикалық стратегиясын өзірлеуде айқындаушы фактор болып саналады. Өзіндік және өзге туристік ұсныстырдың көбею мүмкіндіктері мен жағдайы туралы мәліметтер, сондай-ақ туристермен алмасуды жүзеге асыруды болжайтын елдердің құрылымдық туристік сипаттамалары туралы мәліметтер негізінде туристік жүйенің қандай салаларына артықшылық беруге, қандай нарықтарда халықаралық туризмнің дамуын ынталандыруға болады және қандай қындықтармен бетпе-бет келуге тұра келетіндігін айқындауға болады.

саланың әлеуметтік және антропологиялық аспекттілерін зерттеп үйрену; өзге көлігі, жұмыспен қамту және адам ресурстары, туристік секторды басқару құрылымы; туристік саладағы зандылықтар, қонақүй шаруашылығы, туристік нысандар архитектурасы мен қосымша құрылыштар салу нормасы; жерді пайдалану, жобаның техника-экономикалық негізделуі; тарихимәдени мұралардың сақталуы мен дамуын және экотуризмді жоспарлау, сервис салаларындағы мамандарды тарту арқылы өзірленуі қажет.

«Әлеуметтік-бағдарланған» туристік қызметтің өзара байланысты жүйесі ретінде туристік сала менеджменті, оның барлық бөліктегі – сұраныс пен ұсныныс факторлары, инфрақұрылымдық және институттық элементтерінің кешенді дамуын қадағалауы керек. Ол туристік жүйе ішіндегі кешенділіктері және туристік саланың ел немесе өнірдің даму саясатына үйлесімдігін қамтамасыз ету үшін бағытталған.

Дұрыс үйімдастырылған менеджмент белгілі бір ресурстарды немесе дамудың әр түрлі бағыттары үшін тиімді орындарды пайдаланумен байланысты әлеуетті қарама-қашылықтарды шешеді. Ол, сондай-ақ, инфрақұрылымды қоғам мен туристік саланың жалпы қажеттіліктері ігілігіне мақсатты түрде пайдалануды қамтамасыз етеді. Тұтастай ел мен өнір үшін туристік саланы дамыту саясатын әзірлеп қабылдау, оларды дамыту бойынша қабылданатын шешімдерге басшылық жасауға мүмкіндік береді.

Табигат пен мәдениеттің үйлесімді жарасымы Қазақстанның қайталанбас тартымдылығын, туристік аспектідегі оның беделін қалыптастырады. Экологиялық менеджмент тұрақты дамуды қамтамасыз етудің негізгі әдістерінің бірі болып, ол нысандарды орналастырудың неғұрлым қолайлы үлгілері мен тәсілдерін анықтау кезінде қоршаган ортаның барлық элементтерін мұқият қадағалауды, талдауды және есепке алуды қарастырады.

Мемлекеттің туристік аяның бей-берекет дамуын болдырмау үшін жасалынатын жоспарлау төңірегіндеңдегі ерекше рөлін атап өту қажет. Мемлекеттік және өнірлік деңгейлердегі туристік қызмет саласын жоспарлау туристік қызмет бизнесінің менеджменті үшін қажетті даму саясатына, нысандар стандартына, институттық факторларға және басқа да элементтерге негізделеді. Қоғамға елшеусіз шығын келтірмес үшін туристік көрікті орындарды, табиғи және әлеуметтік-экономикалық ресурстарды тиімді пайдаланудың түпкілікті жоспарын әзірлеу қажет.

Туристік саланың дамуын жоспарлауды халықаралық, үлттық өнір, сондай-ақ нақты аудандар мен нысандарға қатысты деңгейлерде жүзеге асыруға болады. Жоспарлауға деген

жүйелі келіс қана экономика, экология және әлеуметтік-мәдени орталардың бірлігін қамтамасыз етіп, туристік саланың тұрақты дамуына ықпал етіп, осыған орай, қандай да бір күрделі экологиялық немесе әлеуметтік мәселелерді туғызбай, елге және жекелеген өнірлерге айтарлықтай әлеуметтік-экономикалық пайда әкеле алады. Осыған байланысты туристік ресурстар болашақта тұрақты пайдалану үшін сақталатын болады.

Туристік қызмет аясын мемлекеттік басқарудың неғұрлым маңызды міндеттерінің қатарына келесілерді жатқызуға болады:

- сырттан келетіндер мен іштен келушілерге қажетті жағдай жасауды, ал жергілікті тұрғындарға онда тұру жағдайын қамтамасыз ететін туристік инфрақұрылым элементтерін кешенді түрде дамыту;

- мемлекеттік мұдделерді есепке алу, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасын қорғау, қоршаган орта сапасын жақсарту, туристік ресурстарды кешенді және тиімді пайдалану;

- ел ішінде туристік нысандарды тиімді орналастыруына қол жеткізу.

Бұған қоса еліміздегі барлық топтардың қалыпты тұрмыс деңгейін қамтамасыз етуді қазіргі кезеңдегі мемлекеттік және өнірлі басқарудың жекелей міндеттері қатарынан көреміз.

Туристік саланың жағымсыз әлеуметтік-мәдени ықпалы жергілікті тұрғындар тараپынан оған деген кері қатынасты туғызады. Бұл, ең алдымен, кейбір өнірлерді шамадан тыс коммерцияландырумен және тіл, мінез-құлық мәнеріндегі айырмашылықтарынан туындастын түсінбеушіліктер мен даулардың орын алуымен байланысты. Туристік саладағы әлеуметтік мәселелердің пайда болуы мен күшеюі нашақорлық, маскунемдік,

қылмыстық және жезекшеліктің өсе ту-  
сінен көрініс беруде.

Туристік саламен туристерді қызықтырып, тартатын көптеген элементтерді қамтитын қоршаған ортаның (табиғи және адам қолымен жасалған) өзара төуелділігіне көз жеткізген болсақ, ендігіде туристік саланы бақылаусыз дамыту келеңсіз экологиялық әсерлерді туғызу мүмкіндігі туралы атап кеткеніміз жән. Оларға мыналар жатады: қонақүйлер және басқа нысандардағы канализация мен қатты қалдықтарды жою жүйелерін дұрыс қалыпқа қойылмағандығы нәтижесінде өзен, көл, жерасты суларының ластануы; қонақүйлердің және өзге туристік нысандардың сәтсіз жобалануы, тым ашық жарнамалық ілмемдерді пайдалану нәтижесінде ландшафттар эстетикасының бұзылуы; сол жерлерге үйлеспейтін туристік нысандарды салу нәтижесінде экологиялық тұрғыдан алғанда әлсіз табиғи аймақтардың бүлінуі; туристік нысандар мен кәсіпорындардың сәтсіз жобалануы, жопарлануы және орналасуы салдарынан туындастын жерді пайдаланумен байланысты мәселелердің пайда болуы.

Туристік саланың жағымды, жағымсыз әсерлерін бағалау және бағамдау мәселелері, үлттық шоттарда туристік аяның толық занды сала түрінде қарастырылмауы; ұсыныс көзқарасы тұрғысынан туристік сала әсерін зерттеудің курделілігі; туристік индустриямен байланысты әлеуметтік-экономикалық зерттеулердегі үзілістің орын алу жағдайларына байланысты қынданатылған. Сондықтан да елді, өнір немесе аумақты дамыту мүдделері тұрғысынан туристік менеджменті жузеге асыру жағдайында, туристік сұраныс пен ұсыныс факторларын біріктіру, адамның жоғарғы тәртіптері қажеттіліктерін қана-

ғаттандыру және туристік бизнесті табысты дамытуға ғана емес, сонымен бірге туристік өнімнің өзгешелікті қасиеттерін сақтауға да септігін тигізеді.

Кәсіпкерліктің қалыптасуымен байланысты Қазақстанда болған өзгерістерге қарамастан, туристік ресурстардың айтартылғатай тозуы және оны қалпына келтіру үшін біршама жылдардың қажет етілуінің сақталуы туристік қызмет аясының мемлекеттік қолдауды өткір қажетсінетіндігін байқатады.

Туристік қызмет аясының алдында тұрған міндеттерге келсек, олар:

1. Қоғам азаматтарының демалуға деген құқықтарының сақталуын, туристік қызметтердің әзірлемесінде қамтамасыз етілген топтар пайдалана алатында мүмкіндіктері бойынша әлеуметтік мәселелердің шешілуіне жағдайлар туғызу арқылы шешу, яғни адам фактонына инвестиция жасауды үлғайту.

2. Елдің табиғи және әлеуметтік-экономикалық ресурстарының қазіргі уақытта және болашақта сарқылуына жол бермей, туристік қызметтің дамуын қолдау.

3. Мемлекеттік, қоғамдық және жеке мүдделер позициялары тұрғысынан туристік қызмет аясын дамыту бойынша шешімдер қабылдау үшін тиімді негіздерді қамтамасыз ету.

4. Туристік қызмет индустриясының барлық элементтерінің келісімді дамуы үшін мүмкіндіктер туғызу. Бұл орналасу орындары, көлік, тамақтандыру және т.б. туристік қызметтер, туристік маңызды нысандар, бизнестің үйимдастыру шараларының өзара байланысын білдіреді.

5. Туристік саланың әлеуметтік, саяси, экономикалық, экологиялық пайдалылығын бір мезгілде қоғам ішінде бөле отырып, тепе-тендеуге және онтайландастыруға көмектесу, бұл саламен байланысты әлеуеттік мәселелерді

мейлінше азайтуға қол жеткізу көзделеді;

6. Туристік қызмет индустриясындағы қызметтер нысандарының, көркіті жерлерінің даму дәрежесі мен түрлерін таңдау, оларды орналастыру мүмкіндіктерін бағалау саласында қажетті басқару құрылымын құру;

7. Туристік қызмет саласында мемлекеттік және жекеменшік секторларының қызметтері мен инвестицияларының тиімді үйлесуін қамтамасыз ету;

8. Туристік қызмет саласын дамытудың саясаты мен жоспарларын тиімді жүзеге асыру үшін, туристік секторды реттеу мен басқару үшін қажетті негізді, ұйымдық және басқа институционалдық құрылымдар арқылы қамтамасыз ету;

9. Мемлекеттік және қоғамның жалпы мақсаттарына сәйкес туристік қызмет аясын басқарылатын біртұтас жүйеге айналдыру.

Нақты басымдылықтар мен мақсаттардан тұратын негізгі бағыттарды айқындау басты императивке айналуы тиіс. Осыған байланысты, ұлттық экономиканың нақтылы жағдайына баға беру, халықаралық салыстырулар жасау, қозғалыстың бағытын бейнелейтін және оның болашағын айқындауға мүмкіндік беретін процестерді анықтау қажет.

**Туристік нарықты сегменттеу.** Біріншіден, сегменттеу кезінде жалпы халықтың пайыздық құрамын алуға болады, яғни Қазақстанда 52% әйелдер және 48% ерлер немесе тұрғындардың 56%-ы қалаларда және 44%-ы ауылды жерлерде тұратындығын ескеру. Екіншіден, мұндай мәліметтер қол астымында. Үшіншіден, әрбір географиялық аудан үшін маркетингтік мүмкіндіктер оңай анықталады, осы нарыққа қажетті тауарлар мен қызметтер ассортименті дайындалады.

Осындай сегменттің тиімді қамтылуын қамтамасыз ете отырып, сатушы баға, тарату каналдары, жарнама шараларын оңай икемдейді. Төртіншіден, туристік көсіпорынның, қызмет атқару жағдайлары анықталады: туристерге ұсынылатын табиғи байлық, инфрақұрылым, материалдық база, көлік қызметі, қонақжай ресурстары.

Адамның әр түрлі қызмет түрлері арасында, яғни өзінің бос уақытында таңдау жасаған сәтінде айқын көрінетін түрлілікке деген ұмтылышы туристік мотивацияның алғышарты болып табылады.

Демографиялық қағида бойынша сегменттеу кезінде «жас» көрсеткішінің маңызы ерекше. Адамдардың жасы олардың мотивтері мен қажеттіліктеріне, сәйкесінше туристік сервис инфрақұрылымын ұйымдастыруға әсерін тигізеді. Көптеген зерттеушілер тұрғындар жасының пирамидасы мен шынайы туристік нарық араларындағы нақты байланысты анықтауға тырысада және де сол мақсатта елдердегі орташа өмір сүру ұзақтылығындағы болжамды өзгерістерді пайдаланаады.

Көптеген туристік фирмалар, әсіресе жаппай рекреациялық туристік қызмет көрсететін фирмалар, нарықтарын табыс деңгейімен үйлестіре отырып, отбасы өмірлік циклі кезеңдері бойынша айқындауды және олардың әрқайсысына нақты туристік өнімдер дайындауды.

Отбасы өмірлік циклі әдетке, туристік қызметті тұтынуға және шешім қабылдау процесінің серпініне қалайша әсер ететіндігін анықтауға біраз талпыныстар жасалып, зерттеулер жүргізілген. Мысалға, отбасындағы әрбір мүшениң рөлі олардың отбасылық циклдегі болған өзгерістер салдарынан қалайша өзгеретіндігі анықталған.

Туристік нарықты сегменттеу кезінде ауыспалы ретінде пайдаланылатын көптеген демографиялық көрсеткіштердің ішіндегі урбанизацияға баса назар аудару орынды. Жер шарындағы тұрғындардың жалпы санына қатысты қала тұрғындары санының әлемде үлғауы шындық. Қала саны өсіп, олардың құрылымы өзгеру үстінде. Адамдардың тұрмыс жағдайларының, тығызы орналасу, микроортаның дегенерациясы, микроклиматтың нашарлауы және басқаларының салдарынан тәмендеуі, туристік қызметті тұтынуындағы қуатты стимул ретінде көрінуде. Қалалықтарда табиғи сипат алмайтын қала ортасынан қашу тілегі пайда болады. Тұрғылықты мекен ауқымды болған сайын туристік қызмет саласы адамдардың тұтыну шкаласында жоғарғы орын ала бастайды. Яғни, туристік қызметке деген басым қажеттілік қарапайым қажеттілікке айналады.

Психографиялық көрсеткіштер бойынша, нарықты сегменттеу кезінде қоғамдық класқа, тұрмыс кейіп, тұлғаның мінездемесіне қатысты мақсатты топтарды анықтап алу маңызды. Рекреациялық бағдарламаларды дайындау кезінде туроператорлар «функционалды бағдарлауды» ескере отырып, қарапайым рекреациялық шұғылдануларды мақсатты, қосымша және қосалқы түрлеріне бөледі. Мысалы, экскурсиялар тану функциялы рекреация үшін мақсатты болса, сауықтыру үшін қосымша және емдеуге қосалқы болады.

Көптеген мамандардың пікірінше, тұтынушылардың мінез-құлқына қарай нарықты сегменттеу туристік нарық сегментін құрудың қисынды негізіді білдіре отырып, аса маңызды туристік сегмент қатарларын айқындауға мүмкіндік береді. Дегенмен, онда негізге алынатын ауыспалылардың барлығы қалайда тұлға типтерін

сипаттайды. Бүгінгі күндеі Қазақстан нарықының ерекшелігін ескере келе, туристік өнімге деген қалыптасқан сұранысты айқындау, сондай-ақ тұрғындардың түрлі топтары үшін оның ерекшеліктерін талдау, болашақтағы сұранысты бағалау мақсатымен маркетингтік зерттеудің кейір арнайы әдістемелері ұсынылады.

Ең алдымен, Қазақстанда нарықтың орнығы кезеңіне тән халықтың табыс деңгейі бойынша ерекшеленуі туристік өнімге қол жеткізуі бойынша халықтың жеке сегменттеуін жүргізу қажет. Туристік өнімге қол жеткізу дәрежесі бүгінгі күні туристік өнімге деген сұранысты қалыптастыруға әсерлі септігін тигізетін табыс деңгейі секілді факторды сипаттайды. Мұндағы табыс деңгейі әр түрлі тұрғындар тобындағы тұтыну құрамы мен құрылымының бір-бірінен өзгеше болуымен байланысты болады. Мұның нәтижесінде табысы тәмен, аз қамтамасызданылған тұтынушылар сегментін айқындалап, олар үшін ерекше қолдау бағдарламасын өзірлеуге болады. Осылан орай, ақша қаражатының шегін анықтай отырып, табыс деңгейі бойынша халықтың сегментін анықтау, әрбір айқындалған топқа кіретін тұтынушылар санын есептеу қаже. Мұндай жұмысты жүргізу үшін тұрғындардың орташа еңбек ақысының деңгейі жайлы, Қазақстан халықтың табыс құрылымы жайлы бюджетті статистиканың мәліметтері, сондай-ақ зерттеу жүргізу кезініне табыстар деңгейі бойынша халықтың бөлініүі туралы ақпараттар пайдаланылуы мүмкін.

Әлеуетті сатып алушыны іздестіруде міндетті табысты қамтамасыз ететтін сегменттеудің бірыңғай, бәріне ортақ әдісі болмайтындығы белгілі. Сондықтан нарық жағдайында өзіне тартымды сегментті табу үшін

туристік сервис қызметкерлері түрлі ауыспалы параметрлер негізінде бір немесе бірнеше сегменттеу нұсқаларын қолданып көру қажет. Мысалы, екі белгінің (табыс деңгейі және білім деңгейі) құрамдастары негізінде Бүкіләлемдік туристік ұйым сарапшыларының ұсынған туристік нарықтың 4 сегментін негізге алуға болады, олар:

– табыс деңгейі орта немесе салыстырмалы төмен адамдар. Олардың саяхаттау мақсаты – теңіз жағалауында демалу. Бага деңгейі олардың демалыс орнын таңдаудағы басты белгі болғанымен, осы тұтынушылар категориясы ұсынылатын қызметтер сапасына қатаң талап қояды. Жағдайдың дереу ауысуына ұмтылыс бұл категория үшін тән нәрсе емес. Өз ақшаларын толықтай қайтару принципі бойынша демалады. Дегенмен, танымдылық мақсаты олардың саяхаттауының негізгі мотиві емес;

– табыс деңгейі ортадан жоғары адамдар. Бұл сегментке жататын адамдар тану мүддесімен үйлестіре демалыстың ұйымдастырылуын қалайды және де басқа елдердің мәдениеті мен дәстүрлери демалыс орнын таңдаудың басты тұрткісі болып табылады. Негізінен, бұл туристер жоғары білімді, кейде арнайы орта білімді, экскурсияға шығуға, спортпен шұғылдануға және т.б. мүмкіндік беретін белсененді демалысты жақсы көреді;

– жоғарғы табысты адамдар. Негізінен, жоғары білімді, өсер алууды ауыстыруға ұмтылу, тану мақсатымен сапарға шығады. Жасына байланысты олар жеке сапарға немесе саны шектелген адамдармен сапарға шығуды (30-50 жас аралығындағылар) не болмаса адамдар тобы құрамында саяхаттауды (50 жастан асқандар) таңдайды. Ұзақ сапарлы саяхаттың

дәлелі қымбат бағалы сувенирлер болуы мүмкін;

– табиғат, мәдениет, басқа халықтардың тұрмыс кейіпі, әдет-ғұрыптарын тануға қызығушылық танытатын жоғары білімді адамдар.

Түрлі факторлар негізінде нарықты сегменттеудің жолдарын игере отырып, тек белгілі сегмент мүшелерінің қажеттіліктерін және олардың ойындағы туристік өнімді тұтынудан көретін ұтымды жақтарын анықтап қана қоймай, келешектегі олардың іс-қылыштарын түсіндірге болады.

Қалайда сауда жасау тілегін тудыру үшін жеке адам немесе бір топтың іс-қылышын түсіндіре білу қажет, сол мақсатпен мотивациялардың зерттелуі жүргізіледі. Мұнда туристік ұсыныс қалайша қабылданады, сұранысты ынталандыратын немесе көрісінше, тежейтін факторлар қандай, қандай да бір сауда-саттық жасау және сол иғліктер мен қызметтерді пайдаланудағы адамдардың іс-қылыштары қандай; туристік қызмет аясының қол жеткізген жетістіктері жайлы олардың ой-пікірлері қандай екендігін анықтау маңызды болады.

Сонымен, қажеттіліктер мен пайда көру мәселесі егжей-тегжейлі зерттелуі қажет, себебі мұндай зерттеулер нарықты тапсырыстарға толығырақ жауап беретін өнімдерді анықтауға мүмкіндік береді. «Қажеттіліктер – пайда» қағидасы бойынша сегменттеу бәсеке әсер етпейтін кейбір қажеттіліктерді анықтауда мүмкіндік беруі тұрғысынан қызығушылық танытады.

Туристік нарықтың маркетингтік зерттеулерінде баға, «демалу пайызы», саяхаттаудың ұзақтылығы, жас бойынша біркітірлген топтар, табыстары, шығындары секілді сандық факторлар негізінде салыстырмалы біртекті сегменттерді анықтау процесі

етек алған. Сонымен қатар, сапалық сипаттамалары (ұлттық, топтық және дербес ерекшеліктері) бойынша да сег-

менттеу қолданылады. Қажеттіліктер мен көретін пайдада тұрғысынан нарықты сегменттеу тәсілдері қолданылады.

### 2.3. Туристік қызмет көрсету саласын қалыптастыратын факторлар

Туризмдік ұсныңыс төңірегінде жүргізілетін зерттеулер туризмдік қызмет көрсету саласында еліміздің әрбір өніріндегі өзіндік көлемі мен ұсныңыс сипаттамаларымен ерекшеленетіндігін айқындауды. Туристік сектор көсіпорындарының саны, орналасқан жері мен сипаттамалары маркетингтік талдауда негіз бола алады. Мұндай мәліметтердің талдауы ішкі, сондай-ақ халықаралық туризм жағынан байқалатын үдемелі сұранысты қанағаттандыру мақсатымен шешімін табуға тиіс, көрсетілетін туристік қызметтер саласындағы әлеуettі тапшылық мәселелерін айқындауға мүмкіндік береді.

Туризмдік қызмет көрсету саласындағы көсіпорындардың кешенді суретtelуі туризмнің ұлттық және өнірлі экономикаларындағы маңызын сандық жағынан өлшеуге көмектеседі. Ол үшін мынадай істердің қолға алынуына назар бөлу қажет:

- туристік өнімнің негізін құрайтын көрнекті нысандарды анықтау;

- туристік қызмет индустріясы көсіпорындарының санын, бос емес орындардың пайызын, тарифтерді, жаңа құрылымы орындарының өзірленеу мен жоспарлануы жайлы мәліметтерді жинақтау;

- көлік құралдарымен қамтамасыз ету, бұл сала қызметінің көрсеткіштерін өндеу;

- қаражат нарығына кіретін банктер мен басқа қаражат мекемелерінін, саяхат пен экскурсия агенттіктерінің, тамақтандыру орындарының, конгресс

және семинар өткізу орындарының және т.с.с. қызметтері туралы мәліметтер жинау.

Сегменттеуден кейінгі алынған нарықтың талдауы мына сұрақтарға жауап беруі қажет:

- қай нарық немесе оның бөлігі ұсныңыс жасауға жарамды?

- осы нарықтың болжамды жиынтық сыйымдылығы қаншалықты үлкен?

- бұл нарық қаншалықты бәсекелестермен игерілген?

- бәсекелестің қолданатын негізгі жүйесі қандай және т.с.с.?

Туризмдік өнімге деген сұранысты қалыптастыратын факторларды зерттеу және айқындау кезектегі тұрған мәселе. Туристік өнімнің тұтынұлына әр түрлі дәрежеде әсер ететін факторлардың түрлі сандық мағынасы кезінде сұраныс деңгейін бағалаудың маңыздылығы ерекше. Сондықтан, ұлттық, өнірлі деңгейлерде бүгінгі және алдағы сұраныс деңгейін бағалау үшін жекелей оларға тән факторлар қатарын анықтаپ, осы факторлардың сандық мағынасының өзгеру серпінін бақылауға алу қажет. Ол үшін, ең алдымен, туристік өнімге деген сұранысты қалыптастыратын факторлар тізімі анықталады. Мұндай ақпараттың көзі ретінде туристік өнімге деген сұранысты қалыптастыру механизмінің зерттелуі болуы мүмкін. Содан соң ұлттық және жеке өнір деңгейлерінде туристік өнімді тұтыну көлемі мен құрылымын анықтайтын факторлар жиынтығы айқындалып,

олардың сұранысты қалыптастыруға өсер ету дәрежесі бағаланады. Осыған орай, туристік өнімді тұтыну ерекшелігі туралы жетіспеген ақпараттарды алу мақсатымен тұтынушылар арасында өлеуметтік сауалнама жүргізілгені жөн. Ендігі кезекте, табыс деңгейі бойынша бөлінген әрбір топ үшін туристік өнімге деген сұраныстың қалыптасуы кезінде маңыздылығы жоғары факторларды табу мәселесі тұрады. Табылған факторлардың сандық мәнін іздестіру және соның негізінде туристік өнімге деген қазіргі уақыттағы сұранысын анықтау қажеттілігі туындейды. Бұл мақсатқа ақпаратты мына жерлерден жинастыруға болады:

- әкімшілік деректер: қонақжай мекемелерінде толтырылатын, банк мекемелері, көлік компанияларында жиһақталған тізімге алу мәліметтері;
- өлеуметтік-демографиялық паспорт, елге кіру және шығу кезіндегі кеден бақылаудынан;
- салық инспекциясының ақпараты;
- туристік өнімнің тұтынушылары арасында жүргізілген сұрақ-жаяуп;

Осылайша, жиһақталған ақпарат көлемі, тұтынушылардың әрбір сег-

ментіндегі туристік өнімнің тұтынұлының шынайы сандық көрсеткіштері түрінде ұсынылуы мүмкін. Сонымен қатар, туристік нарықтың жағдайын, қаражат, еңбек, шикізат, инвестиция, туристік өнім нарықтары секілді, нарықтың негізгі компоненттерінің өзара әрекеттесуін анықтайтын конъюнтуралық талдау бейнелейді. Туристік нарықтың конъюнтуралық талдауының пәні болып, туристік өнімнің өндірісі мен тұтынұлының көлемі, құрылымы мен серпіні; қорлар деңгейі; баға қозғалысы; нарықтың қатысушылары; нарық құрылымындағы өндірістік өткізу, ғылыми-зерттеу, жарнамалық қызмет табылады.

Туристік нарықтың сегментін таңдау, туристік өнімнің нарық талаптарына сәйкес болуы; тұтынушылардың сұранысы мен мотивациясы; сапасына қойылған талаптар, тұтынушыға көрсетілетін қызметтер көлемі; баға деңгейі; өткізу жүйесі; қонақтардың күтілетін саны; сұраныстың ынталандыру жүйесі; сұраныстың даму процесі, сегменттің ашықтығы секілді көрсеткіштермен байланысты.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ


1. Туристік қызмет дегеніміз не?
2. Туристік қызметтің тауардан айырмашылығы қандай?
3. Туристік қызмет аясын үйімдастырудың міндеттері.
4. Туристік қызметті қалыптастыруши факторларға тоқталыңыз.
5. Нарықты сегменттеу дегенді қалай түсіндіресіз?

## 3-тарау. Экскурсияда қызмет көрсету

### 3.1. Экскурсия үғымы және оның негізгі белгілері

Экскурсия бұл айналамызды қоршап отырған әлемді тану процесін білдіреді. Бұл процестің ерекшелігін айтар болсақ, ол алдын ала таңдал алынған нысандарымен тығыз қарым-қатынаста болып, оларды орналасқан орнында зерттеумен айналысады. Экскурсиялардың барлығы көру, есту және басқа да сезімдер арқылы, алдын ала белгіленген, алдын ала жоспарланып қойған қоршаған ортанды қабылдау процесі болып табылады. Экскурсияны үйімдастырушылар мен экскурсоводтар экскурсанттың қалай

көру, есту және сезіну керектігін, осы іс-шара арқылы қандай нәтиже алатындығын, осы экскурсия арқылы қандай пайдалы әсерде болатындығын нақты біледі. Экскурсиялық процестің мақсаты – экскурсанттарға экскурсиялық нысан туралы толық мәлімет жеткізу және олардың көру, есту, сезу және үғу сезімдерінің белсенділігін ояту арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. Экскурсияның алдында тұрған мақсаттарды төмендегідей көрсете аламыз:



Экскурсия кезінде экскурсовод экскурсанттарға келесі төрт негізгі мақсаттың орындалуына көмек береді: нысандарды көру, осы көрудің негізінде тақырып ашыла бастайды (бірінші мақсат), бұл нысандар жөнінде қажетті мәлімет алу (екінші мақсат), тақырыпқа қатысты оқиғалардың маңызын сезінен білу, яғни сол бір оқиғаның қатысуышы болу (үшінші мақсат), практикалық үғу қабілеті арқылы жеке өзі байқаған экскурсиялық нысандарға сараптама жасай білу (төртінші мақсат).

Қазіргі таңда экскурсия – өзіне тән жүйесі мен көрсеткіштері, сонымен қатар өзіне тән жеке әдістемесі бар бір құбылыс.

Ең алғашқыда экскурсия «қыдыру» деген үғымды ғана білдіретін, яғни практикалық мақсатпен, мысалы, емдік шөптерді іздеумен байланысты болған. Содаң соң оның алдына ғылыми мақсаттар қойылған, яғни музей үшін экспонаттардың анықталуы. Оқыту мақсаты пайда болғаннан кейін мектеп оқушылары мен студенттердің

экскурсияға шығуы басталды. Ал өзін-өзі үйретудің жаңа түрлері, экскурсияның алдына тағы бір мақсат қойды, ол – жалпы білім беру мақсаты. Тәрбиелеу жұмыстарын жақсарту ұмтылышы, экскурсияны топтық мәдени-үйрену жұмыстары қатарына айналдырыды.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 13 маусым №211-II қабылданған «Туристік қызмет туралы» Занында экскурсияға қатысты келесі терминдердің анықтамалары берілген:

**Экскурсиялық қызмет** – азаматтардың уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды таңымдық мақсатта аралап көруін үйімдастыру жөніндегі кәсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көзdemейді және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды.

**Эксурсант** – бір жерге, елді мекенге, аумаққа немесе сол елдегі басқа жерге туризм мақсатында жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа уақытша келген жеке тұлға.

**Эксурсия жүргізуші** – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, үйімдық қызмет көрсетуге лайықты біліктілігі бар, кәсіби даярланған жеке тұлға.

Осы жоғарыда көрсетілген анықтамалар мен Дүниежүзілік Туристік үйімның экскурсияға берген анықтамаларын ескере отырып, экскурсияны біз келесі түрде анықтауымызға болады. Эксурсия – бұл адамдардың (олардың қандай да бір азаматтығы, жынысы, ұлты, діні, тілі болуына қарамастан) бір елді, қаланы немесе елді мекенді 24 сағаттан аспайтын бір уақыт ішінде туристік мақсатта аралап шығуы. Бұл жердегі туристік мақсат деп келесілерді айтуда болады:

– демалу, емделу, оқу, діни және спорттық мақсаттар;

– іскеरлік саяхаттар, туыстар мен таныстарға бару, конгресс пен семинарға қатысу.

Сонымен қатар экскурсант категориясына яхта және сол сияқты басқа да круиздік кемелер мен туристік по-йыздардың жолаушылары кіреді және экскурсанттар көбінесе туризм статистикасында есепке алынбайды. Ал осы елге келетін түрлі тасымалдау көліктерінің экипаж мүшелері мен елдің территориясын транзитпен өтетін по-йыз және автобус жолаушылары елге уақытша келушілер категориясына кіреді.

Эксурсия дегенде бірінші кезекте ойға белгілі бір іс-әрекет келеді. Бұл іс-әрекеттер өр түрлі болады: белгілі бір маршруттан топтың өту жағдайы, белгілі бір нысанға қатысты өту жағдайы (олардың жаңынан айналып өту), маршрутқа енгізілген ескерткіштерді байқау мен түсіндіру. Экскурсовод пен оның аудиторияға деген ұсыныстары, экскурсанттардың іс-әрекеттерін бір араға тоғыстыруға, яғни нақтылауға көмектеседі. Экскурсанттың іс-әрекеті болса, нысандарды байқау, оларды үға білу және зерттеу сияқты белсенді формалармен көзге түседі.

Эксурсия бірнеше аспектіде қарастырылады:

- Эксурсия өз алдына тәрбиелеудің бір формасы болып келеді;
- Эксурсия үлкен топ аудиториясымен жұмыс істеу, яғни экскурсия білім берудің бір формасы болып табылады;
- Эксурсия мәдени бос уақытты өткізу формасы;
- Эксурсия саяси және ғылыми білімді тарату формасы;
- Эксурсия адамзаттың сана-сезімін көтеру формасы ретінде, яғни адамзаттың ойлау қабілетін жоғарылату іс-рекеті болып табылады.

Экскурсия ғылыми-үгіт-насихаттау іс-әрекеті немесе қызмет ретінде саяси философиялық, ғылыми, көркемдік және басқа да көзқарастарды таратуға ықпал жасайды. Тәрбиелеу және білім беру тұрғысында экскурсияның негізгі сапасы ол ғылым болып табылады. Экскурсияның маңсаты – ғылыми білімнің таралуына ықпал жасау, материалдың ең жоғары деңгейде жеткізілуін қамтамасыз ету. Экскурсияның сөзбен жеткізу белгінде материалды толығымен лекция түрінде жеткізу мүмкін емес, ейткени уақыттыңдылығы бар. Сол себептен экскурсоводтың сөзбен жеткізу белгінде оқиғаларды әрі нақты, әрі нұсқа етіліп дайындалап, объективті түрде бағамы болу қажет. Тақырыпты түсіндіретін ең нақты фактілер мен мысалдар, түрлі салыстырулар, салмақты дәлелдер, белгілі бір оқиға қатысушысының есіне түсіргендері, суреттердің жинақталуы, түпнұсқа құжаттар карта мен схемалар көшірмесінің жинақталуы экскурсияға жақсы нәтиже, яғни жетістік қамтамасыз етіледі.

Экскурсиялық тақырыптың, өзінің нақты білім түріне карай, өзіне тән мәліметтері болады. Мысалы: ғылымының жетістіктері, медицина, биология, археологияның жетістіктері, спортсмендердің жетістіктері, шарашылық және әлеуметтік құрылыш жаңалықтары.

Экскурсия әлеуметтік бос уақыт өткізу іс-әрекеттері есебінде болады. Бос уақыт деп адамның жұмыс уақытынан тыс қалған уақытты айтамыз. Бос уақытты өткізуідің танымал түрі болған экскурсия, адамзаттың рухани қажеттіліктерін қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Соңғы жылдарда экскурсияның, жағымды әсерлері халық алдында танымал болуда, яғни экскурсияның өзінің «саяхаттылығымен» көптеген адамдарға тартымдылы-

ғы, сонымен катар әрқайсының өз қызығушылығына қарай тақырып таңдау мүмкіншілігі және т.б.

Экскурсия әлеуметтік-техникалық білім деңгейін байыту қызметі ретінде де болады. Экскурсияға қатысушылар әрдайым тарих, өнер, архитектура, әдебиет, экономика және т.б. салалар тұрғысында білім алады. Жақсы экскурсия бірнеше әлеуметтік-тәрбиelleу жұмыстарының синтезін ұсынуда. Оған әдістемелік түрде қабылданған белгілітері ретінде мыналарды жатқыза аламыз:

а) кинофильмдердің фрагменттері, хроникалық немесе ғылыми деректі фильмдер;

б) белгілі бір оқиғага қатысушының берген мәліметтері, мысалы «әскери-патриоттық» экскурсия тақырыбындағы 1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен сұхбаты.

в) белгілі бір өнеркәсіп кәсіпорнының басшысымен кездесу, қарапайым жұмысшылармен сұхбаттасу.

г) композитор, музықант, әртістердің өнеріне бағытталған экскурсиядағы музыкалық және басқа да шығармаларды тыңдау.

д) тарихи және тарихи-революциялық тақырыптағы экскурсияда, арнайы дыбыс жазу орталығы арқылы мемлекеттік қайраткерлердің баяндалмаларын тыңдау.

Экскурсия адамның қызығушылығын арттыру функциясы ретінде болады. Экскурсияның маңсаты тек материалды аудиторияға дұрыс жеткізу ғана емес, сонымен қатар адамдардың белгілі бір тақырыпқа деген қызығушылығын арттыру. Өте жағымды экскурсияда қызығушылықтың артуы соншалықты, тіпті экскурсия біткеннен кейін де осы тақырып тұрғысында адам өзі ізденіп осы тақырып жөнінде білімін тереңдетуге әрекет ететін жағдайлар болады.

Экскурсия тәрбие ортасы ретінде болады. Экскурсия өз алдына педагогикалық процесс болып, білім беруді, тәрбиелеуді және жалпы дамуды қамтамасыз етеді. Білім беру салаларында оқушылар мен студенттерге арнап үйымдастырылатын экскурсиялар, тіпті оку процесінің бір құрамы ретінде қарастырылады. Бірақ бұл деген басқа мақсаттағы экскурсиялардың педагогикалық аспектілерінің болмағанын білдірмейді, керісінше, барлық мақсаттағы үйымдастырылатын экскурсиялардың құрамында педагогика элементтері орын алады. Экскурсияда екі тарап орын алады: білім беруші – экскурсовод және білім алушылар – экскурсанттар. Экскурсовод белгілі бір тақырып төнірегінде білімін айтады, ал экскурсанттар болса, бұл білімді қабылдайды. Осы екі тараптың белсенділігі педагогикалық процесті құрайды.

Педогикалық процесс ретінде экскурсияның маңыздылығы екі жақтың (экскурсовод пен экскурсанттар) белсенділігіне тәуелді болады. Экскурсия кезінде экскурсанттардың белсенділігі өте маңызды, бұл мәселені шешу үшін, экскурсия басталмастан бұрын, әсіресе топ бірінші рет шығып тұрған болса, экскурсовод қатысушыларға «экскурсиялық мәдениеттілікті және сауаттылықты» менгерулеріне ықпал етеді.

Педогикалық процесте экскурсоводтың үйымдастыру қабілеті экскурсияның басталу кезінен, автобусқа отырғаннан бастап, аяғына дейін маңызды рөл ойнайды. Экскурсияда кейбір нысандардың қасына тоқтамай, жанынан өтіп бара жатып, түсіндіріп айналып өтуге де болады. Педогикалық процесс ретінде экскурсияның маңыздысы, ол жұмыс біткеннен кейінгі нәтиже. Экскурсанттар осы тақырып төнірегінде білімін жал-

ғастыру үшін, мәліметтерді қайdan алуға болатындығын сұрайды. Оларға мысалы әдебиет тізімі, көріп шығатын фильмдер, сонымен қатар осы тақырыпқа жақын экскурсиялардың аттары және т.б. айтылуы керек.

Педогог сияқты экскурсоводтың да іс-әрекетіне төрт компонент сай келеді: құрастыруши, үйымдастыруши, байланыстыруши және білім беруші.

**Құрастыруши компонент** – экскурсиялық материалды дұрыс таңдау және көрнекілеу қабілеті, қажет болған жағдайда экскурсияны өту жоспарын, әдістемелік тәсілдің кестесін, сонымен қатар мәліметтің құрылымын өзгертуге болады.

Үйымдастыруши компонент экскурсиялық топты басқара білу, мәліметті жариялай білу, экскурсанттардың көректі нысанға назарын аударта білу, туристер мен экскурсанттарға қызмет көрсету жоспарын қамтамасыз ете білу болып табылады.

**Байланыстыруши компонент** – топпен іскерлік қарым-қатынас құра білу, сонымен қатар, экскурсовод автобус жүргізушиімен, музей жұмысшыларымен, экскурсия үйымдастырушыларымен жақсы қарым-қатынас құра білу. Экскурсовод аудитория алдында қорықпай, саспай, сөздерді асықпай сөйлеп, өзіне сенімді болып тұру қажет.

**Білім беруші компонент** экскурсовод жұмысының негізі болып табылады. Экскурсияның құрылымын, өткізу әдістемесі мен техникасын жоғары деңгейде көрсете білу, экскурсиялық процестің ерекшеліктеріне талдау жасап, нәтижесін шығара білу. Экскурсоводтың педагог ретінде мақсаты – топқа өзінің білімін жеткізе білу, экскурсанттардың тақырыпты толығымен менгергендейгіне көз жеткізе білу. Педогиканың негізгі ережелерін менгерген экскурсовод, аудиторияға

білім берер кезінде педагогиканың тиімділік әдісін қолданады. Педагогикалық элементтерін айта кетер болсақ, ол: тіл байлығы, яғни мәдениетті сөйлеуді білу түсінікті, әдемі, өзінің сөздерін нақты әрі жарқын етіп жеткізе білу, мимикалық жарқындық, нақты қымылдар, нақты қарап, күлу, өзінің эмоционалды (психикалық) жағдайын үстай білу, қайырымды, сүйкімді болу, сонымен қатар режиссерлық және актерлік қабілеті болуы керек.

Әрбір экскурсияның мазмұны логика талаптары негізінде құрастырылады. Логика дегеніміз – бұл ойлау формалары мен заңдары туралы ғылым саласы. Әрбір экскурсовод дұрыс логикалық ойлаудың жан-жақты және тереңдептілген заңдары мен формаларын білу қажет. Логика заңдарына мыналарды жатқызуға болады: анықтылық, қайшылықсыздық, кезектілік, түсініктілік. Логикалық формалар – бұл ойлаудың құрылымы және құрылышы. Логикалық тәсілдер деп салыстыру, талдау, синтез жасау, абстракциялау және қорытындылауды айтамыз. Логика заңдарын менгеру экскурсоводтың тек өзінің ой-шешімін дұрыс жасай білу ғана емес, сонымен қатар осындай шешімдерге экскурсанттардың өздері келе алатындей етуге мүмкіндік болады.

Сонымен логикалық анықтылық немесе теңдік заңы: экскурсия барысында көрсетіліп жатқан нысан мен ол туралы айтылып жатқан мәтіннің мазмұны бір-біріне сәйкес болуы тиіс. Ойлау процесіндегі әрбір ой өз-өзіне тепе-тен болуы қажет.

Қайшылықсыздық заңы – экскурсия барысында нысан немесе өқиға туралы айтылатын ой-пікірлер мен мәліметтерде сәйкестіктің болуын қажет етеді. Яғни, бір-біріне қарама-қайшы келетін бірнеше ой-пікірлер эксп-

курсанттардың ойлау және ұғу қабілеттеріне кедегі болуы мүмкін.

Кезектілік заңы экскурсия процесінде алдын ала дайындалған бір сценарийдегі сияқты барлық экскурсия нысандары рет-ретімен келетіндей логикалық түрде құрастырылған болуды қарастырады.

Түсініктілік заңы – экскурсия барысында әрбір айтылған деректің анықтаушысы ретінде көрнекі құралдар мен толықтаушы қосымша мәліметтердің болуын қажет етеді. Өйткені тек ғылыми-теориялық немесе практикалық түрде дәлелденген ой-пікір ғана шындықты білдіреді және оны экскурсанттардың жағымды қабылдауларына әсер етеді.

Экскурсия барысында логикалық өткелден өтудің мәні ерекше. Логикалық өткел бұл нысанды көрсетуде немесе ол туралы айтып беруде көрсету мен айтып беру бөліктері арасында байланыстыруышы тәсіл болып табылады. Ол ауызша-көрнекі көпірді білдіреді. Мысалы, нысан туралы айтылатын әңгімеде алдын ала осыған қатысты тақырыпшалар қарастырылып, ал кейіннен негізгі тақырыпқа қайта оралу арқылы экскурсанттардың экскурсия материалын жақсы менгерулеріне әсер етуге болады.

Экскурсиядағы қызмет кезіндегі психологиялық мәселелерді қарастырайық. Экскурсиятану мәселелерін қарастыру барысында алдымен қысқаша экскурсиядағы психология элементтеріне талдау жасау қажет. Мының сонында да арнайы психологияның – экскурсиялық қызмет психологиясының бар болғандығын мойындау қажет, себебі экскурсиялық қызмет экскурсиялық насиҳаттаудың психологиялық негіздері, экскурсовод психологиясы, экскурсиялық әдістің пси-

хологиялық негіздері сияқты мәселелерді қамтиды. Өткізілген теориялық және тәжірибелік конференцияларда, әдістемелік әдебиетте, жүйелік баспаларда тұлғаның, яғни экскурсияға қатысушының психологиялық жай-куйіне қатысты сұрақтар қарастырылады.

Психологиялық жағдай – психикалық әрекеттің анықталған көрінісі, тұлғаның жоғары немесе тәмен активтігін анықтайды. Нақтырақ айтқанда, экскурсовод және экскурсанттардың болуы, өмір мен жұмыс жағдайы, ұжымдағы микроклимат, денсаулық жағдайы (физиологиялық фактор), атмосфералық процестер (аяу райы,

қысым және т.б.). Тұлғаның психикалық жағдайының бірнеше айырмашылық түрі бар – жалпы психикалық жағдайы, эмоционалдық жағдайы (жай-куйі), интеллектуалды шығармашылық жағдайы, өз еркінің жағдайы.

Әдіскер мен экскурсоводтар экскурсияны үйімдастыру және жүргізу барысында қатысушылардың кабілеттерін, мінезін, темпераментін, сонымен қатар экскурсанттардың аңғарыштығын, қиялын, зеректілігін көре білу қажет. Экскурсовод экскурсанттың активтігі мен пассивтігіне, психикалық жайына мән береді. Ол экскурсияның калай өтуіндегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады.

### 3.2. Экскурсияны өткізу әдістемесі туралы мәселелер

Әдіс деп белгілі бір мақсатқа іс жүзінде жету жүйесі айтылады. Таңдал алынған әдіс белгіленген мақсатқа ен тиімді жолмен жетуді қамтамасыз етуде қолданылады.

Адамзат іс-әрекеттеріндегі барлық әдістерді келесі категорияларға белуге болады:

*Диалектикалық-материалистік* әдіс, яғни табиғатта болып жатқан даму процесі түрғысында түсіндіру әдісі.

Жалпы қарапайымдылық-логикалық әдіс, яғни анализ және синтез, индуksия мен дедукция, және т.б. Бұл жаңа нәтижелерді іздестіру үшін қолданылатын әдіс және жалпы әдістердің формалды логикалық әдісі болып табылады. Экскурсия кезінде әдістердің жалпы түрі, кейде оның кейбір элементтері қолданылады.

Адам ойын немесе көзбен көруді, белгілі бір затқа нақты тоқталуын назар деп атайды. Барлық экскурсиялық іс-шараларда қатысушысының назары өте маңызды болып табылады. Белгілі бір процесті ұқтыруда адам

назарын аудара білу, сонымен қатар басқара да білу қажет. Нысандарды көрсетер кезінде адам назарының тәмендегідей ерекшеліктеріне көніл болған дұрыс:

1. *Назардың реттелеуі* – назарды дұрыс белу және экскурсиялық материалды жақсы үғу мақсатымен, экскурсанттың бірнеше нысандарды көру барысында, белгілі бір бейне арқылы осы нысандар арасында өз назарын реттеу деп түсіндіруге болады.

2. *Назарды басқа жаққа аудару* – қарастырылып жатқан бір нысаннан екінші басқа бір нысанға назарды аудару мүмкіндігі. Сонымен қатар назардың экскурсияның көру бөлігінен сөйлеу белгіне аударылуын да жатқызуға болады, іс-әрекет түрінің ауысыну және т.с.с.

3. *Назардың белінүі* – бұл, әсіресе жаяу журу экскурсиясында өте маңызды, өйткені қатысушылардың назары әрдайым бөтен заттарға белініп кетіп отырады, мысалы, өтіп бара жатқан автокөлік, трамвай (өзінің

даусымен), түрлі күтпеген жағдайлар – жылқының кездесе қалуы, өрт сөндіруші немесе жедел жәрдем қөлігінің өтіп бара жатуы, т.с.с. Экскурсанттар өз назарларын бір нысаннан екінші нысанға оңай ауыстырып отырады. Экскурсанттар назарының тәмендеп кетуінің себептерін айтар болсақ, олар: сөзбен айту сапасының тәмендігі – монотондық, тіл кедейлігі, мәлімет біркелкілігі, сонымен қатар көрсінше, мәліметтің мұлдем көп болып кетуі, мұндайда да экскурсанттардың назары тәмендеп кетеді.

Экскурсияда көрсету мен айтып беру, олардың байланысы басты рөл атқарады. Әрбір экскурсияның негізі екі маңызды элементтердің байланысымен құрылған, ол экскурсиялық нысандардың көрсетілуі мен айтылуы. Белгілі бір нысандардағы көрсету, оған жұмысалатын уақыт пен өту әдістемесінде, басқа нысандарды көрсетуге қарағанда бөлек айырмашылық болады. Айтып беруде дәл солай, яғни белгілі бір тақырыптың түсіндірілуі жоғары немесе тәмен болуы мүмкін.

Бұл айырмашылықтардың негізгі себептері – ол аудиторияның ерекшелігіне қарап экскурсия маңызының өзгеруі, белгілі бір тақырыптағы нысандардың көп болуы, көрсетілетін нысандардың сипаттамасы, нақты материалдың көлемі, экскурсанттардың нысандарды ұғу және байқау қындығының жоғары немесе тәмен деңгейі.

Экскурсияның құрылу процесін көрсету мен айтып беруді қарастыру арқылы анықтауға болады. Бұл арада экскурсиялық тақырыптың түсіндірілуінің бес сатысын айтып кетуге болады.

*Бірінші саты* — кәдімгі экскурсия, тек көрсету белгілі жоқ. Бұл сатыда экскурсоводтың сөмкесіндегі материалдар барынша қолданылады.

*Екінші саты* – көру белгілі азайып, дәрістік сипаты бар айтып беру белгілі көбейеді. Экскурсвод бұл сатыда тақырыптың түсінігі болуы үшін түрлі оқу-әдістемелік құралдарды – сурет, сызба, карта, гербарийлер және т.б. қолданады. Көру белгілі айтап беру белгінен бағынышты, яғни көру белгілі қосымша ретінде қолданылады. Экскурсовод бұл сатыда айтып берудің әдістемелік әдістерін белсенді қолданады.

*Үшінші саты* – бұл сатыда айтып беру белгілі көру белгігімен тең деңгейде болады, бірақ нысандардың саны көп болғандығынан, бұл сатыда көру белгілі жаймен айтып беруден оза бастайды. Экскурсия мазмұнының тәрендей бастайтын кезі. Экскурсовод маршруттағы нысандарды көрсету элементтерін қолдана бастайды. Экскурсияға қатысушылардың рөлі өзгөреді, яғни енді олар тыңдаушыларға емес, сонымен қатар көрмермендер де болып келеді. Осы кезде экскурсиялық материалдарды ұғу әсері жоғары болады. Бұл сатыда экскурсия нысандарын негізгі және қосымша деп бөлуге болады

*Төртінші саты* – көру белгілі экскурсияда негізгі орын алады, ал айтып түсіндіру болса, екінші орында. Көрсету мен айтып берудің әдістемелік тәсілдері белсенді қолданыла отырып, экскурсия бір бүтінге келе бастайды. Экскурсанттардың іс-әрекеті белсенді болады, олар құндылықтарды, тарихи-мәдени ескерткіштерді тәрендетіп зерттей бастайды.

*Бесінші саты* – көрсету мен айтып берудің тиімді қарым-қатынасы орын алады. Көру белгінің мәлшері көбейу себебінен негізгі орынды алады, яғни айтып беру белгілі оған бағынышты болып қалады.


Айтып беру элементі көру элементтің орындалмайды, олардың

екеүі де бір-бірімен байланысты болып, бір-бірін толықтырып, бір бүтінді, яғни экскурсияны құрайды. Басқаша айтқанда, экскурсия деп экскурсовод пен әдіскерлердің нысандарды көрсету мен олар туралы, яғни сол нысандарға қатысты оқигаларды айтып берудің тіпе-тендігіне қол жеткізулерін айтуға болады. Тәжірибеде дәлелденгендей, экскурсовод пен әдіскерлердің қол жеткізгендегі кейде мағынасынан айрылып қалуы мүмкін. Себебі экскурсияны өту сапасына, назарымызды дұрыс бөлмей қалған жағдайда көрсету мен айтып беру арасындағы байланыс бұзылады.

Дегенмен, мынаны ескеруіміз қажет, яғни әдістемеде тек көрсету мен айтып берудің байланысы ғана емес, сонымен қатар экскурсияда көрсету мен айтып берудің тиімді қолдана білу де маңызды.

Байқау, үйрену және зерттеу экскурсанттардың белсенділік деңгейінің көрсеткіші болып табылады. Осы үш компоненттің белсенді іс-әрекеті арқылы экскурсия жүзеге асады. Экскурсиялық жайтың жоғарылауын көрсететін схемаларда экскурсия құрылышының негізі көрсету әрі айтып беру болып табылатындығын ұмытпау көрек. Экскурсиядағы осы үш компоненттің байланысын тәмендегідей көрсетуге болады: А – экскурсанттар, Б – экскурсовод, В – экскурсиялық нысан.

Экскурсоводтың мақсаты экскурсанттарда белгілі бір тақырыптағы мәселені жария ету. Экскурсанттарға



**3.1-сурет.** Экскурсиядағы үш компоненттің байланысы

нысандарды көрсету және сол тақырып төңірегінде түсіндіру арқылы экскурсовод түрлі әдістемелерді қолданады. Бұл экскурсиялық материалды ұғуға және есте тез сақтауға өсерін тигізеді. Бұл сатыда экскурсовод белсенділігінің негізі – көрсету мен айтып берудің әдістемесін қолдана білуінде. Экскурсовод экскурсанттарды нысандарды байқауға бағыттайды, экскурсанттар бұрынғыдан да белсенді бола бастайды.

Экскурсовод мамандығының қалыптасу кезеңдеріне тоқталайық. Экскурсоводтың қалыптасу процесі ұзақ уақытты талап етеді. Болашақ экскурсоводтың адамдармен тәрбиелік, бұқаралық жұмыс істеу бейімділігі мамандығының құпияларын менгермей жайтып пайда болады. Экскурсовод мамандығының қалыптасуында 4 кезең болады: біріншісі – осындай бейімділіктің қалыптасуы; екіншісі – нақты салада білім игеру – жоғарғы оқу орнында, колledgeerde, басқа да арнайы орта оқу орнында оқыған кезде; үшіншісі – дайындық әдісін және экскурсия өткізуі, практикалық дағдыларды менгеру; төртіншісі – күнделікті практика жүргізілуде білімнің кеңеюі және шеберлікten жетілдірілуі.

Экскурсовод мамандығының қалыптасуының соңғы, қорытындылаушы кезеңінде әдістемелік үйірме негізгі орын алады. Ол экскурсоводтардың тұрақты түрде басқосуы болып табылады және олардың ары қарай мамандану, идеялық-теориялық деңгейінің жоғарылауы және көсіптік шеберлікте жетілдіру мақсатымен құрылады.

Жыл өткен сайын экскурсоводтың көсіптік шеберлігіне деген сұраныстар артып келеді. Экскурсоводтардың білім алу жүйесі және оны жетілдіру 3 білім алу сатысы бойынша қарастырылады: жаңа экскурсоводтардың дайын-

дық курсында білім алуы, экскурсоводтардың мамандануының артуы, экскурсоводтардың мақсатты семинарда дайындалуы. Білім алу барысында экскурсиялық жұмысшылардың туризм институтында экскурсиялық кеңесе жаңындағы курстарда, музейлерде міндетті түрде үнемі білім алуы қарастырылады. Жергілікті жағдай мен мүмкіндіктерге қарай білім алу жұмыстан үзілісте және үзіліссіз жүзеге асады. Білім алу мерзімі, ұзақтығы және мезгілі белгіленген. Әр бесжылдықта барлық экскурсоводтар кем дегенде екі рет білім алады: мамандануды арттыру курсарында және мақсатты семинарлардың бірінде. Тәжірибеге енгізілген жүйенің мәні, ол экскурсовод мамандығын алуды қамтамасыз етеді, экскурсоводтардың көсіптік шеберлігінің үзіліссіз жетілуіне жағдай туғызады және тұрғындарға көрсетілетін туристік-экскурсиялық қызмет сапасының артуына қызмет жасайды.

Экскурсиялық кеңселер экскурсовод мамандығының артуының басқа да формаларын пайдаланады. Олардың арасында – ғылыми-практикалық және шығармашылық конференциялар, әдістемелік кеңестер, жұмыс ойындары, оқу экскурсиялары, тәжірибемен алмасу, өлкетану кештері (мысалы, бейсенбіліктер), басқа экскурсиялық кеңселерде стаж жинау. Маманданудың артуының әрекет етуші формасы – ол реферат дайындау, экскурсиялық тақырыпка анықтамалық материал дайындау, әдістемелік үйірмелерде баяндама оқу. Соңғы уақытта экскурсоводтардың дайындық мазмұны мен мамандануының артуы нақты қарастырылған басылымдар жарыққа шықты.

Экскурсоводтың икемділігі және дағдыларына тоқталайық. Экскурсоводтың көсіптік шеберлігінің маңызды

құрам бөлігін оның икемділігі мен дағдылары құрайды. Әсіресе, шығармашылық дағдылар мен мінез-құлық дағдылары (топпен жұмыс кезінде өзін-өзі үстай білу) маңызды.

Дағды өз алдына икемділіктің ең жоғарғы сатысы ретінде анықталуы мүмкін. Ол өзімен-өзі автоматты түрде, әрқашан бір үлгі бойынша жүзеге асқанда көрінетін түрдегі әрекет болып табылады. Мұндай әрекеттерге саналы түрде бақылау тәменгі сатыға дейін жүргізілген.

Дағды бір ғана әрекеттің қайталаңып орындалу барысында қалыптасады. Нәтижесінде жұмысшының оған сол жұмысты барынша сапалы және тиімді орындауына мүмкіндік беретін әдеттері пайда болады. Орындау әрекетінде әдettі менгеру барынша аз күш, ал мамандық төнірегінде – аз уақыт жұмсауға жағдай жасайды. Экскурсовод үшін мұндай жұмыс экскурсияға дайындықтың өнімдік процестері және оның жүргізілуі болып табылады. Оның әдеттері «операцияның» реті мен кезектілігі, мысалы, экскурсия жүргізуде, іс-әрекет бейнесі болып табылады. Әдettің негізінде дағдылар қалыптасып, жүзеге асады. Осылайша, дағды – бұл экскурсоводтың практикамен жинақталған іс-әрекеттері әрі әрқашан да бір ғана үлгі бойынша жүзеге асатын іс-әрекеттері (бағыттылық, кезектілік, уақыттың бірдей шығындалуы және т.б.).

Экскурсиялық кеңселерде экскурсоводтың дағдыларының нақты мамандануы орнығады. Дағдыларды бірнеше топқа бөлуге болады: өзіндік жұмыс дағдылары (кітаппен, музейде, архивте); экскурсиялық аудиториямен жұмыстағы дағды; кезекті экскурсияны жүргізуге дайындықтағы дағды (ұстаздың нақты сабакта дайындығы

сияқты); экскурсия насыхаты бойынша ауызша сөз сейлеу; экскурсиялық көрсетілім мен әңгіме; «экскурсовод портфелін» қолдану; экскурсияны тыңдау және т.б.

Экскурсовод дағдылары қындық дәрежесі, автоматты деңгейі, шығармашылық элементтердің болуы, т.б. бойынша бөлінуі мүмкін. Тәжірибелік әрекет барысында дағдылардың өзара әрекет етуші процесі орын алады. Мысалы, сөйлеу және нысанды көрсету, нағыз ескерткішті көрсету, «экскурсовод портфелінен» көрнекі құралдарды қолдану дағдыларының байланысы. Дағдылардың өзара әрекеті әдістемелік тәсілдерді кешенді қолдануда көрініс табады (қайта құру және ықшамдау тәсілін, материалдың жаңа болуы және салыстыру тәсілін және т.б.).

Экскурсия сапасының артуы екі мәселені шешумен байланысты: экскурсиялық дағдылардың қалыптасуы және игерілген дағдылардың үнемі жүзеге асуы.

Әдістемелік тәсілдерді игеруде, дағдыларды жүзеге асыруда екі жол қолданылады: сынау және қатепіктің апatty жолы. Мейлінше ұзақ және тиімділігі барынша аз. Экскурсовод тәсілдерді қолданады, олардың әрекетінің деңгейін талдайды, олардың қолданылуына өзгерістер енгізеді.

Басқарылатын жол нақты тапсырмалардың қойылуын және шешілуін ұсынады: нақты дағдыларды нақты кезекте де игеру. Мұнымен қатар экскурсоводтың білімнің нақты саласының маманы ретінде (тарихшы, тіл маманы, өсімдіктанушы, инженер-механик) практикалық іс-әрекетіне қажетті қасиеттерге ие дағдылардың қалыптасуы орын алады. Дағдылардың қалыптасуының басқарылатын жолы бойынша білім алушының түрлі формаларында өткізу мүмкіндігін береді.

Оку жаттығулары, үй тапсырмалары, нысан маңындағы маршруттағы тапсырмалар, әдебиет оку, экскурсияға қатысу, экскурсияның таспасын тыңдау, әдістемелік құжаттауды менгеру және с.с.

Оку жаттығуларының жүйесі. Мұндаидай жаттығулар барысында экскурсиялық топтың қатысуының өзіндік дайындық – нақты экскурсияның анық элементтері көтеп қайталанады. Өдette, нысанды көрсетудің және әңгіме үзіндісінің әдістемелік тәсілдері. Сабакты әдіскер немесе тәжірибелі экскурсоводтар өткізеді. Мысалы, «экскурсовод портфелінен» суреттерді қолдану тәсілдерін немесе бақылау нысанының маңында экскурсиялық топтың орналастыру техникасын жинақтау. Осындаидай жаттығулар барысында жасалатын іс-әрекеттер менгеріледі, айқындалады және автоматтандырылады.

Алғашқы кезде жаттығулар баяу қарқынмен жасалады, кейін дағдыларды игеру шамасына қарай жылдамдай түседі. Бір жаттығуды бірнеше рет қайталau экспертуар әрекетінде дағдылануды өндіруге, яғни нақты дағдының пайда болуы мен орныгуына әкеледі. Дағдыны жетілдіру жұмысы экскурсиялық процеске елеулі өзгеріс енгізеді: көрсету мен әңгімеледе бірте-бірте барлық артық нәрселер жойылады. Экскурсоводтың ымдары барынша нақты және мағыналы, ту-сініктері сенерлікте бола бастайды, көрермендер әсерінің маңызы артады. Дағдылардың жүзеге асуы экскурсоводқа аудитория мінезіне сәйкес экскурсия жүргізуін түрлі нұсқаларын қолдану мүмкіндігін береді.

Бұл жұмысты ұйымдастырудың түрлі формалары бар – оку экспертуарлары, ескерткішке барып білім алу, жұмыс ойындары. Оку экспертуарының

да, мысалы, экскурсоводтың материалды мазмұндауда және нысанды көрсетуде қолданатын дағдыларды саралтау тапсырмасы түрады. Сабак-қа қатысушыларға оқуға сұрақтар ұсынылады: экскурсовод қандай шығармашылық дағдылар қолданы? Дағдыларды қолдану тиімділігі; Сіздің көзқарасыңыз бойынша қандай дағдыны менгеру қын? Дағдыларды қолдануда автоматтылық дәрежесі; Экскурсанттар үшін дағдыларды қолданудағы «байқалушылық»; Экскурсия жүргізуде экскурсовод қандай шығармашылық элементтерді қолданы? Экскурсоводтың маршрут кезінде өзін-өзі ұстауы, мінез-құлыш дағдылары, жағымсыз әдептердің болуы (ым, сөйлеу және т.б.).

Экскурсоводтың кәсіптік шеберлігінің жоғарылауында, дағдылардың қалыптасуы мен орнығында үй тапсырмаларын орындау маңызды орын алады. Өзіндік жұмыстың бұл түрінің мінездемелік сипаты – нақтылық. Мысалы, экскурсоводқа қалалық экскурсиядағы ескерткішті көрсетуде қайта құру тәсілін қолдану техникасын дайындау немесе көруді қайта құру тәсілінің көмегімен Ұлы Отан соғысы ардагерінің бірінің ерлігін орындау.

Қазіргі уақытта мамандығы бойынша бірдей білімі бар экскурсоводтар, мысалы, архитектура теориясы мен тарихы бойынша, бір-бірінен аудиторияға білімді жеткізу дағдыларының деңгейінде айырмашылық болады. Дағдылардың сақталуы тек экскурсиялық жұмысқа жүйелі қатысада, экскурсия жүргізуде ғана мүмкін болады. Экскурсияны жүргізуде үзіліс тым ұзаққа созылса, әлсіреу пайда болады, кейде дағдылар толық жойылады. Бұл құбылыс мамандықтың жоғалуы деп аталады. Мұнымен қатар экскурсовод әдістемелік тәсілдерді есте сақтайды,

бірақ дағдыларды, яғни сол тәсілдерді қолдану жолдарын жоғалтады.

Экскурсоводтың кәсіптік шеберлігінің кейде шеберліктің межесі деп аталатын ерекшеліктер қатары бар. Мұндай межелер қаншалықты көп болса, күнделікті іс-әрекетте қаншалықты айқын шығарылса, маман ретінде білетін нәрсесін көрсете алуымен айқындалатын экскурсовод шеберлігінің деңгейі соншалықты жоғары болады.

Экскурсоводтың шеберліктің маңызды межелерінің бірі – ауызша ақпараттың табыстылығы. Оқиғалар қатарында нысан туралы ақпарат экскурсанттар үшін белгісіз тілде айтылған сөз ретінде қабылданады. Барлығы әдістемелік тәсілдер көмегімен нысанды көрсететін және осы сөзді экскурсанттар үшін ана тіліне аударып, олар алған ақпаратты түсінікті ететін экскурсоводтың кейінгі іс-әрекеттеріне тәуелді.

Шеберліктің келесі межесі – талдау әдісін мұлткісіз менгеру, талдаудың негізгі түрлерін қолдана білу – өнер, тарихи, табиғи-ғылыми, шығармашылық-техникалық, архитектуралық және әдеби, сонымен қатар бір нысанды көрсеткен кезде және экскурсанттардың бақылау кезіндегі кешенде, мысалы, архитектуралық-градоқұрылыштық ансамбльдердің, олардың әрқайсысын бөлек (ықшамдал) қолдану.

Экскурсовод-шығармашылардың шеберлігінің маңызды межесі әрекет етуші цехтарда, құрылышта, өзен және теңіз порттарында нысанды бақылауда шығармашылық-техникалық талдауды менгеру болып табылады. Талдаудың бұл түрінің механизмі нашар зерттелген, және ол алғаш рет өз алдына жеке түр болып жақында аталды.

Мемлекеттік мұражайларда, халық шаруашылығы жетістіктерінің көрмесінде жұмыс жасайтын экскурсоводтардың кәсіптік шеберлігі де өзі-

нің сипаттық межесіне ие. Мұнда көрүретінің негізі ереже бойынша жабық аумақта, нақты ретте орналасқан материалдар, экспозициялар болып табылады. Экспозицияны шеберлікпен көрсету экскурсоводтан айрықшалағы мен икемді талап етеді.

Экскурсоводтың шеберлік деңгейі толық факторлар қатарына байланысты оларды екі топқа бөлуге болады:

Бірінші топ – экскурсоводқа тәуелсіз факторлар: әдістемелік құжаттауды дайындау деңгейі, нысанды іріктеу, маршрутты күру, «экскурсовод портфелінің» мазмұны және т.б.

Екінші топ – тек экскурсоводка тәуелді факторлар: жалпы ойсана, тақырып бойынша білім, әдістемені менгеру, сөйлеу мәдениеті, топпен

келісім орната білу, практикалық икемдер мен дағдылар.

Экскурсияның тиімділігі экскурсоводтың икемділігі мен біліміне ғана емес, сондай-ақ экскурсанттардың да икемділігіне тәуелді. Экскурсанттар нысанды бақылаудың нақты дағдыларын, экскурсоводтың әнгімелісіне назарды игеруі керек, нақты материалды ғана қабылдамай, керекті шешімдер де жасай білуі қажет. Сондықтан экскурсовод экскурсияның маңызды міндетін – экскурсанттарға нысанды көру мен түсінуге үйретуді ұмытпауы керек. Сол кезде экскурсияға қатысушылар маршрутқа әр келген сайын толықтырылады, барынша экскурсиялық ақпаратты «тұтыну» маманы бола бастайды.

### **3.3. Экскурсоводқа қойылатын талаптар**

Экскурсоводтың тұлға ретінде ерекшелігінің бірі өзінің қызметтік міндетін атқаруда өнегелі қанағат ала білуі болып табылады. Ол орындалып жатқан жұмыс қуаныш көзі болатындей, әр дайындалған тақырып, реферат, дәріс, жүргізілген экскурсия тағылым беретіндей етіп жұмыс істөуі керек. Бұл үшін экскурсовод жасаған жұмысын дұрыс және өзіндік сынмен бағалауы қажет. Әр қорытынды жасаған сайын ол өзіне сырт көзben қарап, жасаған жұмысының сапасын бағалайды. «Қанағаттылықтың» бұл қысқа сәттері адамға өз күшіне сенімділік орнатады, жаңа идеяларға жетелейді, оның әрекетінде шығармашылық бастаулардың дамуына себепші болады. Белгілі сәттегі әрекетін бағалай отырып, экскурсовод өз жұмысына қанағаттанбауы мүмкін, өкініші де болады, мысалы, нысанның сипаттамасын толық айтпау, ескерткішті көрсетуде ұмытылған жайттар; ол өзі үшін манызды шешімдер жасайды. Өзін

дұрыстайды және осының негізінде кезекті әрекетін іске асырады.

Әрбір адам басқа адамдардан өзіне ғана тән сейлеу ерекшелігімен, материалды мазмұндау стилімен, ебімен, ым-ишарасымен ажыратылады. Мысалы, бір тақырыптағы жеке мәтіндерді салыстыра отырып, олардың бір-бірінен айырмашылығын көруге болады. Бір ғана материалды мазмұндайтын сөздер әр экскурсоводта өзінше жазылған. Олар нақты адам – мәтіннің авторының ауызша сейлеу тілінің ерекшеліктерін көрсетеді.

Әр экскурсовод қандай да бір дәрежеде өзіндік қолтаңбасын, өзі жүргізген экскурсияның қайталаңбас қолтаңбасын қалыптастырады. Бірі мемуарға көңіл аударады, екіншісі экскурсияда өлең оқиды, төртіншісі үзілістерді шеберлікпен пайдаланады. Жұмыс стажы жоғары экскурсоводтарда өзіндік экскурсия жүргізу мәнері қалыптасады. Оның мәні әр экскурсоводтың жузеге асыруда

менгерген, ұнататын тәсілдері бар, және оларды ерекше ынтамен қолдана біледі. Экскурсоводтың ұнататын әдістемелік тәсілінің болуы, ол басқа тәсілдерді қолданбайды деген сөз емес. Ол тек, қана, басқаларына қарағанда, «өзінің» әдістемелік тәсілін және оның басқаларымен ұқсас элементтерін жиі қолданады.

Экскурсоводтың жекешелігі өзі менгерген әдістемелік тәсілдердің номенклатурасымен сипатталады. Бұл номенклатура барлық экскурсоводтарда бірдей емес. Біреулері практикада барлық белгілі тәсілдерді қолданады, басқалары еki-үш барынша таныс тәсілдермен шектеледі, үшіншілері – бастаушылар, сондай-ақ көсіптік шеберлігін нашар менгерген экскурсоводтар жүргізген экскурсияның сапасын төмendetетін тәсілдерді қолданбайды. Кейбір экскурсоводтар өздерінің дербес тәсілдерін табады.

Экскурсанттар экскурсоводқа ерекше талаптар қояды: олар экскурсоводқа басты рөлді тапсырды және ол осымен келісіп, олардың көнілін қалдырмауы керек. Осы үшін риторика қажет. Біз экскурсияда шешендік өнердің көптеген ұстанымдарын қарастырық. Алайда, жетістіктерге жету үшін, экскурсанттардың күткенін ақтап қана қоймай, асыра тузы үшін экскурсовод тағы не істей алады?

Экскурсанттардың көнілдеріне орнығы үшін экскурсовод шешендіктің бірнеше қарапайым, сонымен қатар іске асатын ұсыныстарын ескеруі қажет.

Біріншіден, экскурсовод экскурсанттардың алдына шығарда жақсы қалыпта болуын қадағалағаны дұрыс. Ол үшін экскурсия жүргізер алдында өзіне қуат қорын жинақтап, жақсы демалуы, жақсы тамақтануы керек, сырт бейнесінің тазалығы мен көркітілігін қадағалау ұсынылады. Адамның жақсы киінуі туралы ой оның өзін-өзі сыйла-

уын арттырады, өзіне деген сенімділігін нығайтады.

Екіншіден, экскурсияның сәттілігі экскурсоводтың мейірімділігіне тәуелді, ал мейірімділіктің көрінісі – күлімдеу. Экскурсовод өзінің бет-бейнесімен экскурсанттардың алдында тұрғанына қуанышты екенін білдіруі қажет. Сәйкестікten сәйкестік туындаиды. Егер экскурсовод экскурсанттарға қызығушылығын көрсетсе, олар да өзіне қызығушылық білдіреді деп есептеуіне негіз бар.

Үшіншіден, экскурсовод экскурсанттарға барынша тиімді әсер ететін топты қуру нұсқасын таңдай отырып, экскурсия жүргізілетін орынның ерекшелігін ескеруі қажет. Бәрінен бұрын экскурсиялық топтың созылуы мен жекеленуіне жол бермеу керек. Экскурсанттарды бірге жинаған дұрыс. Егер экскурсанттар әр жерде шашырап тұrsa, оларға ықпалын көрсету қыын. Үқшам топтың қатысуышысы реңінде экскурсант, егер ол жалғыз тұрған кезде оның құдігін немесе қарсылығын тудыратын нәрсеге күледі, қол шапалақтайды және мақұлдайды.

Экскурсовод өзін жоғары ұстамағаны дұрыс. Одан да экскурсияны артық ресмилікten арылтып, оны әңгімелеге айналдырып, экскурсанттармен бір деңгейге түскені дұрыс. Егер экскурсия мекеме ішінде болса, онда ол жердің барынша жарық және жақсы желдетілгенін қадағалау керек. Және, сонында, экскурсовод өзінің әңгімесі мен көрсетілімін сыртқы жағдайлардан қоршағаны дұрыс. Болмаса, экскурсанттар кез келген қозғалған затқа, жануарға немесе адамға қарау қызығушылығына төтеп бере алмайды.

Әрбір экскурсовод басқа да білім саласының маманы сияқты мамандық шеберлігін игеруге міндетті. Шеберлік-тің әр түрі болады: педагогикалық

шеберлік, емдеу шеберлігі, әңгімелеу шеберлігі, сурет салу шеберлігі, сондай-ақ экскурсоводтың шеберлік деген ұғым бар. Осы терминнің түсінігін дұрыс беру керектігі өте маңызды. Экскурсияны өзінше өткізе алу, өзіндік әдістерімен, белгілі бір өзінің материалдарымен, өзінің көрсету нысандарымен экскурсияны өзінше өткізе алуы экскурсоводтың шеберлігі деген сөз емес. Экскурсоводтың шеберлігін бұлай түсіну дұрыс емес. Ал аудиторияға экскурсиялық материалды сапалы дәрежеде ұсыну, әдістемелік сипаттаманы толыққанды орындау экскурсоводтың шеберлігі болып табылады.

Экскурсоводтың мамандық шеберлігі – бұл насиҳаттау өнерінің ерекшелігі. Ол экскурсовод, экскурсант және экскурсиялық нысан ретіндеғі компоненттердің қабылдау процесін қатыстырумен белсенді және көрnekілік пен аузынша насиҳаттауды білумен орнатылған насиҳаттау өнері.

Халықта экскурсиялық қызметті үйімдастыру – қатысуышылардан терең білімді және білудің үлкен шеңберін талап ететін курделі әрекеттің түрі. Экскурсоводтың әрекетінің ерекшілігі – олар бірқатар тапсырма орындаиды. Адамдарды үйімдастырады, тәрбие-лейді және оқытады.

Экскурсоводтың қоғамдық білімдерден дүниетанымы, эрудициясы болуы керек: логикалық занбарды білуі; педагогика негіздерін, психология және экскурсиялық теорияны білу, экскурсиялық насиҳаттаудың әдістемелік негіздерін білу, экскурсияны өткізуін әдіс-тәсілдерін білу.

Экскурсиялық насиҳаттаудың ғылыми негізі – философия, педагогика, психология, логика. Философияның негізгі ережелерін қабылдап, экскурсовод диалектикалық тәсілді қолданады. Оның курделі материалды

түсінікті турде түсіндіруге, тарихи оқиғалардың өзара байланысын анықтауга, олардың болғанын, табиғаттың және қоғамның даму заңдылықтарын көрсетуге көмегі бар. Таным теориясына сүйене отырып, экскурсовод тақырыптың мазмұнын терең, тізбектей отырып сенімді турде ашады, фактілік материалды өте жақсы қолданады.

Педагогиканың негізгі талаптарын менгере отырып, экскурсия кезінде аудиторияда тиімді білім берудің формалары мен тәрбиелеуді қолданады.

Педагогикалық білім экскурсовод-қа бүкіл экскурсия өтілу кезінде іс-шараларға қатысуышылардың санасы мен сезіміне әсер өте отырып, өзіне зейін қойғыза алуға мүмкіндік береді. Сондықтан экскурсоводтың педагогикалық шеберлікті жақсы менгергендігі маңызды.

Экскурсоводқа диалектикалық және формальды логика білімі қажет, ол әңгімесін тізбектеп, дәлелдеумен айтуга мүмкіндік береді.

Өзінің мамандығына байланысты (тарихши, филолог, архитектор, инженер-технолог және т.б.) экскурсовод сәйкес ғылымдардың негізін білу қажет. Мысалы, әдебиет тақырыбына экскурсия жасайтын экскурсовод, әдебиеттанды, әдебиеттің жанрларын, көркем шығармалардың тілін, ерекшелігіне анализ жасай алуы керек, ақынның, жазушының, драматургтың шеберлігінің нәтижесін, өнердің бір түрі ретінде білуі қажет.

Сол сияқты экскурсовод эрудициялық адам ғана емес, сонымен қатар, ең алдымен эрудициялық маман болуы қажет. Мысалы экскурсоводтың кез келген сұраққа жауап беруі міндетті емес, экскурсоводқа барлық салаларға дайын талап етілмейді.

Экскурсовод-эрudit деп екі – үш тақырыпта терең білімі бар, сол негізде әр түрлі категориядағы экскурсанттарға

экспурсия дайындаі алатын және әр тақырыпша бойынша реферат жаза алатындарды айтады.

Экспурсоводтың негізгі функциясы топқа білімді беру ғана емес, сонымен қатар экспурсанттардың білім алудын тиімді түрде қалыптастыру. Сондықтан экспурсовод шеберлігінің маңызды құрамас бөлігі әдістемелік болып табылады, бұл – көрсету мен әңгімеледің әдіс-тәсілдерін білуін білдіреді, бірақ оның технологиясын түсіну, яғни процесті басқару біліктілігі кезінде берілетін білімді қабылдау болып табылады. Экспурсоводтың шеберлігінің маңызды сыйыры – оның топты басқару біліктілігінде, экспурсанттармен байланысты ұзақ уақыт сақтау мен олармен байланысты білу.

Экспурсовод интуициясын дамыта білу керек. Жақсы экспурсовод туралы сипаттағанда көбіне оның алтыншы сезімі бар деп айтылады, яғни адамның бес сезімінен басқа кез келген нәрсени ерекше сезетін қабілеті болады.

Экспурсовод сұранысы, қызығушылығы, берілген тақырыпқа өзіндік пікірі, көңіл күйі, зейін қою деңгейі және т.б. құрамы ұқсамайтын топтармен іс жүргізеді. Бұл экспурсоводтың сөйлеуін өзгертуін, сәйкесінше өз ойын айтудағы амалды қолдануын талап етеді. Мұнда экспурсоводқа интуиция көмекке келеді. Экспурсоводтың интуициясы – ол оның сезімталдығы, принципшілдігі, қорыта алатын қабілеті, дұрыс шешім қабылдауды білуі, кез келген проблеманы шеше алуы, бұрынғы тәжірибесін қолдана алуы, ғылыми-теориялық білім және практикалық біліктілігі. Экспурсовод мұндағы сапаға – интуицияға бірден жете қоймайды. Экспурсиялық маршруттарда бірнеше жыл жұмыс істегеннен кейін қалыптасады. Экспурсоводтың интуициясы мынамен өрнектеледі: аудиторияның құрамы мен сұра-

нысын тез арада анықтап білуі, әңгімелерінде ойламаған жерден құбылысты, фактінің және т.б. қолдана білу; экспурсанттардың қызығушылығының пайда болуынан тез қорытынды жасай алуы, экспурсанттардың айтқан кез келген сезідеріне дұрыс және білікті реакциясы болуы; конфликтік жағдайлар пайда болғанда дұрыс шешім таба білуі; керекті ақыл беру алуы. Тәжірибелі экспурсовод өзінің интуициясына байланысты, алдын ала сөйлеспей-ақ және экспурсанттарға сұрақ қоймай-ақ аудиторияның қызығушылығын анықтай алады және осының негізінде кіріспе сезін қысқартса алады немесе ұзартады немесе логикалық өтуінің мазмұнын өзгертерді. Экспурсоводтың интуициясы оған берілген аудиторияға қандай әдістемелік тәсіл тиімді болатынын айтады.

Экспурсоводтың жұмысы – шығармашылық. Экспурсоводтың қызметтінде шығармашылық тек қана көз алдына оймен елестету ғана емес, өзіндік айтуды қамтиды. Экспурсоводтың қунделікті жұмысында шығармашылық өнер сипатталады. Мысалы, әдістемелік тәсілдерді қолдануда, мақал-мәтеделдерді, әдеби сезідерді, сезідерді әсемдеудің басқа да формаларын, тақырыпшалардың арасындағы логикалық сезідерді ізденуде, экспурсияны өткізуін тәсілдерінде.

Экспурсоводтың шығармашылығы нақты экспурсия өткізгенде белгілі бір іс-құжаттардың, яғни бақылау мәтіні мен әдістемелік талдаудың аясынан шықтайды. Әдістемелік секцияның басшылары және әдістемелік қызметкерлер экспурсоводтардың ақылды инициативасын көріп, қолдан отыруы маңызды. Экспурсиялық істің алға жылжуын мақсат еткен белсенді қимылдарын мадақтап отыруы қажет.

### 3.4. Экскурсоводтың сөйлеу мәдениеті

Экскурсия бізді қоршаған айналаны көрнекті қабылдау процесі ретінде ауызша тілсіз, экскурсоводтың әңгімесінсіз болмайды. Экскурсия белгілі бір түрде кинофильмді еске түсіреді, мұндағы тақырыпты түсіну екі негізде құрылған: дыбыс қатары және бейнелеу қатары. Экскурсияда мұндағы негіздер әңгіме мен көрсетілу болып табылады. Мұндағы дыбыстық қатар экскурсовод пен оның сөйлеуі болады. Аудитория алдына экскурсовод, лектор және кез келген насиҳаттаушы тәрізді мынадай мамандар сөйлей алады:

- басқа оқигалармен және құбылыстармен байланысын түсіндірмей-ак, өзінің соган қарым-қатынасын көрсетпей-ак, қандай да бір оқиганы, құбылысты әңгімелей отырып, әділ білім айтып беретін информатор (ак-парат беруші):

- оқигаларды және құбылыстарды айтып беретін, кейбір байқалатын нысандарды түсіндіре отырып, олардың жеке себептерінің бағасын беретін комментатор (түсіндіруші):

- әңгімеші. Ескерткіштерді көрсете отырып, экскурсовод әңгімеші ретінде алға шығып сөйлейді. Үлкен қызықты әңгіме болады, оның барысында материалдық мазмұнына экскурсанттардың реакциясы еске-ріледі, сұрақ-жаяуп формасы қолданылады. Экскурсовод тыңдаушылардың реакциясына, олардың сұрақтарына және репликаларына байланысты өзінің әңгімесіне қосымша материал енгізуіне болады;

- ақылшы. Экскурсовод көргендері бойынша түсіндіреді, нысанды қалай өте жақсы байқауга болатыны туралы ақыл-кеңес береді, экскурсанттарды қажетті қорытынды шығаруға жетелейді;

— жалынды лидер. Нысан пен оқиғаларға талдау жасайды, қарастырылған проблемага әділ баға береді, байқалатын нысан пен құбылыстарды терең түсінуге экскурсанттарға көмек береді.

Экскурсия жүргізілу кезінде бір не месе басқа барлық түрдегі 5 түрлі шешендік өнер қолданылады:

Сөз бер сөйлеу, кез келген тақырыпта ауызша алға шығып сөйлеу.

Баяндама, кең көлемде талданатын берілген тақырып бойынша алға шығып сөйлеу, ары қарай талқыланатын және тиісті сұрақтарға шешім қабылдайтын баяндама.

Реферат сұрақтың қысқаша мазмұнына негізделген, ғылыми түрғыда әдеби талдау жасалған, архивтен және басқа әсерлерден алынған бір ғылыми еңбек болады.

Лекция – көпшілік алдында ауызша шығып сөйлеу, мұндағы кез келген тақырып бойынша белгілі бір тәртіппен тәмпіштеп мазмұндалады.

Ауызша сейлеудін кіші түрі – сөйлелеп түрган кісінің сөзін қақпақылауға қарсы, шығып сейлегенге қысқаша пікір айтуды, сөйлеу кезінде анықтама алу, сұрақ-жаяуп алу.

Экскурсияның табысқа жетуі экскурсоводтың мамандық шеберлігіне және едеуір дәрежеде шеберліктің құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатын әңгімеге (сөйлеуге) байланысты. Жақсы дайындалған және өткізілген кез келген экскурсия шешендік өнердің аталған түрлерінің синтезі болып табылады.

Экскурсоводтардың тіл және сөйлеу түсінігін шатастырмау маңызды. Тіл адамдар арасындағы байланысу үшін сөздік және грамматикалық дыбыс жүйесі болып саналады. Сөйлеу (речь) – сөйлеу қабілеті, өз ойын білдіру.

Тіл мен сөйлеу өзара тығыз байланысты. Тіл мүмкіндігі бар, белгілі бір анықталған шартты білдіру болып табылады (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық ережелерді білу, ойлау және сөйлесу қабілетті, басқа адамдармен түсінісү және т.б.).

Тіл арнағы өлеуметтік информацияны сақтау мен беру және адамзаттың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын басқару құралы болып табылады. Сөйлеу – тілдің мүмкіншілігін іске асыру, адамдардың өзара қатынасу түрі.

Тілдің мүмкіншілігін пайдаланып, экскурсовод өзінің мәнерлеп сөйлеуінде бір-бірімен сәйкестелген білімді толық және айқын көрсетіп, берілген тақырыпты көз алдына елестетуге мүмкіндік береді. Сөйлеудің түсініктілігі, оның нақтылығы және мәнерлілігі бірнеше факторларға байланысты болады: сөздерді дұрыс іріктеп алу, экскурсоводтың ойын білдіретін сөздер тізбегі, сөйлемдердің өзара байланысы және т.б.

Сөйлеу түрлері және формаларына тоқталайық. Сөйлеу ішкі және сыртқы болып белінеді. Сыртқы сөйлеу қатынас міндегі жүктелген, оның мазмұны басқа адамдарды тусініуіне бағытталған.

Экскурсиядағы экскурсоводтың әңгімесі – сыртқы сөйлеудің үлгісі, оның мақсаты – түсікке және адамдардың физикалық жүріс-тұрысына әсер ету, оларға белгілі бір информациины беру, белгілі бір нысандар туралы білім айтудың ең соңында қоршаған ортанды, табиғат құбылыстарын, тарихи оқиғаларды адамның түйсігінде дұрыс қаылдауына жету.

Білімді беру мен нақтылықты білдіру – тілдің екі негізгі функциясы. Экскурсиядағы тілдің бірінші функциясы өзінің білімін жеткізуі білдіреді, аудиториямен қатысу барысында көніл күйді сөзбен көрсетуді үйғарады. Кез

келген тақырыпты хабарлау 2 бөлікке бөлінеді:

а) Нысандардың аттары, оның бөліктері, тарихи оқиғалар, табиғат құбылыстары, жеке адамдардың іс-қимылдары, яғни сөздің белгіленуі.

б) Басқа нысандарға, оқиғаларға, құбылыстарға, іс-қимылдарға қатынасы, маңызы, бар болмысы туралы айтылады.

Ішкі сөйлеу – бұл іштен сөйлеу, алдын ала ойды құрастырып, кейін оны аудиторияға хабарлайды.

Ішкі сөйлеу көмегімен ойлау орындалады, сондықтан мұнда көмекші ретінде схемалар, бейнелер, кестелер қолданылады.

Бір берілген зат туралы ішкі сөйлеу бұрыннан алған адамның біліміне негізделеді. Экскурсоводтың ішкі сөйлеуі – келесі экскурсияға дайындық барысында экскурсияның барлық мазмұнын немесе оның бөлігін ойша айтуды. Егер сыртқы сөйлеу дайын логикалық, білімді, құрастырылған ойларды мазмұндауды ұсынса, онда ішкі сөйлеу – бұл алдын ала дайындық кезеңі, мұның барысында өз-өзімен әңгімелескенде адамның түйсігінде, сана-сезімінде ойлар туылады және нақтыланады.

Экскурсовод ішкі сөйлеуді жаңа тақырыпты (тақырыпшаны, негізгі сұрақтардың бірін) талдау жасау процесінде пайдаланады.

Экскурсияға дайындалу кезінде ішкі сөйлеу кеңінен қолданылады және аудиторияға кейін айтылатын жеке ойдың ішкі программалауы ретінде пайдаланылады. Экскурсовод экскурсия жүргізу барысында сөйлеудің екі формасын да қолданады: ішінен сөйлеуден кейін сыртқы сөйлеу жалғасады, ал экскурсоводтың хабарлағанын менгеретін экскурсант тек ішкі сөйлеуді қолданады. Бұл алған білімді өте жақсы түсінуге және есте сақтауға

көмектеседі. Экскурсияның жетістігі сөйлеудің коммуникативтік сапасына байланысты болады, тек қана соларға сөйлеудің жан-жақтылық нақтылығын қамтамасыз етеді. Осы сапаларды атап өтейік: грамматикалық жағынан дұрыс, ой дәлдігі, логикалық тазалығы, мәнерлілігі, байлығы, орындылығы. Экскурсоводтың сөйлеуі екі формада өрнектеледі: диалогтік және монологтік, әр форманың (түрдің) өзіндік ерекшелігі бар. Диалогтік сөйлеу қаралайым түрде – екі немесе бірнеше адамның әңгімелесуі, өз пікірлерін алмасу. Мұндай сөйлеуде барлығы айтылмайды, әңгіменің мағынасы әңгімелесушіге түсінікті болғандықтан, көбісі тек жобалап айттылып, өзінен-өзі түсініледі. Экскурсиялық материалды мазмұндаудың сұрақ-жауап әдіс-тәсілі осындай сөйлеудің формасына негизделген.

Бір адамның материалды мазмұндауы монологтік сөйлеу болып табылады. Мұндай сөйлеудің басты ерекшелігі – басқа адамдардың сөйлеуімен, сөйлеп түрган кісінің сөзін қақпалауымен, сұрақтарымен немесе басқа да диалогтік сөйлеудің басқа түрлерімен бөлінбейді. Кез келген экскурсияда сөйлеудің бұл формасы алдыңғы қатарда тұрады. Монологтік сөйлеу диалогтікпен салыстырғанда, құрамы курделі және грамматикалық безендірілуі анық. Аудиторияның белгілі бір сұрақтар туралы білімін ескере отырып, әңгімесін құрастырганда экскурсовод айтылмайтын пікірден, экскурсанттарға белгісіз, экскурсияның мазмұнында мәні ашылмайтын материалдан аулақ болады. Жаңа тақырыпқа монологтік сөйлеуді талдау жасау кезінде осы ерекшеліктерді ескеру қажет.

Тілдің стилі – тілдің әртурлілігі, сөйлеудің практикасының әр түрлі шарттары идеяны мәнерлеп көрсету үшін

жалпыхалықтық тілдің жиынтығының қолданылуы. Адамдардың күнделікті тұрмыстағы тілінің ресми сферадағы тілден айырмашылығы бар, ғылыми рефераттардың тілінің орта білім беретін мектептердегі педагогтардың тілінен айырмашылығы бар, сондықтан тілдің стилі мынадай болып бөлінеді: көркемдік, іскерлік, күнделікті тұрмыстағы, ғылыми, публицистикалық, кәсіптік-техникалық.

Экскурсоводтың тілінің стилі көркем сөзбен ойды білдіру, сөйлеуді құрастыру мен сөздерді қолдану болып табылады. Оның басқа стильден айырмашылығы әңгіменің өзіндік формасы мен тәсілі, ерекшелігі мынадай: ықшамдылығы, бейнелілігі, көніл күйге байланыстылығы, тазалығы. Осы ерекшеліктердің әрбірінің өзіндік ерекшеліктері бар.

Кейір экскурсоводтардың дербес стилі оның жеке мамандық шеберлігінің деңгейін, оның сөйлеу мәдениетін сипаттайты. Экскурсоводтың стилінің ерекшелігі оның тағайындауына байланысты. Экскурсоводтың тілінің тагайындалуы: а) тарихи оқиғалардың сыртқы бейнесін жасау; б) байқалатын нысанға бейнелейтін оқиғаларды, табиғи құбылыстарды, жеке тұлғаның іс-қимылдарын, жүріс-тұрысын, экскурсанттардың көз алдына елестететін жеткілікті толық қамтылған сипаттама беру; в) бұрынғы болып кеткен уақыттағы тарихи жағдайды, экскурсанттарды соның қатысушысы сияқты сезінуге мәжбүр ету. Экскурсияда тілді тек барынша көп әңгімелейтін құрал ретінде қарастыруға болмайды. Экскурсоводтың тілінің маңызды сапасының бірі көрсетілудің ерекшелігіне бағынуы. Мысалы, жергілікті жер, жеке заттар, ескерткіштер, оқиғалар және құбылыстар туралы көз алдына елестету үшін экскурсоводтың тілі бейнелі мәнерлі болуы керек. Экс-

курсоводтың әңгімесінің түрі алдына қойылған мақсатқа, тапсырмада сәйкес өзгереді. Әңгіменің түрі баяндау немесе қайта құрылу болуы мүмкін. Баяндау – белгілі бір оқиғаны, оның барысын сипаттаудың біркітірлген әңгіме.

Әңгіме айтушы тыңдаушыларға оқиғаның қайда және қашан болғаны тура-лы мәлімет береді. Экскурсиялардың көбісінде материалдың мазмұнын баяндау стилі қолданылады.

Экскурсоводтың сөйлеуінің шапшаңдығы мен ырғағы әңгіменің мазмұнына байланысты болады. Экскурсияның барысында ол көп рет өзгеруі мүмкін: тез немесе баяу. Сөйлеудің шапшаңдығын уақыт бойынша тез, орта, баяу, сондай-ақ байсалды, бір-қалыпты, үзілмелі деп беледі. Сөйлеудің шапшаңдығының барынша то-лық мағынасын жақсы тақпак немесе өлеңдерден, олардың мазмұнынан байқауға болады.

Нақтылы тақырыпты дайындау, әңгіме жасау кезінде экскурсоводқа өз бетінше қолындағы сағатпен үйрену орынды, 1 мин. – 75 сөз – тез сөйлеудің шапшаңдығы, орта – 60 сөз, баяу – 45 сөз. Жаңылтпаш (1 минутта 80 немесе одан да көп сөз) кез келген аудиторияда болмайды, экскурсиялық материалды түсінуге бөгет болады, тыңдаушыларды тез шаршатады. Жеке мәтінді айтуға дайындалу кезінде ең негізгі ойларды, негізгі ой желісін беліп көрсету керек.

Экскурсоводтың сөйлеуінде негізгі ой желісі басқа матиериалдан гөрі баяу айтулады. Негізгі жағдайды, орынды барынша маңызды ойларды дамыттын, бейнелейтін материал жылдам шапшаңдықта мазмұндалады. Оның стилін терминдерді, концепциялық айналымдарды, ұзақ сөз тізбектерді қолдану сөйлеудің кемшілігі болып табылады. Мұның бәрі тың-

дауышыны жалықтырады, олардың зейінін сейілтеді. Үйде және жұмыста олар қарапайым тілмен сөйлеседі. Олардың әрқайсысының сөйлеуі басқа әңгімелесушіден ерекшеленеді, анықтығымен, логикалығымен, бейнелеуімен түсінуге қарапайымдылығымен тартымды болады. Мұндай маман қолына микрофон ала салысымен материалды экскурсанттардың жалығуын шақыратын құрғақ, қазыналық тілмен мазмұндайды. Сонымен қызықты материалды «өлтіреді».

Сонымен, сөйлеу мәдениетіне нақты тоқталайық. Сөздік қорының байлығы мен грамматикалық конструкцияны, көркемдік мәнерлілігі мен логикалық қисынды, дene қымылы мен ымдап түсіндіруді жинақты бейнелейтін сөйлеу мәдениетті сөйлеу болып саналады.

Професор В.А. Артемовтың «Сөйлеу мәдениеті» атты кітабында осы үғымға айтылу мәдениетін, грамматикалық форманың мәдениетін және сөйлеу синтаксисін, сөйлеудің стилистік мәдениетін қосады. Сөйлеу мәдениеті үғымы ауызша және жазбаша сөйлеуде тен дөрежеде болады. Олардың әрқайсысының өз ерекшелігі болады.

Бірақ мәдениетті адам айтылу ережелері, сөздікті грамматика мен стилистиканың ережелерін бұзбай айтуы әрі жазуы қажет. Экскурсовод сөйлеудің ауызша және жазбаша негіздерін білуі керек. Экскурсоводтың мынадай шығармаларында: бақылау және жеке мәтіндерде, әдістемелік талдауда, библиографиялық шолуда жазбаша сөйлеудің мәдениеті өрнектеледі. Жазбаша сөйлеудің мәдениетін білу экскурсоводқа жазбаша еңбектің алдында қойылған тапсырмада байланысты нәтижеге жетуге мүмкіндік береді. Экскурсияның бақылау мәтіні

оқуға арналған, ал жеке мәтін әңгімеге жақын тілмен мазмұндалады: ол аудиторияда айтылуы керек.

Ауызша сөйлеудің мәдениеті толық көлемде үш құрамадас бөлік ретінде қарастырылады: мәдени тілмен сөйлеу, сөйлеудің психологиялық мәдениеті және коммуникативтік сөйлеу мәдениеті.

*Сөйлеу мәдениетінің тілі.* Сөйлеу мәдениетінің тілі – сөздік мәдениет, грамматикалық формалар және сөйлеу синтаксисі, айтылу мәдениеті (дыбыс, сез, дауыс ырғагы), сөйлеудің синтаксистік мәдениеті, дене қымылды мен ымдал түсіндіру мәдениеті ұғымдарын біріктіреді.

*Сөйлеудің психологиялық мәдениеті.* Сөйлеудің психологиялық мәдениеті сөйлеудің мазмұны, оның туисінкілігі, мәнерлілігі (фонетикалық және лексикалық құрал, грамматикалық және стилистік мәнерлілігі), сөйлеудің әсері (бұйрық беру талап ету, ұсыныс беру, тапсырма беру, ақыл айту, етініш, тыйым салу, ескерту) тे-різді ұғымдардан тұрады. Сөйлеудің психологиялық мәдениетінің кейір әдістемелік тәсілдері, мысалы, тапсырма қабылдау, негізі болып табылады.

*Сөйлеу мәдениетінің коммуникациялығы.* Коммуникативтік сөйлеу мәдениеті аудиториямен байланыс кезінде мынадай бөлімдерді қамтиды: экскурсовод – акпараттың (білімнің) қайнар көзі; экскурсоводтың әңгімесі – нағыз хабарды ұйымдастыру жүйесі; бағыты – әңгімені ойлағандай қабылдау мен түсіну.

Тілмен жұмыс істеуді экскурсоводтарға сөйлеу техникасын (дем алу, дауыс, мақам (дикция) менгеруден бастау керек. Мақам, яғни дыбысты шығару мәнері және сөйлеудегі сездерді, анық және ашық айту керектігі ете маңызды. Әр сез, соның ішінде басқа тілден енген сездер, адамның

аты мен әкесінің аты анық естілүі керек, топқа түсінікті болу керек. Бұдан кейін сөйлеудің дауыс ырғагы (интонациясы), (екпін, үзіліс, тыныс, қүй, шапшаңдық, тембр) менгеріледі. Экскурсоводтың дауыс ырғагы аудиторияға сөйлеу формасы болып есептеледі. Оның әңгімегі рөлі өте зор. Бірақ әңгіменің негізі ой ғана емес, әңгімеге ерекше баяу енгізетін сезім экскурсоводтың материалдың мазмұнына (тариhi оқиғаларға, табиғи құбылыстарға, фактілерге, заттарға, адамдарға) қатынасын көрсетеді. Интонацияның (дауыс ырғагы) әңгімеде басқа да тағайындалуы бар. Кейде ол белгілі бір ойды логикалық аяқтауға да жеткізеді. Ол фактының мағынасын ерекше көңіл аударуға мүмкіндік береді, әңгімеге салтанатты сипат, ойламаған жерден, сұраулы, бекітілген және т.б. береді. Дауыс ырғагының өзгеруі әңгіменің мағынасына сәйкес келеді.

Екпіннің дұрыс қойылуын қадағалау қажет. Сонымен қатар бүкіл жұмысты сезге екпіннің дұрыс қойылуына апарып тіреуге болмайды. Әңгімегі логикалық екпін мен сез тіркестерін үтір-нұкtesіне дейін өңдеу керектігі маңызды.

Экскурсия өткізуғе дайындалу кезінде экскурсовод өзі үшін жеке-жеке дайындаиды. Мұндай мәтіндерге талап етілетіндердің бірі – орындаушының сөйлеуінің жекеше ерекшелігін ескере отырып материалды мазмұндау. Бұл үшін әңгіме экскурсиядан мүшеленіп алынады, оның мазмұны менгеріледі. Осыдан кейін экскурсовод мәтіннің жеке беліктерін – тақырыппаларды және негізгі сұрақтарын, кіріспе мен қорытындысын қарастырады. Мұнда әңгіменің маңызды жерлерін бөліп шығарады. Содан кейін әңгіменің беліктерін жеке сез тіркестеріне бөліп тастайды, оларды экскурсовод ауди-

торияда айту үшін дайындауды. Экскурсовод дауыс ырғағына байланысты компоненттерді практика жүзінде тексереді: сөйлеу үшін екпін, сөйлеудің темпі және ритмі.

Экскурсовод қызын сөздерді және сөзді тұжырымдауда механикалық жаттамау керек, оларға тіл жаттықтыру керек, оның мағынасын түсініп, содан кейін ғана оларды есте сақтау қажет. Ең бастысы экскурсоводтың сөйлеуінде оларды ойдағыдай сауатты қолдауына жету. Бұған жете алмаған жағдайда кейбір сөздерді экскурсоводқа бұрыннан таныс басқа сөздермен ауыстыруға болады.

Әңгімені дайындау кезінде экскурсовод мазмұнына сәйкес сез сарының өзгерту туралы ойлау керек. Белгілі бір оқигаларға байланысты толқу әңгімешінің ашуын, куанышын, мақтанышын, таңдануын, қайғыруын, үмітін оятады және бұл дауыстың дыбысының шығуын өзгертеді, әңгіме жоғары үнде жеткізіледі. Бұл жағдай оқиганың маңызына көніл аударады, экскурсанттардың зейінін өзіне аударайп әкетеді, дұрыс қорытынды жасауға мәжбүрлейді.

Осындағы көтеріңкі, салтанатты әңгіме оның белгілі бір бөлігінде бүтіндей табиғи болады. Бірақ экскурсиядағы барлық әңгімені, тіпті аудиторияны қобалжыттын мүмкіндігі бар ең қызықты тақырып болса да жоғары үнде жүргізуге болмайды, оны мелодекламацияға айналдыруға болмайды. Әңгімеге мәдени сөйлеудің талаптарының бірі өз шамасын сезіне алу. Экскурсоводқа бір сарындылықтан, солғындықтан аулақ болу сияқты, шамадан тыс көтеріңкі, жалған пафостан, айқайлаудан қашу қажет. Олар іске зиян келтіреді, экскурсияны өткізуінде өсерлілігін төмендетеді.

Экскурсоводтың көркем әңгімесі аудиторияның сезіміне ғана әсер ете-

ді және экскурсанттардың көніл күй сезімінің (эмоциясының) пайда болуына мүмкіндік тузызады. Экскурсоводтың сөйлеуінде гибратты сарынға, тәрбиешілік сарынға тыйым салынады. Экскурсовод кіріспе сезіндеңі дауыс мәнері үні мазмұнға сәйкес сергек, жарқын болуы қажет. Кіріспе экскурсоводтың келесі қимылына арқау қызметін атқарады.

Экскурсоводтың сөйлеуіндеңі мәнерлілік құралдары. Сөйлеу мәнерлігі әр формада көрініс табады. Сөйлеудің мәнерлілік құралдарына ойдың тірі бейнелі көркемдеуінің әдіс пен тәсілдері жатқызылады. Экскурсоводтың сөйлеуінде мәнерлік құралдар орынды қолданылуы керек. Сөзді әсерлеу қажет болғанда, оны бұдан да ашық, бейнелі, мәнерлі және сенімді ету жағдайларында қолданылады. Экскурсоводтың әңгімелерінде мынадай әдіс-тәсілдерді қолдану ұсынылады: эпитеттер, салыстыру, метафора, синонимдер, антонимдер, омонимдер, төл сез, қаратпа сез, атаулы сөйлемдер, сез ойыны, күтпеген қорытынды, мақалдар, мәтепдер және т.б.

Қатынасадың сөйлеуден тыс құралдары. Экскурсиялық жұмыстардың әдістемелік әдебиеттерінде қатынасадың сөйлемнен тыс (сөзден тыс) түріне экскурсияны өткізуідегі ыммен, дene қимылымен ишараптау (қол сермеу, қол бұлғау, бас изеу, бас шайқау, т.б.) тәсілдері жатады.

Сөздік қатынас аудиторияға мәліметтің екі ағымы: дискретті (үзілмелі) ағын – сөзбен және үзіллісіз бейнелеу ағымы сөйлеуден тыс әсер етуі болып табылады. Бейнелеу ағымына жест (ым, дene қимылы) сөйлеу дауыс ырғағы, жымию, дene тұрысы, қалпы, жүріс-тұрысы, мимиканың түрлері, дene қимылымен кіреді. Сөйлеудің көмегімен мәліметтің мағынасы беріледі.

Қатынасудың сөйлеуден тыс құралы аудиторияға кішігірім мәтін жеткізеді (ішкі, айтылғандарға қосымша, оған қатысты) .

Сөйлеуден тыс форманың аудиторияға әсер етуі ым, дene қимылының үлгісі экскурсоводтың тәртібінің қарапайым элементі болып табылады.

Жест (ым, дene қимылы), қолмен қимылдау және басқа денениң қимылы анықталған мағынасы бар белгіні білдіреді.

Сонымен жалпы экскурсияны ұйымдастырып және он өткізуде жоғарыда айтылған сөйлеу мәдениеті туралы мәселелер ескерілуі керек.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Экскурсия дегеніміз не?
2. Экскурсоводтың негізгі қызметі қандай?
3. Экскурсияда тақырып түсіндірілуінің неше сатысы бар. Оларға тоқталыңыз.
4. Экскурсоводқа қандай таланттар қойылады.
5. Экскурсияны өткізу әдістемесіне қысқаша тоқталыңыз.
6. Экскурсоводтың сөйлеу мәдениеті.

## 4-тарау. Қонақүйлерде қызмет көрсетуді ұйымдастыру

### 4.1. Қонақүй шаруашылығының ерекшеліктері

Қонақүй бизнесінде ең кең таралған және ең ескісі – қонақүй кәсіпорны. Қонақүй – белгілі бір уақыт ішінде, басқа бір аймақта бару мақсатымен саяхатқа шығуы, түнеу үшін белгілі стандарттар бойынша құрылған ғимараттар. Қонақүй қызметі келген қонақтың түнен-үінен бастап бүкіл демалу, көніл көтеру, тамақтану, емделу сияқты қажеттіліктерін қамтамасыз ететін орын болып саналатындықтан, саладағы персоналдардың басым бөлігі қонақүй қызметтеріне жұмылдырылған.

Қонақүй – туризм секторының негізін құрып, демалушыларға заттай қызмет беретін құрылыш. Бұл құрылыштар әр жерде әр түрлі көріністе болуымен қатар, мақсаттары бір болған адамдарға қызмет көрсетеді. Қонақүйде берілген қызметтердің өлшемі қонақүйдің физикалық құрылышы мен қонақүйде жұмыс істейтін қызметшілердің пейіліне байланысты.

Бірнеше ғалымдардың айтудынша, қонақүйге төмендегі анықтамаларды беруге болады:

- Қонақүй – бірінші кезекте жергілікті жерге жат қонақтардың уақытша түнейтін орны болса, екінші кезекте стандарттарға ие және тамақтандыру қызметін ұсынатын коммерциялық кәсіпорындар.

- Қонақүй – туристерге саяхаттау барысында құнын өтеу арқылы

түнеу және тамақтану қызметтерімен қамтамасыз ететін үйым.

- Қонақүй – кәсіпкерлігі, ғимараты, ғимаратының жабдықталуы, тауар мен қызметтері келушілерді белгілі бір мерзім ішінде қанағаттандыра алатын, сонымен қатар тамақтану қызметімен де қамтамасыз ететін үйым.

- Қонақүй – уақытша түнеу ниетімен келген жолаушыларды қабылдап және оларға орын бөліп, ресторанның қамтыған үйымның атавы.

Сонымен, қорыта келгенде, қонақүй кәсіпорын тарапынан айрықша бір келісімшартты қажет етпейтін, өзіне ұсынылған қызметке қарамастан, белгіленген құнды өтеуге қолдау білдіретін адамдарды тынығумен қатар азықпен де қамтамасыз ететін орын. Немесе, етпелі бір мерзім үшін орын ауыстыру және қонақтау мақсатында белгіленген стандарт бойынша жүйеге келтірілген кәсіпорын болып табылады.

Қонақүйге келген демалушыларды қарсы алу, күту тағы басқа қажеттіліктерін өтейтін қонақүйлердің басты ерекшеліктерін мына түрде түсіндіруге болады:

- Қонақүй қызметтері «уақыт» сатады. Қонақүйдің бір бөлмесі 24 сағат ішінде сатылуы керек. Бөлменің сатылуы түнмен шектелген. Ол түні сатылмаған бөлме, кәсіпкер үшін үлкен

қаржының жоғалуы деп есептеледі. Қонақүй қызметтінің артық бөлме ұстау ерекшелігі жоқ. Өндірілген немесе дайындалған кезінде сатылуы керек.

– Қонақүй кәсіпорны «адамның күшіне» сүйенеді. Қонақүй кәсіпорнында технологияны қолдана алатын алаңдар ете шектеулі. Мысалы: бухгалтерия және брон жасау бөлімдерінде компьютер пайдаланады. Төсектердің жасау-жабдығы, тамақтардың дайындалуы немесе демалушыларды қарсы алу, т.б. қызметтер адам күшімен орындалады.

– Қонақүй қызметтері мен қонақүй қызметкерлері арасында жақын бір іс бірлігі керек. Қонақүй – бір-біріне ете бағымды бөлімдерден шыққан экономикалық және әлеуметтік бір құрылыш.

– Қонақүйлер тек қана қондыру қызметтін емес, тамақтану және көніл көтеру сияқты бірнеше қажеттіліктерді де қамтамасыз етеді.

– Қонақүй – күннің 24 сағаты, аптаның 7 күні және жылдың 365 күні

(маусымдық қонақүйлерден басқа) тоқтамай қызмет ететін жүйе. Қонақүйде демалушылар дем алып жатқанда немесе демалыстарын көнілді бір түрде еткізіп жатқанда, қонақүй қызметшілері жұмыс істеу керек.

– Қонақүй өндірісі – динамикалық қонақүй құрылышы технологиясымен және қонақүй түсінігімен қалыпты болып өзгеріс көрсеткен бір индустрия. Демалушы әрқашан қонақүйден жаңа қызметтер күтеді. Осы себептен қонақүй кәсіпорны үнемі жаңару, жаңғыру үстінде болады. Қонақүйдің ең жақсы жарнамаларын жасай алатын адам – қонақүйде болған демалушылар.

Бірінші ретті қызмет көрсететін кәсіпорындардың үшінші тобында қонақүйлер түр. Қонақүй кешендері тек қана туристерді орналастырудан түсетін қаржы арқылы күн көреді. Сонымен қатар қонақүйлер автомагистральдарда, суда орналасқан отельдер болып, «тайменер» отельдер, терапевтикалық, мүгедектерге арналған және т.б. болып жіктеледі.

### Туристерді қабылдау жағдайларындағы айырмашылық

Классикалық қабылдау жағдайлары: қонақүйлер, отельдер аландары

Қазіргі заманғы қабылдау жағдайлары:  
 А. Негізгі: мотель немесе отельдер, жүзеттін отельдер, қала сыртындағы отельдер, терапевтикалық отельдер, мүгедектерге арналған отельдер.  
 В. Қосымша апартаменттер, коттедждер, жалға алынған кемпингтер.

**4.1-сурет. Классикалық және қазіргі заманғы орналастыру жүйелерінің айырмашылығы**

## 4.2. Қонақүй шаруашылығының басқа кәсіпорындардан айырмашылығы

Қоғамда қызмет пайызының жоғарылығы қонақжайлалық индустрияда екенін ескере отырып, осы еңбекте қонақүй кәсіпорындарының басқа экономикалық индустриядан қаржылық құрылым тұрғысынан, өзіндік құн тұрғысынан, маркетинг тұрғысынан, қажеттілігін қанағаттандыру, ұсынылған қызметтің құнын өтеу тұрғысынан, сұраныстың икемділігі тұрғысынан айырмашылықтарын көрсетуге болады.

*Қаржылық құрылым тұрғысынан айырмашылығы.* Қонақүй кәсіпорындарын кең түрде қолма-қол пайдалану жеке адамдар және мемлекет тарапынан жүзеге асады. Әсіресе, үлken дәрежелі отельдерде және халықаралық тізбектегі отель кәсіпорындарында бұл өте ашық түрде көрінеді. Отельдің иелері тарапынан басқарылуында капиталдың үлken белгілінің жылжымайтын мүліктеге құйылуы, кәсіпорында амортизациялық шығындарын арттырып, ликвидиттік мүмкіндігін кемітеді. Бұл деген сөз төлемдерге тәуекелділікті арттыратын фактор болып табылады.

*Өзіндік құн тұрғысынан айырмашылығы.* Қонақүй кәсіпорындарында қонақтарға ұсынған өнімдердің өзіндік құндарының белгіленуінің басқа кәсіпорындардан өзгешелігі бар. Отельдің тағамдану бөлімі қызмет саласы ең кең түрде, көп персонал жұмыс істейтін бөлімі болып табылады. Сонымен қатар шикізат пен мүліктің шұғыл түрде циркуляцияға түсетін бөлімі болып табылады. Бұл бөлімде тағамдар мен сусындардың тез арада сатылуын қамтамасыз етеді, сақталуына жол берілмейді. Осы себептен үлken дәрежелі отель кәсіпорындарының

көбісінде өндірілген әр тағамның жиынтық шығын жеке-жеке белгілеу өте қыын. Бірақ стандартты шығын жүйесін пайдаланып әр түрлі тағамның жалпы шығының есептейді. Бұл жүйеде девиация деңгейлері жогары болуымен, нәтиженің дұрыстығы сенімді емес. Бұл үшін отель кәсіпорындарының басқа индустриалды кәсіпорындардан айырмашылығы өндірілген тағамның жалпы шығыны да есептедеді. Негізінде отель кәсіпорындарында жұмыс күші шығындарында, сату бағасын назарға алғанда, басқа кәсіпорындарға қарағанда өте көп артықшылықтары бар. Бұл тұрғыдан отель кәсіпшілігінде пайдаланған айлық жүйесі мен жогары жұмыс күші шығындарын кәсіпорынға жаңастырмауға тырысады. Бұл жүйе персоналдың пайдасы мен отельдің табысын теңестіретін әділ жүйе болып табылады. Сол себепті бұл жүйе тәсілімен персоналдың табысы отельдің табысымен тұра деңгейлі болып көрінеді.

*Маркетинг тұрғысынан айырмашылығы.* Қонақүй кәсіпорындарында өнімдер мен ұсынған қызметтердің тиімділігін арттыру мен сату жеңілдігін қамтамасыз ету мақсатында маркетингтік қызметтерді пайдаланады. Маркетингтік қызметті мақсатқа лайық түрде жасауда кәсіпорындар алдымен нарықтағы орнын сақтайды, қолда бар нарықтық қорларды дамытады, тіпті жаңа нарыққа жөнелтеді. Отель кәсіпорындарының өнімдерімен ұсынған қызметтерінің жарнамалануында басқа кәсіпорындарға қарағанда мына айырмашылықтарға ие:

– Қонақүй кәсіпорындарының ұсынған өнімдерінің жарнамалануы тек қана өнімнің сатылуы емес, сондай-ақ ауماқтық, ұлттық және халықаралық имидж қалыптастыру қызметі болып табылады.

– Индустримальды кәсіпорындарда өнім өндіру сатысынан келушінің тұтынуына дейін жоспарланады және әр түрлі жерлерге жөнелтіледі. Ал отель кәсіпорындарында болса, ұсынылған өнімдер мен қызметтер қонақтар тарапынан бір-ақ отельдің құрылымында тұтынылады.

– Индустримальды кәсіпорындар бағандыру саясаттарын ішкі және сыртқы экономикалық және статистикалық мәліметтерге қарай жүзеге асырады. Ал отель кәсіпорындары болса, сатуға ұсынылған өнімдердің және қызметтің қорға сақталынбауы себебінен одан да кейінгі сатуда жүзеге асырылуы үшін міндетті түрде қызметті ұсынуы керек.

*Қажеттілікті қанагаттандыру тұрғысынан айырмашылығы.* Қонақүйде қонақтардың жылы шыраймен қабылдануы көбінесе қызметкерлердің жақсы жұмыс істеуін қажет етеді. Сондай-ақ кәсіпорында сатылған тауар мен қызметтердің сақталынбауы және, қажет болса, «еңбек күші» өнімдері болуы себебімен бір-бірімен айырмашылығы бар. Отельдің ас үйінде дайындалған тағам және ресторанда ұсынылған сервис қызметтерінің қажеттілігін қамтамасыз ету тұрғысынан стандартталуы мүмкін емес. Бұл қызметті толығымен ұсынған қызметкер мен қонақ арасындағы құбылыстың нәтижесі болып көрінеді.

*Ұсынылған қызметтің құнын өтөуі тұрғысынан айырмашылығы.* Отель кәсіпорында сатуға ұсынылған өнім-

дердің және қызметтің құны, жалпы алғанда, нақты түрде төленеді. Бұл да қонақ төлемдерін төменгі деңгейде болуын сақтайды. Басқа кәсіпорындарда болса, алатын есебі «тұтынушы қарыздары» құрылым секторында – 40 %, сауда кәсіпорында 14% болса, қонақүй кәсіпорындарында 2% ғана.

*Сұраныстың икемділігі тұрғысынан айырмашылығы.* Қонақүй кәсіпорында сұраныстың алдымен шешімді түрде шамалануы өте қын. Себебі отель кәсіпорында сұраныс экономикалық және саяси конъюнктурадағы толқындардан шұғыл әсер алады. Осы себептен отель кәсіпорында тәуекел жоғары. Сонымен қатар отель кәсіпорында маусымдық өзгешеліктері де сұраныстың белгілі бір кезеңдерінде азаюына немесе артуына себеп болуда. Индустримальды кәсіпорындарда болса мұндай жағдайлар жоғары деңгейде кәсіпорынның процедурасына әсер етпейді. Себебі, экономикалық және саяси конъюнктурадағы өзгерістер болса да өндірілген өнімдердің сақталуына мүмкіншілігі бар.

Сонымен қорытындылай келгенде, қонақүй кәсіпорыны басқа экономикалық түрлі секторларынан әр жақты айырмашылығымен ерекшеленеді. Капиталдың жылжымайтын мүлікке салынуы, ұсынылған қызметтің өндірілген жерде тұтынылуы, нарықта тауардың өзіндік тартымды ерекшелігімен, ең бастысы қонақүй кәсіпорында қызмет пен тауардың сақталынбауы болып табылады. Бұл жерде қонақүй кәсіпорны экономикалық әртүрлілігімен ерекшеленгені туралы айттылған.

### 4.3. Қонақүй шаруашылығының жіктелінуі

1. Мақсаттарына қарай жіктеу;
2. Меншік түріне қарай жіктеу;
3. Үлкендігіне қарай жіктеу;
4. Жұлдызды жіктеу жүйесі;
5. Халықаралық жіктеу жүйесі.

Қонақтың болу себебіне байланысты емделетін, спортпен шұғылдану мүмкіндіктерін беретін, транзит өтетін жолаушыларға арналған, ресми қонақтарды күтетін, саяжай қонақүйлері бар.

Құрылыш жеріне байланысты қала қонақүйлері, тау қонақүйлері, теңіз, көл жағалауы қонақүйлері, вокзал қонақүйлері және т.б. болып табылады. Қала және вокзал қонақүйлерінің ішкі мақсаты саяхат жасағандарға, транзит жасаушыларға және көбінесе қысқа мерзімді қонақ қутуге арналған. Тау жағалау айналасындағы құрылған қонақүйлер болса демалу мақсатына арналған, жалпы ұзақ мерзімді қонақ қабылдауға сәйкес жасалған.

**Жұмыс істей уақытына байланысты:** бір жыл жұмыс істеген қондыру орындары – үлкен қала, жеткізуши трасса мен сауда, мәдениет орталықтарындағы қонақүйлер; бір маусым жұмыс істеген қондыру орындары – құрылыш жері шарттардың бірнеше айлық іс уақытына мүмкіндік берген туристік жерлерде табылады (теңіз жағалауларында және қысқы спорттық аймақтарда); екі маусым жұмыс істей алатын қондыру орындары: нақты мөлшерден де көп пайдаланылған және соңында өнім көзқарасынан да жақсы жағдайда болған өндірістер. Мысалы: Тайваньдағы Шитау сияқты қысқы спорттық сәйкес шарттарға ие болатын туристік айналаның, жаз айларында да демалыс туризміне қызмет етуі, яғни өндірістің екі маусым жұмыс істегенін көрсетеді.

Жайлышығы мен сапасына байланысты қонақүйлер құжаты бар және құжатсыз қонақүйлер болып екі топта анықталған. Туристік құжаттары бар қонақүйлер туризм министрлігінің туристік құжатын алғандар болып табылады. Жайлышық дәрежесіне қарай: туристік қонақүйлер және туристік емес қонақүйлер.

**Туристік қонақүйлерге қойылатын жалпы талаптар:**

1. Қонақүйлерді категориялар бойынша жіктеу мынадай талаптардың жиынтығына негізделген:

- материалдық-техникалық жабдықталуы;
- номенклатурасы мен ұсынылған қызметтердің сапасы;
- қызмет көрсету деңгейі.

Категориялар жұлдызы белгісімен белгіленеді. Жұлдыздар саны көрсетілетін қызмет сапасының жоғарғы деңгейде екендігін білдіреді. Қонақүйлер бес категория бойынша жіктеледі.

- Бес жұлдызды қонақүйлер – \*\*\*\*;
- Төрт жұлдызды қонақүйлер – \*\*\*;
- Үш жұлдызды қонақүйлер – \*\*;
- Екі және бір жұлдызды қонақүйлер – \*\* және \*.

2. Қонақүйлерде тиісті жол белгілері орналасқан, автокөлік кіре алатын жолы, жайлы әрі жарықтандырылған алаңы және де автокөліктер үшін қысқа мерзімді автотұрағы болуы тиіс. Көсіпорынның аты және категориясы көрсетілген тақта ілінуі тиіс.

3. Қонақүй экологиясы таза және жайлышы жерде орналасуы тиіс.

4. Қонақүйде тұтынушылардың өмір, денсаулық және мүлік қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек. Ғимаратта төтенше жағдайда шығатын жол, баспалдақ және қауіпті әрі төтенше

жағдайларда қонақтардың еркін бағыт алуы үшін белгілі ақпараттық көрсеткіштер орнатылыу туіс.

5. Қонақүйлерде «Әрт қауіпсіздік ережесіндегі» қарастырылған ережелерді ұстануы туіс, яғни өрттөн сақтану құралдары мен өрт жайында алдын ала хабар беру жүйесі болуы туіс.

6. Қонақүйлерде санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелер қатаң орындалуы туіс. Оларды санитарлық-эпидемиялық бақылау органдары бекіткен тәртіп бойынша ұстануы туіс.

7. Электр, газ жүйелері, су құбырлары мен канализация жабдықтары «Қонақүйлердің техникалық эксплуатациялық ережесіне» сай орнатылып және эксплуатациядан өтуі туіс.

8. Қонақүй инженерлік жүйелер мен жабдықтармен жабдықталуы туіс, олар:

- суық су және ыстық сумен;
- канализациямен;
- жылумен;
- желдету жүйесімен;
- радио және теледидармен;
- телефон байланысымен;
- бөлмелерді жарықтандыруды қамтамасыз етуі туіс.

9. Жаңа қонақүй жобаларында және ескі қонақүй реконструкцияларында мүгедектерді қарсы алу және қызмет көрсету жағдайлары қарастырылуы туіс.

Қонақүйлерді үлкендігіне байланысты айтар болсақ, қонақүй кәсіпорны үлкендігін көрсететін өлшемдердің мемлекеттер бойынша айырмашылықтары бар екенин ұмытпау керек. Мысалы: Батыс Еуропа мен Америкада кішкентай қонақүй біздің мемлекет үшін орта үлкендікте немесе үлкен болуы мүмкін. Орналастыру орындаудағы бөлме мен жұмыс көрсеткіш саны критерийлерін қолдана отырып, қонақүйлер былайша төрт түрге

бөлінеді: үлкен, орташа, кішкентай және өте кішкентай қонақүйлер.

– Үлкен қонақүйлер: 100-ден көп бөлмесі бар және ең аз дегенде 100-110 жұмысшысы бар қонақүй.

– Орташа үлкендіктегі қонақүйлер: бөлме саны 50-100 арасында өзгеретін және тағы 50-100 арасында жұмысшысы бар қонақүй.

– Кішкентай қонақүй: 50-ден төмен қонақ қабылдай алатын және сондай мөлшерде жұмысшысы бар қонақүй;

– Өте кішкентай қонақүйлер: жалпы маусымдық және бір отбасы қөлемінде жұмыс жасайды. З немесе 5 адам тарапынан қызмет көрсетілетін бүл сияқты құрылыштар 15-20 адамды қабылдай алады.

Қонақүй шаруашылығы туристің әр түрлі мекенде қону қажеттілігін қамтамасыз етіп және көп жағдайда туризм әсерімен ерекшеліктерге жетті. Саяхат және ақпарат технологиясындағы бүл даму жолы қонақүй секторының да дамуына мүмкіндіктер беріп, әдебиетке жаңа түсініктер кіргізуде:

– Отель дегеніміз – адамдардың түнеу, тамақтану, көңіл көтеру және басқа да әлеуметтік, мәдени қажеттіліктерін белгілі бір ақы алу арқылы қанағаттандыруға мамандандырылған ең кемі 10 бөлмелі қоғамдық орын.

– Мотель – қалыптасқан орталықтардан басқа жол жағаларында орналасып, моторлы көліктермен саяхаттаушылардың қонуы, ішіп-жеуі және көліктерінің автопарк қажеттіліктері үшін қызмет ететін кем дегенде 10 адамдық орналастыру орны.

– Демалыс жерлері сұлу табиғат аясында немесе тарихи-археологиялық жерлерде құрылған, әр түрлі спорт және көңіл көтеру шараларын үйімдастыратын ең кемі 60 бөлмелі қондыру өндірісі.

– Пансиондар демалушыларға ішіп-жеу қызметтің көрсететін немесе де-

малушыларға өз тамақтарын дайындау мүмкіндіктерін ұсына алатын ең кем дегенде 5 бөлмелі орналастыру орны.

– Кемпингтер жол бойына жақын жерлерге, қалаға кіре берісте, теңіз, көл, тау сияқты табиғи сұлулықтары бар жерлерде құрылған және жалпы туристердің өз мүмкіндіктерімен түнеу, тамақтану, демалу, көңіл көтеру және спорт қажеттіліктерін өтейтін ең кемі 30 бөлмелі орталық.

– *Apart* қонақүйлер – демалушының қажеттілігін өтеу үшін керекті жабдықтармен қамтамасыз етілген тәуелсіз үй

немесе вилла түріндегі мөлтек аудан сияқты құрылған орналастыру орны.

– *Tau үйлері* (oberj) – спорт және аңшылық туризміне арналған ең аз дегенде бір жұлдызды қонақүй қызметтің көрсете алатын қондыру орны.

– *Hostel* мәдениет және спорт мақсатымен саяхаттаған мұғалім және оқушылардың немесе демалу және білім үшін саяхаттайтын адамдардың арзан, таза өрі сенімді қона-жату мүмкіндігін ұсынатын, тамақтану қызметтің көрсететін ең кемі 10 бөлмелі орналастыру орны.

#### 4.4. Қонақүй шаруашылығында қызмет көрсету технологиясы

Қонақүй кәсібінің көлеміне қарай әкімшілік үйымдастыру схемасын бұдан бұрын жасаған жіктеуде көргеніміз сияқты, қонақүйлердің үлкендік критерілеріне қарай өзгерістер ұсынады:

– үлкен қонақүйдің үйымдастыру схемасы: бөлменің саны 100-ден көп болатын қонақүйлер. Мысалы, Америкада бөлменің саны 500-ден көп болатын қонақүйлер үлкен қонақүйлер тобына кіреді;

– орташа үлкендікте қонақүйдің үйымдастырылу схемасы: бөлмелердің саны 50-100 арасындағы қонақүйлер;

– кішкентай қонақүйдің үйымдастырылу схемасы: бөлменің саны көп дегенде 50 бөлмeden болатын қонақүйлер.

Әкімшілік үйымдастырылудың схемаларында орын алатын бөлімдерге байланысты қонақүй қызметтерін төмендегідей жіктеуге болады:

Қонақүй қызметтерінде бағалану бөлімдері. Бұл бөлімдердің саны қонақүйдің түріне және үлкендігіне қарай өзгереді. Бағаландыру бөлімдері әрі қамтамасыз етілген, әрі қаржылық

пайда келтіретін орталығы болып табылады.

Үйымдастырылған қонақүйде алғашқы іс-қимыл нұктесі алдыңғы бюро болып табылады. Демалушымен алғашқы қарым-қатынас жасайтын алдыңғы бюро – қонақүй мен демалушы арасындағы кілт саудасының, демалушының ақпарат алу талаптарының және демалушының есепшоттарының жасалатын орны. Алдыңғы бюро басқарумен қатар, барлық демалушылардың қызметтері арасында координацияны қамтамасыз ететін нұкте. Яғни, бұл демалушы мен қонақүй арасындағы байланыс нұктесі. Демалушыны алдыңғы бюродағы қызметкер жақсы қарсы алса, өзін үйіндеңідей сезінеді. Егер қонақүйдің басқа бөлімдеріндегі қызметтерінде бір кемшілік болатын болса, демалушы оны елемейді, тіпті көңіліне де алмайды, себебі алғашқы тілдесу нұктесі болған алдыңғы бюродаң алған жағымды әсері сақталып қалады. Алдыңғы бюроның физикалық орны қонақүйдің кіре беріс есігіне, лифтілерге

және баспалдақтарға жақын болуы керек, бір лоббиден бөлінуі керек және артқы кеңе жұмыстарын жүргізетін кең алаңдарға ие болуы керек.

Қонақүй қызметі бөлмелер бөлімі, тіркеу бөлімі, қабат қызметтері және анықтама (униформалы қызметкер) бөлімдерінен тұрады.

*Tіrkeu бөлімінің негізгі функциялары:* бөлменің сатылуын жасау, алдыңғы бюро қызметтерін жолға қою, демалушылардың есеп-шоттарын ұсташау, чек беру және алатындарын жүзеге асыру керек. Қонақүйге келген және төлем ақысына шамасы жеткен әркімнің қонақүйге қабылданылатыны айғақ болса да, тіл қатысы мен мінез-құлқы жағынан басшылыққа бағынбайтын адамдар қонақүйге алынбайды. Мұндай адамдар әрі қонақүйдің қызметкерлерін әбігерге салып, әрі басқа қонақтарды да ыңғайсыз жағдайларға қалдыруы мүмкін. Осы себептен мұндай жағдайларда өте абай болу керек. Қонақүйге қонақтың қабылдануы қонақүйдің табысын арттыру жағынан өте маңызды. Бірақ қонақтардың талап-тилектері де орынды болуы керек. Бір жағынан қарағанда, қонақтардың қажеттіліктерінің орындалуы, қонақүйде алғаш кездескен жер тіркеу бөлімінен басталады. Қонақтардың барлық шағымдары да тіркеу бөліміне келіп түседі. Сол үшін тіркеу бөлімінің қызметкерлері өздерінің жұмыстарынан басқа, қонақтарға қалай сөйлеу керек екендігін де өте жақсы білулері керек. Әр түрлі мәселелермен келген қонақтардың өтінішін мейлінше қысқа уақытта шешулері керек, шеше алмаған жағдайда жоғары басшылыққа айтуы керек.

Қабат қызметтерінің бөлімі: демалу бөлмелерінің, дәліздің, залдың және жалпы қонақүйдің тазалығымен, төсек-орындардың жиналудымен,

кірлердің ауыстырылуымен және басқа да заттардың тазаланудымен айналысады. Сатылуға дайын тұрған бөлмелер туралы тіркеу бөліміне мәлімет беруге, жөндеу және техника қызметімен байланысты бөлімдерге хабар жеткізуге міндетті.

*Анықтама бөлімі.* Алдыңғы биуроның демалушыларға тікелей қызмет ететін бөлімдерінің бірі де анықтама бөлімі болып табылады. Бұл бөлімде униформалы қызметкер жұмыс атқарады және бөлімнің негізгі өнімі – қызмет. Жұмыстары өте оңай болғанымен, функциялары өте маңызды. Себебі, демалушыларды қарсы алу, заттарын бөлмесіне тасу, шығарып салу және басқа қызметтерді орнына келтіру осы бөлімнің қызметкерлері тарапынан атқарылады.

*Тамақтану бөлімі.* Дамыған қонақүй көсіпорны рестораныз және барсыз болуы мүмкін емес. Тамақтану бөлімінің пайдалы және үлгерімді жұмыс істеуі үшін үлкен мөлшерде құш жұмсалады. Осы себептен бұл жердегі бағалардың өте мүқият бақылануды керек. Төленген тамақ құны – барлық тамақ шығындары қонақүй нөмірлерінің және турларының құнына қосылады деп білдіреді. Контиенттік пансион деп тек таңғы асқа төлем ақыны айтады, таңғы ас пен кешкі ас жарты пансион, ал үш мерзімдік асты толық пансион деп айтады. Кейде тамақтың құнына сусындар да кіреді. Егер тамақ турдың құнына кірмесе, оған қосынша, келген жерде төленуі қажет. Тамақтандыры өндірісінде туристерге тез және нақты қызмет етуіне көніл бөлінеді. Тамақтандыру орындарында қызмет көбінесе үш түрлі мәзір бойынша жүзеге асады. Мәзір (меню) бұл – тамақтану орындары ұсынатын тағамдар мен сусындардың тізімдемесі.

- Табльодот (*Table d'hôte*), қонақ мәзірде көрсетілген тағам атауының бір



**4.2-сурет.** Орналастыру орындарының құрылымы

түрін таңдайды, мұнда бір атау бойынша (сорпа, салаттар, ыстық тамақ, десерттік ас, сусындар) ортақ баға белгіленеді.

- «A ля карт» (A la carte) формасы, қонақтар мейрамхана ұсынған жалпы мәзір бойынша талғам жасайды, әр тағамның бағасы бөлек көрсетіледі, мұнда қонақтың өз қалаган тағамын таңдауға мүмкіншілігі болады (жеке адамдарға және біраз топтарға).

- *Prix Fixe*. Қонаққа нақты тағам түрлері белгіленген баға бойынша ұсынылады, көбінде таңдау мүмкіндігі бола бермейді.

*Basqaru bolumi*. Қонақүйді басқару және онымен байланысты есеп-шоттарды ұсташа құзіретіндегі қонақүйдің директоры және оның қарамағындағы қызметкерлер басқару бөлімін құрайды.


*Техникалық қызмет бөлімі*. Қонақүйдің жылуы, жарық, таза ауаландыру сияқты өндірістер мен құрылымыс

жөндеулермен айналысады. Техникалық қызметшілердің саны қонақүйдің үлкендерінде мен қызмет ету жылына қарай өзгереді.

*Esep-кисап бөлімі*. Қонақүйлерде бухгалтерия бөлімі көбінесе жұмыс бақылауда арналады. Бұл бақылаудың уш мақсаты бар. Ең бірінші – демалушыларға арналған женілдік және түскен ақшаны демалушылардың есепшоттарына сәйкес түрде тіркеу. Екіншісі, қонақүй қызметшілері тарапынан немікүрайлы қарауды шектеу. Кір жуатын бөлімі. Қонақүйдің бөлмелері мен ішіп-жеу бөлімдерінде жуылуды қажет ететін кірлер мен демалушы кірлерінің тазалануы үшін қызмет көрсетеді.

Қонақүй кәсіпорындарындағы жұмыстарды үйымдастырудың қолданылатын маңызды элементтер.

*Жұмыстың бөліну ережесі*. Үйымдастыруды бастамастан бұрын төмендегі барлық жұмыстарды зерттеп негізгі және әрекеттегі жанама функцияларды



4.3-сурет. Тамактану белгімін басқару құрылымы

*бөліп алып және бөлек-бөлек көрсету керек.*

– *Қызметтердің қайталаңбауын бақылау керек.*

– *Басқарушылардың, қызметкерлердің міндеттерін, жұмыс шенберін жақсылап белгілеу керек.*

– *Кәсіпорынның мақсатына қарай ең аз жұмыс құшін қолдану арқылы, уақыт, құш-қуат және ақшаны үнемдеу керек.*

– *Өндіріс құралдары және еңбек күші жұмыстардың ерекшеліктеріне сай таңдалуы керек. Басқаша аттайтын болсақ, жұмысқа лайық құралдар мен қызметкерлер таба білу.*

– *Міндет, өкілдік, жауапкершілік шенберлерін белгілеу. Міндет – адамға берілетін жұмыс. Өкілдік атқарылатын жұмыс жайында шешім қабылдау, жұмысты орындау және басқа біреуден осы жұмыстың орындалуын талап ету қықығы болып табылады. Жауапкершілік – қызметтердің өзіне тиісті жұмысты орындаға мәжбүр болуы.*

– *Бір қызметтер бөлімдер арасында таралмау керек. Мысалы: сатып алу жұмыстары, бухгалтерия, азық-түлік бөлімі қонақүй бастығының арасында таралмауы керек.*

– *Қызметкерлерге белгіленген жұмыс шенберінен тыс жұмыс бермеу керек.*

*Даму ережесі. Ұйымдастыруды өзгермейді деп ойламау ерек. Қажеттіліктерге және кәсіпорын жұмыстарына қарай ұйымға тәртіп енгізу.*

*Еркіндік ережесі. Бастықтардың дұрыс деп ойлаған жұмыстарды өз еркімен атқаруға және керекті шараларды қолдануға еркіндіктері болуы керек.*

*Бірлік ережесі. Ұйымдастыру тәртіппен және бірыңғай ұйымдастырылуын жүзеге асыратын түрде болуы тиіс.*

*Бұйрық беру ережесі. Кәсіпорынды ұйымдастыруда бұйрық беру бірлігін қамтамасыз ету керек.*

– *Ұқсас жұмыстарды топтап, бір басшының жауапкершілігіне беру керек.*

– *Ұйымдастыруда бақылау болуы керек. Бақылау функцияларын жұмысты тиімді үйлестіру арқылы және міндет, өкілдік пен жауаптылығы бар адамдардың басқарушы болып тагайындалуы нәтижелерінде тиімді жолмен жүзеге асыра аламыз.*

*Ұйымдастырудың пайдалары:*

– *Жақсы ұйымдастыру басқаруды жеңілдетеді. Жақсы ұйымдастыру болмаған жағдайда, кәсіпорынның жұмысына байланысты өте көп жұмыстардың орындалмай қалғанын байқаймыз. Бір қызметкерге қажеттілігінен артық жұмыс тапсырылуы ұйымдастырылудың жақсы болмағанынан пайда болады. Жақсы ұйымдастырылмаган кәсіпорында бір жұмысты бірнеше адам атқаратын болады. Осыған байланысты кейбір қызметкерлердің істері жарамсыз болады, өте көп келіспеушіліктер пайда болады да, қыншылықтарға тап болуы мүмкін.*

– *Жақсы ұйымдастыру өркендеуді көрсетеді, яғни әр түрлі жұмыстардың тапсырылуы онай болады.*

– *Технологиялық дамудың кәсіпорынға енгізілуі, күннен-күнгө дамып келе жатқан технологияға назар аудару керек.*

– *Кәсіпорындағы әлеуметтік байланыстардың жақсаруы, қызметкерлер арасында жақсы қарым-қатынастың пайда болуы және шиеленістің алдын алу тек қана жақсы ұйымдастырумен мүмкін болады.*

– *Еркін және шығармашылық ойды ынталандырады және жаңа әдістің пайда болатындығы жөнінде қызметкерлерге мүмкіндік береді.*

## 4.5. Қонақүй көсіпорындарындағы өнімділікке әсер етуші факторлар

Қонақүй көсіпорындары қонақтың қажеттіліктері бойынша тауар мен қызмет ұсынылады. Қонақүй табысының жоғарылауы қонақүйге келген қонақтардың қажеттіліктерін байланысты. Себебі, қонақүйде ұсынылған тауар мен қызметтер қонақ қажеттілігін қамтамасыз етеді де, қонақүйдің үздіксіз табысты түрде қонақтардың келіп, бөлмелердің толы болуына, бөлме кірісінің жоғары болуына жағдай жасайды. Сондай-ақ бөлмелері толы болған бір қонақүйдің басқа да сату бөлімдеріндегі (ресторан, бар, тұнгі клуб) кірістері де сәйкесінше жоғары болады. Қонақүйде ұсынылған тауар мен қызметтің сатуында ең әсерлі бөлім алдыңғы бюро болып табылады. Қонақтарды ұсынылған қызметке деген өздерінің шағымдары болған жағдайда ең алдымен осы алдыңғы бюро бөліміне білдіреді.

Әр қонақтың қандай ерекшеліктерге ие болғанын білу қонақтардың қажеттілігін қамтамасыз етуде жеңілдік тудырады. Қонақтардың қонақүйде қалу барысындағы қажеттіліктері оларды тіркеу кезінде белгілі болады. Бұған байланысты қонақтардың жалпы қажеттілігін 3 топқа бөлуге болады:

1. Қонақтар қонақүйге келгенде тіркелу қажеттілігі.
2. Қонақтардың қонақүйде қалу қажеттілігі.
3. Қонақүйден шығу қажеттіліктері.

Қонақтар қонақүйге кіргендегі қажеттіліктерін тиімді және жоғары деңгейде қабылдайды. Қонақтардың аэропорттан қонақүйге тасымалдауда бұл іс-шаралардың ең қолайлы шарттарымен жүзеге асырылуы сақталады. Бұл іс-шаралар жақсы көлік-құралының аэропортта уақытында өзір болуымен басталады.

Қонақтар қонақүйге барадан бұрын тіркеу бөлімінде қыыншылықтар болмау үшін алдын ала дайындалады. Және топ лидерінің мәліметінде ұсынылған және қонақтар жағынан да қонақ өзін түнеумен байланысты әр түрлі мәлімет және құжаттар (бөлме ашу кілті, тамақ түрлері, брошюра картасы) автобус ішінде таратылып беріледі. Түнеу құжаттары қонақтарға қол қойылып алынады, бөлме нөмірлері жазбаша болады. Қонақ жүктеріне жазбаша түрде нөмірлер мен аттары жазылады. Қонақ қонақүйге келгенде, жүктері бөлмелеріне апарылады және ресепсионда әр түрлі тіркеу іс-шаралары жасалып, бөлмесіне дейін жеткізіледі. Сондай-ақ жоғарыда айтылған іс-шаралардың айтылуында, жасалуында қонақтың сұранысы, қалаулары да ескерілуі тиіс.

Қонақтар қонақүйде қалу мерзімінде ең жақсы сапада, барынша мүмкіндіктерді пайдалана отырып демалуы қажет. Өйткені, қонақтар қонақүйде түнегенде, өздерін жақсы сезіне алған жағдайда одан да көп шығын жұмысауы, қалу мерзімін ұзартуы мүмкін. Мұның барлығы қонақ қалауларына жауап берілуіне және оның қалауының қанағаттануына байланысты болады. Әсіреле, бөлме қызметтің және косъерж қызметінің ең жоғары деңгейде қонақ қажеттілігін қанағаттануына байланысты. Бұл қызметтер төмендегідей болады:

- 24 сағат бөлме қызметінің берілуі;
- бөлмеде танғы ас ішудің мүмкіндігі;
- бөлмеде бейне және теледидар көру мүмкіндігі;
- бөлменің әр уақытта таза болуы және ішіндегі жиһаздар ретті орналасуы;

- әр түрлі хат-хабардың алынуы және дер кезінде таратылып отыруы;
- қонақтарды ояту қызметінің бे-рілуі;
- қонақүйге сырттан газет, дәрі-дәр-мек және т.б. қажетті заттардың өке-лініүі;
- такси шақырылуы;
- театр, кинотеатр билеттеріне, кө-лік құралдарына алдын ала тапсырыс беру;
- сауда-саттық орталықтары, банк және т.б. жайында мәліметпен қамта-масыз ету;
- қонақүйден шығардағы атқарыла-тын жұмыстар туралы мәлімет беру;
- хатшылық қызметтердің берілуі.

Қонақтың қонақүйге кіруінде және түнеу мерзімі ішінде алған қызмет-терден нәтиже шығара алады. Бірақ қонақүйден шығарда көрсетілген те-мен деңгейдегі қызметтер бұрынғы қалу барысындағы барлық жұмыстар-ға әсерін тигізді. Осы себептен қонақты қонақүйден шығарып салу осы байланыста үлкен рөл атқарады. Қонақтар қонақүйден шығу кезіндегі қажеттіліктер:

- қонақтың кететін мезгілін алдыңғы бюроның білуі және әр түрлі іс-шаралардың даярлануы;
- есеп айырысу кезіндегі түсініс-пеушіліктің алдын алу;
- қонақтың кететін күнгі оятатын уақытын жазу және керек-жараганың жасалуы.
- кететін кезде жүктөрінің алынуы және лоббиге шығарылуы;
- есепшоттың жабылуы, такси ша-қырылуы және жүктөрін таксиге дейін жеткізу.

Қонақүй кәсіпорындарында тауар және қызмет сатып алған қонақтар жағынан жағымсыз көзқарас туын-датқан жағдай және оқиғаларға көр-сетілген кері әсерлер қонақ шағымы болып табылады. Қонақ шағымдары

ауызша не жазбаша жасалады. Қонақтардың қонақүйден қалаған мәсе-лелерді ауызша ресепсионға жеткізу-лері сияқты анкета формасын тол-тырып ресепсионға және отель бөл-месіне бере алады. Егер қонақтар саяхат агенттігінің көмегі арқылы кел-се, сол агенттікке шағымдарын жаз-баша және ауызша білдіре алады. Алдыңғы бюро бөлімінің қызметкері әр тарапты қонақ шағымдарымен ке-лісе алатындағы көзқараста болуы тиіс. Қызметкерлер қонақ шағымдарын дұрыс қабылдай алғанмен, қонақ қалауын істей алмаса, бүкіл жұмыстары зия кетеді. Қонақ шағымдарын екіге бөлеміз:

- 1) Қонақүй сыртында пайда болған шағымдар.
- 2) Қонақүйде пайда болған ша-ғымдар.

Қонақүй сыртында пайда болған шағымдарға қонақүйге кірмей тұрып бұрын пайда болған шағымдары жатады. Мысалы: қонақтың жүктөрінің аэропорт кәсіпорны тарапынан жо-ғалуы.

Қонақүйде орын алатын шағымдар:

- қонақ ертемен қонақүйге келгенде бөлменің түске дейін болмауы, одан кейін бөлменің басқага берілуі;
- қонақтың қонақүй терминдерін біле алмауы;
- тіркеу бөлімі қызметкерлерінің қо-нақүй толып кетті деп сендіре алмауы;
- ауаландыру жүйесінің жеткілікті деңгейде жұмыс істемеуі және бөлме-нің жеткілікті деңгейде жылышмауы;
- шұмектерден су ағызы және ды-быс шығаруындағы ақаулар;
- бөлменің еркін ашылып жабылма-уы;
- бөлме реттілігінің жеткіліксіздігі;
- мейрамханаларда тамақ тапсы-рысының кеш келуі;
- телефондардың жақсы жұмыс іс-темеуінен телефон шалу қындығы;

– ояту қызметтінің тәмендігі;  
 – қонақүй қызметкерлерінің жылы жүзді қызмет көрсетпеуінен шықкан мәселелер;  
 – қонақүйде пайдаланатын мүмкіндіктерінің өте жеткіліксіздігі.

Қонақүй кәсіпорындарының басшылары қонақтардың қажеттіліктері мен шағымдарын ескере отырып тәжірибе жинақтап, басқа бәсекелес кәсіпорындардан алдыда болуға талпынады.

Қорыта айтқанда, қонақүй кәсіпорындарындағы қонақтың қажеттіліктері мен шағымдары – сол бір кәсіпорынның бәсекелес нарық экономикасындағы өзінің орны мен болашағын сақтап қалудағы ең негізгі мәселелердің бірі. Туристердің қажеттіліктері де қазіргі ұшқан құстай дамыған заман талабына сай күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. Сондықтан сол қонақүйдің мүмкіндігінше соған бейімдеу, ең сонғы техникалық жабдықтармен жабдықтау, туристерге ең сапалы, тез, қауіпсіз қызмет ету міндет. Бір қонақүйдің да-мұы үшін оның туристеке ұсынған қызметтің бағалау, кемшилікті түстарын көрсетеу мақсатында әр түрлі шағымдар қызметкерлер мен басшыға дейін келіп түседі. Бұлардың әр қайсысын дұрыс көзқараспен қабылдай отырып, екінші рет болмауына, туристердің жақсы демалуына жағдай жасалуы керек. Туристердің қажеттілігін қамдай алу, шағымдарын дұрыс қабылдап өзгерте алу кәсіпорынның тасы өрге домалауы үшін өте маңызды рөл ойнайды.

Қонақүй кәсіпорында өндірілген тауарлар мен қызметтер өте көп еңбек сініруді қажет етеді және ең алдымен қонақтардың психологиялық сезімдерін қанағаттандыруға бағытталады. Сондықтан қонақүй кәсіпорында барлық технологиялық жаңалықтарға қаншалықты маңызды көніл бөлсе де, бәрібір де қызметтерді адамдар ұсынуы

қажет, бұл кәсіпорын өнімділігін жеке адамдардың өнімділігіне бағынышты етіп қояды.

Қонақүй кәсіпорнындағы қызмет сапасының жоқтығы, жұмысқа шықпай қалулар, жауапсыздық, жұмыстық өзара күрделі қатынастар, салақтық, ұқыпсыздық, өте ұзақ мерзімді мақсаттарды таңдау, шешімдерді баяу қабылдау, білім мен мәлімет жетімсіздігі, шалағайлыш – осының барлығы жеке адамның өнімсіздік көрсеткіштері. Жоғарыда саналған барлық факторлар кез келген типтегі қонақүйлерді алға қарай дамытуда кедергі болып табылады. Қонақүй кәсіпорынның өнімділігіне әсер ететін факторларды үш топқа бөлуге болады:

– Кәсіпорын қызметкерлерінің қабілеттілігі;

– Ұйымдастыру факторлары;

– Қоршаған орта факторлары.

Қонақүй кәсіпорындағы жұмыстар еңбек сініруді көп қажет ететіндіктен, қызметтердің сапасы қандай да бір жеке адамның әсеріне оншалықты ұшырамайды. Жеке адамның өнімділігіне оның жеке сапалары сияқты фактор тікелей әсерін тигізеді.

Қызметкерлердің мінез-құлқы қаншалықты маңызды болса, жеке адамды стреске ұшырату әсері де соншалықты маңызды, өйткені адамның стреске бейімділігі оның қабілеттіліктеріне және қажеттеріне бағынышты болады.

Өнімділікке ақыл және соған үйлесімді қабілеттіліктер әсерін тигізеді. Адамдарға жұмысты олардың ақылы мен зейінділігіне байланысты беру керек. Егер тапқыр, зейінді адамға ескішіл жұмыс берсөн, ол оған қызығушылығын тез жоғалтады, сөйтіп оның өнімділігі төмен түсіп кетеді. Қа-зір тапқырлық пен жұмыс өнімділігінің өзара қарым-қатынасын анықтау үшін көптеген тесттер бар.

Қонақүй кәсіпорнында жұмыс тікелей адамдармен байланысты болғандықтан, ол үлкен еңбек шығынында, зейінділікті де қажет етеді. Дегенмен зейінділіктен де маңызды фактор бар. Бұл – іскерлік. Өте жоғары өнімділікке жету үшін қызметкерлерді олардың іскерлігіне қарай жіктеу керек және осы жіктеуге негізделе отырып басқару керек.

Жеке адамның өнімділігіне әсер ететіндігіне байланысты стресстер мен ішкі сезім проблемалары да өндірістік белсенділікті төмендететін факторлар болып табылады. Үнталаңдырудың жеткілікіздігі немесе оның қажеттілігі – тағы да стрестің нәтижесі.

Стресс қызметкерлерге азырақ немесе көбірек әсер етеді. Егер де жұмыстағы стресс қызметкердің жеке өмірінде болған келенсіз жағдайдың әсерінен болса, онда бұл қайғылы жағдайға әкеліп соқтыруы мүмкін. Ишкі сезім үйлестігін ойда болмаған оқиға немесе күтпеген жағдай да бұзыу мүмкін.

Жұмыстағы стрестің себебі бірнеше болуы мүмкін: өте жеңіл міндеттер, қисынсыз күрделі тапсырмалар, агрессивтік кері байланыс, қызметкердің қалауына қарама-қайшы жұмыс беру, қолайсыз жұмыс жағдайлары, т.б. Стресс нәтижелері де әр түрлі және адамның ерекшеліктеріне байланысты болады.

Қызметкерлердің үздіксіз стрестері мен ішкі тепе-тендік бұзылулары қонақүй кәсіпорнының іс-әрекеттеріне өте күшті әсерін тигізеді. Жеткіліксіз еңбекақы, міндеттердің біркелкі бөлінбеуі, қызметкерлердің іс-әрекеттерінің жеткілікісі бағалануы, сапалы жұмыс үшін мүмкіндіктердің жеткілікіздігі – осы және басқа да себептер стресс туғызады және кәсіпорнының өнімділігін төмендетеді.

Жеткіліксіз ынталандыру – төмен өнімділіктің негізгі себебі. Егер адам табысқа жеткісі келсе, оны дұрыс ынталандырумен қамтамасыз ету керек.

Ынталандыру саласындағы зерттеулер қызметкерлердің ой-пікірін өзгерту, өнімділікті көтеру үшін жағдай жасау, еңбекақы төлеу жүйесін ауыстыру және ынталандыру түсінігін өзгерту мақсатында мүмкіндіктер табуды жобалады. Бұдан басқа, жоғары басшылықтың қызметкерлер табысын түсінуі де сипаттау элементі болып табылады. Барлық бұл зерттеулер мен ынталандыру теориялары қызметкердің өнімділігі мен қанағаттандыруышылығы арасындағы тиімді өзара қатынасты құрудың қыындығын көрсетеді. Үнталандыру қызметкерлердің табыстылығы үшін негізгі болып табылады. Алайда өзімен-өзі ол жеткіліксіз. Мысалы, қабылдау бюросында болып жатқан процестер туралы аз білетін адам үшін, тіркеу белімінде істеуі үшін оны күшті ынталандыру жеткілікісі болады.

Кез келген қонақүй кәсіпорнында қызметкерлердің денсаулық жағдайы ерекше маңызға ие. Өйткені денсаулықтың нашарлығы мен әр түрлі аурулар төмен өнімділіктің негізгі себептері болып табылады. Мұндай жағдайларда басшылық тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

1. Өнімділікке әсер етуші ішкі факторлар – ұйымдастыруыш факторлар.

Қызметкерлердің табысына өң әсер ететін факторларға басқару саясаты, жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру құрылымы, жұмыс шарттары және қызметкерлердің өзара еңбек қатынастары жатады.

Кәсіпорын саясаты мен қызметкерлер өнімділігі арасында өте жақын байланыс бар. Тәртіпті қызметкерлердің қажеттіліктерін қанағаттанды-

руға тырысқан қонақүйді басқару және осылайша қойылған мақсаттарды әрдайым жаңартып отыру да қызметкерлердің өнімділігін көтереді.

Қызметкерлерге олардың дағдылары мен іскерліктеріне үйлесімді міндеттер артылуы керек.

2. Өнімділікке әсер етуші сыртқы факторлар – қоршаған орта факторлары. Қонақүйден тыс қоғамдық орта болады. Қоғамның жұмыскерлерден күтетін әрекетінің басқа адамдардан күтетін әрекеттерден еш айырмашылығы жоқ. Қоғамның әрекеттері дәстүрлөрге, әдет-ғырыптарға және қоғамдық пікірге сүйенеді. Ұйымдастырудың қоғамдық қоршауы мәдениеттік, топтық және мәндік құрылымнан тұрады. Қоғамдық ортада қызметкерлердің стресін тудыратын көптеген нәрселер болады. Стресті экономикалық, саяси және технологиялық белгісіздік топтарына белуге болады.

Жоғарыда айтылған факторларға сүйене отырып мына жолдарды қарастыруымыз қажет: қайта ұйымдастыру немесе өзгерту процесінде басқарушылар қонақүй имиджі мен құрылымымен бірге, басқару және басшылық ұғымының өзін де өзгертуі керек. Басшылық құрылымындағы және басқару ұғымындағы өзгерістер

басқарушылар мен қызметкерлер арасына алтын көпір болуға, тез шешім қабылдаудағы кедергілерді жоюға бағытталуы тиіс.

Технологияның дамуы, ғаламданудың күшеюі, әлеуметтік-мәдени және экономикалық тез өзгерулер шындық пен адам үміттері арасындағы айырмашылықта маңызды әсерін тигізді. Қазір сапаға, төмен бағаларға, жылдамырақ және ұзак өмір сүруші қызметтер мен тауарларға адамдар үлкен сұраныс білдіреді. Бұл қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін «бірінші кезекте – адам» деген ұранды негізге алу керек, оны адамдарды тыңдайтын және естітін, арнайы дайындалған, басқа адамдарды қызықтыра және бағыттай алатын, басқалардың көмегін кері қайтармайтын, бәсекеге қабілетті бола алатын, ғылыми басқару жүйесін дамытатын басқарушылар жүзеге асыруы тиіс. Бұдан басқа, олар ескішілдіктен арылып, жаңа басқару көзқарасын құрулары керек, идеялар тудыруы керек, оларды жеткізіп айта алуы керек, орташа топ менеджерлерін дамытуы керек және жаңа білім ала алатын, жаңа технология мен ғылымды дамытатын қызметкерлер жұмыс істейтін мекемелерді құрулары керек.

## 4.6. Қонақүй шаруашылығында жаңа ақпараттық технологияны қолдану

Қазіргі таңда жаңа технология көптеген қонақүй көсіпорындарының және олардың арасындағы қатынас түрінде іс-жүргізу әдісін өзгертеді. Бүгінде өзінің мүмкіндіктерін бүкіл әлемге жайған броньдау және тіркеу компьютер жүйелері арқылы жүзеге асуда.

Броньдау жүйелері мен әдістері қолдану саласы мен технологиялық

ерекшеліктеріне байланысты әр түрлі формаларға ие. Жаңа технологиялардың пайда болуы қонақүй иелеріне мәселелерді шешу мүмкіндігін берді. Әсіресе, саяхаттаушылардың көлік және қонақүй броньдарын жасауға мүмкіндік беретін, компьютер желісіне қосылған үй компьютерінің пайда болуы, кейбір делдалдардың қызметіне қажеттілікті жоққа шығаруы мүмкін.

Жоғары технологиялардың заманауи әлемінде жаһандық интернет желісіне қосылмай ешқандай қонақүй жұмыс істей алмайтыны барлығына мәлім болды. Автоматтандырылған жүйелер еңбек өнімділігін және жоғары басқарма қызметкерлерінің білім деңгейін жоғарылатуға бағытталған. Заманауи шарттарда қонақүйде жаңа технологияларды қолданбастан жоғары деңгейлі қызметтерді қамтамасыз ету мүмкін емес. Жаңа технологиялар көптеген қонақүй процестерін автоматтандыруды қарастырады, әсіресе автоматты тіркеу және персоналды қысқарту арқылы қызмет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған жүйелер еңбек өнімділігін және жоғары басқарма қызметкерлерінің білім деңгейін арттыруға бағытталған.

Интернет іскер серіктестер табуға, қатынастар орнатуға, жарнама мен қызметтерді жылжытуға, сонымен қатар көптеген дедалдарсыз, яғни қызметтердің өзіндік құнын төмендетіп тікелей тапсырыс берушілермен байланыс құруға шектесіз мүмкіндіктер береді. Сонымен қатар броньдаудың компьютерлік жүйесінің болуы қажет болып табылады. Бұл жүйе қонақтардың қажеттіліктері мен қонақүй мүмкіншіліктеріне қарай қонақүйде бөлмені броньдау және тіркеу мүмкіндіктерін береді.

Халықаралық интернет компьютер желісінің қарқынды дамығаны соншалықты, жыл сайын оның жазылышылар саны мен ақпараттық ресурстар көлемі екі есе өсуде. Мұнда туристік және қонақүй бизнесі де шетте қалған жоқ. Интернетте қонақүйлерді, авиа билеттерді және турдың басқада құрамдастарын броньдау жүйесін тапсырыс берушілерге турагенттердің қызметтерінсіз демалыстарын өз бетінше үйымдастыру мүмкінді-

гін береді. Бұгінде, интернет қолданышылар үйіндегі компьютерлерінің көмегімен көріп, таңдал қана қоймай, сондай-ақ турдың барлық сегменттеріне бронь жасай алады (қонақүйлер, авиабилеттер, автокөліктер, экскурсиялар).

Мамандандырылған серверді құру – электронды жарнамаңың ең тиімді әдісі. Бұл бетте орналастырылған ақпараттарды интернетке кірген кез келген адам қолдана алады. Талап етілген орналастыру құралдарын іздеуді бірнеше критерийлер бойынша орындауға болады: орналасу жері, атауы, типі (қонақүй, мотель, турбаза және т.б.), қандай қонақүй тізбегінің құрамында екендігі, талап етілетін қызметтер жиынтығы мен құны. Ары қарай тапсырыс құру жүреді. Бір минуттан соң экранда отельдер тізімі шығады. Экранда отель көрінісінің фотосуреті көрінеді, оның бейнелемесі беріледі (орналасқан жері, мейрамханалары, барлары, бөлмелердің жабдықталуы). Бронь жасау үшін тапсырыс беруші жайында мәліметтерді беріп анкетаны толтыру қажет. Сонымен қатар кредит картасының нөмірі жазылады. Интернет арқылы броньдау тәулігіне 24 сағат жұмыс істейді және броньдау мен бекіту өзі бір тәулікте жүзеге асырады.

Интернет қонақүйлерді ұсыну формаларының көптігіне қарамастан, нөмірге тапсырыс беру схемасы жалпы болып табылады:

- бірқатар критерийлер бойынша қажет қонақүйді іздеу (бағасы немесе өуежайға дейінгі аралығы және т.б.);
- таңдалған қонақүй мен жұмыстардың тәртібін толығырақ білу;
- бронь жасау формасын толтыру (қалу мерзімі, тапсырыс берушінің аты-жөні және т.б.);
- броньның қабылданғаны жөнінде бекіту;

Серверлерде жасалған броньдар үш тип бойынша ерекшеленеді, олар: қонақүй немесе қонақүй желісінің серверінде бронь жасау; туропратор серверінде бронь жасау; тіркелу орталығының серверінде бронь жасау.

Қонақүй немесе қонақүй тізбегінің көпшілігі туропраторлар мен туралгенттіктерден емес, жеке тұлғалардан бронь қабылдауға бағытталған. Мұндай серверлерде ұсынылған бағалар базалы тарифтерден тәмен болады және агенттік комиссия оған кірмейді.

Тіркелу орталығының серверінде көбірек қонақүйлер ұсынылады. Тіркелу орталығының маркетингтік саясатына байланысты ол бөлек қонақүйлерін біріктіре алады. Сонымен қатар қонақүй бірнеше орталықтармен жұмыс істейді, ал ол дәйекті тапсырыс берушілер шеңберін кеңейтуге мүмкіндік береді. Туропратор серверінде ұсынылған қонақүйлерге туропратордың тұрақты байланысы бар, тапсырыс берушілерін орналастыруға кепілдік беретін қалалар мен аймақтарға отельдер жатады.

Компьютерлер қонақүйлердің ақпараттық-есептік орталықтарында кеңінен қолданады. Оның көмегімен тіркеулерді, келушілерді есепке алу, бөлмелердің бөлінісі, инвентарьды есепке алу және тағамдарды бақылауды басқару жүргізіледі. Қонақүйлерде негізгі функционалды процестерді автоматтандыруды қамтамасыз ететін, қызметкер үшін автоматтандырылған жұмыс орындары құрылуы тиіс. Барлық автоматтандырылған жұмыс орындары жергілікті компьютер желілерімен біріктіріледі. Ол байланыспен қамтамасыз ету үшін уақытты азайтып, бөлімдер арасында қарым-қатынасты ұйымдастырады және бүкіл қонақүй жұмысын тиімді жалғастыруға мүмкіндік береді. Кез келген қонақүй өзінің қызмет процесінде бірқатар

стандартты операцияларды жүзеге асырады: жарнама құру, хаттар мен тапсырыстарды жіберу, есепті құру (дайындау), мәліметтерді жинау және анализ жасау.

Қонақүй қызметі мемлекеттік және жергілікті тәртіптермен, нормалармен және жарлықтармен реттеледі. Бухгалтерлік есептен барлық қаржы операцияларын жүргізу үшін IC бухгалтерия бағдарламасын қолданған жән. Сонымен қатар, қонақүйдің басқа да қызметтерін автоматтандыраған жән, мысалы, қойма шаруашылығын «Инфоқойма» бағдарламасы көмегімен; мейрамхана жұмысын автоматтандыру үшін әр түрлі бағдарламалар бар. Кейбір қонақүйлерде осы қонақүйлердің ерекшеліктерін ескере отырып дайындаған арнайы жүйелер жұмыс істейді.

Шетелдік тіркелу жүйелерінің техникалық деңгейі отандық жүйелерге қарағанда әлдеқайда жоғары. Олар мобилді, көпфункционалды, сенімді, басқарылуы қарапайым, интернетке интеграцияланған. Мұндай жүйелердің қатарына мыналар жатады: *Gabriel, Sabre, Galileo, Amadeus, Fidelia Hotel Bank*. Барлық компьютерлік жүйелерде:

- бөлме мен орынға бронь жасауға;
- бөлмелердің толықтығын қадағалауға;
- тапсырыс берушіге тіркеуге;
- қонақтардың картотекасын жүргізуға;
- есеп айырысуды жүргізуғе;
- қаржылық есепті құруға болады.

Осы функциялардың барлығын автоматтандырылған режимде орындау қонақтарға қызмет көрсету сапасын жоғарылатады.

Жоғары класты қонақүйлер қоғамдық және тұрмыстық орындарды тек электронды кілтпен ашылатын электронды құлышпен жүйесін орнатуда. Ол индивидуалды коды бар пластикалы

магнитке картамен ашылатын есіктер. Қолдануды бақылау орталық пульт бойынша жүзеге асырылады. Магниттік картада қызмет көрсету уақыты мен күні кодталған. Мерзім біткеннен соң немесе бөлме ақысын төлемеген жағдайда персоналдың қатысусының бөлмеге кіру мүмкін емес. Мұндай электронды құлпып жүйесі қонақүйде қызмет көрсетудің жоғары деңгей көрсеткіші болып табылады және қызметкерлер мен қонақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Портъе қызметі келесі арнайы жабдықтарға ие:

- кез келген деңгейдегі электронды кілт-карталарды жедел жасауға болатын мини-терминал;

- арнайы технологиямен дайындалатын, әрбір кілт құрылғысына абсолютті нақтылық пен сыйымдылығына кепілдік беретін электронды кілт-карталары;

- электронды кілттер жасалған материалдар статикалық электр тоғын жинамайды, шаң мен су оған жер етпейді, механикалық әрекеттерге тұрақты;

- электронды кілтті кодтау құрылғасы – жаңа электронды кілтке қайта құрылған кодты жазады;

- ақпарат беру құрылғасы – кодтар сәйкес болған жағдайда, кодтау құрылғысы мен есік құлпы арасында интерфейс ретінде қолданылады;

- электронды кілтті мойындау жүйесі кілттің тұпнұсқалығын тексеру үшін қолданылады.

Электронды кілттерді әр түрлі жұмыс режимдерінде қолдануға болады: қонақ бөлмесі, кір жуу бөлмесі, қабат қызметтері, мини-бар, инженерлік қызмет, директор, апат, бір рет қолданылатын кілт. Әрбір қонақ тек өзінің бөлмесінің есігіне түсетін кілт алады. Директор мен әкімшілікте қонақүйдің кез келген бөлмесін ашуға

мүмкіндік беретін, арнайы кодталған кілт болады. Қажет болған жағдайда «апат» кілтінің режимі қолданылады.

Әлемдік қонақүй шаруашылығына электронды технологиялар 90-жылдардың басында қарқынды кіре бастады. Қазіргі таңда бұл іске тураленттіктер де белсенді кірісті. Жаңа технологиялардың пайда болуы қонақүй иелеріне бірнеше мәселені шешу мүмкіндігін береді. Қонақүйлерді басқару бойынша компьютерлік жүйелер жұмыс тиімділігін арттырады, тураленттіктер, туропраторлар конференция үйімдестірушылары мен тұрақты тапсырыс берушілердің операциялар көлемі жайында мәліметтер беруге мүмкіндік береді. Жаңа технологиялар заманауи маркетингтік жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді, турөнімді өткізу жөнінде арнайы компаниялардың корытындыларын тексереді, электронды пошта жібереді. Авиакомпаниялардың жаһандық броньдау желілерінен байланыс жасауы жаңа нарықтарға шығуна көмектеседі. Алайда кіші фирмалар мен жекеменшік қонақүйлер үшін жаңа технологияларды қолдану мүмкіндіктері қаржылық ресурстарының аздығымен шектеледі. Мұндай жағдайларда компромисс жиі қолданылады.

Қол жеткізген операцияның көлемін сақтап қалу үшін, қаржы мүмкіндіктерін көбейту үшін және жеке технологияларын құру шағымдарын қысқарту үшін тураленттер халықаралық топтар, одақтар мен ассоциациялар құруда.

Компьютерлік броньдау жүйелері «Жаһандық өткізу жүйесі» атаяны алды. Бұл термин халықаралық туризмде белсенді қолдануда. Компьютерлік броньдау жүйесінің өткізудің басқа формаларымен салыстырғанда артықшылықтары бар. Олар өте қысқа мерзімдерде бронь жасау, телефон, факс және басқа да байланыс шы-

ғындарын үнемдеу, қатаң қаржылық бақылау жүргізу, статистикалық мәліметтер негізінде өткізу қызметтің аналитізін жүргізу мүмкіндітерін береді.

Турагенттіктердің халықаралық броньдау жүйелері бар (*Supernational Worldwide Reservation (SWR)*, *Utel Reservation (UR)*). Турагенттіктердің бөлініс жүйелері қонақүйлерде бөлме броньдау мен көлік билеттеріне резервация жасаудан басқа, әр түрлі туроператорлардың тур пакеттерін ұсынады. Ол өз кезеңінде сауданың көбейінше әсер етеді. Осыған байланысты туристік агенттіктерді заманауи компьютер жабдықтармен және байланыс құралдарымен жабдықтау маңызды болып отыр.

Дербес компьютерлер есеп шығару жүйесін көрсетеді, оның барлық қорлары бір ғана жұмыс орнын бір ғана пайдаланушыға дағыланған. Корпоративтік компьютерлер де есеп шығару жүйесін көрсетеді, бірақ ұйымдағы барлық пайдаланушылар ортасына арналған. Міне, осыдан ДК-дің негізгі айырмашылығын табуға болады. Ережеге сай, корпоративтік компьютерлер дербес компьютерге қарағанда қуатты және көлемімен өте қажетті ақпараттар қорларын сақтайды.

Суперкомпьютерлер есеп шығару жүйесін сипаттама шекарасында есеп күші мен қорларында көрсетеді. Олар әскери және космостық облыстарда, ғылыми зерттеулерді, ғаламдық әлеуметтік-экономикалық процестерді болжамдауда пайдаланады.

Компьютерлік желі – бұл компьютерлік жүйе каналдарымен қосылған берілетін мағлұмattар, жүйе арқылы әр түрлі ақпараттық-есептік қызметтерді пайдаланушыларды мағлұмattармен қамтамасыз ету.

Компьютерлік желілер қамту териториясына байланысты бөлінеді:

- жергілікті (*LAN — Local Area Network*);

- аймақтық (*MAN — Metropolitan Area Network*);

- ғаламдық (*WAN — Wide Area Network*).

Қонақүй бөлмелеріне резервация жасаудың компьютерлік жүйелері үлттық және корпорациялық болады. Үлттық компьютерлік желілер, мысалы, қарапайым *Trevelodge Chail* ағылшын жүйесі өте тиімді болып табылады. Броньдау орталық компьютер көнссесіне қосылған тегін көлкапаналды телефон желісі бойынша жүргізіледі. Өзгерту және бастарту, тапсырыстар жылдам және қарапайым түрде жүзеге асады. Корпорациялық бронь жасау желілері өзіндік дайындалған бағдарламалар бойынша жұмыс істейді және консорциумға қосылу принципі бойынша қонақүйлерді біріктіреді.

Көптеген жекеменшік қонақүйлер мен қонақ топтаратының авиакомпаниялардың броньдау жүйесіне қосылу мүмкіншіліктері жоқ. Жаһандық компьютер желісінің жұмысына нақты бір турагенттікі қосылу механизмін *Mәскеуде ашылған WorldSpan* жаһандық компьютер желісінің екілеттігі мен оку орталығының мысалынан қарастыруға болады. Турагенттіктерге берілетін құрал-жабдықтар жиынтығына, әдетте, екі компьютер және билет басып шығаратын арнайы принтер кіреді. Жүйені қолдану үшін жалға алу ақысы айна орташа есеппен 800-ге жуық долларды құрайды. Жүйеде жұмыс істеу үшін оған кіретін әрбір қонақүй және авиакомпаниямен келісімшартқа отыру міндетті емес. Жаһандық компьютер желісімен жасалған бір келісімшарт жеткілікті.

Жергілікті желідегі абоненттер бірбірінен онша ұзақ емес қашықтықта болады. Бұл – жеке ұйымдардың, фирмалардың, банктердің, көнселердің,



4.4-сурет. Ақпараттық технологияны басқару құрылымы



4.5-сурет. Компьютерлік желілер және туризм индустриясындағы коммуникация жүйесі

корпорациялардың және т.б. желілері. Аймақтық компьютерлік желі қалалық, аудандық, облыстық абоненттерді байланыстырады. Ғаламдық желілер бір-бірінен ұзақ қашықтықта орналасқан абоненттерді байланыстырады, әсіреке әр түрлі мемлекеттерді немесе әр түрлі материктерде тұратын тапсырыс берушілерді.

Телекоммуникация жүйелеріне, әсіреке оперативтік байланыс жүйелерін, оның ішіне телефон, ұялы телефон, пейджер, телеграф, факсильдік байланыс технологиясы жатады. Мамандандырылған жабдықтар – құрылғы, сервис аясындағы ұйымдарды басқарудағы бағдарламалық-ақпараттық комплекстер. Мәселен, мұндай құрылғыларға POS-терминалдар, асханалық принтерлер, электрондық қамалдар жатады. Ұйымдастырылған техника – техникалық құрал, кеңседегі тапсырмаларды автоматтандыруға арналған. Ipi фирмалардың кеңселік жабдықтарына көшірмелі көп шығаратын аппараттар, диктофондар, проектілік жабдықтар, ламинаторлар, құжаттарды жоютын машиналар (шредер) және көптеген басқа да заттар кіреді.

Интегралдық кеңселік өнім – бұл бағдарламалық комплекстің өнімі, мағлұммартарды алмастыру дәрежесінде бір-бірімен жақсы қарым-қатынас орнатады. Интегралдық кеңселік өнімнің мақсаты – турфирманың қызметкерлерін күнделікті бірге ұйымыс істеу кезінде қолданылатын құралдармен қамтамасыз ету, туристік ұйымның тапсырмаларын комплексті түрде шешу. Интегралдық кеңселік өнімге, мәселен, Microsoft office өнімі қызмет етеді, ол неше түрлі нұсқауларда беріледі, оның ішінде әр түрлі ұсыныстар болады. Өнімнің ең негізгі ұсыныстарына мыналар жатады:

*Word* – тексттік редактор, күрделі құжаттарды құруға ыңғайлы құрал,

құрамында математикалық құралдар, кестелер, суреттер, диаграммалар құруға болады;

*Excel* – кестелік редактор, күрделі электрондық кестелерді құруға және кең түрде есепшоттарын қалыптастыруға арналған құрал. Excel-дің электрондық кестелерінде әр түрлі инженерлік, статистикалық, экономикалық, бухгалтерлік, қаржылық есептерді жүргізе аламыз.

*Access* – мағлұммартар базасын басқару жүйесі.

*Power Point* – презентацияға дайындалу жүйесі, графикалық және мәтіндік материалды дайындауға көмектеседі.

*Outlook* – ақпараттық персоналдық менеджери, электрондық поштадағы хаттарды өндейді, кездесу мен жиналыс, байланыс пен тапсырмаларды басқаруды ұйымдастырады.

*Front page* – редактор, веб-беттерді дайындауға арналған.

*Photo draw* – графикалық редактор, іскерлік графикті қалыптастыруға арналған.

*Publisher* – үстелде тұратын және шығарылатын жүйе.

Базадағы мағлұммартарды басқару жүйесі (БМБЖ) – бұл тілдік және бағдарламалық құралдар құруға, енгізуға және пайдаланушыларға берілген мағлұммартар базасының комплексі. Графикалық редактор – компьютерлік бағдарлама, графикалық суреттер құруға және өндеуге арналған. Эксперттік жүйе мен шешім қабылдауды қолдайтын жүйе ақпараттық қамтамасыздандыруды экономикалық модельдерде және өнер мәдениетінің принциптерін басқаруда қолданылады. Жоспарды басқару жүйесі пайдаланылатын қорлардың түрлерін жоспарлауға немесе басқаруға арналған (материалдық, техникалық, қаржылық, кадрлық, ақпараттық).

Қонақүйлердің автоматтандырылған комплексі мамандандырылған бағдарламалық комплекті негізге ала отырып, мына жағдайларға мүмкіндік жасай алады:

- Қонақүйдің жағдайы туралы толық, сенімді, өзекті ақпараттарын жинақтайды;

- Оперативтік дәрежеде тиімді басқару (қонақүй және қонақүй бизнесінде өзгерістерге тез бейімделу);

- Тактикалық дәрежеде тиімді басқару (қонақтарға сервистік дәреженің өсуі және қызметкер жұмыстарының сапалы орындалуы);

- Стратегиялық дәрежеде тиімді басқару жинақталған ақпараттарды басқару және сервис облысындағы болашақ бағыттарды анықтау үшін пайдаланылады;

- Тапсырыс берушілермен бизнеспроцесс жұмыстарын толық автоматтандыру — арыз қабылғанданғаннан бастап ең соңы есептесуге дейін;

- Немірлік фонды тиімді пайдалану;

- Кадрлық саясатта өте тиімді бақылау жүргізу (жеке қызметкерлердің іс-әрекетін қадағалау).

Қонақүй комплексін автоматтандыру шешімі бірнеше мамандандырылған жүйенің базасында ұйымдастырылады, ол әр түрлі компаниялардың берген мағлұматтарына орай құрасытырылады. Қонақүйдің автоматтандырылған бағдарламалық комплексі – бұл өте тығыз байланысты бағдарламалық құралдар, қонақүйлерді басқаруда барлық функцияларды автоматтандыруды қамтамасыз етеді.

Әлемдік тәжірбиеge сай, қонақүйді басқаруда пайдаланылатын автоматтандыру комплексінің жүйесіне мына төмөндеғілер жатады:

- Қонақүйді басқару жүйесі (*Property Management System*);

- Ресторандарды басқару жүйесі (*Point of Sales*);

- Шараларды басқару жүйесі (*Sales & Catering*);

- Телефон сервисінің жүйесі (*Telephone Management System*);

- Электрондық кілттердің жүйесі (*Key System*);

- Электрондық кіші-барлардың жүйесі (*Mini-bar System*);

- Интерактивті телевизор жүйесі (*Video Services System*);

- Энергия қорпарының жүйесі (*Energy Management System*);

- Кредиттік карталарды өндеу жүйесі (*Credit Card Authorization System*);

- Қоймалық есеп және калькуляциялау (*Food & Beverage*);

- Қаржы-бухгалтерлік есеп жүйесі (*Accounting System*);

- Алдын ала орын дайындау жүйесінің орталығы (*Central Reservation System*);

- Интернетпен алдын ала орын дайындау жүйесі (*Web Reservation System*);

- Қадрларды басқару жүйесі (*Human Resorse System*);

- Қауіпсіздік жүйесі (*Security System*).

Қонақүйді басқару жүйесі – бағдарламалық құрал, немірлік фонды басқару және қонақтармен есептесудің автоматтандырылуға бағытталуы. Қонақүйдің автоматтандыру комплексі жүйесінің көдімгі құрылымы 4.6-суретте көрсетілген. Қонақүйді басқару жүйесінің бағыттарына мыналар жатады:

- Номерлік фондың сипаттамасы және жағдайын бақылау;

- Тарифтік жоспарларды орналасытуруға және қосымша қызмет көрсетуге рәсімдеу;

- Арыздармен жұмыс істеу, онымен қонақтардың келіп-кетуі жоспарланады. Арыз — бұл тұтынушы-ұйымдардың орналасатын жерін өтінішпен сұрайтын (хат, телекс, телефонограмма) құжат;



**4.6-сурет.** Конақүйдің автоматтандырылған комплекстік жүйесінің құрылымы

- Алдын ала нөмірлерді дайындау;
- Бос орын, жылдам орналастыру, алдын ала дайындалған нөмірде тұрақтану;
- Қонақтарға есепшот енгізу;
- Қолда жоқ ақшалармен төлеу үйімдары;
- Төлемеканы бақылау және кетуді рәсімдеу;
- Қонақтарға архивті енгізу;
- Статистиканы рәсімдеу және қонақүйдің жұмысы туралы есепшот дайындау;
- Консьержаның бағыттары (қонақтарға өте көрікті жерлер мен басқа да нысандарды туралы ақпарат беру және сақтау);
- Кассалық операцияларды енгізу (қолма-қол түсетін ақшаларды фискалды есептеу, кассалық есепшотты рәсімдеу);
- Бөлмедегі заттарды қосымша мүліктермен жабдықтау (кереует, фенъ, желдеткіш, мұздатқыш).
- Кірістерді басқару.

Интерфейс – бұл компьютерлік бағдарлама, қонақүйдің автоматтандырылған бағдарламалық комплекс компоненттеріндегі мағлұматтарды алмасыру дәрежесінде қамтамасыз етеді. Бұл бағдарламаның қажеттілігі былайша түсіндірледі: көп жағдайда қонақүйдің автоматтандырылған бағдарламалық комплекс компоненттері мамандандырылған бағдарламалық бағыттарға бейім келеді, ол қонақүйдің әр түрлі қызметтерінде пайдалануға арналған. Бұл жүйелер ішкі архитектуралық, экран түрлерінің дизайны бойынша ажыратылады. Интерфейс ең негізгі мағлұматтарды бір жүйеден екінші жүйеге еткізуі қамтамасыз етеді. Бұл қонақүй жүйесінде ақпараттарды ең аз мөлшерде таратуына мүмкіндік береді. Сонымен интерфейстің арқасында қонақүйдің автоматтандырылған бағдарламалық комплексінің мамандандырылған компоненттері бірқалыпты ақпараттың көністікті құрайды. Интерфейстік бағдар-

ламалар төмөндегі жүйемен жасалынады:

- Есеп-қисаптық жүйе (қонақүйді басқару жүйесінен қаржылық мағлұматтарды беру);
- Телефонның тарифтік жүйесі (пайдаланылған телефонның ақысы қонақтардың есепшотына жазылады);
- Энергия қорларын басқару жүйесі (бөлмедегі микроауарайын қадағалау);
- Қонақтардың факттарын басқару жүйесі (факттық хабарларды алу және жіберу қызметтерінің ақысы қонақтардың есепшотына жазылады);
- Интерактивтік теледидар жүйесі (теледидар пайдаланғаны үшін ақысы қонақтың есепшотына жазылады);
- Бөлмедегі интернетті тарификациялау жүйесі;
- Электронды есіктер кілттерінің жүйесі (кіруді қадағалау), қонақтарды орналастырганда автоматтық карточкалық кілттерді қалыптастыру;
- Электрондық кіші барлар;
- Мейрамханаларды басқару жүйесі;
- Электрондық сейфтер жүйесі (қонақтардың сейфи, қызмет көрсеткені үшін ақы теленеді);
- Телефон станциялары;

Санаторийлерді медициналық қызмет көрсетуді басқару жүйесі.

Қонақүйді автоматтандыру бағдарламалық комплексінің ең қажетті белгігі интернет арқылы бөлмені алдын ала дайындау модулі болып табылады. Интернет арқылы алдын ала орын дайындаудың екі түрі бар: сұраныс және онлайн алдын ала дайындау. Біріншісінде интернет арыздармен алдын ала дайындау қатарындағы электрондық пошта, факс, телефон, қосымша рөлде берілетін каналда шығады. Арызды менеджер өндейді және оны қорытындылауға уақытты қажет етеді (24 сағат). Ресейлік қонақүйлердің көбісі осы нұсқаны

ұсынады. Технологиялық жұмыс келесідей болады. Қонақүй сайтында орналасқан орынды алдын ала дайындау формасына, турист өзінің келіп-кететін уақыты туралы мағлұматтар, байланыс ақпаратын, төлемақының төлеу формасын көрсетіп енгізуі қажет. Кейбір кезде алдын ала орын дайындауға кепіл ретінде алдын ала ақша төлеуді талап етеді (мысалы, бір күн тұруға жететін мөлшерде ақша төлеу).

Онлайн алдын ала орын дайындауды қалыптастыру үшін қонақүй автоматтандырылған комплексті жүйесі болуы қажет, оның ішінде арнайы модуль болады, ол нөмірлік фондты желіде көрсетуді қамтамасыз етеді және тапсырыс берушіге веб-сайтта тікелей өзгерістер енгізуіне мүмкіндік жасайды. Мәселен, мұндай модульге *epitome webres* алдын ала орын дайындау жүйесін айтуда болады. Осы жүйені қолдану қонақтардың көңілін аулау үшін кететін шығысты қысқартады және алдын ала бөлмені дайындауға женіл болады. Жүйе дедалдарсыз-ақ қонақүй мен қонақ арасында тікелей қарым-қатынасты орнатады және шығынның аз болуына мүмкіндік береді. Қонақүйдің сайты — белсенді тапсырыс берушіге қонақүй туралы толық ақпарат беруге өте ыңғайлы тәсіл.

Қазіргі таңда ірі қонақүй компаниялары, турагенттіктер мен компьютер жүйелерін құруышылар броньдаудың суперглобальды компьютер жүйесін құруға атсалысуда. Ал мұндай күрделі жүйесімен жұмыс істеу үшін қызметкер дайындауға қаржы мүмкіншіліктері жоқ кіші қонақүйлер мен турагенттіктер бұл жүйенің монополияға айналуынан қауіптенуде.

Халықаралық бағытта жұмыс істеуге бағыт алған қонақүй компаниялары

үшін жұмыс стратегиясы қуатты броньдау жүйелері арқылы қонақүй бөлмелерінің сатылу-табысын көбейту мүмкіндігін беретін, жаһандық компьютер желілеріне қосылу мүмкіншілігі бар және броньдау бойынша электронды құрал-жабдықтарды қолдану үшін қонақүй ішіндегі компьютер жүйелерін біріктіруді қарастырады. Мұн-

дай жүйелер броньдау пунктінде толық ақпарат берулері тиіс және қонақүй бөлмелерін сату процесін барынша жеңілдетіп, жылдамдатуы тиіс, қазірдің өзінде бір терминал арқылы барлық жаһандық компьютер желілерінің базалы мәліметтерін қолдану мүмкіндігін беретін технология құрылған.

## БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Туризм шаруашылығындағы орналастыру орындары.
2. Конакүй дегеніміз не?
3. Қонақүйдің басқа туристік шаруашылықтардан айырмашылығы.
4. Қонақүйлер қалай жіктеледі?
5. Қонақүй қандай бөлімдерден тұрады?
6. Қонақүйді басқару жүйесі қалай жүзеге асады?
7. Қонақүй шаруашылығында өнімділікке әсер етуші факторларды ата.
8. Қазіргі заманғы технологиялардың қонақүй индустриясында қолданылуы.

## 5-тарау. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда туристерге қызмет көрсету

### 5.1. Қазақстан Республикасындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қазіргі жағдайы

Табиғатты пайдаланудың әлемдік тәжірибесі көрсеткендей, табиғи ортандың қоры мен табиғи үйлесімділіктері сақтау және оның ұдайы жаңаурын қамтамасыз етуде экологиялық тепе-тендікті орнату мен адам өміріне қажетті табиғи орта жағдайын жақсарту үшін табиғи жағдайда ландшафтты аймақтың 30%-ын сақтау қажет. Олай болса, табиғи ортаны, табиғи ресурстарды, сирек және жойылу қаупі бар түрлерді сақтаудың, адам денсаулығын жақсарту және өмірлік деңгейін көтерудің, экожүйені тұрақтандырудың бір жолы ол ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру болып табылады. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ табиғи ортандың сырты ашылмаған дүниелерін қарастырып отыру, салыстыру әрбір мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық, саяси даму жағдайын көрсетеді.

Қазақстан Республикасында ЕҚТА-ды сақтау күрделі мәселеге айналуда. Себебі, Қазақстан аз орманды аудандар қатарына жатады. Еліміздегі жалпы орман қорының көлемі 28,7 млн. га-ға жуық, оның ішінде орман жамылғышы – 12,3 млн. га. Республикадағы орман қорларының түрлік кұрамы бойынша сексеуіл алдыңғы орында, ол орман жамылғышының 67,5%-ын алып жатыр, қылқанды және жұмсақ

жапырақты ағаштар 16,5%-дан 14,8%-ға сәйкес келеді. Ағашты-бұталы түрлердің басым көпшілігі үзілмелі ареалдарда кездеседі және шалғынды өсімдіктерден далалы өсімдіктерге алмасып отырады. Жұмсақ жапырақты түрлердің ішінде кең тарағаны қайынды ағаштар болып табылады.

Республика ормандары жоғарғы қорғау қызметіне ие және бірінші топқа кіреді (96%). Олар биоалуантүрліліктің сақталуына толық кепілдік береді. Яғни, республика ормандары тек табиғат қорғау жағынан ғана өмес, экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан да маңызы жоғары болып келеді, сондықтан ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды ұйымдастыру бағалы ағаштарды қорғауға септігін тигізеді. Осы жағдайда ЕҚТА-ды нарықтық экономикаға сәйкес дамыту «Қазақстан-2030» Стратегиясы, ҚР-ның «Қоршаған ортанды қорғау туралы», «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Зандарына сәйкес басқарудың жаңа әдістері мен тәсілдерін іздеуді талап етеді.

ҚР-ның «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Зандарына сай табиғи аумақтар мақсаты, қорғау және пайдалану ерекшеліктеріне және категорияларына байланысты бөлінеді (5.1-кесте).

## Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың категориялары

1-дәреже	2-дәреже	3-дәреже	4-дәреже
ЕҚТА заңды тұлға түрінде	Заңды тұлғасыз ЕҚТА	Жергілікті мөндегі ЕҚТА	
Мемлекеттік табиғи қорыттар, мемлекеттік табиғи ұлттық бақтар, мемлекеттік табиғи резерваттар	Қаумалдар, қорық зоналары, табигат ескерткіштері, қалалық ЕҚТА – зообақтар, ботаникалық бақтар, дендробақтар	Табиғи парктер, қорық зоналары, табигат ескерткіштері	ЕҚТА ормандары, ерекше мемлекеттік мәні бар су қоймалары, халықаралық мәні бар сұлы-батпақты жерлер, экологиялық, ғылыми және т.б. мәні бар мұнай бөліктегі

Қазақстанда бүгінгі таңда 10 мемлекеттік табиғи қорық, 11 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 3 мемлекеттік зоопарк, 4 мемлекеттік орман табиғи резерваты, 7 мемлекеттік ботаникалық бақ, 26 мемлекеттік табиғи ескерткіш, 2 жергілікті мәні бар табиғи парк, 58 мемлекеттік табиғи қаумал, халықаралық мәні бар Рамсар Конвенциясының тізіміне енген 3 сұлы-батпақты жер, мемлекеттік мәні бар 150 су қоймасы, 4 республикалық мәні бар қорық зоналары бар. Аталған ЕҚТА түрлерінің іс-әрекеттері рекреация мен туризмді дамытуға, өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қорын сақтауға, биоалуантурлілік пен тұқымдық қорды сақтауға бағытталған.

Республикадағы ЕҚТА-ды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (АШМ ОАК) басқарады, ботаникалық бақтарды ҚР Білім және ғылым министрлігі (БФМ), ал зоопарктерді Мәдениет және ақпарат министрлігі (МАМ) басқарады.

Қорық аймақтарын (Солтүстік Каспийді қоспағанда) АШМ ОАК шаруа-

шылық есептегі бөлімшесі болып табылатын «Охотзоопром» ӨК-мы басқарады. Ақмола облысындағы «Бурабай» ҰП ҚР Президенті қызметінің басқармасына қарайды.

Жер Кодексінің 1-бабына сәйкес ерекше қорғалатын табиғи аумақ жерлері мен тарихи-мәдени және рекреациялық сауықтыруға арналған жерлер бір санақта біріктірілген.

ҚР индустріалды бағытта дамушы елдердің қатарына жататыны белгілі. 1995 жылы 272,5 млн. га жер аумағының 194,8 млн. га бөлігін ауылшаруашылық кәсіпорындары, үйымдар мен азаматтар пайдаланған болатын, ал 2010 жылы бұл үлес 93,4 млн. га немесе 2.3 есе қысқарып қалды. Ал ЕҚТА жер ауданы 1995-2010 жыл аралығында 862,8 мың га-дан 22,6 млн. гаға жетті. Егер де 1995 жылы қорық саны 8, ал 1 ҰП болса, оның саны 2005 жылы 2 қорық пен 10 мемлекеттік ұлттық бақтармен толықтырылды. Бұған ҚР заңдық-құқықтық базасының дамуы әсер еткенін аңғаруға болады.

Республиканың қорыттары мен ұлттық бақтар мемлекет мешігінде

кіші (11), орта (5) және ірі (2) көсіп-орындардың құрайды. Көсіпорындардың басым көшілігі Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облысында (табиғи резерваттарды қосқанда) орналасқан.

ЕҚТА-ды облыстар мен республика-ға қарасты қалаларда орналастыруға талдау жасағанда, олардың әкімшілік-аумақтық бірліктерде орналастыру біркелкі емес екендігі анықталды. Мысалы, Маңғыстау, Алматы және Солтүстік Қазақстан облыстарында қорғалатын аумақ пайызы 9,9-дан 10,6-ға

жетеді, яғни бұл халықаралық норма-ға жақын келеді. Ақтөбе облысында 6,3 пайыз (жалпыреспубликалық көрсеткіштен жоғары). Осы уақытта Ақтөбе, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Павлодар және Алматы қаласында бұл көрсеткіш орташа республикалық көрсеткіштерден кем, ал Қарағанды, Қостанай және Қызылорда облыстарында 1 пайызға тең. Мұндай жағдай ЕҚТА-ды табиғи зоналарда орналастыру бойынша байқалады (5.2,5.3-кестелер).

#### 5.2-кесте

#### Қорықтардың табиғи зоналар бойынша орналасуы

Қорық атаяуы	Құрылған жылы	Жер аумағы, мың,га	Әкімшілік облыстар	Қорғалатын ландшафттар	Табиғи зона-лар
1. Ақсу-Жабагылы	1926	131 934	ОҚО, Түлкібас ауд.	Таулы орманды.	Таулы
2. Алматы	1960	71 700	Алматы	Таулы Орманды	Таулы
3. Алакөл	1998	65 217	Алматы	Сұлы-батпақты	Жартылай далалы
4. Барсакелмес	1939	160 826	Қызылорда	Далалы	Шөлді, күмдү
5. Батыс-Алтай	1992	86 122	ШҚО	Таулы орманды	Таулы
6. Қорғалжын	1968	543171	Ақмола	Сұлы-батпақты	Далалы
7. Марқакөл	1976	102 979	ШҚО	Таулы Орманды	Таулы
8. Наурызым	1931	191 381	Қостанай	Көлді далалы орманды	Далалы
9. Үстірт	1984	223 342	Маңғыстау	Далалы	Шөлді
10. Қаратай	2004	34 300	ОҚО	Таулы орманды	Таулы

### Ұлттық бақтардың табиғи зоналар бойынша орналасуы

Ұлттық парк атауы	Құрылған жылы	Көлемі, мың, га	Әкімшілік облыстар	Қорғалатын ландшафттар	Табиғи зоналар
1. Алтын-Емел	1996	212,0	Алматы	Далалы (тасты, күмді)	Далалы
2. Баянауыл	1985	50,7	Павлодар	Қарағайлы, қайынды орман	Далалы
3. Бурабай	2000	129 935	Ақмола	Орманды далалы (қарағайлы орман, көл, далалы)	Орманды далалы
4. Кекшетау	1996	182076	Ақмола	Орманды далалы (қарағайлы орман, далалы)	Орманды далалы
5. Қарқаралы	1998	112 120	Қарағанды	Далалы (қарағайлы орман, көл және далалы)	Далалы
6. Қатонқарағай	2001	643, 4	ШКО	Таулы орманды	Орманды далалы
7. Іле-Алатауы	1996	181,6	Алматы	Таулы (шырша ормандары, таулы)	Таулы

Қарап отырсақ, Қазақстанда ЕҚТА жүйесінде ормандарды қорғау көрсетілгенімен, жартылай далалы аймақтар мен су жүйелері аз қорғауға алынады. Ал шел дала және үстірттер мүлде қорғауға алынбаған екен. Қаратая, Кетпен, Қунгей, Жоңғар Ала-тауы, Оңтүстік Алтай, Сауыр-Тарбагатай тауларының, Солтүстік Каспий, Ертіс, Үргез, Орал және Іле өзендерінің жағалауларындағы өсімдіктер мен жануарлар әлемінің бірегей типтері, реликті, эндемикалық түрлері қорғаусыз қалып келеді. Міне, мұның барлығы республика аумағында жаңадан ерекше қорғалатын табиғи ауماқтарды ұйымдастыруды қажет етіп отыр.

Республика қорықтарының жалпы жер аумағы – 1610 мың гектар, ұлттық парктердің жер аумағы – 2290 мың

гектар, барлығы ел аумағында 3960 мың га-ды құрайды. Мысалы, Ресейде ұлттық парк пен қорықтар 40,5 млн.га (2%) жерді алып жатса, Арменияда 218,2 мың га, Молдова да 191,3 мың га-ды, Өзбекстанда 820,7 мың га, Тәжікстанда 280,3 мың га-ды құрайды (5.4-кесте). Кестеден көріп отырғанымыздай, табиғи ландшафттарды қорғау мен сақтау жағынан, Қазақстан Ресейден кейінгі екінші орында. Ал Өзбекстан, Молдова және Тәжікстан мемлекеттерінде соңғы жылдары ешқандай қорық пен ұлттық парк құрылмаған. Мұның басты себебі, ұлттық Зандарадың толық жузеге аспауымен байланысты, табиғат қорғау шараларын қаржыландырудың жеткілік-сіздігімен және елдегі экономикалық дағдарыс жағдайымен, т.б. түсіндіріледі.

Жоғарыда аталған мемлекеттердің жалпы ортақ мәселесі үстірттер мен шөлді аймақтардың, кейбір таулы бөліктердің қорғауға алынбау себебі және қорғалатын табиғи аумақ аудандарының аздығы болып келеді. Міне, бұл жағдайлар жануарлар түрлерінің толық сақталуын қамтамасыз етпейді. Сонымен қатар, қорық пен ҰП-ді құруға

кеткен шығындар әрбір мемлекеттің капитал салымдарымен тікелей байланысты. Ерекше қорғалатын табиғи аумақ саласында қызмет ететін қызметкерлер санының жылдан-жылға өсу процесі де әрбір мемлекетте белен алған жұмыссыздық мәселесін жойып, жұмыс орнымен қамтамасыз етуге бағытталар еді.

#### 5.4-кесте

#### Қазақстан мен шетелдердегі қорық пен ұлттық парк туралы мәліметтер

	Қазақстан	Ресей	Өзбекстан	Армения	Молдова	Тәжікстан
Табиғи қорық саны, бірлікпен	10	100	9	5	5	4
Жалпы ауданы, мың га	1610	33,5 млн. га	209,1	218,2	191,3	173,4
Ұлттық парк саны, бірлікпен	11	35	2			2
Жалпы ауданы, мың га	2290	7 млн.га	598,7			2630,0
Ондағы қызметкерлер саны, адам	2597	12352	400	466	200	220

Жалпы республикадағы барлық ЕҚТА ауданы – 22,6 млн. га, оның ішінде орман жамылғысы – 23,0% (686,5 мың га), су айдыны 10,4% (310,4 мың га) болғандықтан, ЕҚТА мемлекеттің барлық аумағының 4,7%-ын құрайды (әлемдік стандарттарда 10-12%). Біздің көзқарасымыз бойынша, республикадағы қоршаған орта жағдайын жақсартуға, экологиялық тепе-тендік пен биоалуантурлілікті сақтауда, табиғи орта сапасын жақсартуда және табигаттың көркем жерлерін қорғауда бұлар әлі де жеткіліксіз.

Қазақстанның ЕҚТА-да 215,1 мың құстар тіршілік етеді. Мұнда ұлар, кекілік, бүркіт, қара дудақ, қоқиқаз, құр, баклан (суда жүретін ірі құс), үкі, ләйлік және т.б. түрлер кездеседі.

Жануарлар Ақмола (20,1 мың бас немесе 33,1%) және Алматы (14,2 мың, бас немесе 23,4%) қорықтары мен ұлттық бақтарында кездеседі. Сүтқоректілердің ішінде қар барысы немесе ілбіс халықаралық Қызыл Кітапқа жазылған.

Қазақстан қорықтары мен ұлттық бақтары өсімдіктерге әте бай. Өсімдік түрлерінің басым көпшілігі «Іле-Алатая»(1033 түр) және «Алтын-Емел» (1800 түр) ұлттық парктерінде, «Ақсу-Жабагылы» мемлекеттік қорығында (1737 түр) жақсы сақталынған.

ҚР мемлекеттік табиғи қорықтарының іс-әрекеттері 5.5-кестеде көрсетілген. Кестеден көріп отырганымыздай, аумағы жөнінен ең ірі қорық «Қорғалжын» болып табылады, ал ең

кішісі – «Қаратау». Жер ауданының ең үлкен бөлігін орман массивтері алып жатқан «Батыс-Алтай» қорығы (38,8% пайыз барлық жер ауданынан), ал «Қорғалжын» қорығында көкшалғын мен сулы жерлер 20,0% және 76,4%. «Алакөл» қорығының барлық аумағын сулы жерлер алып жатыр.

Мұнда жер көлемі 1998-2004 жылдары 35,0%-ға өсті, ал «Батыс-Алтай» қорығындағы барлық территория басында 21229-ден, 86122-ге (67%) артты. «Алакөл» қорығында 2004-2010 жылдар аралығында аң саны 40-тан 33-ке дейін төмендегені, ал құстар 286-дан 269-дан азайғаны байқалады. «Барсакелмес» қорығында аң саны 11-ден 28-ге көтерілген. Ал қалған қорықтарда айрықша өзгерістер байқалып отырған жоқ.

Қорықтардың ішінде ең алғаш құрылғаны – ОҚО-дағы 1926 жылы құрылған «Ақсу-Жабагылы», ал соңғысы 2004 жылы ОҚО-да құрылған «Қаратау» қорығы. Қаратау қорығы ҚР-сының Үкіметінің 2004 жылғы №249 ҚР АШМ «Орман және аңшылық шаруашылығы» Комитетінің «Қаратау мемлекеттік ұлттық паркін құру туралы» Жарлығына сәйкес құрылды. Жер телімі – 34300 мың га. Мұнда мониторинг, ғылыми зерттеулер жүргізіліп отырылады, сонымен қатар ғылыми-танымдық туризм жүргізуге арнайы жолдар бөлінген. Қорғалатын аймақта экологиялық туризм маршрутының жолдары жүргізілген. Штатты құрған шығынды қоспағандары негізі шығын көлемі мен коммуналды және басқа да қызметтер үшін Орталық-Азия траншекаралық жобасының (ОАТЖ) Батыс Тянь-Шаньның биоалуантурлілігін сақтау барысындағы гранттық қаржысы жүзеге асырылды. Қорықтағы штат санын құруға адам басына 7837 мың теңге, сапарларға

1675,5 мың теңге бөлінді. Барлық шығын 9512,5 мың теңгені құрайды. Тауарларды иелену мен құрылысқа кеткен шығындар 67855,5 мың теңгені құраса, оның ішінде 58056,8 мың теңге гранттық қаражаттан, 9775,6 мың теңге республикалық бюджеттен бөлініп отырады. Қорғай іс-әрекеттерін жақсарту мақсатында корық аумағына топтық патрульді енгізу ұсынылды. Осы қызметтерді толық іске асыру үшін қорыққа 43 адам қабылданды.

Қорықта табиғи процестерді анықтайдын ғылыми-зерттеу жұмыстары, ғылыми бақылаулар жүргізіледі, «Табиғат жылнамасы» жазылады. Айта кету керек, мұндағы флора мен фауна әлеуетін туристік мақсаттарға, әсіресе экотуризм саласын дамытуға пайдалануға болатынын көріп отырмыз.

Қорықтар республиканың барлық аумағында орналасқан. Бірақ мұндағы жалпыға ортақ мәселе – қаржының жетіспеушілігі, мысалы, Үстірт қорығының 1 га аумағын қорғауға жылына – 31,44 тг, Қорғалжын қорығына – 35,37 тг., Марқакөлге – 6 681 тг, Батыс Алтайға – 11 921 тг бөлінеді. Қорықтағы қызметкерлердің орташа айлық жалақысы айна 10 000 теңгемен 14 000 теңге аралығында (немесе 68-95 долл. аралығында).

Қорықтарда байланыс, өрт сөндіру және басқа да техникалар жетіспегендіктен, ғылыми-зерттеу жұмыстары жеке ынтамен және қолдағы бар құралдармен жүзеге асырылып отырады. Қорғай қызметіне бір қызметкерге Батыс-Алтай қорығында 4,0 мың га, Ақсу-Жабагылы қорығында 5,5 мың га, ал Қорғалжын қорығында 12,5 мың га жер үлесі тиесілі.

Қазіргі кезде экологиялық туризм тек Ақсу-Жабагылы мен Қорғалжын, Марқакөл, Алматы қорықтарындаға қолға алынуда. Дегенмен де, айта

**2010 жылғы мемлекеттік табиғи корықтардың негізгі сипатташалары**

	Корық атаяуы	Күрһалған жылы	Жамбыл айқап, га	Сұтқоректілер			Күстар	Балық	Өсімдіктер
				Корғалатын түрлердің саны					
1	Ақсу-Жабагылы	1926	131 934	52	267	5	5	1737	
2	Алакөл	1998	65 217	33	269	17	-	271	
3	Алматы	1961	71 700	39	174	-	-	1440	
4	Барсакелмес	1939	160 826	28	178	-	-	306	
5	Батыс-Алтай	1992	86 122	55	152	5	5	883	
6	Каратай	2004	34300	20	118	2	2	740	
7	Корғалжын	1968	543 171	-	-	6	6	-	
8	Марқакөл	1976	102 979	58	260	6	6	935	
9	Наурызым	1934	191 381	45	292	10	10	687	
10	Үстірт	1984	223 342	29	163	-	-	277	

\* Казахстан Республикасы Аудыл шаруашылығы Министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің деректері бойынша

кету керек, бұл қорықтарда экологиялық туризм шетелдік үйымдар көмегімен құрылды. Сонымен бірге, республикада табиғат қорғау жұмысына өз үлесін қосып жатқан үйымдар: «Қорық» қорықтар мен ұлттық парк қызметкерлерінің Ассоциациясы, «Наурызым» (Наурызым қорығы), «Жабайы «Жабайы табиғат» Үкіметтік емес үйымы, (Ақсу-Жабағылы қорығы), «Жасыл ел», «Тәтис», «Энвирс», «Экоцентр Қарағанды» үкіметтік емес үйымдары, «Қазақстан биоалуандылығын сақтау бойынша қоғамдық орталық» және т.б.

Қорықтардың экожүйесіндегі дағдарыстардың алдын алу үшін, мақсаттық мемлекеттік қаржыландыру арқылы қорғалатын табиғи аумақтарды қайта үйімдастырып және сақтау бойынша шешімдер қабылдау керек. Қазақстан қорықтарында 178 сүтқоректілердің 140-ы, 489 құстың 346-сы, 104 балықтың 23, бауырымен жорғалаушылардың 6 түрі мекен етеді. Міне, мұның барлығы биоалуандылықты табиғи жағдайда сақтау үшін, жаңадан қорықтарды үйімдастыруды және флора мен фауна санын есіруді талап етеді.

Мемлекеттік ұлттық табиғи парктер (МҰТП) Қазақстанда тек соңғы онжылдықта ғана дамып келеді. Алғашқы ұлттық парк 1985 жылы құрылды. Ұлттық парктерді үйімдастырудады негізгі идея жабайы табиғаттың бірегей тындыларын сақтау арқылы адамдардың табиғат сұлулығын қызықтауы, табиғат туралы білімдерін жетілдіру, таза ауада денсаулықтарын қалыпқа келтіруден тыннады.

Қазіргі таңда Қазақстанда 11 ұлттық парк бар: «Алтын-Емел», «Баянауыл», «Іле-Алатаяу», «Қарақаралы», «Қатон-қарағай» және «Көкшетау», «Бурабай», «Шарын», «Сайрам-Өгем». Жақын арада тағы да екі «Жонғар-Алатаяу» және «Көлсай көлі» ұлттық парктары

құрылды. ЕҚТА-дың осы типтері еліміздің оңтүстік-шығысы мен таулы шығысында, сонымен қатар Орталық және Солтүстік Қазақстан экожүйелерінде жинақталған. Ұлттық парктердің қазіргі жағдайы 5.6-кестеде көрсетілген. Кестеде көрсетілгендей, «Қатонқарағай» ҰП-нің жер көлемі басқа парктерге қарағанда аукымды, ал «Баянауыл» ҰП ең кіши. 1998-2004 жылдар аралығында «Іле-Алатаяу» ҰП-де орман жамылғысы 62015-ке, ал көк шалғындар 62814-ке, өсімдіктер саны 1282-ден 1870-ке өсті. Ал басқа ұлттық парктерде аумақтық қатынастар мен акватория масштабтарында немесе жануарлар мен өсімдіктер өлемінде ешқандай өзгерістер байkalмайды.

Республиканың қорықтары мен ұлттық бақтары – туристер келетін ірі орталық. ЕҚТА-ды рекреация мен туризм мақсатына пайдалану арқылы республикальық мәндегі табиғат ескерткіштерін ғана емес, сонымен қатар ландшафтты ескерткіштерді, шатырларды, табиғи құбылыстардың таңбалары, су көздері, мұздықтар, бірегей теніздер мен батпақтар және т.б. ескеріліп отырылуы керек.

ЕҚТА жаңа категориясы – қорық аймақтары. Соңғы жылдары бұл айтарлықтай дамуда. Ең есік қорық аймағы («Солтүстік Каспий») 1976 жылы құрылды. «Солтүстік Каспий» – жалғыз қорғалатын аймақ, сондықтан да ол «ЕҚТА туралы» Заңың жеке бабына (48-бап) сәйкес толық қорғауга алынуы керек. Қалған үш қорық аймағы (Арыс және Қаратаяу, Жусандала, Кендерлі-Қаясан) араб шейхтарының duadaқтарын қорғау мен осы құстармен «валюталық» аң аулауды үйімдастыру үшін құрылды. Бірақ та осы күнге дейін осы саладағы қаржы мәселесі шешілмей отыр, ал осы форманы

5.6-кесте


**2010 жылы мемлекеттік ұлттық саябақтардың және табиги  
резерваттардың негізгі сипаттамасы**

	Қорық атаяуы	Жалпы алқап, га	Қорғалатын түрлердің саны			
			Сүтқорек-тілер	Құстар	Балық	Өсімдіктер
1	Алтын-Емель (Алматы)	161 153	78	260	26	1800
2	Баянауыл (Павлодар)	68 452	45	144	13	556
3	Іле-Алатауы (Алматы)	199 703	48	198	8	1033
4	Қарқаралы (Қарағанды)	112 120	45	74	15	777
5	Көкшетау (СКО)	182 076	50	222	19	624
6	Бурабай (Ақмола)	129 935	47	214	17	828
7	Катонқарағай (ШКО)	643 477	65	280	17	1000
8	Шарын шатқалы (Алматы)	127 050	32	130	10	985
9	Сайрам-Өгем (ОҚО)	149 053	59	300	2	1063
10	Көлсай көлдері (Алматы)	161 045	29	197	2	704
11	Жоңғар Алатауы (Алматы)	356 022	54	238	2	2168

Мемлекеттік ормандық табиги резерваттар						
1	Семей орманы (ШКО)	662 167	19	10	-	54
2	Ертіс орманы (Павлодар)	277 961	19	40	19	84
3	Ыргызы-Торғай (Ақтөбе)	763 549	42	250	8	14
4	Ақжайық (Атырау)	111 500	48	292	122	227


\* Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңышылық шаруашылығы комитетінің деректері бойынша



Ақсу-Жабагылы қорығы



Қорғалжын қорығы



Марқакөл қорығы



Барсакелмес қорығындағы жануарлар

қорғау лайықты немесе лайықсыз екендігіне талас-тартыс өлі де жүріп жатыр.

ЕҚТА тағы бір формасы – қаумалдар. Өзінің маңызы бойынша бұл аумақтар ондағы шаруашылық іс-әрекеттерді сақтау тәртібімен өндірістік айналымнан жерлерді алмай-ақ ландшафттар мен популяцияны қорғау үшін құрылады. Қазақстанда ЕҚТА осы категориясының 51 түрі бар. Олардың ішінде зоологиялық қаумалдар – 35 (65%), одан кейін ботаникалық – 15 (23%), кешенді – 6 (12%); ботаника-геологиялық қаумал – 1; 4 қаумал үлттық парк аумағында орналасқан: олар «Алматы» («Іле-Алатаяу» МҰТП), «Қарқаралы» («Қарқаралы» МҰТП), «Қызылтау» («Баянауыл» МҰТП) және «Рахман бұлағы» («Қатонқарағай» МҰТП). Осы аталған төрт қаумалдарда тұрақты қорғау жұмысы мен мониторинг жүзеге асырылып отырылады. Ал қалған қаумалдарда жұмыстарды ҚР АШМ ОАШК бөлімшелері жүргізеді, қорғау жұмысы инспекторлардың сирек қатынасуымен анда-санда жүргізілтіндіктен, ЕҚТА осы категорияларын жүйелі қорғау өлі де толық емес деп айтуда болады.

Табиғат ескерткіштері – ЕҚТА бір түрі, олардың жер ауданы бірнеше гектардан аспайды. Дегенмен де, ЕҚТА-дың осы категорияларының жер көлемін үлғайту маңызды емес, тек тарихи және мәдени бағалылықтарды сақтау мен қорғау үшін оның мәні мен бірегейлігін жетілдіру керек.

Қазақстанда үш зоопарк бар: олар Алматы, Қарағанды және Шымкент қаласында орналасқан.

Республика аумағында 106 дауа-жайлық-шипажай үйімдары жұмыс істейді. 1995 жылғы Үкімет Қаулысына сәйкес, сауықтыру-ауыз су, баль-нелогиялық және асханалық емдік минералданған су көздері шоғырланған

47 аймақтың тізімін жасаған болатын. Оның ішінде сауықтыру орталығына айналғандар саны – 15.

Үлттық Зандар ЕҚТА құруға тек орталық Үкімет қана емес, жергілікті билік органдарында да (облыстық әкімшілік) мүмкіндік береді. Облыстық маңыздығы бұл аумақтар табиғи парктер, табиғат ескерткіштері, қорық аймақтары, зообақтар, ботаникалық бақтар және дендробақтар формасы түрінде болуы керек.

ЕҚТА облыстық орналасуы әркелкі. Қазіргі таңда занды тұлға формасындағы ЕҚТА облыстық маңыздығы екі табиғи парк Алматы қаласында («Медеу») және Қарғанды облысында («Буратау») орналасқан. Одан басқа Қостанай облысында – 13, Қарағандыда – 10, Батыс Қазақстанда – 7, Оңтүстік Қазақстанда 23 табиғат ескерткіші облыс құрамында. Шығыс Қазақстандағы 5 табиғат ескерткіші қызмет ету мерзімі аяқталған, ал Солтүстік Қазақстанда зандарды бұзғандығына қарамастан, 2 облыстық қаумал жұмысын жалғастыруда. Оңтүстік Қазақстан облысында 5 облыстық мәндегі қорық аймақтары мен 1 дендробақтар орналасқан.

2004 жылы табиғат қорғау үйімінде қызметкерлер саны 2597 адам болды, оның ішінде ғылыми қызметкерлер 120 адам, туристік топтар үшін экскурсия үйімдастырумен айналысадындар саны – 97 адам. Олар 785 экскурсия өткізді, оған 187,9 мың турист қатынасты. ЕҚТА-ғы орман қорларын қорғау қызметкерлері саны – 721 адам. Туристік топтардың келуінен түсken табыс осы табиғат қорғау шараларында 11,8 млн. теңгені құрады (49,6% жалпы табыстан).

Бюджеттік қаржыландырудан басқа, ЕҚТА занды тұлға құқығымен жеке құралдарды қалыптастыруға мүмкіндіктері бар. Олай болса, ЕҚТА-ға өт-

кен жылғы шектеулі шаруашылық іс-әрекеттерден 71 млн. тг, ақылы қызмет көрсетуден 38 млн. тг табис келіп түсті. Бұл құралдардың барлығы қорғалатын аумақты дамытуға жұмсалды. Өртке қарсы, орманды қалпына келтіретін жұмыстарға, табигатты қорғауға 39 млн. тг бағытталса, негізгі құралдарға 15 млн. тг жұмсалды.

Қазіргі кезде қорықтар мен үлттық парктер еңбекақының аздығынан маман қызметкерлерін жоғалтып отыр, сондықтан оларда ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізетін, табигатты қорғауға қабілетті мамандардың жетіспеушілігі байқалып отыр. Яғни, ЕҚТА қызметкерлердің мамандығын көтеруге деген жоспарлар да жеткіліксіз болуда. Экологиялық мониторинг, қорық ісінің ғылыми негіздерін жасау, ҚОҚ және табигатты пайдалану, сирек және жойылып бара жатқан өсімдіктер мен жануарлар дүниесі туралы ғылыми зерттеу бағыттары ЕҚТА ғылыми жұмыстарының тақырыбына кірмейді. Өйткені, оларды жүзеге асыратын арнайы жүйе қалыптаспаған. Семинарлардың өзі тар тақырыптағы мәселелермен шектеледі. Мұның барлығы да ЕҚТА-ды кадрлық және ғылыми қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік бағдарламалардың болмауымен сипатталады.

Елімізде «экологиялық білім беру» қанагаттанарлықсыз деңгейде. Іс жүзінде кадрларды дайындау және қайта даярлау жүйесі мүлде жоқ. Ауылдық жерлерде экологиялық білім беру мен насиҳаттау жұмыстары жүргізілмейді (ЕҚТА орналасқан ауылдарды қоспағанда).

Қорғалатын аумақтар – экологиялық білім беру мен тәрбиелеу, ағартушылық және насиҳаттау жұмыстарын жүргізу дінегізгі тірепі. Осыған сәйкес, ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» (1997, 15 шілде, 30-316)

Заңында: «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар табиғи, ғылыми білімдер мен қорық ісін насиҳаттауға, мәдени ағарту шараларын өткізуге, окушылар мен студенттердің оқу экспурсияларын, өндірістік тәжірибелерін жүргізу, халықта экологиялық білім мен тәрбие беру, ғылыми кадрларды даярлау және мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында пайдалану мүмкін» деп атап көрсетілген.

Қорықтар алдына қойылатын мақсаттарының қатарына экологиялық тәрбие, табигатты қорғауды насиҳаттау, мамандарды даярлау мен ғылыми біліктілікті арттыру міндеттері тұрады. Дегенмен, қорық ісін жандандыруға жоғары білікті ғылыми мамандарды тарту, даярлау қорық алдында тұрған негізгі курделі мәселелердің бірі болып саналады.

ЖКОО-да экологиялық бағытта білім беретін кафедралар жұмыс істегенімен, олар бұл мәселені толығымен шеше алмай отыр және онда берілген білім қысқаша, жалпы түрде өткізіледі. Ал бұл болашақта ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсіумен байланысты қорық ісі теориясын терең менгеретін және жан-жақты тәжірибеден өткен, кең білімді, қорық территориясын қабілетті басқаратын мамандардың жетіспеушілігіне алып келері анық. Кезінде бұл мәселені шешу үшін көптеген жұмыстар жарияланған болатын. Мысалы, бір авторлар қорық ісі саласында мамандарды даярлау үшін бірегей аймақта орналасқан арнайы үйім – биопарктерді құру туралы айтса, енді екінші авторлар қорық ісін насиҳаттау, ағарту шараларын жүргізу бағдарламаларын құру үшін қорықтарда табиғат қорғау білімін көңеңтү үлгілерін ұсынады, сонымен қатар осы жұмыстарды жүргізуға қажетті қаржы көлемін де жоспарлау жолдарын қарастыру қажеттілігі айтылу

қажет. Десек те, осы ұсыныстарды қорықтарда тәжірибе жүзінде пайдалану келесі себептерден тұрады, олар: экологиялық білім мен насиҳаттау бойынша арнайы құрылымның жоқтығынан және қаржыландыру мен материалды-техникалық базаның әлсіздігінен қынадай түсүде. Бұдан басқа қорық базасында табигатты қорғауды насиҳаттау, экологиялық білім мен тәрбие беру бойынша құрамында журналистер, педагогтар, социологтар, экономистер және т.б. бар арнайы бөлімдерді құру туралы мәселелерді шешу қажет. Мысалы: шетелдерде басты назар экологиялық білім беруге аударылады, яғни үлттық парктер мен басқа да ерекше қоргалатын табиғи аумақ қызметкери үшін қажетті білімдерді тек биология, рекреация, басқару саласында алып қана қоймай, саяси және діни іс-әрекеттерден алуға болады және бұл қызметтер тек жеке үлттық парктерде ғана емес, қорықтардың буферлік зоналарында да жүзеге асыруға мүмкіндік бар. Шетелдік тәжірибелерге сүйене отырып, аталмыш саладағы экологиялық-ағарту жұмыстары сананы қалыптастырудың келесідей тәсілдерін ұсынуға болады:

1. *Бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс.* Мұнда қорықтар мен үлттық парктердің әкімшілігі жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарымен (БАҚ) тығыз қарым-қатынас орнату арқылы ЕҚТА-дың қоғамдағы рөлін, мақсаты және міндеттерін, әлеуметтік-экономикалық тиімділігін, тәрбиелік мәнін жариялап отыру керек. Аталған тәсілді толық жүзеге асыру үшін БАҚ-та конкурстар, әр түрлі сұрақтар, ойнандар үйімдастыру шарт.

2. *Жарнамалық баспа қызметі.* Бұл тәсіл әр түрлі жарнамалық немесе ақпараттық буклеттер, брошюролар, туңсіндірме сезідіктерді шығару арқылы

әр түрлі жарнама өнімдерін (конверт, күнтізбе, естелік бұйымдар) кеңейтуге мүмкіндік береді.

3. *Кино-бейнеөнімдерді үйімдастыру.* Бұл қыын әрі қымбат бағаланатын жұмыс түрі қорық табигатының әртүрлілігін, байлығы мен сұлулығын тұрғындарға жария етеді. Бұл жұмысты толық жүзеге асыру үшін қорықтар мен үлттық парктер жоғары көсіби, білікті кино түсіретін отандық және шетелдік компаниялармен іскерлік байланыс орнату қажет.

4. *Қоғамдық бірлестіктерден басқа да коммерциялық емес үйімдармен бірлесу.* Қоғамдық бірлестіктерді қорық пен үлттық парк жұмыстарына тарту экологиялық-ағарту жұмыстарын жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

5. *Музей ici және визит орталықтарын дамыту.* Қорықтар мен үлттық парктердегі табигат музейлерін жаңа құралдармен жабдықтау, музейге келушілермен жұмыс істеудің жаңа тәсілдерін менгеру жолдарының бірі визит-орталықтар болып табылады. Визит-орталықтар келушілерге дәріс және басқа да жұмыстарды жүргізу үшін арнайы құралдармен жабдықталған орталық болып табылады.

6. *Экологиялық экскурсия мен танымдық, экологиялық туризмді дамыту жұмыстары.* Жұмысты дамытудың басты жолдары: қорғалатын аумақтың бір бөлігін арнайы келушілер үшін бөлу; экологиялық соқпақтар мен маршруттарды үйімдастыру, ақпараттық құралдармен жабдықтау және келушілерді ұдайы бақылауға алу болып табылады.

7. *Халық арасында табигатты қорғау шараларын үгіттей.* Табигатты қорғау жұмыстарын насиҳаттау бұл табигатты ұтымды пайдалану және қорғау саласындағы адамдарға жан-жақты білім беру мен тәрбиелу жұмыстарын қамтып отырады. Оның қатарына экологиялық білімді қалып-

тастыру, жеке құрлық пен өндірістік іс-әрекеттердің экологиялық мәдениеті, экологиялық әлемдік көзқарас, табиғатқа өзара байланысты тереңірек үғынысы негіздері, табиғат алдында әрбір адамның жеке жауапкершілігі, сонымен қатар отандық, рухани патриотизмге тәрбиелу мен табиғатты пайдалануға дұрыс көзқарастар жатады.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, республикадағы ЕҚТА-дың қазіргі жағдайын талдау барысы аталған саланы экономикалық бағалауға мүмкіндік бермейді. Себебі, республикадағы ЕҚТА-ды дамытудың экономикалық және қаржыландыру механизмдерінің жоқтығы, басқару қызметінің әлсіз дамығандығы, маман кадрлардың жетіспеушілігі, халықтың экологиялық білімдерінің тәмендігі, жоспарлы жұмыстардың жүзеге аспауы және т.б. Бұл мәселелерді шешу өз кезегінде ЕҚТА-ды мемлекеттік деңгейде жоспарлы шараларды қабылдауды талап етеді. ЕҚТА-ды үйімдестіру кестесінде бөлінген участекелер бір-бірінен алыс қашықтықта орналасқан, айналасы антропогенді іс-әрекеттерге толы болғандықтан, бұл нысандарды қорғау экономикалық тұрғыдан тиімсіз болып саналады.

Сондықтан, біздің ойымызша, экологиялық-экономикалық тұрғыдан ЕҚТА-дың экожүйесін табиғи қалпында сақтау және антропогенді әсерлерден қорғау үшін ЕҚТА-ды бір-бірімен байланыстыратын экологиялық дәліздерді үйімдестіру қажет, ал бұл ондағы мекен ететін жануарлар миграциясының еркін генетикалық ауысым жасауына мүмкіндік береді. Осындай жүйе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы және тұрғын халықтың қызығушылығын ескере отырып құрылуы қажет.

Сонымен бірге, табиғи ортадағы туризм мен демалысты реттеуге қажетті шараларды қарастырып, ЕҚТА-да туризмді дамытудың шетелдік тәжірибелеріне назар аударып, үтимды жақтарын, яғни табиғи ортаға әкелеттін тиімділігін, зияндылығын жан-жақты саралаудан өткізіп, туризмнің ЕҚТА үшін қай түрі тиімді екендігін анықтап, оның құрылымдық зонасын, әлеуметтік-экономикалық факторларын нақтылау керек. Жоғарыда аталған мәселелер толығымен орындалып, ЕҚТА-дың нарықтық экономика жағдайындағы даму басымдылықтары айқын болған жағдайда ғана оны экономикалық бағалауға мүмкіндік туады.

## 5.2. Туризмдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі

Қазіргі кезде қоғам барлық күшжігерін табиғи ресурстарды сақтау, үдайы өндіру және үтимды пайдалануға бағыттайты. Дегенмен, ғылыми-техникалық процесс жоғарғы қарқынмен дамыған заманда биогеоценоздарды басқару және пайдалану оның зандылығын теренін зерттеуге мүмкіндік беретін ғылыми әдісті талап етеді. Ерекше қорғалатын табиғи аймақ (ЕҚТА) секілді күрделі табиғи

нысандарда жұмыс жүргізуінде жаңа тәртібін қалыптастыруда тек оның ішкі құрылымы ғана емес, ЕҚТА өнімдерін пайдалануши сыртқы нысандар да ғылыми әдісті қажет етеді. Осы жағдайда экономика ғылымдарының негізгі міндеті – зерттеуге алынған ЕҚТА-дың ерекшеліктеріне сәйкес шаруашылық пен жұмыс жүргізуін түрі мен тәртібін анықтау және ғылыми негізделген табиғи экономикалық тетіктер арқылы

оған үнемі қолдау жасау. Осында маңызды экономикалық тетіктердің бірі табиғат пайдалану нысанында барлық іс-әрекеттерді реттеп отыратын нормативтерді дұрыс өзірлеу және қолдану болып табылады. Мұндай нормативтерсіз ұтымды жұмыстар атқаруға және табиғи ресурстарды пайдаланудың онтайлы нұсқауларын таңдауға мүмкіндік жоқ.

ЕҚТА-да туризмді дамыту жолдарын зерттеуге ғылыми әдісті қолдану үшін, ең алдымен, ЕҚТА ресурстарын пайдаланатын салалардың жағдайын зерттеп алу керек. Дегенмен ЕҚТА өнімдерін пайдаланатын кәсіпорындарда өндірістік іс-әрекеттерінің нәтижесін талдау үшін табиғи және еңбек шығындарының көрсеткіштері қолданылады, ал құндық көрсеткіштері шектеулі. Құндық бағалау көрсеткіштерін пайдалану халықшарашылық мәні бар тұтыну құнының қалыптасуын тереңнен зерттеу жолымен көпмақсатты шаруашылық механизмін жетілдіруге және ұдайы өндіріс қызметін кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондықтан ЕҚТА өнімдерін пайдаланатын салалардың табиғи және экономикалық жағдайларын сипаттайтын көлжақты көрсеткіштерінің ішінде материалды және еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету, оның табиғи-өндірістік базасы, т.с.с. қызметтерін жан-жақты салыстырып, талдауға мүмкіндік беретін ең тиімді нұсқаларын таңдап алу қажет.

ЕҚТА салаларының нәтижесі бірынғай табиғи өлшемге түспейтін әртекті және алуан өнімдердің үлкен санын құру болып табылады. Бірақ бұл кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесін аумақ бойынша салыстырудың күйіндегіңде әкеледі.

Қысқаша айтқанда, қорғалатын аумақ салаларының әртекті өнімдерін көлтіру әдістерінің ерекше маңызы

бар. Е.Я. Судачков жасаған «шартты көлем коэффициентін» тек ТМД мемлекеттері ғана емес, шетелдерде де кеңінен қолданады және ол негізгі өндірістің әртекті өнімдерін бірыңғай көрсеткіште және өндірілген өнімнің әр түрлі көлемі мен сапасын, өнімділігін салыстыруға мүкіндік береді (мысалы, ЕҚТА-ды орман ресурстары тұтыну құнының шамасын көрсетеді).

Екінші бір әдіс жұмыстың негізгі түріне «шартты бағаны» қолдану. Бұл баға ЕҚТА-дың орман шаруашылығында кеңінен қолданысқа ие және кәсіпорындардың нәтижесін салыстырмалы талдау үшін қажет. «Жұмыс көлемі шартты баға» көрсеткіштері бойынша күрделі шаруашылық жағдайлар, өндірістің жасырын қорлары, өндірістің даму қарқыны, т.б. талданады. Дегенмен, бұл көрсеткішті ЕҚТА-да қолдану оның сала ретіндегі нәтижелерін анықтауда жеткіліксіз. Жоғарыда айтылғандарды ескере келе, біздің пікіріміз, ЕҚТА-дың салаларында (орман шаруашылығы) экономикалық-статистикалық талдау әдістерінің ішінде әртекті белгілердің жиынтығын зерттеуге мүмкіндік беретін индексті әдісті қолдану. Әртекті белгілердің жиынтығын зерттеу жеке индекстерді алумен және ішкі біртекті көрсеткіштердің өлшемін анықтауға мүмкіндік жасайды.

Айта кету керек, зерттеудің нақты міндеттеріне сай экономикалық құбылыштардың алуандылығы нақты математикалық формула негізінде индексті әдістің икемділігін көрсетеді. Бұл формула «орташа геометриялық өлшем» деп аталады. Зерттеудің міндетті әртекті болуы мүмкін. Біртекті өнім өндіретін салаларда бұл өнімнің артуы мен есу қарқыны, еңбек өнімділігі, т.с.с. түрде болады. Біздің сала үшін бұл әдіс өндірістегі уақыт факторы мен табиғи факторлардың үлесі және

өндірілген өнімнің алуандылығы мен әртектілігімен ерекшеленетін өндірістің нәтижесін математикалық түрғыдан бейнелейді.

Кез келген саланың соңғы нәтижесін бейнелейтін және оның экономикалық тиімділігін көрсететін көрсеткіштер мен критерийлер жүйесін жетілдіру мәселелері осы күнге дейін отандық және шетелдік ғалымдардың арасында пікірталас туғызуда. Бірақ мұндай критерий нарықтық қатынастарға өту жағдайында соңғы өнімнің сапасы мен тиімділігін арттыру, үлттық табыстың материалды-заттық құрылымын бейнелеу және оның қоғам қажеттіліктеріне сәйкес бөлінуі үшін қажет.

Тиімділіктің ғылыми негізделген теориялық тұжырымдамасын жасау табиғи ресурстарды пайдаланушы салаларда оның ішінде ЕҚТА саласында үлкен мәнге ие. Бұл, бір жағынан, ЕҚТА-дағы экологиялық жағдайлардың нашарлауымен (орман ағаштарын кесу, ағаш сапасының төмендеуі, био-алуандылықтың жойылуы, қаскейлік іс-әрекеттер), екінші жағынан, орташа тұрақты және әлеуметтік мәні бар ЕҚТА қызыметтерінде қоғам қажеттілігінің артуымен тікелей байланысты болып келеді.

Саяси экономиялық категория реңтінде «тиімділік» түсінігін келесідей сипаттаймыз: өзінің маңызы жағынан ресурстық, еңбек немесе материалдық шығын бірлігіне есептегендегі тиім қоғамдық өндірістің, іс-әрекеттің нәтижесін көрсетеді. Айта кету керек, бірқатар экономикалық және әлеуметтік қажеттіліктерді қанағаттандыру тұтыну құнына сәйкес қабылдануы әрқашан да анықтала бермейді. Экологиялық жағдайлардың өзгеруі бағысында оны бағалағанға дейінгі тұтыну құндылығының мәні артуы мүмкін. Мысалы, судың жетіспеушілігі, ауаның

ластануы, т.б. жағдайларда ЕҚТА-дың тұрақты, ресурс сақтау және қайта қалпына келу қызыметтерінің бағасы артып, шынайы тұтыну құны қалыптасады. Олай болса, экономикалық және әлеуметтік-экономикалық пайдалану тиімділігінің ғылыми негізделген өлшемдері мен құндылығы болуы қажет.

Тиімділіктің осындағы түрлеріне байланысты тиімнің екі түрі ажыратылады: экономикалық және әлеуметтік-экономикалық болып табылады. Көптеген экономистер әлеуметтік-экономикалық тиімді олардың арасындағы бірқатар айырмашылықтарына қарамастан, экономиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Экономикалық тиімділік қоғамдық қажеттіліктердің барлық жиынтығын қанағаттандырудагы өндіріс нәтижесін көрсетеді. Ал әлеуметтік-экономикалық тиімділік адамның жан-жақты дамуы мен игіліктерге жетуедегі тұтыну құнының өндірістегі нәтижесін көрсетеді. Өндіріс процесінде қалыптасатын тұтыну құнының барлық жиынтығының экономикалық сөкілді әлеуметтік мәні болады. Бірақ кейір экономистер әлеуметтік-экономикалық тиімді «әлеуметтік шаралардың (коршаған ортаны қорғау, ағарту, денсаулық сақтау және т.б.) экономикалық тиімділігі әлеуметтік тиімділік түрінде экономикадан бөлінеді» деп біржақты қарастырады. Осы жерде өзінің физикалық көлемі жағынан, әлеуметтік-экономикалық тиім экономикалық тиім бөлігін көрсетіп, осы екі тиімдегі тұтыну құны – экономикалық тиімде барлық өндірілген шамадан, ал әлеуметтік-экономикалық тиімде же кениң жан-жақты даму қажеттіліктерін қанағаттандырудан туындаиды.

Табиғатты қорғау және қайта қалпына келтіру, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, биогеоценоздарға теріс антропогенді әсерлерінің зия-

нын болдырмау, т.с.шараларды жүргізуден қоғамдық пайдалылықтың артуы оның әлеуметтік-экономикалық нәтижелілігін білдіреді. Осы жағдайда, біздің көзқарасымыз бойынша, өзінің шамасы жағынан әлеуметтік және экономикалық тиім бір-біріне тең.

Қазіргі кезеңде өндірістік күштердің дамуы өндірісті басқаруда тек экономикалық факторларды ғана емес, әлеуметтік факторларды да ескеруді талап етеді. Авторлардың басым көпшілігі көрсеткендей, әлеуметтік тиімді бағалау өте күрделі мәселе. «Шығын-нәтиже» байланысы арқылы материалды, ақшалай және енбек ресурстарының шығындарын анықтау оңай, ал тиімділікке келер болсақ, онда экономикалық талдауларда көрсетілгендей, бұл түсінік көпсанды, жанама, тікелей, белгісіз байланыстарды талап етеді.

Өндіріс процесінде құрылған тұтыну құндылығы шамасын есептеу келесідей болуы мүмкін: жиынтық қоғамдық өнім немесе оның модификациясы – үлттық табыс – тауар өнімдерін өткізумен айналысадын кәсіпорынның жоғарғы иерархиялық деңгейі. Оның ақшалай құнынан барлық жұмысалған шығындарды шегерген жағдайда ғана экономикалық тиімді есептеуге болады. Бұл жерде экономикалық тиімнің қандай бөлігі әлеуметтік тиімге айналатынын анықтау керек, бірақ «өмір сапасы» деп аталағын факторлар, яғни адам денсаулығы, енбек қабілетін, оның рухани, эстетикалық және т.б. қажеттіліктеріне тиімнің әсерін анықтау өте күрделі.

Барлық экономикалық қатынастар адам баласымен тікелей байланысты болғандықтан, біріншіден, «әлеуметтік тиім» мен «экономикалық тиім» түсініктерін қолдану нақтылықты талап етеді, екіншіден, «әлеуметтік нәтиже» түсінігі тар мағынада жиі қолда-

нылады. Біздің ойымызша, бұл «интегралды экономикалық құндық баға» негізінде нақты әлеуметтік тиім алуға бағытталған өндіріс әрекеті. Сондықтан біз әлеуметтік-экономикалық тиімді бірыңғай интегралды экономикалық тиім ретінде «әлеуметтік және экономикалық» деп емес, «экономика арқылы әлеуметтік» деп қарастыратын авторлардың пікірлеріне қосыламыз. Осы жағдайда, біріншісін шартты түрде «өндірістік-экономикалық тиім» деп, ал екіншісін «әлеуметтік-экономикалық тиім» деп атауға болады. Есептеу арқылы біріншісін анықтауға мүмкіндік бар, ал екіншісін әлеуметтік-экономикалық тиімді құндық көріністе, яғни әлеуметтік тиімді ақшалай көріністе анықтауды толығымен меңгерген жағдайда ғана анықтауға болады.

Жоғарыда айтылғандардың барлығы ЕҚТА-ға тікелей қатысты болғандықтан, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыратын экономикалық база болып табылады. Оны жүзеге асырудың маңыздылығы ЕҚТА-ды кешенді көп мақсатта пайдаланудан және ұдайы өндіру, сақтау қызметінен көрінеді. Өсіреле, бұл қорық, үлттық парк (ғылыми әдіс негізінде оның барлық жақтарын, қоғам өмірінде құрайтын тиімділігін, және әлеуметтік-экономикалық, тұтыну құндылығы) секілді маңызды табиғи нысандарға қатысты.

ЕҚТА-дың таулы ормандарында кешенді шаруашылықтарды жүргізу оның алуандылығы мен бағалылығын және ауыстырылмайтын пайдалылығын ескере отырып, тұрақты әрі өмірлік пайдалануға бағытталады. Осы саланы дамытуға салынған шығындардан әлеуметтік-экономикалық тиім әр түрлі түрлердің тұтыну құнын көрсетеді, ал оның барлығы әлеуметтік болып табылады.

Ескере кету керек, тиімділік мәселесі табиғи ресурстарды бағалау мәселе сімен қатар жүреді, өсірепе ресурс пайдаланушы салаларда. Мұнда экономикалық баға бағаланытын ресурстың қоғамдық пайдалылығын елшеуде қолданылса, ал бағалау көрсеткіштері – осы пайдалылықтың сандық нормативтері, яғни табиғи ресурстарды экономикалық бағалау мазмұны оны өндіріс саласында пайдаланудан алынатын экономикалық тиім болып табылады. Осы кезде экономикалық тиім өндіріс процесінде ги тиімділік көрсеткіштері болып табылса, оның нәтижелері жеке көрсеткіштермен байланысты тиімділіктің жалпы көрсеткіштерін анықтауда қолданылуы мүмкін (еңбек өнімділігі, қорлары, материал сыйымдылығы).

ЕҚТА-дың негізгі қызметтерін интегралды бағалау негізінде 1 га орманның интегралды әлеуметтік-экономикалық тиімін алу үшін жұмсалған шығындардан экологиялық тиімділікті анықтауға болады, яғни  $\mathcal{E}_{\text{сэ}} = D/C + EK$  формуласынан жыныстағы өнімнің интегралды таза табыс шамасын және пайдалылығын қойып, одан осы табысты алуға жұмсалған толық шығындарды алып тастай отырып, 1 га орманды пайдаланғандағы әлеуметтік-экономикалық тиімділікті анықтауға болады. Оны көпжақты анықталған тиімділікпен салыстыра отырып, ЕҚТА-ғы орман ресурстары бағытына оңтайлы болады деп қорытынды жасауға болады.

Табиғи кешендерді қалпына келтірумен байланысты қорықты үйимдастырудың экономикалық бағасы шешім қабылдаудың ажырамас белігі болып табылады. Басқа факторлармен әрекеттесе отырып (табиғи, ғылыми мәні, әлеуметтік салдары), ол халықшаруашылық деңгейінде табиғатты пайдаланудың үтімділілігін

арттыру үшін құрылады. Өндірісті экономикалық талдау және тауарлы өнімдерді өткізу (түрлөрі бойынша) техника-экономикалық көрсеткіштердің негізінде жүргізіледі (өндіріс көлемі және өнімнің өзіндік құны, өткізу көлемі, пайда, рентабельділік және т.б.). Талдау аймақтық баланстары шаруашылықты жүргізу үшін қажет. Қорықтарды үйимдастырудың есептік көрсеткіштерін талдау бәрінен бұрын мақсаттық қызметтердің экономикалық нәтижесін іске қосады, сонымен қатар капитал құрамы, құрал-жабдықтарды және инвентарларды игеру, күрделі жөндеу шығындары да қоса есептеледі. Қорықты экономикалық бағалау жоспарлау, үйимдастыру, басқару, жетілдіру жолдарымен жүзеге асырылады. Қорықтардың мақсаттық қызметтерін жүзеге асыру ресурс әлеуетін тереңірек зерттеуге негізделеді. Сонымен қатар қорықты экономикалық бағалауда оның барлық қызметтері ескеріледі:

А) Қорықтың экономикалық бағасы тұқым қорын сақтау шығынын көрсетеді. Ол бағаланатын қорық пен қорықтағы бір шартты түрді сақтау шығындарын салыстыру жолымен анықтады.

Қарастырылған қызметті толық жүзеге асыру тек қорықтарға ғана тән, ал үлттық парктер мен қаумалдарда ол сирек қолданылады. Соңықтан ЕҚТА-ды жұмыс істеуін ресурстық бағамен талдау барысында нақты алынған нәтиже пайдаланылады; яғни қызметтерді жүзеге асырудың нақты (немесе жоспарланған) баға жылда есептелінеді. Ол бағаланатын ЕҚТА-дың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін түрді сақтауға жылдық шығындарды үнемдеуді көрсетеді.

Ә) ЕҚТА-дың жүйелер мен процестерді өмірлік қолдау қызметін экономикалық бағалау үшін табиғи

ортасы нашар аудандардың шаруашылық дамуы экономикалық түрғыдан қарастырылады. Табиғи ортаның нашарлауын шектейтін экономикалық нәтиже бұл табиғи ресурстарды пайдалану барысында құрылатын дифференциалды табыс пен рентаның төмендеуін шектеу болып табылады. Рента бойынша табиғи ресурс бағаланады және оның өзгерісі экономикалық баға мәндерінің өскендігін немесе кемігендігін көрсетеді. Дисконтық шама бойынша дифференциалды табыстың төмендеуін алдын алу қорықтың маңызды қызметін (жүйелер мен үрдістерді өмірлік қолдау қызметі) жүзеге асырудағы экономикалық нәтижені құрайды. Ресурстық қызметті тиімді пайдалану барысында алынатын экономикалық баға қорықтың халық шаруашылығындағы мәнін анықтайды және адамдардың өміріне қолайлы жағдайларды туғызады. Қорық кешеніне өсер ететін ауданың табиғи ортасының нашарлауын алдын алуша қарастырылып отырган қызмет негіз болады. Экономикалық түрғыдан оның мазмұны жылдық болдырмайтын экономикалық зиянды көрсетеді. Дегенмен, бізге керегі, осы қызметтің ресурстық бағасының шамасы. Сондықтан болдырмайтын зиян шамасын ұзақ мерзіммен ресурсты пайдалану кезеңіне қосу керек. Яғни, дисконт есебімен қоса отырып, біз осы қызметтің ресурстық бағасын аламыз. Осы жағдайда, мынаны ескеру керек: есепке қосылатын болдырмайтын зиян іргелес аумақтағы ресурстарды жоғарғы шаруашылық пайдалану жағдайында анықталу керек. Тек осы кезде ғана біз процестер мен жүйелерді өмірлік қолдау қызметін ресурстық бағалай аламыз.

Б) Қорықтың ғылыми – зерттеу және ақпараттық қызметтерін экономо-

микалық бағалау халық шаруашылығындағы ақпараттық мәліметтерді қолдану мен қолданбалы зерттеулерді жүргізуегі тиім бойынша жүзеге асырылады. Қорықтағы ғылыми-зерттеу мен бақылауға кеткен шығындар экономикалық түрғыдан, оның нәтижелерін өндірістік тәжірибелерде қолдану барысында жинақталып отырады. Ғылыми-зерттеу жұмыстарын (ФЖЗ) жүргізуге кеткен шығындар шаруашылық шешімдерді жүзеге асырудағы жиынтық шығынның құрамына кіреді, сондықтан да экономикалық тиімдегі ғылымға қатысты үлес анық болады. Зерттеу жүргізуге қажетті табиғат кешені, ғылыми кадрлар, ғылыми жабдық қорықтың ғылыми әлеуетінің ресурстық бағасын анықтайды. Ғылыми-зерттеу қызметтерінің экономикалық бағалау көрсеткіштерін анықтауда жүргілген және жоспарланған ғылыми жұмыстарының нәтижесінің тиімі қажет. ЕҚТА-дың іргелес аумағының рекреациялық сапасын көтеру арқылы қосымша табыс алу да экономикалық бағалау көрсеткіштеріне жатады. Іргелес аумақтың санитарлы-гигиеналық жағдайының жақсаруы және тартымдылығы рекреанттар санының артуы нәтижесінде қосымша табыс алуға жетелейді. Қазіргі таңда ЕҚТА-дың экономикалық жақтарымен қатар, әлеуметтік қызметтері де зерттелу үстінде, үлттық парктардегі түрғындардың демалысы мен туризм мүмкіндігі көнінен қарастырылуда. Ирі резерваттар мен үлттық парктардегі демалыс адам өмірінің әдеттегі әлеуметтік-психологиялық ортасын сақтауға, еңбек өнімділігін арттыруға мүмкіндік беретіндігі тәжірибе жүзінде анықталып отыр. Мысалы, Жапонияның ірі машина жасау кәсіпорны еңбек өнімділігін көтеру және еңбекке деген құлышынысты арттыру мақсатында, жұмысшыларды

жұмыс басталардан бір сағат бұрын қала маңындағы паркке демалуға жібереді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды экономикалық бағалау сол аумақтың әлеуметтік-экономикалық және экологиялық маңызын көрсетеді. Ал Эколого-экономикалық шығындарсыз жүргізу барысында алыш-

натын нәтижелер қорық аумағының кез келген қызметінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Осы жағдайда қорықты құруға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына кететін тұрақты шығындармен байланысты қорықтың табиғи қорының құны жыл сайын артып отырады.

### **5.3. Туристік-рекреациялық ресурстар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың даму факторы ретінде**

Туризм – қоғам молшылығын көрсететін индикатор болып табылатын халық шаруашылық салаларының жоғары табыста дамитын бөлігі. Бұгінгі туристік индустрія – салалар мен кәсіпорындардан құрапатын бос уақыт кезінде тұрғындарға демалу мен қыдышу, тынығу секілді қызмет көрсететін біртұтас шаруашылық кешен.

Туризмнің дамуы экономика, көлік, байланыс, құрылым, ауыл шаруашылығы, халықтың тұтыну тауарларын өндіру секілді салаларға тұрақты түрде әсер етеді және мемлекет экономикасының жоспарлы бағыттарының бірі болып саналады.

Рекреация – адам баласының рухани және физикалық жағынан дамуын, оның қабілеттілігі мен сыртқы ортаға бейімделуін қалыптастыратын мотивациялық процесс. Адамдық күштермен жүзеге асырылған іс-әрекеттер «рекреациялық қызметтер» деп аталса, адамның демалуына, тынығуына жағдай жасайтын табиғаттың көркем жерлері, нысандар «туристік-рекреациялық ресурстар» деп аталады.

ЕҚТА-дың бағалылығы мен жарамдылығын анықтау мақсатымен туризмді дамытуда туристік-рекреациялық ресурстарды зерттеген қазақстандық ғалым, туризм саласын кеңінен зерттеуші С.А. Ердәулетов туристік-

рекреациялық ресурстарға келесідей сипаттама берген: «Туристік-рекреациялық ресурстар – қоршаған ортадағы адам үшін қажетті табиғи құбылыстар мен нысандардың өзара жынтығы және туристік-экскурсиялық қызмет өндірісі үшін жарамды жерлер, танымдық, спорттық-сауықтыру және өмдеу туризмі арқылы қажеттіліктерді қанағаттандыру». Сонымен бірге, аталған автор туристік-рекреациялық ресурстар терминін анықталған аумақтағы табиғи және антропогенді ландшафттардың үйлесімімен, технологиялық дәрежесіне сай көфамдық қажеттілік пен туристік-экскурсиялық қызмет көрсетуде тікелей пайдалану мүмкіндігімен түсіндіреді.

Ресейлік ғалымдар Л.А. Багрова, Н.В. Багров, В.С. Преображенскийдің пікірінше, «табиғи-рекреациялық ресурстар – рекреациялық іс-әрекет үшін көптеген қасиеттерге ие табиғи құбылыстар, табиғи және табиғи-техникалық геожүйелер, сонымен қатар адам денсаулығын жақсартуға арналған және демалуын үйімдастыру үшін белгілі бір уақыт аралығында қолданылатын нысандар».

Ал, біздің көзқарасымызша, табиғи-рекреациялық ресурстар – әлеуметтік жағынан, адам денсаулығын жақсартуға мүмкіндігі бар, экологиялық жағынан республиканың ерекше

құнды табиғи аумағын табиғи түрде сақтауға жұмылдыратын, экономикалық тұрғыдан республика бюджетіне қосымша табыс пен пайда алып келетін, халықтың өмірлік тұрмысын жақсартатын дауажайлық, танымдық, экскурсиялық мақсатта қолданылатын, ғылыми, эстетикалық, тарихи-кесенелік, рекреациялық маңызы бар, толық немесе жартылай шаруашылықтан босатылған бағалы жерлер.

Табиғи-рекреациялық ресурстарды экономикалық тұрғыдан бағалауда А.А. Минц атальыш ресурстардың негізгі екі тобын бөліп қарастыруға мүмкіндік беретін табиғи кезқарасқа жүгінуді ұсынды. Бұл дауажайлық-шипажайлық емдеу және туризм мен демалудың табиғи ресурстары. Ерекшеліктері келесідей: туризм мен демалудың табиғи-рекреациялық кешені табиғи, экологиялық, әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштердің жынытығынан тұрады, оның ішінде адам сырқаттанғанда еңбекке деген қабілеттің жойылуына жол бермей, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыруға, емханада емделуіне және т.б. жұмсалатын қаржыны үнемдеуге бағытталады. Осы жерде экономикалық бағалаудың өлшемі табиғи ресурстарды рекреациялық пайдаланудың әлеуметтік-экономикалық тиімділігі болса, оның көрсеткіші тиімділіктің ақшалай өлшемі болып табылады.

Сапалық көрсеткіштерге нысандар мен пейзаждардың тартымдылығы мен сұлу келбеті есептеледі. Бұл тәсіл рекреациялық ресурстарды бағалаушы құрал ретінде келесі әдістерге негізделеді:

– табиғи ресурстар құнын анықтау немесе ақшалай бағалау – оны игерумен, ұдайы өндірілуіне жұмсалатын шығынға тікелей байланысты деген қағидамен ұштастырылған шығындық әдістер. Бұл әдіс демалу-

шылардың көлік шығындарымен қоса қала маңындағы демалыс аймағын бағалауда да қолданылады. Демалыс орынына бару үшін туристер жол шығынын көтереді. Келушілердің шығыны бойынша рекреациялық ресурстарды бағалаудың бұл әдісінде келетін пайда ескерілмей, керісінше тек көліктік шығындардың өтелуі ғана ескеріледі;

– ренталық тәсілге негізделген әдістер. Демалыс пен туризм тұрғысынан, дауажайлық-шипажайлық емдеуді ренталық бағалау тек шырайлы жерлердің дифференциалдық рентасын анықтаумен шектеледі.

I дифференциалдық рентаның түзілуі рекреациялық аймақтардың, мінералды сулар, емдік балшықтардың, бастау көздерінің табиғи құндылығының алуандылығымен, сұраныс аудандарындағы орналасу өзгешелігімен тікелей байланысты.

II дифференциалдық рентаның түзілуіне рекреациялық ресурстарды тұтыну ерекшеліктері кіреді. Мұнда бастапқы рөлді субъективтік факторлар мен адамдардың талғамы, машиқтануы, тұтыну қажеттіліктері атқаратындықтан, инфрақұрылым мен емдеу, демалыс аймақтарындағы рекреациялық қызмет көрсету құралдарын жетілдіру рекреациядан түсken түсімнің артуымен анықталмайды. II дифференциалдық рента осы кезде саяжай шаруашылығына бөлінген күрделі қаржы көздері ретінде пайдаланылады.

Табиғи-рекреациялық ресурстардың экономикалық бағалау мәселе-лерін шешу, құндылығы мен маңызын бағалау, оның өлшемдерін дұрыс табуға тікелей байланысты. Туризм мен демалыс ресурстарын пайдаланудың тиімділігін анықтау үшін американдық ғалымдар көбіне «шығын-пайда» әдісін қолданады. Дегенмен, американ әдебиетінде рекреациялық ресурстар

құнын анықтайдын бірыңғай әдістер өзірге жоқ, бірақ қазіргі қолданылып жүрген әдістердің басым көпшілігінде демалушылар тарапынан жұмсалған жалпы шығындар есебі негізге алынғанымен де, бұл шығындар аталған рекреациялық аумақ құнына шағын есептеледі. Ал кей еңбектерде осындай шығындарды есептеген кезде барлық шығынды құрайтын демалыс орнына дейінгі жол мен кері жолға жұмсалған шығындар ғана есептелінеді. Шығындардың жалпы жиынтығы тауарлар мен көрсетілген қызмет бағасына белгіленген жоғарғы шығындардан құралады.

Ландшафттардың рекреациялық сыйымдылығына қатысты мәселе-лерді шешуде көбіне ғалымдар ландшафттарды салыстырмалы талдау үшін балдық бағалау әдісіне жүгінеді, яғни бұл әдіс рекреациялық ресурстарды бағалауда табысты болып келеді. Балдық әдіс Қазақстанның әр түрлі аймақтарының табиги (ландшафт, нысандары), әлеуметтік, тұрмыстық қызмет көрсету жүйесі (қонақүй, мотел, пикник, кемпинг), экологиялық (табиги орта тазалығын сақтау) және танымдық-мәдени орындары (музей, театр, т.б.) секілді параметрлер шегінде бағалауға мүмкіндік береді.

Туристік-рекреациялық ресурстардың кеңінен дамуына мүмкіндік беретін маңызды сала – туризм. Соның ішінде туризмнің бір саласы ретінде экотуризм жөнінде келесідей анықтамалар берілген:

Экологиялық туризм – экологиялық тұрақтылық принципімен жүзеге асырылатын ағарту және экологиялық білім беру бағдарламаларын жүргізетін табиги-бағытталған туризм. Экологиялық туризм – экожүйе аймағына зиян тигізбей, табиги орта мен жергілікті мәдениетті теренінен түсінү мақсатымен табиги аумақта серуендеу.

Экологиялық туризм – қоршаған ортага төменгі дәрежеде ықпал ететін, этикалық нормаға сәйкес жабайы табигатты тануға бағытталған табиги туризмнің экологиялық тұрақты формасы. Бұл форма ерекше қорғалатын табиги аумақтарда дамиды және осы аумақты сақтауға қаржы алуға мүмкіндік бар.

Экологиялық туризм – табигатты қорғау мен дамытуға мүмкіндік береді, мұнда ұйымдастыру және басқару қызметтеріне сәйкес туристік қызметтер мен биоалуандылық және жергілікті тұрғындар арасында тығыз байланыс орнайды.

Экотуризмнің үш басты критерийі бар: туристерді тартатын табигаттабилік (флорасы мен фаунасы, геологиялық ерекшеліктері); туристер мен басқа да демалушылар үшін табиги аймақтың физикалық және мәдени ортасына кері әсерін тигізбей, сол аумақты тереңнен зерттеуге мүмкіндік береді. Экотуризм жергілікті тұрғындар үшін қолайлы және олардың әлеуметтік өмірін көтеруге атсалысады.

Табигатты қорғаудың халықаралық Одағы экотуризмге келесідей түсінік береді: «экотуризм – табигат кешеніне зиян әкелмейтін табигаттағы рекреация мен туризмнің кез келген түрлері, ол табигатты қорғауға және жергілікті тұрғындардың жағдайын жақсартуға әсер етеді».

Жоғарыда берілген анықтамаларды толықтыра келіп, экотуризмді «табигатпен қарым-қатынасты жақсартады және табигатпен мәдениетке теріс әсерлерді болдырмай, табигатты қорғау мен әлеуметтік-экономикалық дамуға жол ашады» деп көрсетуге болады. Осы жағдайда экотуризм қорғалатын аумақтардың тұрақты дамуының факторы болып саналады. Жоғарыда көріп отырғанымыздай, барлық анықтамаларда да экотуризм бір

мақсатқа бағытталған (экологиялық білім беру және табиғи ортаға теріс ықпалдарды болдырмау мен әлеуметтік-экономикалық даму). Басқаша сөзбен айтқанда, «экотуризм – тұрақты және табиғи-бағытталған туризм мен рекреация». Туризмдегі тұрақтылық экологиялық, әлеуметтік-мәдени, экономикалық жақтармен түсіндіріледі. Сондықтан да экотуризмнің ерекшелігі ол адамның табиғатпен дұрыс қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етеді және экологияға, мәдениетпен эстетикаға теріс салдардың алдын алады, туристік әлеуеттің табиғат иғлігі және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін қызмет етуіне мүмкіндік береді.

ЕҚТА-да туризмнен (экотуризм) алынатын экономикалық тиімдерді бағалау жөнінде еңбектер өте аз.

Бұл, әрине, экотуризм жайындағы жинақталған мәліметтердің жоқтығымен түсіндіріледі. Бұл мәселені шешу үшін мынадай туристік статистиканы пайдалану ұсынылады: табиғи ортамен байланысты туризм бойынша аймақтық зерттеулерді жүргізу; экотуризмді бағалау бойынша барлық мәліметтерді жинақтау; әлемдік туристік үйімға (ӘТҰ) осы жұмыстарды ұсыну.

ӘТҰ-дағы экотуризмнің жақын масштабын анықтау үшін келесідей қорытынды жасалды: экотуризм халықаралық туризмнің 40-60%-ын құрайды; жабайы табиғатпен байланысты, туризм халықаралық туризмнің 20-40%-ын құрайды.

ЕҚТА саласында экотуризмді дұрыс үйімдастырып, дамыту нәтижесінде ол маңызды бизнес көзіне айналады.

## БАҚЫЛАУ СҮРАҚТАРЫ

1. Ерекше қорғалатын табиғи аймақтарға қандай нысандар кіреді?
2. Қазақстанда қанша ЕҚТА тіркелген?
3. ЕҚТА-дың туризм саласы үшін маңызы қандай?
4. Қазақстан қорықтарына қысқаша сипаттама беріңіз.
5. Ұлттық парктарге сипаттама беріңіз.
6. Табиғи-рекреациялық ресурстардың ЕҚТА-ды дамытудағы рөлі қандай?
7. Экологиялық туризм дегеніміз не?

## **6-тарау. Емдік-сауықтыру демалыс орындарындағы қызмет көрсету**

### **6.1. Санаторий-курорттық демалыс орындарына сипаттама**

Демалыс – адамның өз аймағында немесе одан тыс жерде күшін қалыпқа келтіруге бағытталған қандай да бір қызмет. Рекреация түсінігі «демалыс» түсінігімен байланысты. «Демалыс» адамның қандай да бір қызметі болмасын физиологиялық қажеттілігін (саяхаттау, хобби, балық аулау, емделу және т.б.) қанағаттандыруға бағытталған.

Адамның өзінің қызмет сипатына, жеке қызығушылығына, мүмкіндігіне қарай мазмұны бойынша демалыс түрін таңдайды. Берілген көзқарасқа қарай адам демалысын келесі қызметтерге бөлуге болады:

- физикалық жүктемеге байланысты қызмет (дене шынықтыру, серуендеу, туризм, альпинизм);
- зияткерлік қызмет (кітап оқу, өз бетімен білім алу);
- өнер әлемімен танысу;
- өз қызығушылығына қарай;
- саяхаттау және экспурсия;
- демалыс уақытында емделу.

Демалыс түрі әр түрлі болуы мүмкін. Оған ең алдымен керекті және негізгі форма – үйқы. Адамның жасына және ерекшелігіне қарай үйқыны аз немесе көп мөлшерде керек етеді. Демалыс спорт, көніл көтеру, емделу, сауықтыру және тағы да басқа қызметтер түрін қамтиды. Бұл демалысқа байланысты қызметтер түрлерін есептеу шексіз. Бірақ бұл демалыс түрлерін үш топқа бөлуге болады:

1) Медициналық-биологиялық қызмет – санаторий-курорт емі, сауықтыру. Туризм арқылы сауықтыру адамның өндірісті және өндірісті емесе психологиялық қажығандығының проблемасын шешеді;

2) Өлеуметтік-мәдени қызмет – бұл демалыстың алдыңғы қатарлы қызметі. Мәдени немесе рухани қажеттілік – ол қоршаған әлемді тану. Туризм адам үшін өз елінің және бар әлем үшін табиғи, мәдени, тарихи және өлеуметтік құндылықтарды тануға мүмкіндік береді.

3) Экономикалық қызмет ол өндірістің кең өрлеуі үшін жұмыс күшін сақтап қалады. Демалыс адамның еңбекке деген талабын сақтап, жұмыс қабілеттілігін арттырады.

Сондай-ақ, бос уақытты «рекреациялық уақытпен» шатастыруға болмайды. Рекреациялық уақыт адамның іс-әрекетінің рекреациялық қызметін жүзеге асырады (өндірістің кең өрлеуі үшін жұмыс күшін қалыпқа келтіреді).

Рекреациялық уақыттың анықталған құрылымы келесі түрлерден тұрады:

- Инклузивті – еңбек және тұрмыстық қызметіндегі демалыс;

- Күнделікті – рекреациялық қызметтің өрдайымдылығы: таңғы шынығу, серуендеу, спорт ойыны, шомылу, кітап оқу;

- Апталық (уик-энд) – аптаның соңында қала сыртына, саяжайға барып демалу;

- Демалыс (отпуск) – жұмыс жылышын соңындағы демалыс;

Анықталып көрсетілген рекреациялық демалыс индивидтің жай және кең функцияларын орындайды. Инклюзивті уақыт адамның жай компенсаторлы күшін қалыпқа келтіреді. Күнделікті уақыт компенсаторлы-кеңейген түрде күшті қалыпқа келтіреді. Уик-энд демалысы кеңейген-компенсаторлы түрде күшті қалыпқа келтіреді. Демалыс үзілісі мұлдем кеңейген түрде күшті қалыпқа келтіреді. Жалпы адам өміріндегі демалыс уақытына зейнет уақытына дейін 40,1 мың сағат бөледі еken, үлесі 80 %-ды көрсетеді. Зейнетке шыққаннан кейін қалған демалыс үзілісі 100 %-ға жетеді.

Демалыс туризмі өткен ғасырдың 30-жылдарынан бастап дамыды. Демалыс туризмінде туристер үшін өр түрлі дәрежедегі 40-қа жуық бағыт бар. Атальмыш аумақта туризм мен демалыс аймақтары 50-жылдары құрыла бастады. Олардың қатарында: «Алматарасан», «Айнабұлақ», «Самал», «Пищевик» демалыс үйлері, «Синегорье», «Алатай», «Ойжайлау», «Манкент» балалар туристік базасы, сонымен қатар 20-дан астам демалыс лагерьлері, ондаған альпинисттер үйлері, тау шаңғы үйлері мен базалары жатады. 80-жылдардың аяғында 114 демалыс нысандары жұмыс жасады.

Табиғи ем ресурстары, курорт және ем-сауықтандыру орындары туралы келесі курортология терминдеріне түсініктеме беруге болады:

- табиғи ем ресурстары – минералды сулар, ем балшықтары, ем клима-

ты, көлдер, демалысты үйымдастыруға және ауру-сырқауларды алдын алуға колданатын табиғи жағдайлар мен нысандар. Көп жылғы зерттеуден өткен тәжірибе негізінде табиғи объектілер мен жағдайлардың ем қасиетін, денсаулық сақтау мекемелері ем проблемаларын бекітіп жүзеге асырады;

- курорттық іс – табиғи ем ресурстарын қолдану негізінде ауру сырқауларды алдын алуға және емдеуге үйымдастырылған ғылыми-тәжірибелік қызметтің жынтығы;

- табиғи ем ресурстарын қолдану және өндеудің технологиялық схемасы – табиғи ем ресурстарын қолдануға, ем қасиетін табу көлемі мен әдісінің, эксплуатациялау кезінде емдік қасиетін сақтап қалуды және жақсартуды карастыратын жобалық құжат;

- табиғи ем ресурстарын қолданушылар – лицензия негізінде табиғи ем ресурстарын қолданатын және жүзеге асыратын, занды құқығы бар тұлғалар;

- емдеу-сауықтандыру орындары – ауру-сырқауларды емдеуді үйимдастыратын және алдын алатын табиғи ем ресурстарымен бай территория;

- курорт – табиғи ем ресурстары бар және эксплуатациялауга қажетті ғимараттар мен құрылыштары бар, сонымен қатар барлық инфрақұрлымы бар нысандарын емдік-профилактикалық мақсатта қолданатын ерекше қорғалатын табиғи территория;

- мемлекеттік мағынадағы курорт – мемлекеттік органдарының билігіндеңі берілген тәртіп бойынша олардың қараудағы емдік-профилактикалық мақсатта қолданылатын ерекше қорғалатын табиғи территория;

- аймақтық мағынадағы курорт – Қазақстан Республикасының субъектілері мемлекеттік органдар билігіндеңі берілген тәртіп бойынша олардың қараудағы емдік-профилактикалық мақ-

сатта қолданылатын ерекше қорғалатын табиги территория;

– жергілікті мағынадағы курорт – жергілікті басқару органдарының қаруындағы емдік-профилактикалық мақсатта қолданылатын ерекше қорғалатын табиги территория;

– курортты аймақ – санитарлы (таусанитарлы) күзеттегі бірлескен курорттар территориясы;

– санитарлы күзет округі – емдеу-сауықтандыру орындарының ластануынан және алдын ала мезгілсіз тозуынан, оның табиги ем ресурстарын сақтап және қорғауды қамтамасыз ететін, шаруашылық жасау режиміндегі заңға сәйкес ерекше қорғалатын табиги территория. Емдеу-сауықтандыру орындары мен курорттардағы ем ресурстарына жататын минералды сулар мен ем балшықтарын қорғауға арнайы округті тау-санитарлы күзет қойылады. Басқа жағдайларда санитарлы күзет округін қояды. Санитарлы күзет округінің сыртқы контуры болып табылатындар курорт аймақтары, курорт және емдеу-сауықтандыру орындары;

Қазақстан Республикасының курорттар қоры – емдеу-сауықтандыру орындарының, табиги ем ресурстарының, курорттар мен курортты аймақтар жиынтығы. Курорт қорын мемлекет есебін және емдеу-сауықтандыру орынның және курорттардың мемлекеттік реестрін Қазақстан Республикасының үкіметі жүргізеді.

Осы түсініктерден бөлек, рекреациялық географияда курортты зоналар мен курортты агломерацияларға анықтама берілді:

– курортты зоналар – жалпы курорттық шаруашылықтар бірлескен, сауықтандыру орындарының жоғары концентрацияланған курорттық аймақ; Бірлескен зоналар (шаруашылық, тұрғынды және көніл көтеру), жалпы курортты сая-

бақтар мен жалпы курорттық медициналық нысандар: су және балшық емі, су галерейлер, курорт емханасы, терренкуралар мөлшерленген жаяу журу маршруты) және т.б.;

– курортты агломерация – курортты зоналардың жоғары даму сатысы, жалпы курорттар байланысы біріккен, ірі курорт ауылдары немесе курорт қалашығы түріндегі құрылған курорттағы комплекстер.

Физикалық-географиялық және геологиялық жағдайлармен түрлі емдік минералды сулардың және балшықтардың құрамы анықталып, емдік қасиеті табылған және де жайлы климаттық аймақтар анықталған.

Курорттар емдік сипаттамасына байланысты үш топқа бөлінеді:

- бальнеологиялық;
- балшықтық;
- климаттық.

Бальнеологиялық курорттардағы негізгі емдеу құралдары – ваннада, ішуде, ингаляциялануда, ішкі органдарды тазалауда, асқазан және ішектерді тазалауда, бассейнде жүзуде қолданылатын минералды сулар. Жай сүдан бұл минералды сулардың ерекшелігі – ионды құрамы, температурасы, биологиялық активті газдары (көмірқышқыл, азот), радиоактивті элементтері, биологиялық активті микроЖлементтері (бром, йод, мышьяқ, темір, кремний қышқылы және т.б.).

Екінші топтағы балшық курорттарында негізгі ем факторы балшық болып табылады. Емдік балшықтар – табиги пайда болған жаңа геологиялық құбылыс. Бұл балшықтың құрамында түрлі көлемде су, органикалық және минералды заттар бар, бұл балшықтарды қыздырып ем мақсатында қолданады.

Балшық емінің халықаралық атапулы – пелоидттер (грек тілінен аударғанда – ил, балшық). Емдік балшықтың

түрлөріне қарамастан, олардың сырт пішіні, құрамы, қасиеті пайда болуы жалпы үқсас, бірақ геологиялық пайда болуынан олардың қасиеті әр түрлі. Оларға жататындар, жылыштық қасиеті, массасының біркелкілігі және т.б.

Климаттық курорттарда (үшінші топ) негізгі емге алатыны – ол климат. Оның құрамына жататындар – географиялық ендік, теңіз және мұхиттан алыстыры немесе жақындығы, денгейінен биіктігі, жергілікті рельеф, өсімдіктер байлығы. Мұндай климаттық курорттардыбылай айырады: теңіз жағалаулы, таулы, тегістіктеңі, орманды.

Климаттық курорттарда күн және ауа ванналар, теңізге және көлге шомылу, дозаланған қыдыру, ауда үйіктау сияқты шаралар жасалады. Бұл жерде туберкулезді емес тыныс аурулары, жүйке аурулары емделеді.

Жоғарыда айтып кеткендей, демалысқа байланысты қызмет түрлерін

үш топқа бөлуге болады. Осы демалыс қызметтерінің топтары бір-бірімен тығыз байланыста десек те болады.

Медициналық-биологиялық қызметті алатын болсақ, ол адамдардың денсаулығын жақсартуға, реабилитациялауға, салауатты өмір салтын сақтап қалуға, психологиялық жағдайын қалыпқа келтірге қызмет жасайды. Сонымен қатар, адам ем демалысын таңдағанда, тек медициналық факторларды ғана талап етпейді, адамға қосымша әлеуметтік-мәдени қызмет қажет. Себебі, емделу уақытында, адам көніл қүйін көтергісі келеді, шынығуға спорттық қызметтерді сұрайды, табигатпен танысқысы келеді және т.б. анимациялық қызметтерді сұрайды. Осы екі топтың қызметімен қанагаттандырылғаннан кейін, адам экономикалық қызметінің әсерін алады, адам ағзасы сауығады және жұмыс қабілеттілігі арттырылады.

## 6.2. Демалыс орындарының рекреациялық маңыздылығы мен ерекшелігі

Рекреация дегеніміз – адамның физикалық, интеллектуалдық және эмоционалдық күшінің көңейген үдайы өндірісі.

Рекреациялық ресурстар – бұл халықтың демалысы мен туризмін үйімдастыру мақсатында пайдалануға болатын табиғи және антропогендік нысандар мен құбылыстардың жынытығы. Негізінен ол туристік-рекреациялық қызметті «дамыту факторлары мен жағдайлары» түсігіне сәйкес келеді. Табиғи-рекреациялық ресурстар туристік индустрія қызметтерін аумақтық үйімдастыруға, туристік аудандар мен орталықтар құруға, олардың мамандануына және экономикалық тиімділігіне әсерін тигізеді.

Әлеуметтік-экономикалық рекреациялық ресурстарға қарағанда, табиғи рекреациялық ресурстардың бағалануы көнінен таралған және оның үш тәжірибелі классикалық үлгісі белгілі. Бұл:

- 1) медициналық – биологиялық;
- 2) психологиялық – эстетикалық;
- 3) технологиялық.

Демалысты үйімдастыру үшін қоршаған ортандың жайлыштық дәрежесі мен табиғи факторлардың адам организміне әсері медициналық-биологиялық немесе физиологиялық үлгімен анықталады. Медициналық-биологиялық бағалау кезінде жергілікті жердің климаттық жағдайларына айрықша назар аударылады. Дема-

лұшыларға табиғи ортаның эмоционалдық өсір ету сипаты, табиғи және әлеуметтік-экономикалық аттрактивтілік психологиялық-эстетикалық бағалау үлгісі жағдайында талданады. Бағалаудың технологиялық үлгісі жағдайында туризмнің алуан түрлерін үйлемдастыру үшін ресурстардың жарамдылығы мен аумақтарды туристік қызмет индустрисының нысандарының құрылышын салу арқылы игеру мүмкіндіктері анықталады. Табиғи рекреациялық ресурстар кешенді сипатқа ие, сондықтан да соның көмегімен ресурстардың интегралдық құнын және оларды тиімді пайдапана формаларын анықтауға болатын бағалаудың барлық үш үлгісін де жүргізу талап етіледі.

Барлық рекреациялық істердің ішінде адам денсаулығын қалпына келтірумен санаторий-курорттың индустрия айналысады. Бұл санаторий-курорттық индустрия ландшафтты-климатикалық ресурстар мен емдік гидроминералдарды қолдануда негізделеді.

Курорттың ерекшелігі оның бірнеше қызметтеріне байланыстырылады:

- халықты сауықтыру;
- ауруларды реабилитациялау;
- өкімшілік-бос уақыт қызметі.

Халықты сауықтыру профилактикасы санаторий-курорттық тәжірибеде екі ізгі түрін қолданумен жүзеге асырады:

- кешкі уақытта санаторий-профилакторияларда күнделікті емді қабылдаумен адамның физикалық күшін қалыптастыру;
- демалыс мезгілінде санаторий процесте денсаулық пен физикалық күшті қалыпқа келтіру.

Адамның физикалық және психологиялық денсаулығының профилактикасы табиғи ем ресурстарын қолдану негізінде курорттарда қалыпқа келтіріледі. Курорттар денсаулықты

нығайтуға және сақтауға, сонымен қатар аурулардың пайда болуын ескертінде мүмкіндік береді.

Курорттық ем тәжірибесінде үлкен орын алатын, ол ауыр халдегі ауруды (инфаркт миокард, қан жолдарының операциялық реконструкциялары, жүйке жүйесінің патологиясы, сүйеніш-қозғалтқыш аппараттары және т.б.) басынан кешкен адамның реабилитациялануы өмірге деген құлышынысын қайтаруға мүмкіндік береді, адамды еңбек қызметіне қайтаруға мүмкіндігін сақтайды.

Курорттық ем халықты аурудан сақтауға және ауру санын төмендетуге күресетін қазіргі заманғы медицинаның негізгі элементі болып табылады, мүгедектікten сақтауға, еңбек ресурстарын сақтауға және ұдайы өндірісіне үлес қосады.

Курорт уақытысындағы емдеу нәтижесінде аурудан кейін еңбекке жарамсыз адамдар 2-3 есе қысқартылады, еңбек өндірісі бірден өседі. Санаторий-курорт ісінің негізгі әлеуметтік мақсатын осыдан көруге болады.

Соңғы жылдары әлем бойынша адамның денсаулық жағдайына көніл бөлу басты орынға шықты. Осыдан да спортпен айналысуға курорттарда зор маңыз беріл, оған қолайлы жағдай жасалынуда. Сауықтыру орындарында спорт кешені құрылған: тренажер залдары, спорт алаңы, теннис корттары, бассейндер, спорт құрал-жабдықтар пункттері.

Бірақ курорттағы демалыстар тек медициналық мақсатты көзdemейді, сонымен қатар демалушылардың эмоционалды және рухани қажеттіліктерін қанагаттандыруға түрлі анимациялық циклдегі көніл көтеру бағдарламасын ұсынады.

Рекреациялық бағдарламаларды даындау кезінде туроператорлар «ұздіксіз бағдарлауды» ескере отырып,

қарапайым рекреациялық шұғылдануларды мақсатты, қосымша және қосалқы түрлеріне бөледі. Мысалға, экскурсиялар тану қызметі рекреация үшін мақсатты болса, сауықтыру үшін – қосымша және емдеуге – қосалқы.

Демалыс бағдарламасын жасауға негіз болатын қарапайым рекреациялық шұғылданулардың түрлерін, осы рекреациялық шұғылданулар циклдерінің қарастарылуын тәмендегі кестемен келтіреміз.

### 6.1-кесте

#### **Қарапайым рекреациялық шұғылданулардың түрлері**

Индекс	Рекреациялық қызмет түрлерінің атаулары	Қарапайым рекреациялық шұғылданулардың көріністері
1	Климатпен емдеу	Инсоляция, ауа ваннасы, таза ауадағы үйқы, терренкур
2	Бальнеологиялық	Минералды суды іштей және сырттай қолдану, сазбен емдеу
3	Белмедегі қозғалыспен байланысты ойындар	Билер, аттракциондар, жалпы дене шынықтыру дайындығы
4	Су процедуралары	Бассейнде шомылу, душ, ванналар
5	Аз қозғалыспен байланысты	Бильярд, тыныш аттракциондар
6	Қозғалыспен суда шұғылдану	Жүзу, су шаңғысы, су велосипеді, парусты спорт және т.с.с.
7	Балық аулау, аңға шығу	Балық, аң аулау
8	Белмедегі пассивті шұғылданулар	Кітап оку, теледидар көру, әңгімелесу, пассивті ойындар, дәрістер, театр, коллекция жасау және т.с.с.
9	Спортты туризм	Жаяу жүру, велосипедті туризмі, альпинизм, т.с.с.
10	Экскурсиялар	Жаяу жүріс, автобусты экскурсиялар
11	Спортты ойындар мен жаттыгулар	Волейбол, суға жүзу, хоккей және басқа спортты ойындар
12	Ашық аспан астындағы өуесқойлық шұғылданулар	Бау-бақша отырғызу, гербарий жасау, т.б.
13	Таза ауада жүріп демалу	Орманда демалу, саңырауқұлақтар мен жеміс-жидектерді жинау және т.с.с.

Кеңес үкіметі кезеңінде курортта би кештері, кинофильмдер көру, белгілі мәдени қызметкерлермен кездестіру, табиги және тарихи назар аудараптық жерлерге экскурсиялар үйімдастырылатын еді. Казіргі уақытта курорттарда анимациялық қызметке қызығушылық тәмендеген жоқ, керінше, өте қажетті маңызды орынды алады. Курорттарда демалыс орынды таңдағанда, адамдар тек медицина-

лық факторларды есепке алмайды, сонымен қатар анимациялық және спорттық қызметтерге сұраныс жасайды. Осы сұраныстар қазіргі заманғы курорттарды медициналық базаларын күштейтумен қатар демалушылардың бос уақытына көп көніл белуге жетелейді.

Халықтың рекреациялық қажеттіліктерінің өзгеруіне және курорттарда демалыс сапасының сұранысы артуына байланысты санаторий-курорттық

іс курорттық рекреациялық жүйеге айналды, негізгі мақсаты адам денсаулығын, санасын және өмірін ұзартуын нығайту болды.

Курорттық-рекреациялық жүйенің негізі бір-бірімен тығыз байланыстағы қызметтер болып табылады. Атап айтқанда:

- денсаулығын жақсарту (санаторий-курорттық емдеу);
- реабилитациялау;
- превентивті-валеологиялық (салалатты-өмір салтының профилакториясы);
- рекреациялық-анимациялық.

Курорттық-рекреациялық жүйенің әр қызметін кешенді қолдану ерекше технологияларды талап етеді. Емдеу процесінде табиғи ем факторлары мен дәстүрлі емес әдістерге басымдылық беріледі, ал рекреациялық қызметтерде қоғамның рухани денсаулығын және өнергелілігін көтеретін сабак айналымына беріледі.

Рекреология негізінен белгілі курорттық-рекреациялық жүйе түрлерінің бірі болып табылады, бұл үш супер жүйенің қарым-қатынас нәтижесінен пайда болған: қоғам, табиғат және өнеркәсіп өндірісі.

Ол бұрыннан да әлеуметтік-экономикалық саланың бөлігі болған, қазіргі уақытта Кеңес Одағының курорттанан Қазақстан курорты қызметтерінің айырмашылығы, ол экономикалық аспектілерінің табандылықпен көрінуі.

Жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайдың дамуы курорттық қызметте коммерциалану қаупін тудырды, ол бір жағынан толық емдеуге қажет арзан медициналық қызметтерді қолдануға әкелсе, басқа жағынан курортология саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысының қысқарылуына алып келеді.

Қазіргі уақытта табиғи емдеу ресурстарының эксплуатациясына бақылау жүйесі бұзылған, сол үшін

кеейір курорттар минералды су көздерін рационалды қолдануға бақылау қызметін үйімдастыруға мәжбур болды. Минералды суларды сақтау мен зерттеу, емдік қасиеті бар жерлердің болашақтағы мүмкіндігі зор бөлімшелерін анықтау әрі оларды жаңа технологиялары әдіспен өндеп және игеру жұмысы қысқартылған. Курорттық рекреациялық жүйені рекреациялық табиғи қолдану саласы ретінде, сол сияқты әлеуметтік саяси саласындағы және денсаулықты сауықтыру демалыс орындары ретінде курорттық рекреациялық жүйе қызметтеріне мемлекеттік реттеу талап етіледі.

Мамандардың пікірі бойынша, мемлекет шенберінде демалыс қызметін үйімдастыруға қатысты денсаулықты қалыпқа келтірудегі санаторий-курорт индустриясын игеру жұмысы, сол аймақтың табиғи және мәдени-тарихи әлеуетін, сондай-ақ бағыттық саяхаттарды үйімдастыру мүмкіндіктерін, негізгі материалдық-техникалық базалың және еңбек ресурстармен қамтамасызық дәрежесін ескере отырып, белгілі бір жағастықта жүргізілу тиіс.

Өндірістің даму дәрежесі мен туристік-рекреациялық ресурстарды пайдалану нәтижелігі санаторий-курорт индустриясының қызмет тиімділігін айқындайды. Бұл бағытта рекреациялық ресурстарды дұрыс бөлу мен игеру, олардың әлеуеттік мүмкіндіктерін арттыру және демалушылардың қажеттіліктерін қанағаттандару мәселелерін шешудің маңыздылығы ерекше.

Қазақстанның санаторий-курорт индустриясы республика аумағында жыл бойы демалыс қызметі үшін сыйымдылық пен қолайлыштық дәрежесі, тағайындалу қызметі әр түрлі 80 негізгі ландшафттық-рекреациялық аймақтар бөлінгендейгіне қарамастан, рекреациялық ресурстарды жете пай-

даланбау жағдайларымен бетпебет келуде. Бұл кейбір бағыттардың екінші бір бағыттарға қараганда аса қызығушылық тудыратындығымен ту-сіндіріледі. Сонымен бірге, демалыс аясын дамыту тиімділігінің төмендігі, елде, тұтастай түрде алғанда, ресурстық әлеуетті игеру стратегиясының болмаумен ту-сіндіріледі.

Қазіргі уақытта қандай да бір аумақтарда рекреациялық ресурстарды игерудің қол жеткізген деңгейі туралы логикалық байланысты мәліметтерге деген қажеттілік өсіп отыр. Бұл мәліметтерді белгілі аумақтарда туристік-рекреациялық ресурстарды игерудегі қол жеткізген деңгейдің жағымды жақтарын айқындау негізгі мақсаты болып саналатын сипаттамалар беру нәтижесінде алуға болады. Соның көмегімен кеңістіктік орналастырудың аймақтық ерекшеліктері мен рекреациялық ресурстардың алуан түрлерінің үйлесімі анықталады.

Әр түрлі зерттеушілер аумақтардың туристік игерілу деңгейін анықтауға әр түрлі тұрғыдан келеді. Зерттеушілердің бірі алаң бірлігіне ішкі жалпы өнім өндіру арқылы көрінген шаруашылық қызметтінің тығыздығын есептеп шығырады, негізгі корлар құны түрінде көрсетілген, аумақтағы жинақталған материалдық-техникалық байлықты өлшейді. Зерттеушілердің енді бірі жалпы өнімнің тығыздық көрсеткіштерінің, негізгі қорлардың және өндірісте жұмыс істейтіндер санының жынтығын алады.

Қазақстанның бай минералдық су көздері және шипалық сазды жерлері бір-бірімен үйлестікте адамның физиологиялық жағдайына әсер ететін және көптеген сырқат түрлерін емдеуге көмектесетін климаттық факторлар кешенін құрайды. Дегенмен де, республика аумағында анықталған 120-дан аса сазбен емдеу қорының тек 10 %-ына

жуығы ғана сауықтыру мақсатында пайдаланылады. Минералды сулардың емдік қасиеті туралы деректер ете ерте кездерден белгілі. Қазақстанда 500-ден аса минералды су көздері бар. Минералды сулар базасында курорттар мен бальнеологиялық емдеу жүйелері келушілерге қызмет көрсетеді. Туристік инфрақұрылымдардың дамымауынан минералды сулардың көптеген орындары әлі де зерттелмеген қалпында қалуда. Мысалға, минералды сулардың сульфидтік, йодтық, бромдық, радондық, темір, кремний бальнеологиялық топтарының ішінен радондық және кремний минералдық сулары ғана пайдаланылады. «Жабайы курорттар» олардың көпшілігіне тән болып саналады.

Қолайлыш табиги-климаттық жағдай, минералдық көздердегі сулардың химиялық құрамы, ауданда халықтың тығызы қоныстануы, табигат көркінің алуандығы сол жерлерге санаторий мен курорттар құрылышын салуға негіз болуы мүмкін.

Алғашқылардың бірі болып Ж.С. Садықов келесідей минералды су орындарын игеру үшін ұсынды. Минералды су орындарын игеруді қажет ететін аймақтарды кестеден көруге болады. Жоғарыда атап өткен емдік минералды су орындары бальнеологияда кеңінен қолданыс табуы мүмкін. Жерасты минералды су орындары негізінде (Горняк, Зеренди, Темірсу, Жосалы, Арасан, Манкент, Сарыагаш және т.б.) бүгінгі күнге 25 бальнеологиялық кесіпорындар жұмыс істейді.

Қоршаған ортаны қорғау мен жақсарту, жаңа жұмыс орындарын құру, жер-жерлерде халықтың қол өнері мен дәстүрлерін жаңғыртуды ескере, Жібек жолы аймағын әлеуметтік-экономикалық дамытудың ұзақ мерзімдік іс-қимыл жоспарлары қамтылды.

Жібек жолы бойындағы аймақтардың қазіргі заманғы туристік қызмет индустриясын дамыту үшін қажетті табиғи-рекреациялық ресурстармен, тарихи және археологиялық ескерткіштермен қамтамасыз етілгендейгін, осы сала мамандарымен жүргізілген зерттеу нәтижелері көрсетіп берді (бұған біздің өзіміздің де көзіміз жетті). Яғни, мұнда демалыспен қоса спортпен айналысуга; демалыс пен бальнеологиялық ем алуды үйлестіруге; мәдени ескерткіштер, археологиялық қазбалармен, табигатпен танысуга; жергілікті тұрғындар өткізетін шараларға қатысу, жергілікті халықтың тұрмысы және өнерімен танысу; жаңа рухани-эстетикалық әсерлер алушмен үйлестіре экзотикалық элементтермен саяхат жасау, флора және фаунамен танысу, экологиялық таза аймақтарды аралауға мүмкіндік беретін туристік-рекреациялық қызметті үйлемдастыруға болады. Сол себепті жоғары таулы спорт аймақтарымен, ландшафтық-климаттық және бальнеологиялық курорттармен, тарихи, археологиялық ескерткіштермен, альпинизм мен тауға шығу мүмкіндігімен, жаяу және ат туризмі аймақтарымен, қорықтарымен ерекшеленетін Солтүстік Жонғар, Талдықорған-Жаркент, Солтүстік Тянь-Шань, Іле секілді туристік-рекреациялық аудандарды атап етуімізге болады.

Туристік индустрияның ресурстық әлеуетін дамыту, сәсіз, мәдени ескерткіштерді көрсетуге дайындау мақсатында, үлкен көлемде капитал жұмсаумен байланысты болатыны түсінікті. Түркістан, Мерке, Тараз және Шымкент туристік-рекреациялық аудандары көп капитал жұмсайтын шараларды жүзеге асыруды қажетсінеді, өйткені мәденитанымдық қызығушылығын туғызатын (мұражайлар, көрмелер, экскурсиялық көрсетімдер), қомақты ма-

ңызға ие ескерткіштер, қанағаттанарлықсыз немесе апарттық жағдайларда.

Оңтүстік Қазақстан аудандарындағы инфрақұрылымның, экономиканың дамуы, көрікті орындар, Сырдария, Іле, Шу, Шарын, Сарысу өзендері аймағындағы су ресурстары, флора мен фаунаның тартымдылығы туристік-рекреациялық қызметтің барлық түрлін дерлік дамыту үшін мүмкіндіктер береді. Бірақ та шамадан тыс және дұрыс пайдаланбау нәтижесінде, қазіргі уақытта, аса құнды орман алқаптарының маңызды бөліктері құртылып жіберілген. Сонымен қатар, Оңтүстік Қазақстандағы альпинизмді, спорттық және танымдық туризмді дамытуға әсерін тигізетін таулы масивтер (мұздақтар, шығуы қыын тау шыңдары, таудағы өзендер және т.б.) туристік қызмет пен демалысты дамыту туралы сөз болған кезде назардан тыс қалуы тиіс емес.

Батыс Қазақстандағы спорттық, аң және балық аулайтын объектілері, Солтүстік Қазақстан аймағындағы республиканың негізгі табиғи ресурстары (Баянауыл, Көкшетау таулы масивтері мен көлдері) бұл жерлерде туристік қызметті дамыту маңыздылығын арттырады.

Минералды супардың қоры мен аймақтың климаттық жағдайы осы ресурсқа негізделген мекемелер құруға алғышарттар жасайды. Ауданда ауыл шаруашылығын дамыту, өз кезеңінде туристерді тамақ өнімдерімен қамтамасыз етуді үйлемдастыруға ықпал етеді.

Орталық Қазақстан климатының құрғақтығына қарамастан (жердің үстінгі қабатындағы супармен аз қаматамасыз етілгендейгімен байланысты), жекелеген жерлерде халықтың демалысы мен туристік қызметті үйлемдастыру-

ға болады. Орталық Қазақстанның орталық және оңтүстік аз қоныстанған аудандары көсіпшілік аң аулау объектілеріне өте бай.

Минералды су көздері орындарының болуы, асқазан, жүйке және жүрек-қан тамырлары жүйесі органдары ауруларын емдеуге бағдарланған бальнеологиялық мекемелер құрудың мүмкіндіктерін тузызады.

Республикадағы орман қорының 60%-ын шоғырландырған, өзендер және көптеген табиғаты көркіті тұщы көлдер, жануарлар дүниесі (тұлкі, сайғақ және т.б.), әр түрлі үлгідегі минералды су көздеріне бай Шығыс Қазақстан туристік қызметті қалыптастырудың орталығы бола алады. Мұндағы қарлы қыс тау шаңғысы туризмін дамытудың негізін қалайды.

Республика аумағының 44%-ын бос жерлер алып жатқандығына, құрғақ ыстық жаз айлары мен сүүқ, қары аз түсетін қыс айлары бар қатал климатымен ерекшеленетіндігіне қарамастан, мұндағы табиғаттың қызықты құбылыстарын да атамай кетпеуге болмайды. Ол – Шығыс және Оңтүстік (Батыс Қазақстан) таулардағы өзендер. Қазақстандағы ең ірі тау көлдерінің бірі Оңтүстік Алтайда орналасқан – Марқакөл. Бұл жердегі барлық жағ-

дайлар таулы курорттар, туризм мен альпинизмнің дамуына ықпал етеді. Биік таулы жартасты және мұздақтары бар сұлу ландшафттар келүшілердің қай-қайсының болсын назарын өзіне аударып, қызықтырмай қоймайды.

Өздеріне ғана тән белгілері бар Арап және Каспий теңіздері құрлық ішіндегі аса ірі су айданары болып саналады. Бекіре, севрюга, белуга сияқты бағалы балық түрлеріне ие бола отырып, Каспий теңізі республиканың негізгі балық аулайтын ауданы болып қала беретін болады. Балық аулау үлесі жағынан Балқаш көлі де одан қалмайды. Батыс бөлігінен оған Іле өзені құйылса, шығыс бөлігінен Қаратал, Ақсу, Лепсі және өзге де ұсақ өзендер қосылады.

Туристік қызметтің аумағын көнектізу үшін әр түрлі деңгейлі табыстары мен рухани сұраныстары (танымдық, іскерлік, діни, ғылыми және оку, экологиялық, спорттық-сауықтыру, қызығушылықтары бойынша мамандандырылған) бар отандық және шетелдік азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға қабілетті, аймақтардың белгілі тарихи-мәдени және табиғи әлеуетін барынша толық пайдалануға негізделген маршруттарды (турларды) дайындау керек болар.

### **6.3. Табиғи-емдік факторларына байланысты демалыс орындарындарында қызмет көрсетулерінің жіктелінуі**

Бальнеологиялық курорттар дегендіміз – маңызды емдік факторы табиғи минералды сулар болып табылатын курорттар.

Емдік минералды сулар құрамындағы жоғары деңгейдегі минералды және органикалық компоненттер мен газдар немесе ағзага тигізетін әсері айқындалған ерекше физикалық қоспалар (радиоактивтілік, pH

көрсеткіші, т.б.) негізінде сипатталады. Минералды бальнеологиялық маңызы бар көрсеткіштері – жалпы минералданыру, иондық құрам, газдар деңгейі мен органикалық мазмұны, биологиялық белсенделілігі жоғары микроэлементтер, радиоактивтілік, pH деңгейімен сипатталатын су рекреациясының көрсеткіші, температура.

Метрдегі граммен көрсетілетін жалпы минералдандырудың көрсеткіші – суда еріген барлық иондар мөлшерін айқындайды (анион, катион, малекула).

Табиғи минералды сулар осы көрсеткіштің кең көлемдегі диапазонына ие (2-ден 500 г/л жоғары), сондай-ақ оның емдік қолданыстағы тәсілдерін анықтайды. Минералданған суды әдетте (2-15 г/л) ішкі қолданыста пайдаланады (жоғары минералданған су бөліктері – баталиндік 21 г/л, лугела 52 г/л, т.б. тек ішкі қолданысты). 15 г/л және одан жоғары минералданған сулар орташа минералданған сулар санатына жатады. Олар сыртқы қолданыста, мәселен, ванна, бассейнде шомылуға қолданылады, ал 35 г/л минералданған суды (кейбір классификацияларды 50 г/л) рассолдар деп атайды, 150 г/л жоғарысын күшті рассолдар, ашиқ су айдындарындағы жоғары минералданған суды (көл, лимондар, жасанды су айдыны) рапо деп атайды.

Минералды сулардың ионды құрамы әр түрлі және санды шексіз (50-ге дейін түрлі элементтер). Дегенмен, суда еріген минералды су құрамы бірнеше иондар түрінде анықталады. Бұлар анниондар – хлор, сульфат, гидрокорбанаттар, катион – натрий, кальций, магний.

Минерал судағы иондар бойынша олар түрлі атауға ие бола алады: гидрокорбанатты, натрийлы, хлор-натрий, хлор-кальций және т.б.

Ішкі қолданыстағы минералды сулардың физиологиялық және емдік әсері үшін атамыш иондар құрамының маңызы зор. Бұлардың негізгі бөлшегін құрамында газы бар сулар құрайды. Әдетте онда көмірлі газ, азот, көмірсутек болады.

Газды сулардың физиологиялық және емдік әсері, олардың газға қанықандығында және жарақаттанбаған

тері арқылы сінірліуінде. Қанықан газды бөлу әр түрлі болып келеді (1 л газ). Табиғи минералды сулар ішінен көмір қышқыл және азот суларын бөліп қарастырсақ болады. Мұндай суларды ванналарда қолданған кезде, олар су көпіршіктерін түзіп, газды көпіршіктен тұратын жаңылғы пайда болады.

Соның әсерінен тері бірде сумен, бірде газben алмасады. Газ бен судың әр түрлі икемділігінен тері ауытқып отыратын температураға, сондай-ақ женіл механикалық іс-әрекетке тең микромассажға тап болады.

Азага тері арқылы енетін биологиялық белсенді немесе физика-химиялық қоспасы бар газ-суға ерекше спецификалық сапа береді. Сульфидті сулар жоғары белсенділігімен ерекшеленеді, сондай-ақ сол құраммен оның физиологиялық және терапиялық әсері сипатталады. Минералды сулардағы иондар түрінде ерекше кездесетін микроэлементтер қатарына темір ( $Fe^{2+}$  және  $Fe^{3+}$ ), иод (/), бром (Br), бор қышқылды және т.б. жатады.

Мұндай типті судың емдік әсері, сәйкес микроэлементтердің фармакологиялық құрамымен сипатталады. Олардың көп бөлігі ферменттер мен гормондар санатына жатады. Бұл элементтердің эндокринді темір бойына жинақталуы темір жүйесінің жоғарылыуна алып келеді. Әсіресе, ішу үшін қолданылатын су құрамындағы микроэлементтерді есепке алған жән. Атамыш элементтер аз мөлшерде болған кезде әсерлесе алады. Кейбір микроэлементтер тері арқылы тез енгіш келеді. Оларға: бром, иод, т.б. жатады. Құрамында 25 мг/л йоды болса бромды, 5 мг/л йоды болса йодты микроэлементтер деп атау әдетке айналған.

Минералды сулардың органикалық байланысқа тусуі гумин, битум, мұнай қышқылы, фенолды, т.б. элементтер негізінде жүзеге асырылады. Табиғи

судағы барлық органикалық заттар микроорганизмдер мен олардан бөлінегін ферменттер бойынша әсерлеседі. Ішу үшін қолданылатын супардағы органикалық заттардың жоғарғы құрамы токсиндік іс-әрекетке әкелуі мүмкін. 10 мг/л көлеміндегі органикалық заты бар супар биологиялық белсендерлер қатарында, 30 мг/л-ден жоғары органикалық заты бар супар ішкі қолданысқа жарамсыз болып келеді. Судың әсерлесуге түсі оны минералды супар санатына жатқызуға болады деген сөз емес, алайда ол ағзаға тигізетін физиологиялық сипат жағынан жетекші орында. pH көлемі бойынша минералды супарды қышқылды, нейтралды және аралас, т.б. бөледі. Бұл супардың теріге тигізетін әсері де әр деңгейде. Қышқылды орта ақызызы ширатса, эпидермисті тығыздайды. Су негізінде температура мен pH көрсеткіші, сондай-ақ аталмыш супарды миниралды деп атауға мүмкіндік береді. Жоғары температурадағы супар қатарына терендіктен жоғары жаққа шығатын супар жатқызылады.

Температурасы бойынша минералды супарды сұық (20 градусқа дейін), жылы (20-36 градус), ыстық (37-42 градус) және өте ыстық (42 градустан жоғары) деп бөледі. Аталған көрсеткіштер негізінде бальнеологиялық маңызы бар супардың заманауи жіктелімі қалыптасқан.

Осы жіктелімге сәйкес, минералды супар анионды құрамы бойынша 6 негізгі класқа бөлінеді, олардың әрқайсысы катион деңгейі бойынша класішілік топтарға бөлінген.

Ионнан өзге минералды су құрамында газдар, микроэлементтер, радиоактивті заттар қарастырылатындықтан жіктелімде 7 негізгі бальнеологиялық топ аталған.

1) арнайы мамандандырылған компоненттерсіз;

- 2) көмір қышқылды;
- 3) сульфидті;
- 4) темірлі;
- 5) бромды, ионды, жоғары органикалық заттармен.
- 6) радонды
- 7) кремнілі терм.

Минералды супардың типтеріне орай, бальнеологиялық курорттарды хлорид натрилі, иодты-бромды, көмір-қышқылды, радонды, т.б. топтарға бөледі. Бірнеше емдік қасиеті бар курорттарды осы көрсеткіштерге байланысты бальноклиматтық, бально-саз-лайшықты, бальноклиматлайшық-шықытадеп бөліп қарастырамыз.

Сыртқы қолданыста маңызды орында – көмірқышқыл газының болуы. Оның емдік қасиеттеріне тоқтар болсақ, жүрек қан-тамырларының жұмысы мен қан айналымынаң, тыныс алу жолдарының кеңеюіне жағдай жасайды. Мұндай курорттарда жүрек-қан тамыры ауруларымен ауыратын науқастар емделеді. Көмірқышқыл газы бар су орталық жүйке жүйесін қоздыра отырып, бас миының сыртқы қабатына өз әсерін береді. Құқырт қышқылы суы бар курорттар Орталық Азия мен бұрынғы КСРО аумағының батыс аудандарында кең таралған. Атальмыш суды құқырттің концентрациясы бойынша, әлсіз құқыртті (10-50 мг/л), орташа концентрациялы (50-100 мг/л), құқыртті (100-250), өте күшті (250-ден жоғары) деп бөледі. Бұл судың емдік қасиеті құрамындағы белсендер химиялық қабілеті бар құқырттің болуымен өлшенеді. Оны сыртқы қолданыста жергілікті және жалпыға арналған ванналарда пайдаланады. Алайда ішу үшін қолданылмайды. Су арқылы құқырт теріге еніп, сілекейлі қабыршақ пен тыныс алу жолдарына әсерін тигізеді. Қанға түсे отырып, бүкіл ағзаға тарайды да, күрделі реакция тудырады. Оның терапиялық

механизмінде атальмыш орында гормонды қозғалыстың өрбімен иммундық қозғалыстың реактивтілігі тұрады. Мұндай сұзы бар курорттар түрлі аурулардың кең көлемдегі шенберінде пайдаланылады. Атап айттар болсақ, гипертоникалық, гинекологиялық, сонылмалы жүрек аурулары, т.б. құқіртті су бальнеотерапиялық әдістің ең белсенді тобына жатады. Дегенмен де, қолданар алдында нұсқаулармен таңысып, қарсы көрсеткіштерін естен шығармаған жөн.

Радонды сұзы бар курорттар радиоактивті белсенділігі жоғары сұзы бар курорттар санатына жатады. Құрамындағы радиоактивтілігі судағы радон мен оның майда бөлшектері түсімімен анықталады. Концентрация негізінде, радонды суды: ете әлсіз (1-10 нки/л) түрінен ете күшті концентрациялыға (120-200 нки/л) ажыратады.

Бұл суда радоннан басқа, газдар мен минералды тұздар жиі кездеседі. Құрамындағы азоттың көптілігі және Ресейдің Алтай аймағындағы Белокуриха курортын айтсақ болады. Жоғары минералданған сұзы бар курорттар қатарына Ресейдегі Усть-Кут, Башқұртстандағы Красноусольск, т.б., термальдыға Грузиядағы Цхалтубо, Қырызстандағы Джеты-Огуз курорттары жатқызылады. Атальмыш су түрін курорттарда ваннада, ингаляцияда, ішуге және ішек-қарын жұмысын жақсартуға пайдаланады. Радонды су жүрек-қан тамырлары жүйесіне әсер ете отырып, пульс соққысын баяулатады, минуттық қан алмасу процесін, т.б. жақсартады.

Азотты-кремнийлі термальды сұзы бар курорттың ерекшелігі мұндағы жылы және ыстық сұзының құрамындағы азоты 20-25 мг/л және кремний қышқылы – 50-150 мг/л. Мұндай судың азотты термі мен кремний термі деген аттары сақталған. Олардың негізгі бас-

тау алған көздері таулы аймақтардан басталған. Ең өйілі курорттар санатына Тәжікстандағы Ходжа-Обигарм, Ресейдегі Кульдир, Талая, т.б. жатады.

Азотты су жылышы 20-100 градусқа дейін барады. Олар радиоактивті болуы мүмкін. Азотты кремнилі термальды сұзын ваннада шомылғанда, душта, т.б. қабылдайды. Терапиялық әсері негізінен газ тектес азотпен байланысты. Емдеуші ваннада жатқанда, қанықан үлкен газға тап болып, тері сінеді теріден өткен азот жүйке тіндерін тыныштандырады.

*Темір сұлы курорттар:* Бұл минералды су ерекшелігі құрамында темір, сондай-ақ басқа да химиялық активті компоненттер кездеседі. Әдетте мұндай супардың азотты және көмірқышқыл супарынан айырмашылығы ионды құрамы мен минералдылығымен анықталады. Темір сұзының екі негізгі түрін қарастырамыз: гидрокарбонды, қышқылды темір.

Темір супар әдетте ішу үшін пайдаланылады. Кей көздерде ваннада қолданылады. Ішкі қолданыста атальмыш су қан айналымын жақсартады да, ас қорытуға көмегін тигізеді, ағза мүмкіндігін арттырады.

*Мышьяк сұзы бар курорттар.* Мұндай супар негізінен Закарпатьяда, Кавказда, Карпат тауларында кездеседі. Мышьяк құралы бойынша мыналарға бөлінеді: әлсіз, (0,7-5 мг/л), олар Абхазиядағы Аватхарада, Увижипсте, күштілер (5-10 мг/л) таулы Тисада, Ногоджирде және ете күштілері (10 мг/лнан жоғары) Дарида, Сенъегор минералды супар. Ионды тұзды құрамы бойынша бұл супар мына құрамға жатады: гидрокарбонатты, кальций натрилі және хлорлы гидрокарбонатты натрилі. Көмірқышқыл газына қанықан 3,5 г/л-ге дейін (Нарзан, Ессентуки) мышьякты суды курорттарда ішкі емге, жалпы ванналарда қабылдай-

ды. Ішу қолданысындағы емде мышьяк мөлшері мен суды қабылдау 5-200 мг/л-ге дейін. Ал сыртқы ванна қолданысында мышьяк мөлшері 20-50 мг/л-ге дейін. Мышьяк иондары организмге тері арқылы өтіп, өзінің жогары биологиялық белсенділігі аясында ферментті тіндермен әрекеттеседі нәтижесінде тері торларының энергиялық әлеуетін арттырады. Ағзаның мүмкіндігін жақсартады.

*Ішкі қолданыстағы минералды суы бар курорттар.* Балынеологиялық типтегі курорттардың басым бөлігін аталмыш сала құрайды. Әдетте, арнайы мамандандырылған галлерияның өндіріш көзінен пайдаланады. Мұнда суды керегінше қыздырады, газға қанықтырады. Мемлекеттік стандартқа сәйкес 13273-73 минералды суларға құрамындағы минералдылығы 2 г/л-ден кем емес, биологиялық белсенді микроэлементтері бар сулар жатады. Минералды сулардың жалпы екі түрі болады: емдік және емдік асханалық. Көбінде бұл суларды дәрігердің тағайындауымен қолданады. Минералды суды механикалық әсері бойынша үш фазаға бөледі: құрделірефракторлы, нейрохимиялық, фаза қорытындысы. Құрделі рефракторлы фаза бүкіл жүйке жүйесіне әсер етеді. Бұл сулар гуморальді жолмен асқазанға, біріншіден гастридке пайдалы. Нейрохимиялық фаза өзінің химиялық ингредиенттерімен сілекейлі қабықша арқылы ағзаға сінеді. Зат алмасуын ретке келтіреді. Минералды судың емдік қасиеті оны ішкеннен бастап, аузың қуысынан бастау алады.

Емделу кезінде қалай ішуіде, қанша көлемде, су температурасын, химиялық құрамын ескерген жөн. Суды аздалағанда асқазан ауруларына пайдалы, ал кең көлемде үздіксіз қолдану тек гиперсекреция жағдайында ғана рұқсат етіледі. Судың асқазанға дұрыс

сінүі оның температурасына тікелей байланысты. Ағзаның әр киллограмына минералды судан 3-50 мг/л-ден келеді. Тәуліктік мөлшері 3-4 рет қолданыста 500-100 мг/л болуы шарт. Кей жағдайларда бұдан көп немесе аз деңгейде қолданады. Аздалауды асқазан атониясы барлар және жүрек-қан тамырларымен ауыратын науқастар қабылдайды. Ал суды көбірек қабылдайтын емделушілер: баяуры, еті, бүйрек, зәр шығару жолдары, ауыратындар, т.б. Суды тамақтанар алдында қабылдаған жөн. Осылайша ол тамақтың женіл сінірліүін қамтамасыз етеді. Сондықтан емделушілер тамақ алдында 25-30 минут бұрын ішкені дұрыс. Кей жағдайларда 30-45 минут бұрын ішіледі. Магний сульфаты мен натрий сульфаты қыын сінірлітін тұздар санатында. Олар асқазан жолдауына онша әсерін тигізе қоймайды. Магний иондары, керісінше, несеп жолдарына жақсы әсерін береді. Кальций ионымен байытылған сулар ағзадағы кальций жетіспеушілігінің артуына иті ықпал етіп, қан құрамын жақсартады. Ультракүлгін сәулеге деген сезімталдылықты арттыра отырып, Д витаминінің қалыптасуына көмектеседі. Кремнийлі сулар қабынуға қарсы қолданылады. Судың маңызды компоненттерінің бірі көмірқышқыл газы. Мұның әсері ағзага енгеннен кейін қанға өту арқылы білінеді. Көмірқышқыл сулары іштегі заттардың дұрыс қорытылуын тездедетеді. Осылайша аталған су ағзага түрлі деңгейдегі өз іс-әрекетін тигізеді. Біздің еліміздің курорттар минералының химиялық құрамының әр түрлі болуына байланысты мұнда емделушілер де өз таңдауларын жасай алады. Гастрит, асқазаны ауыратындарға гидрокорбантты немесе кальцийі аз минералды сулар ұсынылады. Бауыр, бүйрек,

зэр шығару жолдары мен өті ауыратындарға құрамында магний сульфаты түздары бар суларды пайдаланады.

*Батпақты курорттар.* Біздің елімізде балшықпен емдейтін 700-ге жуық жерлер бар. Емдік балшықты химиялық құрамына қарай 6 түрге бөледі: торфты батпақ; сапрофильді; сульфидті; батпақты ильдер; гидротермальды;

Емделу практикасында көп қолданытын сульфидті, сапрофильді және торфты батпақтар. Сульфидті қара батпақ түзды көлдер түбінде қалыптасады. Мұндай көлдер Қырымда, Қазақстанда, Солтүстік Кавказ бен Батыс Сібірде кездеседі. Едәуір атақтылары Саки, Талбукан, Шира, Эрлтон, Горькое, Медвежья, Карабчин, Куюльник, Молма-Кара, т.б. Жүйелендірілген сульфидті батпақтар миңерал көздерінің бастауында түзіледі. Ал сапрофильді батпақтар ТМД ау мағында, Сібірде кездеседі. Бұл батпақтардың пайда болуы микроорганизмдер әрекеттесуімен пайда болады. Биологиялық белсенде заттардың жиналудымен газ түзіледі. Ил сапрофиль торфы екі фазадан: сұйық және қатты фазадан тұрады.

Сұйық фазада су және ерігін түздар болса, қатты фазада тұз кристалдары мен силикаттық әр түрлі бөлшектері кездеседі. Батпақтар өз құрамына қарай ажыратылады. Сульфидті батпақтар негізінен құрамында органикалық заттардың бөлшектерімен ажыратылады. Оның құрамындағы су мөлшері 40-60%-ға дейін болады. Батпақтар бойындағы түздардың ең азы 100 граммға 1 грамм келеді. Ал 100 граммға 10 г келетіні қатты түзды қатарға жатқызылады. Сапрофильді батпақтар өсімдіктер мен тері организдері қалдықтарынан пайда болады. Бұлар құрам бойынша, судың көпшілігімен анықталады. 90-95% торфты батпақтар үлкен өсімдіктердің

шіру нәтижесінде түзіледі. Мұндағы су құрамы – 65-85%. Батпақтардың түрлі типтері физиологиялық құрамы негізінде, яғни жылу сыйымдылығы белсенде реакция, рН 1,3-1,5-ден 9,5-10-ға дейін қоспалар бойынша анықталады. Аталмыш батпақтардың құрылымының әр түрлі болуына қарамастан, олардың өздеріне тән бірегей қасиеттері де жоқ емес.

Батпақтың коллоидты құрылымы оның консистенциясын анықтауға мүмкіндік береді, сондай-ақ оған жұмсақтық пен біртектілік береді. Батпақ колloidтығы жылу алмасу процесін қамтамасыз етіп, оны бірқалыпта ұстап тұрады. Батпақты орта жоғары конвекциялы судан осынысымен ерекшеленеді. Бальнеологиялық бағалау үшін батпақ құрамындағы тұз мөлшерінің маңызы зор. Онымен қоса, орта реакциясы, сұйық фазадағы еріген газ, органикалық заттар, торфтық ерітінді құрамы, сүмен бірегей болып араласу нәтижесі ескеріледі.

Емдік процедура үшін қолданыста торф құрамындағы су көлемі 80-88% құрайды. Торфты ауда сақтаған кезде, оның құрғап-кеуіп кетуін қадағалаған жөн. Құрамындағы су мөлшері 55-56%-дан төмен болуы тиіс. Өйткені, оның құрғап кетуі сапасы мен емдік қасиетінің жоғалуына әкеліп соқтырады. Өзіне тән ерекшелігі негізінде, емдік қасиеттерін сақтай отырып, бүкіл химия-механикалық, температура, т.б. факторларға саятын жүйеде адам ағзасына күрделі өсер беруі де ғажап емес. Жоғарыда аталған барлық жағдайларды ескеретін болсақ, батпақ түрлері тығыз байланыста бола отырып, ағзаға түрліше өсер етеді. Бұл әрекет, ең алдымен, теріде жүреді, кейін оның негізінде ішкі ағзага еніп, химиялық және басқа да биологиялық микроэлементтер өсеріне қалып отырады. Ағза бойында болып жатқан түр-

лі өзгерістерді ескере отырып, айтар болсақ, мұндай құбылыстың нәтижесі қайта түзу мен қорғаныс қабатының реакциясының өзгерісі болып табылады. Кең айналымының дұрысталуы, сонымен қатар микроциркуляциялық


ортада тері қабаттарындағы қышқылды қайта түзу қалыбын құрайды. Емдік батпақтардың тері қабатына беретін әсері бойынша, олардың жылу ұстағыштық қасиеті мен сапа жағынан да берері мол.

## 6.4. Еліміздің емдік-сауықтыру орындарындағы қызмет түрлерінің ерекшеліктеріне сипаттама

### Алма-Арасан курорты

Алма-Арасан курорты республикалық бальнеологиялық курортқа жатады. Алматы қаласынан 26 км арақашықтықта, Іле Алатауының шырша жамылған солтүстік баурайында Өтпелі шатқалында орналасқан. Курорт әсем табигат аясында, теңіз деңгейінен 1830-1850 м биіктікте. Тянь-Шань жасыл пирамидалы ірі шыршалары

айналдыра өсken. Курорт климаты – биік таулы, жазы қоңыржай жылы, күз жылы және қысы қоңыржай салқын. Ең сүйкәуатемпературасы +4,2°C, еңжылы +15°C, орта шамамен жылдық ауа температурасы +5,3°C. Шамамен жауыншашын мөлшері – 900 мм, жылына 1600 сағ/күн ашық болады. Курорттың негізгі ем құралы – ваннаға қолданатын субтермальды (+34°C) және термальды (+37°C) минералданған, натрий-



Алма-Арасанның қысқы көрінісі

карбанатты сульфатты су көздері. Шипажайдың минералды сүй XIV ғасырсырлардан белгілі болған, тек 1930 бастап жылдан зерттелді. Ал курорт 1931 жылы құрылған. Шипажай жыл бойына 205 орынға қызмет етеді. Ваннағимараттары, қажетті емдік-диагностикалық кабинеттері бар. Сонымен қатар, бальнетерапиядан басқа бұл жерде электрондық ем, емдік дәне шынықтыру, климат факторлары (таза су, әсем табигат), физиотерапия, масаж, пайдаланылады, қажетті болса емдік тағамдар ұсынылады.

Көрсеткіші: тыныс органдарының, жүйке жүйелерінің және әйелдердің аурулары.

Емдеу мерзімі – 24 күн.

### Қапал-Арасан шипажайы

Шипалы сумен емдейтін бальнеологиялық шипажай. Жетісу жүргегі Талдықорған қаласынан 110 шақырым қашықтықта, Жонғар Алатауының солтүстік етегі, Бүйен өзенінің жағасында, Баян-Жүрек және Құлжа-Бас екі таудың ортасындағы көркіті Жәңке жазығында, теңіз деңгейінен 980 м биіктікте орналасқан. Климаты – континенттік, құрғақ. Жазы жылы және күнді, қысы орташа, күзі құрғақ және күнді, көктемі қысқа. Ауаның жылдық орта температурасы +6°C. Орта салыстырмалы ылғалдық шамамен – 60. Қараша айынан сәуір айына дейін ылғалдылық жоғары, мамыр айынан қыркүйекке дейін – 50. Жылдық жауын-шашын мөлшері шамамен 350 мм.

Санаторий тарихы 1848 жылдан бастау алады. «Қапал Арасан» курортында әр кездерде Шоқан Үәлиханов, Семенов-Тяншанский сияқты атақты адамдар да өз деңсаулықтарын түзетіп, демалған. Алғашқы емдеу мемесі 1886 жылы ашылған. 1982 жылы 500 адамдық, 5 қабаттығимарат

пайдалануға берілген. «Қапал Арасан» санаторийінің негізгі емдік көзі – әлсіз минералданған сульфат-хлоридті термальды (+37°C) сулар. Су фтор және кремний қышқылымен байытылған, сонымен қатар, 20 бірлік Мәкс радонды. Бұл шипакөз сүйе өзінің құрамы жағынан Болгариядағы «Бани», «Велинград», Чехославакиядағы «Янски Лазне», Грузиядағы «Цхалтубо» және Югославия, Венгрия, Италия, Франция, т.б. елдердегі атақты әлемдік курорттардың емдік суларынаң баламасы бола алады.

Көрсеткіші: жүйке жүйесінің аурулары, жүрек-қантамыр аурулары және тірек-қозғалыс мүшелері аурулары (артриттер пен полиартриттер, остеохондроз, радикулит).

Емдеу мерзімі – 24 күн.

### Мойылды курорты

Курорт Павлодар қаласынан 17 км қашықтықта, Құлымынды жазығының солтүстік-батыс бөлігінде Мойылды көлінің жағасында орналасқан. Климаты – шұғыл континенттік, жазы жылы, ыстық және құрғақ, ауа температурасы 40°C-қа дейін, қысы өте сүйк, қатты боранды 30-дан-45°C-қа дейін барады.


Курорттың негізгі емдік құралы – емдік лайлы және ащы тұзды хлоридті сульфатты-натрийлі Мойылды көлі.

Курорттың негізі 1922 жылы қаланған. Курортта жазда 600 орынға, қыста 400 орынға қызмет жасайды. Жазғы уақытта 60 орынды балалар бөлімі ашылды.

Ем-диагностикалық белмелері және зертханалары бар, су – балшық емдері (балшық процедурасы, ванна, гальванобалшық), электрлі ем, ЛФК, массаж, климатты ем жасалады.

Көрсеткіштері: жүйке жүйесі аурулары, гинекологиялық аурулар, тірек-қозғалыс мүшелері аурулары.

Емдеу мерзімі – 24 күн.



Мойылды курорты аясында

## Сарыагаш курорты

Оңтүстік Қазақстан облысы Сарыагаш ауданында, Шымкент қаласынан 145 шақырым жерде, Келес өзенінің сол жақ жағалауында орналасқан. Климаты – орта континенттік, жазы – ыстық, құрғақ, қысы – жұмсақ, жылды. Негізгі ем факторлары – жоғары термальды, жоғары құрамдағы кремний қышқылды әлсіз минералданған гидро-карбанатты натрий суы. Олар ванналарға және ішетін емдік су ретінде қолданады. Сарыагаш минералды суы түссіз, тұнық, тұнбасы және ісі жоқ, дәмі жағымды, әр уақытта өзінің химиялық құрамын ұстап тұрады және жыл мезгіліне қарай құрамы өзгермейді.

1952 жылы құрылған бальнеологиялық емхана негізінде 1961 жылы курорт ашылды. Жыл бойына санаторий 650 орынға қызмет жасайды. Санаторийде ем-диагностикалық бөлмелері, сумен емдеу бөлмелері, электротражарыпен емдеу бөлімдері, ЛФК, массаж бөлмелері бар, емдік тағамдарды ұсынады.

Бүйрек ауруының кең таралғанына байланысты ол ауруларды алдын алуға және емдеуге жаңа эффективті емдеу құралдарын табуды талап етеді. Бүйрек ауруының комплексі терапиясында бальнеологиялық және климаттық ем факторларын қолдану мен санитарлық курорттық ем қажет. Қазақстанда табиғи ресурстарына бай, минералды су көздерінің кең таралуы мен жайлы климаттық зоналары бар нефрология профильді курорттар осы уақытқа дейін болмаған. Жоғарыда айттылған мәселелерді ескере келе, Қазақстан Республикасының курорттар кесіподагының кеңесі «Сарыагаш» курортын республикадағы бүйрек ауруларын емдейтін санаторий-курорты деп жариялады. Мұндай шешім курорттың жайлы климаттық зонада

орналасуына, урология (нефрологияға жақын) профиліндегі ауруларды емдеу тәжірибесі бар мамандардың болғандығына негізделеді. Бұл профильді ауруларға 50 орын бөлінген. «Сарыагаш» минералды суы урологияс ауруына диуретикалық әсер береді, пиурияны кемітеді және тоқтатады, бүйрек функциясының фильтрациясын жақсартады, сонымен қатар токсиндерді жуады, қабынуға қарсы әсер етеді.

1981-84 жылдары Курорттар басқару кесіподагының республикалық кеңесі Қарағанды медициналық институтымен бірігіп пиелонефрит пен гломерулонефрит ауруларын «Сарыагаш» курортындағы табиғи ресурстармен емдеуді зерттеді. 1980 жылы курортта 150 орынға нефрологиялық бөлімдер қызмет жасады. Осы уақытқа дейін санаторийде 1000-нан астам адам гломерулонефрит пен пиелонефрит ауруларын емдейді. Көрсетілген патологиялармен 200-ден астам ауруларға климаттық бақылау жүргізеді.

Гломерулонефрит және пиелонефрит аурулары «Сарыагаш» санаторийінде комплексті емделе бастады. Санаторий-курорттың емдеуінің табысты болғаны, ол жайлы табиғи жағдайлар – ауаның жылулығы мен құрғақтығы, күн сәулемінің ұзақтылығы және де Сарыагаш минералды суы. Сондай-ақ климаттық жағдайды, бальнеологиялық ресурстарды дұрыс таңдап рационалды қолдануына байланысты.




Сарыагаш курортындағы 48 күндік жолдамалар тек гломерулонефрит және бүйрек ауруы профиліндегілерге арналған. Бірақ көрсетілген жолдамалар арқылы, басқа органдар мен жүйке патологиялары ауруларын емдейді. Көбінесе пиелонефрит, зәр жолдарын, тастарды 24-күндік жолдамамен емдейді.



Сарыагаш бюветі



Сарыагаш шипажайы



Санаторийде өм қабылдау шаралары

«Сарыагаш» санаторий-курортына жазғы уақытта 48 күндік жолдамалармен келесі ауруларды емдейді:

1. Гломерулонефрит ауруынан кейін сауықкан адамның ауруын алдын алуға және алған емін ұзартуға мақсатталған;

2. Гломерулонефрит ауруынан қалған құбылысты 6-7 айдан кейін емдеуді жалғастыру;

3. Гломерулонефрит ауруынан жазыла алмайтын ауруларды қайта емдеу;

4. Гломерулонефриттің зәр жолдағы қабынуын ремессия деңгейінде емдеу;

5. Гломерулонефриттің нефрология ауруымен араласу формасында және ісінуіндегі ем;

«Сарыагаш» санаторий-курортына жыл бойына 24 күндік жолдамамен келесі ауруларды емдейді:

1. Бүйрекінің сақталған формасындағы бастапқы пиелонефрит ремессия деңгейіндегі кезекте. Егер де гипертензиясы АД 170-180, 100-105 мм рт.ст. жоғары болмаса;

2. Бүйрекінің сақталған формасындағы екінші қайталанған пиелонефрит ремессия деңгейіндегі кезекте. Егер де гипертензиясы АД 170-180, 100-105 мм рт.ст. жоғары болмаса;

3. Пиелонефритке сәйкес зәр тасы диатезі (оксалат, урат).

## Түрксіб курорты

Алматы қаласынан 8 км қашықтықта, Іле Алатауының солтүстік бөктерінде, теңіз деңгейінен 1200 м биіктіде орналасқан. Курорт қасынан Есентай өзені ағып жатыр. Климаты – орта таулық, жазы орташа және қызық жұмысақ. Орташа температурасы қантарда – 3,8, шілдеде – 20,7 °C. 1934 жылы ұйымдасты «Түрксіб» демалыс үйі негізінде 1946 жылы құрылған. Санат-

торий жыл бойы жұмыс істейді. Мұнда өкпе, тыныс органдары және жүйке жүйесі ауруларына шалдыққандар қабылданады. Негізгі емі – женіл теріс зарядты аэроионды иондағы тау ауасы, ионбронды, оттекті, көмірқышқылды, азотты, т.б. ванналар, сондай-ақ физиотерапия. Сонымен қатар, электрондық ем, емдік дene шынықтыру, массаж, климаттық емдеу, парофинді ем, суасты душ-массаж қолданылады, егер де қажетті болса емдік тағамдар ұсынылады. Санаторийде 470 орын жыл бойына қызмет етеді.

Көрсеткіші: қан айналым органдары, жүйке жүйесі аурулары. Емделу мерзімі – 24 күн.


## Щучинск курорты

1946 жылы құрылған климатпен, минералды сумен және балшықпен емдейтін санаторий. Щучинск қаласынан және «Бурабай курорты» станциясынан 18 км қашықтықта орналасқан. Теңіз деңгейінен 400-420 метр биіктікте. Курорт Ақмола облысындағы Бурабай-Щучинск курорты аймағына жатады. Аумағының көп жері қарағайлы орман. Климаты жазы жылы және қызық суық континенттік. Шілде айындағы максималды температурасы +21,7 °C, ақпан айындағы максималды суықтық –17,1 °C. Жауын-шашын мөлшері – 360 мм. Орташа ылғалдық – 70%.

Негізгі емдеу факторлары – Балпашор көлінің шөгінді балшығы. Су-балшық емдеуінде балшық аппликациясы, йод-бромды ванналар, электржарық емі, ем-физикалық кабинет, масаж қолданылады. Санаторий 360 орынға жыл бойына қызмет жасайды.

Көрсеткіші – қан айналым органдары, тыныс алу және тірек-қозғалыс ауруларын емдеу.

Емделу мерзімі – 24 күн.



*Щучье көлі*

### Жаңақорған курорты

Қызылорда облысындағы Жаңақорған теміржол станциясынан 3 км қашықтықта, Теріскен балшықты көлінің жағалауында, сортаң топырақты шөлді өнірде орналасқан. Курорт маңайында Буркуль өзені, сырдарья өзенінен 3 км арыда ағып жатыр. Климаты – орташа континенттік (жазы ыстық және қысы орташа жұмсақ). Жауын-шашын аз түседі: 150-200 мм, мамыр-қазан айларында жауын-шашын болмайды. Ауаның орташа температурасы қантарда – 7°C, шілдеде +24,+26°C, жазда ауа ылғалдығы 15%, қыста – 80%. Жел солтүстік-шығыс, солтүстік және солтүстік-батысқа қарай, ал қыста онтүстік-шығысқа қарай соғады.

1920 жылы балшықпен емдеу ғимараты, 1926-28 жылдары 200 орындық демалыс ғимараты салынған. Қазақстандағы балшықпен емдейтін тұңғыш санаторий. Негізгі емдеу факторлары – емдік минералды балшық және Теріскен көлінің хлоридті-сульфатты магний-натрийлері. Санаторий жазда 505 орынға, қыста 355 орынға қызмет көрсетеді. Субалшық емі 22 орынға және 17 ваннага арналған, электржарық емі, гидротерапия, ЛФК, ингаляция қолданылады.

Көрсеткіші – тыныс алу органдары, жүйке және гинекологиялық аурулар.

Емделу мерзімі – 24 күн.

## Ауыл курорты

Семейден 90 км қашықтықта, шырша орманы аумағында теңіз деңгейінен 270 м биіктікте орналасқан климаттық қымыз курорты. Климаты – континенттік. Жазы жылы (маусымда +21°C), қысқы уақыт орташа сүүк (-16 °C). Климаттық және қымызбен емдеу қолданылады. Туберкулез ауруымен ауыратын ересек адамдарға арналған.

## Бершүгүр курорты

Ақтөбе облысында теңіз деңгейінен 400 метр биіктікте Мұғалжар тауының етегінде орналасқан климаттық қымызбен емдеу курорты.

Климаты: жазы құрғақ континенттік (маусымда +24 °C) және қысы өте сүүк (қантар айы -16 °C).

Емдеу факторлары – климат пен қымыз. Туберкулезбен сырқаттанған ересек адамдарға арналған қымыз зертханасы бар санаторий.

## «Каменский плато»


Таудың таза ауасы және қымызбен емдейтін санаторий. Іле Алатауының етегінде, Алматы қаласынан 10 км қашықтықта, теңіз деңгейінен 1360 м биіктікте орналасқан. Жаз айларының орташа температурасы +18,1 – 20°C, қыста -2,7-4,4°C, құрғақ; ен сүүк айы – желтоқсан (-24,5°C). Алғашқыда демалыс үйі болып құрылып, 1932 жылы өкпе туберкулезін емдейтін санаторийге айналды. Қазір санаторий Алматы қалалық әкімшілігіне қарайды. Жыл бойы жұмыс істейді, бір мезгілде 350 адам қабылдайды. 1971 жылдан бастап 75 орындық урология, гинекология бөлімдері ашылған. Емдеу

факторлары: қымыз бен климаттық факторлар (тая бектеріндегі шыршалы орман, шипалы таза ауа, сұлу табиғат), сондай-ақ физиотерапия, аэрогелиотерапия, емдік денешының тәсілдері қолданылады. Жақсы жабдықталған рентген кабинеттері, зертханалары бар. Санаторийде өкпеге операция да жасайды.»

## Бурабай

Ақмола облысының Щучье ауданындағы қымызбен емдейтін республикалық маңызы бар курорт. Щучинск қаласынан 20 шақырым жерде, Бурабай көлінің жағасында орналасқан. Көкше тауы (абсолюттік биіктігі 947 м) солтүстіктен соғатын өкпек желге тосқауыл болады, оның баурайында қарағайлар, қайың аралас ормандар есекен. Ауаның орташа температурасы: қантарда -16°C, шілдеде +19°C; жауыншашынның жылдық мөлшері – 400 мм. 1910 жылы Бурабай аясында қымызбен емдейтін тұнғыш емхана ашылған. Осы емхана негізінде 1920 жылдан бастап курорт құрылды. Қарағайлар орман ішінде екі санаторий (екеуі де «Бурабай» деп аталады) орналасқан: біреуінде үлкен адамдар, екіншісінде балалар емделеді. Екеуі де жыл бойы жұмыс істейді. «Бурабайдағы» негізгі ем – қымыз, сондай-ақ климаттық факторлар (қарағайлар орман, шипалы таза ауа, сұлу табиғат) көнінен пайдаланылады, физиотерапия тәсілдері, Балпашордың тұзды балшығы, Майбалық көлінен тасылатын хлорлынатрийлі-магнийлі минералдық су, т.б. қолданылады.

Көрсеткіші: туберкулез бен жоғарғы тыныс жолдары ауруларын емдеуге арналған.





*Курорт орналасқан Бурабай аясы*

### **Манкент демалыс үйі**

Манкент – шипалы сүмен емдейтін климаттық санаторий. Оңтүстік Қазақстан облысы Сайрам ауданының аумағында орын төпкен «Манкент» шипажайы Шымкент қаласынан теріскейге қарай 25 шақырым қашықтықта. Алматы теміржолының «Манкент» бекетінен 6 шақырым, Алматы-Ташкент-Термез даңғылынан 3 шақырым қашықтықтағы өндіріс орындары мен елді мекендерден шалғай, тыныш, үстірт жерге, теңіз деңгейінен 606 м биіктікте орналасқан. «Манкенттен» не бары 1,5 шақырым жердеі облыстық әкімшіліктің «Ақсу» демалыс үйі тұсынан ағып келетін Ақсу өзенінің бір саласы шипажай ішінен үш тармақта бөлініп өтеді.

Санаторий 1926 жылды пайдалануға берілген. Қазіргі таңда санаторийдің

10 тұрғын ғимараты мен 10 жазғы уақытта пайдаланылатын кешені бар.

«Манкент» демалыс үйінің алғашқы кірпіші қаланған жылдардан бері мұнда әр түрлі ағаштар, гүлдер отырғызылып, саябақтар жылдан-жылға ұлғая, көркейе түсken еді. Қазіргі кезде қалың өсken кайын, қарағаш, қарағай, көктерек, қаратал, арша, емен, үйенқі, сәмбітал, талшын, шынар, бозқараған. аққарағандар шипажайды көмкеріп, әсем безендіріп тұр. Одан басқа мұнда алма, өрік сияқты жеміс ағаштары да өседі.

Гүлзарларда раушан, астра, түймедақ, хризантема, гүлқайыр сияқты алуан түсті әдемі гүлдердің түр-түрі көздің жауын алып, құлпыра түседі.

Шипажайдың емханасы жатақтардан бөлек, саялы жерге орналасқан. Бас дәрігер, бас медбике, психотера-

певт, терапевт, гинеколог, невропатолог, уролог емделушілерді осында қабылдайды.

Асқазан, ішектегі ауруды компьютер арқылы дереу анықтап беретін, электрокардиограмма жасап, жүрек қызметін тексеретін, инемен емдейтін, дәрі шөптер ерітіндісін тыныс жолдарына жіберетін, қолмен, электрмен массаж жасайтын, балауызбен қыздыратын бөлмелер осында орналаскан. Бұдан басқа 8 бөлмеден тұратын физотерапия бөлімшесінде 22 түрлі аппараттен ем жасалады.

Емханада шипалы суға түсетін, аяққа, қолға бөлек-бөлек берілетін ванналар, су бүріккіштің тұр-тұрі, сұмен жасайтын массаж, ішек ауруларын емдейтін бөлмелер бар. 2003 жылды пайдалануға қосылған жатақта массаж, сусты массажы, балауыз, су бүріккіш, сазбалшық, физотерапия арқылы ем беретін бөлмелер, су ішетін бювет, фин саунасы бар.

Қанды, зәрді, өтті, асқазанның қышқылдығын тексеріп, асқазанды, өт жолдарын жуатын, ауырған тісті емдейтін, тіс салатын, «электрлі үйқы» бөлімшелері бар.

*Шипалы су. «Манкент» шипажайы аумағынан 1210 метр терендіктен жылы су табылған. Судың түсі аздалап сарғыштау, мөлдір. Жағымсыз исі, дәмі жоқ. Үйдиста ұзақ тұрса азғана қоңырқай түсті тұнба түзеді. Курортология институты зерттеулерінің қорытындысы бойынша бұл су сульфатты-хлорлы-натрийлі, шамалы минералды шипалы жылы сулар қатарына жатады. Минералдылығы – бір литрде 2,2 грам. Химиялық құрамы тұрақты. Қышқылдығынан негіздігі басым. Жер бетіне шыққандағы жылуы – 37 градус. Физика-химиялық сипатты жағынан әйгілі «Шартақ» (Өзбекстан), «Жалал-Абад» (Қыргызстан), «Дон» (Ресей) шипажайлары суларына сей-*

кес келетін бұл судың емдік қасиеті де олардан артық болмаса кем емес. Құрамында денсаулыққа аса пайдалы күкірт, натрий, йод, бром, тағы басқа да элементтері бар «Манкент» шипалы сүйн ішуге де, ванна түрінде де кеңінен пайдалануға болады.

Күкірт – тері ауруларын емдейтін көптеген дәрі-дәрмектердің құрамына кіреді. Натрий хлор иондарымен қосылып, асқазан қышқылдығын қалпына келтіруге өсерін тигізеді. Хлор өттің журуін жақсартады. Бром ми жүйесін тынықтырады, үйқыны түзейді. Йод зобқа қарсы өсер етеді, жарақаттардың жазылуына, бұындарға шорланып жиналған артық тұздардың кетуіне септігін тигізеді.

Суды қашан, қалай пайдалануды науқастың жай-күйіне, жүрек, асқазан, ішек, бауыр, өт, бүйрек сияқты ағзаларының жағдайына, ауыруының түріне қарап емдеуші дәрігер белгілейді. Суды алғаш ішкенде оның мөлшері 100-150 мл-ден аспауы керек. Бір тәулікте ішуге пайдаланылатын шипалы судың мөлшері науқастың әр кило салмағына шаққанда 3,3 мл деп есептелінеді.

Асқазан сөлінің қышқылдығы көп болса суды тамақтан 10-15 минут бұрын, асықпай, сораптап ішкен жөн. Осылай ішкенде су асқазанда көбірек тұрып, оның қызметін жақсартады. Асқазан сөлінің қышқылдығы аз болса, суды тамақтан 1-1,5 сағат бұрын тез ішу керек. Мұндайда су асқазанда көп кідірместен лезде ішекке өтіп, оның қызметін күштейтеді де, асқазан қызметі баяулайды, қышқылдығы да азаяды.

Асқазан сөлінің қышқылдығы қалыпты жағдайдан ауытқымаған болса, шипалы суды тамақтан 35-40 минут бұрын іshedі.

Жылыдай ішілген су асқазанның, ішектің, өт жолдарының қозғалысын реттейді, тырысқанын, түйілгенін ке-

тіреді, өттің, іштің жүруін жақсартады. Зәрді қуалайды.

Шипалы су асқазанды, ұлтабарды жууға, ет жүргізуге (дюбаж), ішекті, қан ауруларын емдеуге қолданылады. Онымен мұрынды, ауызды, тамақты шаюға да болады.

Көп жыл бойы бақылаудың нәтижесінде «Манкент» шипалы сүйн мұна тәмендергідей ауруларды емдеуге пайдалануға болатыны байқалды: мұрын ішінің кебуі, мұрыннан су аға беретін аллергиялы ринит, қызыл иектің қабынуы, жиі қайталайтын тамак баспасы; асқазан гастирті мен ұлтабар ішектің қабынуы, асқазан, ішек жаралары, ет қалтасының қабынуы, ет жолдарының ауруы, тоқ ішек кеселдері; буын аурулары, ревматизмнен, бруцеллезден қалған буын артриттері, омыртқа остеохондрозы, бел ауру; үйқы бұзылуы, жүйке жүқарып, көнілдің қошы кетуі; әйелдердің жыныс аурулары; зоб ауруы; жұқпалы емес тері аурулары.

«Манкент» шипалы сүйн пайдалануға әрі мұнда ем алу үшін келуге тыйым салынатын жайттар мыналар:

- жоғарыда аталған кеселдердің қозған кезінде;
- қан қысымы қалыптағыдан жоғарылағанда;
- инфарктан кейінгі жағдайда;
- қияли ауруларға ұрынғанда;
- қояншық ауруы бар болғанда;
- қатерлі ісікте.

Шипажайда психотерапия тәсілдерін қолдану арқылы жасалатын ем сеанстары ашуланшақтық, күйгелектік, дегбірсіздік, сөз көтере алмау, тез жылап қалу, қорқыныш, үйқысыздық, бас ауруы, тез шаршаш сияқты жүйке жүқаруынан туындаған кеселдер кетеді. Жан азабы жеңілдейді. Бойға күш-куат бітіп, тәзімділік артады. Сабырлылық пайда болып, көніл көтеріледі. Еске түсіру, есте сақтау қабілеті жақсарады.

Өмірге, еңбек етуге құлшының күшінеді. Денеде жасару процесі жүреді; жүрек тамырларының сығылуы, жүрек ауруы басылады. Жүрек ойнауы, сүйлдауы, осы кезде пайда болатын үрей кетеді; қан қысымы асық болса, тәмендеп, кәдіулігі қалпына түседі; мұрын бітіп қалу немесе аллергияның салдарынан мұрыннан су аға беруі, өкпе демікпесі сияқты тыныс жолдарының аурулары жазылады.

Асқазандағы, ішектегі жаралар шорланып, тез арада бітуіне, ет жолдарының ашылуына, ет қалтасы, ішек ауруларының жазылуына септігін тигізеді. Тері ауруларының дерматит, псориаз, экзема, сүйел қаптап кету сияқты түрлөрі жазылады.

### «Рахманов бұлағы» шипажайы

Санаторий 1964 жылдан бастап жұмыс істейді. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарагай мемлекеттік ұлттық табиғи парк аумағында, Өскемен қаласынан 450 шақырым қашықтықта, Алтайдың қақ жүрегінде теңіз деңгейінен 1760 м биіктікте орналасқан. Рахманов бұлағы – Оңтүстік Алтайдың бірден-бір сұлу бөлігі. Ел аузындағы деректерге қарағанда, бұл бұлақтың ашылуы аяқ астынан болған. Бұдан 200 жыл бұрын Рахманов деген аңшы тауда бір маралды аяғынан атып алады. Сол күні аңшы жаралы маралмен бірге тау ішінде қонып қалады. Таңертен тұrsa, жараланған маралы жоқ, жан-жағына қарап, жақын жерде бұлақтың ағып жатқанын көреді. Рахманов бұлаққа келіп, сол жерде жаралы маралдың аяғы бұлақ сүйнен салынғып, жазылып, маралдың қашып кеткенін байқайды. Рахманов өзіне ыстық бұлаққа тәжірбие жасауды жөн көріп, көп жылдан бері ревматизммен ауырған аяғын 3 күн бұлақ сүйнен са-

лып, аяғының жазылғанын сезеді. Содан бері қарай бүкіл осы маңда тұратын халықтар емдік қасиеті бар бұлақты «Рахманов бұлағы» деп атап кеткен. Қазір мұнда көптеген ауруларды емдейтін «Рахманов бұлағы» курорты жұмыс істейді. Рахманов бұлағы қазіргі



химиялық классификация бойынша азотты – кремнилі минералды топқа жатқызылды, ол өзінің сұнының құрамы жөнінен «Белокурихи» және «Цхалтубо» санаторийлерінен еш кем емес, бірақ олардан емдеу күші жөнінен біраз ерекшеліктері бар.



*Шипажай табиғаты*

Радон суларын ішу арқылы асқазан – ішек аурулары, асқазан жараларын емдеуге болады. Климаты арқылы көптеген ауруларды: жоғарғы тыңыс алу жолдарын, астма, қан аздықты емдеуге болады. Санаторий емдеу корпустарында, асхана және коттедждерде барлық жағдайлар жасалған.

Қарғалы пансионаты – Алматы қаласының шетінде, Іле Алатауы етегіндегі жеміс бағында орналасқан. Қарғалы пансионаты алғаш 1937 жылы алғашында аналар мен балаларға арналып, 1949 жылы жай «Демалыс үйі», 1984 жылы балаларға арналған орталық болып құрылды. Отбасыларға және ата-аналарға 4-тен 15 жасқа дейінгі балаларымен арналған бөлімдер бар.

Демалыс үйінде – физиотерапия, стоматологиялық, үқалau, дәстүрлі емес емдеу түрлері қолданылады. Пансионат жыл сайын жетім балаларға тегін жолдама үlestіріп отыруды жолға қойған. Көніл көтеру

бағдарламасы, спорт алаңдары жақсы үйімдастырылған.

Қазақстан аумағында жоғарыда сипатталған курорттардан басқа да емдеу-сауықтыру орталықтары жетерлік. Санаторий-курорттық емделу адамзаттың денсаулығын қалпына келтіру үшін өте қажет. Туризмнің даму қарқыны – оның ішіндегі емдік туризм әлемнің көптеген елдерінде экономика саласының өркендеуіне өз септігін тигізеді, ал Қазақстан Республикасы үшін де осы жайт қапыда қалмайды деген ойды ұстанып отырмын. Осы жағдайға орай, егер де мемлекет тарарапынан туризмнің осы түрін дамытуға қолдау көрсетілмесе, емдік туризм саласы құлдырауға ұшырауы ғажап емес. Осы істің жалғасын өрбіту үшін мемлекеттің назарын аудару біздің міндеттіміз. Қараусыз қалған санаторий-курорттық орындарды халқымыздың игілігіне қолдана білуіміз керек, олардың ішіне ертеде зерттелген табиғи емдік ресурстарды жатқыза аламыз.

## БАҚЫЛАУ СҮРАҚТАРЫ

1. Қызметіне қарай демалыс орындарын қалай бөлеміз?
2. Курорттар емдік сипатына қарай нешеге бөлінеді?
3. Бальнеологиялық курорт дегеніміз нे?
4. Табиғи-емдік факторларына байланысты демалыс орындарында қызмет көрсету қалай жіктеледі?
5. Елімізде қандай емдік-сауықтыру орталықтары бар? Олар жайлы қысқаша сипаттама беріңіз.

## Негізгі ұғымдар мен терминдер

*Әлеуметтік туризм* – жұмыс берушінің және (немесе) өзге де үшінші тұлғалардың қаражаты есебінен толық немесе ішінара жүзеге асырылатын туризм;

*Гид (гид-аудармашы)* – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсететін, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;

*Өз бетінше туризм* – туристер өз бетінше ұйымдастыратын, жүріп-тұрудың белсенді тәсілдері пайдаланылатын саяхаттар;

*Тур* – белгіленген мерзімдер шенберінде белгілі бір маршрут бойынша жасалатын саяхатты қамтитын туристік қызмет көрсетулер кешені;

*Туризм* – жеке тұлғалардың уақытша болатын елде (жерде) жиырма тәрт сағаттан бір жылға дейін не жиырма тәрт сағаттан аз уақытқа созылатын, бірақ түнейтін, ақылы қызметпен байланысты емес мақсаттағы саяхаты;

*Туризм нұсқауышы* – тиісті біліктілігі және туристік маршруттармен жүріп өту тәжірибесі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға;

*Турист* – уақытша болатын елге (жерге) жиырма тәрт сағаттан бір жылға дейінгі кезеңге келетін және ақылы қызметпен айналыспай, сол елде (жерде) сауықтыру, танымдық, кәсіби-іскерлік, спорттық, діни және өзге де мақсаттарда кемінде бір рет түнейтін жеке тұлға;

*Туристерді орналастыру орындары* – мейманханалар, мотельдер, кемпингтер, туристік базалар, қонақжайлар, демалыс үйлері, пансионаттар және туристердің тұруы мен оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да үй-жайлар мен ғимараттар;

*Туристік агенттік қызмет* (тур-агенттік қызмет) – жеке және (немесе) заңды тұлғалардың (бұдан әрі – тур-агент) туроператор қалыптастырған туристік өнімді ұсыну және өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;

*Туристік ваучер* – турдың құрамына кіретін қызметтерге туристің құқығын және олардың ақысы төленгенінің фактісін растайтын құжат;

*Туристік жолдама* – туристік қызмет көрсету кешенін алуға құқықты растайтын құжат;

*Туристік қызмет* – жеке немесе заңды тұлғалардың туристік қызмет көрсету жөніндегі кәсіпкерлік қызметі;

*Туристік қызмет көрсету* – туристің саяхаты кезеңінде және осы саяхатқа байланысты оның қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұсынылатын қажетті қызмет көрсетулер (орналастыру, тасымалдау, тамақтандыру, экскурсиялар, туризм нұсқаушыларының, гидтердің (гид-аудармашылардың) қызмет көрсетулері және сапар мақсатына байланысты көрсетілетін басқа да қызметтер);

*Туристік қызмет көрсетуге арналған шарт* – өтемді туристік қызмет көрсету бойынша туристік қызметті жүзеге асы-

ратын тұлға мен туристің арасындағы көлісім;

*Туристік қызметтің жүзеге асыратын тұлғалар* – турагенттер, туроператорлар, туризм нұсқаушылары, сондай-ақ өз бетінше туристік қызмет көрсететін гидтер (гид-аудармашылар), экскурсоводтар;

*Туристік қызметтің жүзеге асыратын тұлғалардың мемлекеттік тізілімі* – туристік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды есепке алу құжаты;

*Туристік маршрут* – туристің (саяхат кезінде) танымдық, спорттық, эстетикалық не өзге де мақсаттармен өту, қару үшін белгіленген барлық географиялық мекендердің, болу нысандарының тізбесін көрсететін жүру жолы;

*Туристік маршруттар мен соқпақтардың мемлекеттік тізілімі* – туристік маршруттар мен соқпақтарды есепке алу құжаты;

*Туристік операторлық қызмет* (туроператорлық қызмет) – қызметтің осы түріне лицензиясы бар жеке және (немесе) занды тұлғалардың туристік өнімді қалыптастыру, оны туристік агенттер мен туристерге ұсыну және өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының резиденті емес қалыптастырган туристік өнімді ұсыну мен өткізу жөніндегі көсіпкерлік қызметі (бұдан әрі – туроператор);

*Туристік өнім* – саяхат барысында туристің қажеттіліктерін қанағаттандыруға жеткілікті туристік қызмет көрсетулер жиынтығы;

*Туристік өнімді ұсыну* – туристік қызмет көрсетуге бағытталған шаралар (жарнама, мамандандырылған көрмелер мен жәрмеңкелерге қатысу, туристік өнімді өткізу жөніндегі туристік ақпарат орталықтарын ұйымдастыру, каталогтар, буклеттер шығару және тарату) кешені;

*Туристік ресурстар* – туристік көрсету нысандарын қамтитын табиғи-климаттық, тарихи, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру нысандары, сондай-ақ туристердің рухани қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын, олардың дene күшін қалпына келтіріп, дамытуға жердемдесетін өзге де нысандар;

*Туристік нарық* – туристік қызмет саласындағы тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) мен ақша айналысы;

*Туристік сала* – негізгі қызмет саласы туристік қызмет көрсету, туристік өнім жасау, оларды ішкі және халықаралық нарықтарда ұсыну мен өткізу болып табылатын экономика саласы;

*Туристің төтене жағдайға ұшырауы* – туристің саяхаттан оралмауы, сондай-ақ туристің қаза болуына немесе оның денсаулығына зиян келтіруге әкеп соқкан немесе әкеп соғуы мүмкін авария, зілзала немесе апат нәтижесінде туындаған, саяхат кезінде белгілі бір аумақта болған оқиға;

*Үекілетті орган* – туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқаруыш орган;

*Экскурсант* – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көретін жеке тұлға;

*Экскурсия* – жеке тұлғаның уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарды танымдық мақсатта жиырма төрт сағаттан аспайтын уақытқа барып көрүі;

*Экскурсиялық қызмет* – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстарға танымдық мақсатта келуді ұйымдастыру жөніндегі көсіпкерлік қызмет, ол туристерді орналастыру (түнету) жөніндегі қызметті көздемейді

және жиырма төрт сағаттан аспайтын мерзімді қамтиды;

Экскурсовод – уақытша болатын елдегі (жердегі) туристік ресурстармен таныстыру жөнінде туристерге

экскурсиялық-ақпараттық, ұйымдастырушылық қызмет көрсетуге сай біліктілігі бар, кәсіби даярлықтан өткен жеке тұлға.

## Әдебиеттер

1. Актуальные вопросы теории и практики туризма. / Под ред. С.Р. Ердавлетова. Сб. материалов Республиканского научно-теоретической конференции. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – С. 40-47.
2. Агабабян Э.М., Пузин И.Н. Производство – потребление: Перестройка механизма взаимодействия. – М.: Экономика, 1991.
3. Аймагамбетов Е.Б. Соотношение производственной и непроизводственной сфер экономики (на материалах Казахской ССР). – Алма-Ата: Наука, 1988.
4. Баркан Н.А., Ядгаров Н.С. Качество услуг и культура обслуживания населения. – М.: Легкая и пищева промышленность, 1984.
5. Волошин В.Г. Роль общественных организаций в развитии индустрии туризма. // Деловой мир Казахстана. – 1998. – №6. – С. 55-57.
6. Гребнев Л.С. Человек в экономике: теоретико-методологический анализ. Автореф. д-разков. наук. – Москва, 1993.– С. 206.
7. Дуйсен Г.М. Основы формирования и развития индустрии туризма в Казахстане. – Алматы, 2002.
8. Дуйсен Г. Национальные парки Казахстана и их роль в развитии туризма. // Транзитная экономика, 1998. – №4. – С. 50-54.
9. Дуйсен Г. Моделирование и прогнозирование индустрии туризма на этапе ее становления в Республике Казахстан. // Экономика и статистика, 2003. – №1.
10. Ердавлетов С.Р. География туризма: история, теория, методы, практика. – Алматы, 2000.
11. «Жібек жолының тарихи орталықтарын қайта өркендештү, түркі тілдес мемлекеттердің мәдени мұрасын сақтау және сабактастыра дамыту, туризм инфра-құрылымын жасау» атты Қазақстан Республикасының Мемлекеттік бағдарламасы туралы: Қазақстан Республикасы Президентінің 27.02.98.№3859 Жарлығы // ҚР-ның Президенті мен ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы. – Алматы, 1998. – №6.
12. Закономерности развития непроизводственной сферы и повышение жизненного уровня / В.Е. Козак, В.Н. Новиков, Л.Т. Верховодова и др.АН УССР, Институт экономики. – Киев: Наук. думка, 1989.
13. Квартальнов В.А. и др. Экономика туризма. – М.: Финансы и статистика, 2001.
14. Костровицкий А. Системный подход к исследованию рекреации // Рациональное использование природных рекреационных ресурсов и охрана окружающей среды. – М., 1977.
15. Крылова Г.Д., Соколова М.Н. Маркетинг. Теория и 86 ситуаций: Учебное пособие для вузов. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2000.
16. Қазақстан Республикасының «Туризмді дамыту тұжырымдамасы». – Астана, 2001.

17. Қазақстан туризмі. 2012 жыл. – Статистикалық жинақ, 2012.
18. Маркетинг: Учебник /Ассоциация авторов и издателей «Тандем». – М.: ЭКМОС, 1999.
19. Маркова В.Д. Маркетинг услуг. – М.: Финансы и статистика, 1996.
20. Никитинский Е. Нехоженых троп еще немало //Казахстанская правда, 26 сентября, 2003.
21. Николаенко Д. В. Рекреационная география: Учебное пособие. – М.: Гуманит. изд. центр ВЛАДОС, 2001.
22. Панов И.Н. Экологический туризм и его роль в устойчивом развитии территорий // Вестник Московского университета, серия 5. География, 1998. – №6. – С. 13-18.
23. Постановление Правительства РК от 10 ноября 2000г. № 1692 // О Концепции развития и размещения особо охраняемых природных территорий Республики Казахстан до 2030 года.
24. Сагимбаев Г.К. Непроизводственная сфера народного хозяйства Казахстана и перспективы ее развития. – Алма-Ата.: Казахстан, 1975.
25. Селезнев А.З. Нематериальное производство и экономический рост. – М.: Наука, 2001.
26. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. Т.1. – Л.: Гос. соц.-экон. издат., 1935. – С. 278-303.
27. Современный маркетинг. Учебник В.Е.Хруцкого, И.Б.Корнеева и др. – М.: Финансы и статистика, 1991.
28. Тарасов А.И. Рекреационное природопользование. – М., 1980.
29. Туристік қызмет туралы ҚР-ның Заңы: Заң актілерінің жинағы. – Алматы: ЮРИСТ, 2002.
30. Туризм жөніндегі үйлестіру көнесін құру туралы: ҚР-сы Үкіметінің 30.10.00 ж. №1631 қаулысы // Қазақстан Респ. През. мен ҚР-сы Үкімет актілерінің жинағы. – 2000, №44-45. – С. 209-212.
31. Д.Турлыханов. Туризм в Казахстане. // Казахстанская правда. 21 декабря. – №277-278, 2002.
32. Челенков А.П. Маркетинг услуг: макросреда индустрии сервиса. // Маркетинг, 2002.
33. Шеденов У.К., Базиков А.А. Эффективность и качество услуг в условиях интенсификации общественного производства. – Алматы: Наука, 1987.

«Кәсіптік білім» сериясы

Жолдасбеков Әbdіманат Әbdіразақұлы

## ТУРИСТИК КЕШЕНДЕРДЕ ҚЫЗМЕТ ҚОРСЕТУ

Оқу құралы

Редакторы Назерке Рамазанова  
Техникалық редакторы Эльмира Заманбек  
Көркемдөуші редактор Женіс Қазанқапов  
Корректоры Назгүл Бимаганбетова  
Компьютерде беттеген Эльмира Заманбек

Басуға 13.05.13 қол қойылды.  
Пішімі 70x100 1/<sub>16</sub>. Қағазы оффсеттік. Оффсеттік басылыс.  
Шартты баспа табағы 12,35.  
Тапсырыс №0094. Таралымы 1000 дана.

«Фолиант» баспасы.  
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов көшесі, 13  
«Фолиант» баспасының баспаханасында басылды